



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАНЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР ИНСТИТУТЫ

Қоғам Дәуірі

және

ҒЫЛЫМИ - САРАПТАМАЛЫҚ ЖУРНАЛ



4/2009

СЫРТҚЫ САЯСАТ
ЖӘНЕ
ҚАУІПСІЗДІК

ІШКІ САЯСАТ

ЭКОНОМИКА

ҚОҒАМ
ТАРИХ
МӘДЕНИЕТ

Астана



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАНЫНДАҒЫ
ҚАЗАҚСТАН СТРАТЕГИЯЛЫҚ
ЗЕРТТЕУЛЕР ИНСТИТУТЫ

«Қоғам және Дәуір» ғылыми-сараптамалық журналы
Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің
диссертациялардың негізгі ғылыми нәтижелерін
жариялайтын ғылыми басылымдар тізіміне төмендегі
мамандықтар бойынша енгізілген:

07.00.00 – ТАРИХ ҒЫЛЫМДАРЫ
08.00.00 – ЭКОНОМИКА ҒЫЛЫМДАРЫ
09.00.00 – ФИЛОСОФИЯ ҒЫЛЫМДАРЫ
23.00.00 – САЯСИ ҒЫЛЫМДАРЫ



Қоғам және Дәуір
ҒЫЛЫМИ-САРАПТАМАЛЫҚ ЖУРНАЛ



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАНЫНДАҒЫ
ҚАЗАҚСТАН СТРАТЕГИЯЛЫҚ
ЗЕРТТЕУЛЕР ИНСТИТУТЫ

2004 жылдан бастап
әр тоқсан сайын жарық көреді

Бас редактор
Болат СҰЛТАНОВ,
ҚР Президентінің жанындағы
ҚСЗИ директоры

Жауапты редактор
Нұрлан СЕЙДІН

Шығаруға жауапты:
А. Арзықұлов

Дизайн және беттеу
Г. Хаткулиева, А. Садуақасов

Редакция мекен-жайы:
Қазақстан Республикасы,
050010, Алматы қаласы,
Достық даңғылы, 87-б
ҚР Президентінің жанындағы ҚСЗИ

Телефон (727) 264-34-04
Факс (727) 264-49-95
E-mail: office@kisi.kz
www.kisi.kz

Журнал Қазақстан Республикасының
Мәдениет, ақпарат және қоғамдық
келісім министрлігінде 2003 ж.
19 желтоқсанда тіркеліп, тіркеу туралы
№ 4526-Ж куәлік берілген.

Индекс 74007

Журналда жарияланған материалдарды
көшіріп басқан, микрофильмдеген
жағдайда журналға сілтеме жасалуы
міндетті. Жарияланған мақала
авторларының пікірі редакция
көзқарасын білдірмеуі мүмкін.

ЖК «Волкова Е.В.» баспаханасында
басылып шығарылды.
050010, Алматы қаласы,
Райымбек даң., 212/1.

Таралымы 500 дана.

Қоғам және Дәуір ҒЫЛЫМИ-САРАПТАМАЛЫҚ ЖУРНАЛ

22.12.09

ҚР ПРЕЗИДЕНТІ Н. НАЗАРБАЕВТЫҢ ЖОЛДАУЫ ЖОЛДАРЫНАН

Әсел Назарбетова
ҚР Президентінің Жолдауы аясындағы
халықты жұмыспен қамту міндеттері 4

СЫРТҚЫ САЯСАТ ЖӘНЕ ҚАУІПСІЗДІК

Мариан Әбішева
Орталықазия мемлекеттерінің одағын құруға
қатысты ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың
бастамасы: ықпалдастықтың келешегі мен
мәселелері 8

Төлеутай Сүлейменов
Польша – Қазақстанның ынтымақтастық
жолындағы әріптесі..... 14

Әбіләзиз Исаев
Қазақстан – ЕҚЫҰ: төрағалық мандат..... 19

Гүлмира Сұлтанбаева
Қазақстан және Қытай арасындағы
саяси ақпараттық байланыс..... 23

Жанар Ашинова
XXI ғасырдағы жапон-қытай қарым-
қатынастарының даму сипаты және үрдісі 28

ІШКІ САЯСАТ

Жұмабек Кенжалин
Саяси менеджменттің кейбір теориялық
мәселелері 39

Зулфухар Гаипов
Жаһандану жағдайындағы мемлекет рөлінің
трансформациялануы 47

Дастан Көшербаев
«Ақыл орталықтары» интеллектуалды
элитаның саясаттануының негізгі факторы
ретінде 51

Рауан Кемербаев Мемлекет болашағы – бүгінгі жастар саясатына тәуелді.....	59
--	----

ЭКОНОМИКА

Гүлашар Доскеева Денсаулық сақтау саласын нарықтық қатынастар субъектісіне айналдырудың негізгі бағыттары.....	64
--	----

Санат Сатаев Коммуникациядан ақпараттық- коммуникациялық кеңістікке	71
--	----

Анар Бейжанова Елімізге жағымды бренд құру – Қазақстандағы туризмді дамытудың тиімді әдісі ретінде.....	75
---	----

ҚОҒАМ, ТАРИХ, МӘДЕНИЕТ

Берекет Кәрібаев XV ғасырдың ортасындағы Мауереннахрдағы Темір өулеті мемлекетінің саяси жағдайы.....	79
---	----

Дәрия Қожамжарова Ресей империясының Қазақстанды отарлауы және жергілікті халық.....	88
---	----

Назира Нұртазина Араб жаулауы тарихының «ақ таңдақтары»	93
--	----

Аққали Ахмет Мұрағат ісі: қалыптасуы, дамуы, өркендеуі	101
--	-----

Сейдахан Бақторазов XX ғасырдың 20-30-шы жылдары Оңтүстік Қазақстандағы көмпескелеу науқаны кезіндегі қуғын-сүргін	105
--	-----

Қарлығаш Нұрмұхаметова «Бабырнама» жәдігеріндегі руханиат мәселелері	111
---	-----

Түйіндеме	115
------------------------	-----

РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС

Болат СҰЛТАНОВ	– редакциялық кеңестің төрағасы, ҚР Президентінің жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институтының (ҚСЗИ) директоры, тарих ғылымдарының докторы
Нұрлан СЕЙДІН	– жауапты редактор, ҚР Президентінің жанындағы ҚСЗИ-дың ақпараттандыру және редакциялық-баспа қызметі бөлімінің меңгерушісі, тарих ғылымдарының кандидаты
Нұржамал АЛДАБЕК	– әл-Фараби атын. ҚазҰУ-дың шығыстану факультетінің деканы, тарих ғылымдарының докторы, профессор
Рахман АЛШАНОВ	– «Тұран» білім корпорациясының президенті, ҚР жоғарғы оқу орындары қауымдастығының президенті, экономика ғылымдарының докторы, профессор
Мәулен ӘШІМБАЕВ	– ҚР Президенті Әкімшілігі Басшысының орынбасары, саяси ғылымдарының кандидаты
Камал БУРХАНОВ	– ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты, саяси ғылымдарының докторы, профессор
Қуанышбек ҚАРАЖАН	– әл-Фараби атын. ҚазҰУ-дың Қазақстанның жаңа және қазіргі заман тарихы кафедрасының меңгерушісі, тарих ғылымдарының докторы, профессор
Ләйлә МҰЗАПАРОВА	– ҚР Президентінің жанындағы ҚСЗИ директорының бірінші орынбасары, экономика ғылымдарының кандидаты
Әбдімәлік НЫСАНБАЕВ	– ҚР БҒМ философия және саясаттану институтының директоры, ҚР ҰҒА академигі, философия ғылымдарының докторы, профессор
Марат ТӘЖИН	– ҚР Президентінің көмекшісі – Қауіпсіздік Кеңесінің хатшысы, әлеуметтану ғылымдарының докторы, профессор
Айгүл ТҮЛЕМБАЕВА	– әл-Фараби атын. ҚазҰУ-дың маркетинг кафедрасының меңгерушісі, экономика ғылымдарының докторы, профессор

РЕДАКЦИОННЫЙ СОВЕТ

Булат СУЛТАНОВ	– председатель редакционного совета, директор Казахстанского института стратегических исследований (КИСИ) при Президенте РК, доктор исторических наук
Нурлан СЕЙДИН	– ответственный редактор, заведующий отделом информационного обеспечения и редакционно-издательской деятельности КИСИ при Президенте РК, кандидат исторических наук
Нуржамал АЛДАБЕК	– декан факультета востоковедения КазНУ им. аль-Фараби, доктор исторических наук, профессор
Рахман АЛШАНОВ	– президент образовательной корпорации «Туран», президент Ассоциации высших учебных заведений РК, доктор экономических наук, профессор
Маулен АШИМБАЕВ	– заместитель Руководителя Администрации Президента РК, кандидат политических наук
Камал БУРХАНОВ	– депутат Мажилиса Парламента РК, доктор политических наук, профессор
Қуанышбек ҚАРАЖАН	– заведующий кафедрой новой и новейшей истории Казахстана КазНУ им. аль-Фараби, доктор исторических наук, профессор
Лейла МУЗАПАРОВА	– первый заместитель директора КИСИ при Президенте РК, кандидат экономических наук
Абдумалик НЫСАНБАЕВ	– директор Института философии и политологии МОН РК, академик НАН РК, доктор философских наук, профессор
Марат ТАЖИН	– помощник Президента РК – Секретарь Совета Безопасности РК, доктор социологических наук, профессор
Айгүл ТҮЛЕМБАЕВА	– заведующая кафедрой маркетинга КазНУ им. аль-Фараби, доктор экономических наук, профессор

ҚР Президентінің Жолдауы аясындағы халықты жұмыспен қамту міндеттері

Әсел НАЗАРБЕТОВА,
ҚР Президентінің жанындағы ҚСЗИ-дың ғылыми қызметкері

Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың 2009 жылғы «Дағдарыстан жаңару мен дамуға» атты Қазақстан халқына Жолдауында барша әлемді алаңдатып отырған қаржы-экономикалық дағдарыс кезеңінен шығудың жолдары қарастырылған болатын. Президент Жолдауында бүгінгі орын алып отырған экономикалық дағдарысқа, оның елімізге тигізіп жатқан әсеріне, соған байланысты мемлекеттің атқарып жатқан дағдарысқа қарсы шараларына қатысты бірқатар мәселелер жан-жақты баяндалып, халықтың әлеуметтік көңіл-күйі мен әл-ауқатын тұрақты сақтап қалу жолында, жұмыссыздықпен күресу мақсатында бірқатар міндеттер қойылған.

Сонымен қатар биылғы Елбасы Жолдауында еліміздің 2030 жылға дейінгі даму Стратегиясында көрсетілгендей: «барша қазақстандықтардың өркендеуі, қауіпсіздігі мен әл-ауқатының жақсаруы – біздің мемлекетіміз үшін аса маңызды үштұғырлы міндет болып қала береді» деп, мемлекет бағытының өзгеріссіз қалатындығы ерекше атап айтылған болатын [1].

Аталған игі мақсаттарға жету үшін басты мәселелердің бірі елдегі әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз ету болып табылады. Соған бағытталған әлеуметтік саясат Президенттің Қазақстан халқына Жолдауында үш ірі ішкі жүйе бірлігі ретінде қарастырылған, атап айтсақ, табыс саясаты, әлеуметтік қорғау саясаты, жұмыспен қамту саясаты. Осы ретте жұмыспен қамту саясатын алатын болсақ, ол – экономикалық ахуалдың талаптарына сәйкес еңбек ресурстарын бөлу және дамытуға байланысты мемлекеттік шаралардың жиынтығы.

Жоғарыда айтылғандай, мемлекет басшысы Қазақстан халқына Жолдауында көптеген мәселелермен қатар, халықты жұмыспен қамту жайына да ерекше назар аударған болатын. Ел экономикасын арттырудың да, әлеуметтік ахуалды сауықтырудың да ең басты жолы – еңбек жасындағы адамдардың экономикалық бастамашылдығын арттырып, іскерлік қабілетін танытуына жағдай жасау, жұмыссыздықты жою. Бұл мақсатқа 140 миллиард теңге жұмсалуды жоспарланғаны және жұмыспен қамту стратегиясы негізінен кадрларды кәсіби оқыту мен қайта дайындауға бағытталғаны Жолдауда көрсетілген. Осы орайда Жолдаудағы басты бағыт әрбір қазақстандық отбасына жаңа мүмкіндіктер беретін, дағдарыстан кейінгі уақытта экономиканың тиімді дамуын қамтамасыз ететін еңбекпен қамтылу стратегиясы болып табылады.

Тағы бір айта кететін жайт, Жолдауда жұмыссыздықпен күресудің жолдары мен әдістері айқындалған. *Біріншіден*, бұл коммуналдық желілерді қайта жарақтандыру

және жаңғырту. *Екіншіден*, бұл жергілікті мәндегі автомобиль жолдарын салу, қайта жарақтандыру және жөндеу, сондай-ақ әлеуметтік инфрақұрылымды, ең алдымен мектептер мен ауруханаларды жаңарту. *Үшіншіден*, әрбір нақты елді мекендегі жергілікті мәндегі нысандар. *Төртіншіден*, бұл әлеуметтік жұмыс орындарын кеңейту және жастар практикасын ұйымдастыру. Бұл шаралар өз кезегінде, Н.Ә. Назарбаевтың пайымдауынша, жұмыспен қамтылу мәселесін шешіп қана қоймай, сонымен бірге елімізде жаңа өндірістердің пайда болуы үшін ынталандыру жасауға септігін тигізеді.

Жұмыспен қамту стратегиясын тиімді жүзеге асыру барысында Үкімет және жергілікті атқару органдарының жауапкершілігі мен Қазақстан экономикасының дамуын қамтамасыз етуге қабілеттілігі басты шарт. Осы орайда Үкімет мүшелері мен әртүрлі деңгейдегі әкімдер алдына жұмыс орындарының жеткіліктілігі, қанша жұмыс орнының қысқарғаны және жергілікті орындарда қаншасы ашылғаны жайында хабардар болу, осы мақсатқа кететін қажетті шығындарды анықтау, жұмыстарды қаржыландыруды ғана емес, сонымен бірге бюджеттен бөлінген әрбір теңгенің пайдаланылуын қатаң бақылау міндеті жүктелген.

Сондай-ақ, жергілікті бюджеттерден де жұмыспен қамту стратегиясын бірлесе қаржыландыруға ресурстар бөлуі, әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялардың халықтың барынша жұмыспен қамтылуын қамтамасыз етуге қатысуы міндеттелген. Жоспарланған жобаларды іске асырып, жұмыспен қамту стратегиясын толыққанды жүргізу үшін жергілікті өндірісшілердің әлеуетін де барынша пайдалану қажет.

Әлемдік қаржы дағдарысы жағдайында Қазақстанның жұмыспен қамту стратегиясының элементтері ретінде: аймақтық еңбек нарығын дамыту және мамандарды кәсіптік үйрету мен қайта даярлау жүйесін; әлеуметтік жұмыс орындары бағдарламаларын кеңейту мен жастар тәжірибесін қарастыруға болады. Бұл шаралар тек жұмыссыздықпен күрестің тиімді механизмі ғана емес, сондай-ақ, еңбек нарығының ары қарай тұрақты дамуын қамтамасыз етеді.

Аталған шаралардың ішінде Жолдауда мамандарды кәсіптік үйрету мен қайта даярлауға, жаңа мамандықтарды белсенді үйретуге ерекше көңіл бөлінген. Әлемдік тәжірибе көрсеткеніндей, еңбеккерлерді қосымша мамандықтар бойынша қайта оқыту мен қайта даярлау жұмыссыздық пен қоғамдағы әлеуметтік тұрақсыздық қаупін едәуір азайтуға мүмкіндік береді. Осы бағытта қалыптасқан оқу орындарының базасында мамандарды қайта даярлауды ұйымдастыру, ірі құрылыс кәсіпорындарында адамдарды басқа мамандықтарға оқыту үшін қаржы бөлу жоспарланып отыр. Кадрларды қайта даярлау және қайта оқыту жөніндегі жүйелік жұмыс мынадай мақсаттарды көздеуі тиіс:

- жаңа мамандық бойынша жұмыс істегісі келетін әрбір адамның оқу мүмкіндігі болуы тиіс;
- экономиканың еңбек ресурстарына деген болашақ сұраныстарын, ең алдымен, ауыл шаруашылығында қамтамасыз ету;
- шетелдік жұмысшыларды отандық кадрлармен біртіндеп алмастыру.

Елбасының Қазақстан халқына Жолдауында белгіленген және жоғарыда атап көрсетілген міндеттерге сәйкес Үкіметтің «Жол картасы» атты 2009 жылғы бағдарламасының басты бағыттары жұмыспен қамту, жұмыссыздықтың өсуін болдырмау болып табылды. Бұл үшін іскерлік белсенділіктің ғана емес, жұмыс орындарын құру көзі ретінде шағын және орта бизнесті қолдауға басты назар

аударылды. Бұдан басқа тұрақты түрде ірі кәсіпорындарға мониторинг жүргізілді, балама жұмыс ұсынбай негізсіз қысқартуларға жол бермеу бақыланды, халықты қоғамдық жұмыстарға көптеп тарту үшін олардың тізімі толықтырылды.

Сонымен қатар, Үкімет осы бағыттағы бірқатар жұмыстарды жалғастырды:

- өндіріс көлемінің төмендеуі нәтижесінде босатылған қызметкерлерді толық жұмыспен қамту бойынша ірі компаниялармен ынтымақтастық туралы меморандумдар жасасу және келіссөздер жүргізу;
- 2009 жылы шетелдік кәсіби біліктілігі төмен жұмыс күшін тартуға мораторий енгізу және жасырын көші-қонға бақылауды қатайту;
- қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру, мемлекет қаржыландыратын инфрақұрылымдық нысандар жанынан жаңа жұмыс орындарын құру;
- кәсіби даярлық жүйесін және кәсіптік-техникалық училищелер желісін дамыту.

Жалпы алғанда, Үкімет 2009 жылы 348300 жаңа жұмыс орындарын ашуды көздейтін 5785 жобаны жүзеге асыруды жоспарлаған болатын.

Сондай-ақ, жұмыссыздық деңгейін төмендету мақсатында жастар саясатына ерекше көңіл бөлу көзделген. Себебі жастар – жеке тұлға болып қалыптасып жатқан азаматтардың ең әлсіз категориясы, оларды қолдай отырып мемлекет жастардың әлеуметтік тұрақтылығын қамтамасыз етеді және өз болашағының «адами ресурстарын» дамытады.

Қазіргі кезде жастардың негізгі мәселесі жұмысқа орналасу болып табылады. Әлемдік тәжірибеде жастардың жұмыссыздығымен күресудің тиімді құралы ретінде жастар кәсіпкерлігін қолдау бағдарламалары танылып отыр. Мемлекет жастар кооперативтеріне жеңілдетілген несиелер, жабдықтар бөліп, жұмыссыз жас азаматтардың кіру жарнасын төлейді, несиелерді жартылай өтейді, кадрларды дайындауға көмектеседі. Ауылдық жерлерде жас мамандарды жұмыспен қамтып, уақытша пәтермен қамтамасыз ету арқылы алғашқы әлеуметтік жеңілдіктер көрсетіп Қазақстанда да бұл тәжірибені қолдануға болады.

Осы орайда Елбасы Н. Назарбаев «Нұр Отан» партиясының «Жас Отан» жастар қанатының бірінші съезінде сөйлеген сөзінде ауыл жастарын қолдауға бағытталған «Ауыл жастары» ұлттық бастамасын, жоғарғы оқу орындарының бітірушілеріне арналған «Дипломмен ауылға» жобасын ұсынған болатын. «Дипломмен ауылға» жобасы аясында үстіміздегі жылдың басынан бастап ауылдық жерлерде жас мамандардың жұмыс істеуі және баспанамен қамтылу шаралары жүргізілуде. Аталған жоба бойынша көмек көрсетілуге тиіс, ауылға қажетті бес мамандық түрлері қарастырылған: денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және спорт.

Жоғарыда аталған еліміздің жұмыспен қамту стратегиясы міндеттері мен «Жол картасын» жүзеге асыру барысындағы Үкіметтің қолы жеткен табыстарына тоқтала кеткен жөн. ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің мәліметтеріне сүйенсек, үстіміздегі жылдың 1 қарашасына дейін бағдарламаны қаржыландыруға 152,6 млрд. теңге бөлінген; «Жол картасының» 4409 жобасы жүзеге асырылған; 258,5 мың жаңа жұмыс орны ашылған; 247,1 мың адам жұмысқа орналастырылған; әлеуметтік жұмыс орнына 69,6 мың адам тартылған; кәсіптік үйрету және қайта даярлауға 93,8 мың адам жіберілген.

Дегенмен айтар болсақ, Үкіметтің өткен үш тоқсандағы жұмыссыздықпен күресіне қарамастан, елімізде жұмыссыздықтың деңгейі ресми мәлімет бойынша

6,6 пайыздан 6,9 пайызға өскен. Мұның себебін Қазақстан азаматтарын «Жол картасы» бойынша жұмыспен қамтуға жергілікті атқарушы билік өкілдерінің жоғары белсенділік танытпай отыруымен түсіндіруге болады.

Сонымен қатар, ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің жауапты хатшысы Т. Дүйсенованың айтуынша, «Жол картасы» бойынша еліміздің бірқатар өңірлерінде жол жөндеу нысандары бойынша құрылған жаңа жұмыс орындарының саны 30 пайызға да жетпеген, әлеуметтік инфрақұрылымдар бойынша ұйымдастырылған жұмыс орындарының көрсеткіші өте төмен, ауыл нысандары бойынша құрылған жұмыс орындары ширек көрсеткішті де құрай алмай отыр. Ал бұл өз кезегінде жұмыстардың өңірлерде тиімді атқарылуының жауапкершілігін жергілікті әкімдердер толық түсіне алмай отырғандығын дәлелдей түседі.

Жаңа жұмыс орнын жасау, қоғамдық қызметтерді көбейту өңірлік дамуға, инфрақұрылымның дұрысталуы халықтың тұрмысына, елдің экономикасына тікелей оң ықпал ететіні, агроөнеркәсіп саласын дамыту, жергілікті тауар өндірушілерге қолдау көрсету жұмыспен қамту нарығында елеулі үлес қосатыны сөзсіз. Осы ретте аудандық, облыстық билік органдарының міндеті мен өкілеттілігі арта түсуде. Дегенмен, дағдарыс салдарын тиімді пайдаланып, бөлінген қаржыға ауылдық жерлерде істен шыққан құбырларды жөндеп, жолдарды дұрыстау көп жағдайда халықтың өз қолымен өзі үшін жасалатын, қандай дағдарыс немесе қиын жағдай болып жатса да өз дәрежесінде атқарылатын жұмыстар.

Қорыта айтқанда, ҚР Президенті Н. Назарбаевтың биылғы Қазақстан халқына Жолдауында көпшіліктің ойында жүрген, осы уақытқа дейін тиісті мән берілмей келе жатқан мәселелер айтылып, оларды шешудің жолдары көрсетілген болатын. Алайда оның іске асуы әр жеке тұлғаның жауапкершілігіне, бар күш-жігерін жұмылдыра алуына тікелей байланысты.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Жолдауы «Дағдарыстан жаңару мен дамуға», 2009 жылғы 6 наурыз. //www.akorda.kz

Орталықазия мемлекеттерінің одағын құруға қатысты ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың бастамасы: ықпалдастықтың келешегі мен мәселелері

Мариан ӘБИШЕВА,
ҚР Президентінің жанындағы ҚСЗИ директорының орынбасары

Соңғы кездерде өзара қарым-қатынастың әлемдік жүйесі дамудың жаңа кезеңіне өткендігі жылдан-жылға айқын байқалып келеді. Біздің көз алдымызда геосаяси, геоэкономикалық, халықаралық және трансұлттық байланыстардың құрылымы өзгеріп отыр. Бұл жерде жаһандану үрдісінің 1990-шы жылдары мемлекетаралық және экономикалық байланыстардың күрделі және өзгермелі бейнесінің жаңаруының құрамдас бөлігі ретінде түсіндірілуін есте сақтауымыз қажет.

Жаһандану экономикалар арасындағы бәсекелестікті жандандыруы бұл үрдістен ұлттық күштердің қалып қалу мен қалып қоймауы үшін олардың топтасуына ықпал етеді. Бұндай жағдайда дамушы және транзиттік мемлекеттер, яғни Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Түрікменстан және Өзбекстан секілді орталықазия мемлекеттері қиын жағдайға душар болады.

XXI ғасырдың басында аймақ елдері күрделі қиыласқан жаһандық және аймақтық үрдістерден өз орнын табу мен сырттан келген қауіп-қатерлерге барабар жауаптар табу қажеттілігімен бетпе-бет келді. Бұл шешуді қажет ететін мәселелер қатарына: халық санына шаққандағы мемлекет кірісінің ара-қатынасы, технологиялық даму мен ақпараттық қауіпсіздік жатады. Осы мәселе аясында ОА елдеріне екіжақты мәселені – ұлттық экономиканы жаңарту және әлемдік шаруашылық пен халықаралық еңбек бөлінісіндегі позициясын сақтау қажет. Индустриалды дамыған мемлекеттердің тұтынушылық алаңына айналу мен артта қалуды бастан өткермеу үшін орталықазия мемлекеттері аймақтық ықпалдастық аясында кооперацияға бірігу қажет.

Қазіргі таңда Орталықазия елдері өздерін жаһандық әлемнің дербес субъектісі ретінде көрсетіп, өздерінің сыртқы байланыстарын барынша әртараптандыруға тырысып отырғандығын танытты. Ішкі жағдайдың шиеленістері мен әлеуметтік-экономикалық дамудың ұзақ мерзімді сұрақтары орталықазия елдерінің бұл мәселелерді шешуде жаңа жолдарды қарастыруын қажет етеді. Осылайша, әр түрлі халықаралық қатынастарға түсу арқылы олар Орталық Азиядағы геосаяси құрылымның өзгеруіне ықпал етеді.

Бүгінгі күні Орталықазия аймағындағы геосаяси тұрақтылықтың сақталуына ҰҚКҰ мен ШЫҰ аясындағы аймақтық қауіпсіздікті қамтамсыз етуге қатысты

үйлестірілген әрекет, мемлекетаралық келісімдер мен уағдаластықтардың және де ықпалды әскери-саяси және экономикалық державаларға қатысты теңдестірілген сыртқы саясаттың жүргізілуі себеп болып отыр.

Сонымен қатар, аймақ ішінде шешілмеген ортақ мәселелер мен реттестірілмеген салалық мәселелер де бар. Аймақтық ынтымақтастықтың қазіргі кезеңінде негізгі өзекті мәселе ретінде қаржылық, инвестициялық, сауда-экономикалық және қоныс аудару толқындарын бірігіп үйлестіру және энергетика, су мен көлік-байланыс салаларындағы шаруашылық кешендерді бірігіп пайдалану мәселелері алынған. Егер де өзара сауда мәселесін қарастыратын болсақ, Орталықазия аймағының мемлекеттері арасындағы сауда-экономикалық қатынастардың тек энергия көздерін тасымалдау мен дайын өнім транзитімен шектелетінін байқаймыз. Ал өндірістік тауарлар мен азық-түлік өнімдерінің өзара экспорты мен импорты көлемі жағынан мардымсыз болып отыр. Мысалы, Қазақстанның тауарайналымындағы Орталық Азия елдерінің үлесі шамамен 2 % қамтиды, яғни бұл Орталық Азия мемлекеттері арасындағы өзара тиімді сауда мүмкіндіктерінің жүзеге аспағандығын байқатады.

Сондықтан да, ықпалдастық үрдістерін жандандыру аймақтағы өзекті мәселелердің бірі болып саналады және де бұған қажетті объективті алғышарттар да бар.

Бірінші. ОА мемлекеттерінің геосаяси мүдделерінің өзара тәуелділігі. Бұл аймақтық географиялық жағынан құрлықтың ортасына орналасып, басқа құрлықтық күштермен көрші болуы оның әскери-стратегиялық және көлік-байланыстық маңыздылығын арттырады. Бұл жағдай сонымен бірге ОА мемлекеттері мен жалпы аймаққа деген жаһандық және аймақтық державалардың «назарының» артуына ықпал етіп отыр. Мысалы, жер шарының екінші бір бөлігінде орналасқан АҚШ-тың өзі де Орталық Азияны маңызды ұлттық мүдделерінің аймағы ретінде мәлімдеген.

Сонымен қатар, күш-жігерді біріктірудің қажеттілігінің бірі ретінде ортақ қауіптің – халықаралық ланкестік, діни экстремизм, есірткі және заңсыз қару саудасы, халықаралық қылмыстардың артуы трансшекаралық мазмұнда болғандықтан олармен күрес үйлестірілген саяси әрекетті талап етеді.

Ауғанстандағы қалыптасқан жағдай мен америка-иран қатынастарының шиеленісуі де орталықазия мемлекеттерінің алаңдаушылығын туғызып, аймақтың оңтүстік шекараларына қауіп төндіретін факторлар ретінде танылады.

Сонымен бірге, орталықазия мемлекеттерінің барлығы да өздеріндегі саяси тұрақтылық жағдайы көршілерінде де сақталғандығын қалайды. Бұл негізінен аймақ мемлекеттерінің арасындағы ішкі шекаралардың қажетті деңгейде қорғалмауы және қақтығыстық жағдайдың таралуына қарсы тұра алмау мәселесінен туындап отыр.

Осылайша, аймақ елдерінің геосаяси жағынан өзара тәуелділігі олардың өз тәуелсіздігі мен тұрақтылығын сақтауға қажетті ішкі және сыртқы жағдайды қалыптастыруға ортақ қызығушылығы арқылы анықталады.

Екінші. Экономикалардың өзара ресурстық тәуелділігі. Бұл мәселені Оңтүстік Қазақстан, Өзбекстан мен Түрікменстанның су-энергетикалық ресурстар жағынан Қырғызстан мен Тәжікстанға тәуелді болса, ол мемлекеттер өз кезегінде Өзбекстан, Түрікменстан мен Қазақстанда өндірілген газ бен мұнай өнімдерін пайдалануы мәселесі арқылы түсіндіреміз. Аймақ елдерінің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамсыз ету мәселесінде ауылшаруашылық өнімдерін, оның ішінде дәнді-дақылдар мен жеміс-көкөніс өнімдерін тасымалдаудағы өзара қызығушылығы маңызды болып

отыр. Сонымен бірге, бұл елдердің халықаралық нарық пен ОА мемлекеттерінің нарығына шығуға қажетті байланыстары арасында өзара тәуелділік болуымен қатар, бұл елдердің жеке инфрақұрылымдары ОА аймағындағы экономиканы дамытуға және сыртқы тауар өндірушілердің мүдделері үшін өте мардымсыз болып саналады (*шикізат көздерін сыртқа экспорттаудан басқа*).

Үшінші. Даму мәселелерінің ортақтығы. Бұл мәселе ОА мемлекеттерінің дамуының ортақ транзиттік мағынасы, тұрақты саяси режимдер, бәсекеге қабілетті экономика, дамыған ғылыми-техникалық мүмкіндік құру қажеттілігі және осының негізінде әлеуметтік және экологиялық игілікке жету мәселесі арқылы негізделеді.

Сонымен бірге, барлық сарапшылар Орталық Азия елдерінің ықпалдастығының негізі ретінде бұл аймақты бағзы заманнан мекендеген халықтар тарихының ортақтығы, олардың мәдениеті, тілі, діні, дәстүрі, туыстық қатынастары үлкен қызмет атқаратынын атап пайымдайды.

Бұл қысқаша талдауда орталықазия ықпалдастығының тиімді жақтарының негізгі себептері ғана қарастырылғандығын атап өту қажет.

Орталықазия республикалары арасындағы толық көлемдегі ықпалдастықтың мүмкіндігінің болғанына қарамастан бұл әлеует қазіргі күнге дейін жүзеге аспай келді. Керісінше, аймақта соңғы кездерде мемлекеттер арасында межелену көрінісі байқалып, сыртқа тебушілік екпіні басылмай отыр. Біздің ойымызша, бұндай жағдайдың қалыптасуына ұлттық экономикалардың әртүрлі бағытта дамуы мен аймақтың бес республикасын бір ықпалдастық құрылымға біріктіруге мүмкіндігі бар шаруашылық кешенді пайдаланудағы қайшылықтар әсер еткен. Қаржы және сауда-экономикалық қатынастар, энергетика мен су ресурстары, көлік-байланыс жүйелері мен экологиялық аумақтардағы әдістемелер мен көзқарастардың әртүрлілігі нақты ықпалдастық жобаларының жүзеге асуына кедергі келтіреді.

Орталық Азия мемлекеттерінің саяси басшыларының республикалар арасындағы қатынасын институционаландыруға қатысты бастамалары осы қиындықтарға ұрынып, тек қағаз жүзінде қалып келеді. Сонымен қатар, шешімін таппаған сұрақтар бірте-бірте шиеленісіп, болашақта экономикалық саладан саяси кеңістікке өтіп, қиын мәселеге айналып кетуі мүмкін.

Орталықазия ынтымақтастығының жалпы мәселелеріне мына факторлары жатқызуға болады:

Бірінші. Орталық Азия елдерінің тәуелсіз дамуы кезеңінде олардың жүргізіп отырған ішкі және сыртқы саясаттарында дербестілік байқалады. Экономикалық жаһандану жағдайында республикалар үкіметтері мемлекеттілік құрудың өзіндік бағытын қабылдады, ол біріншіден – ішкі қажеттілікті айқындаса, екіншіден нақты геосаяси жағдайға негізделген. Бұл жағдайда саяси егемендік пен ішкі нарықтың қауіпсіздігі принциптері өзекті болып отыр.

Жалпы алғанда, Орталық Азия мемлекеттері дамудың екі түрлі саяси-экономикалық бағытын таңдады: кейбір республикалар бұрынғы (социалистік) жүйені біржола құрту жолын таңдаса, келесілері – консервация мен экономиканы мемлекеттік басқарудан нарықтық қатынастарға біртіндеп өткеру жолын қарастырды. Яғни, орталықазия мемлекеттерінің топтары арасындағы қарым-қатынасқа саяси және әлеуметтік-экономикалық реформалардың жүргізілу қарқыны факторы ықпал ете бастады.

Қазақстан, Қырғызстан және кейін Тәжікстан республикалары таңдап алған жол ел үкіметінен әлемнің даму қарқыны мен екпініне перманентті және қажетті түрдегі әрекетті талап етеді және бұл жағдайда ұлттық экономика әлемдік нарықтағы әр

түрлі дағдарыстық жағдайларға шалдыққыш болады. Әлемдік саяси үрдістер мен жаһандық нарыққа сәйкес даму үшін әлеуметтік-экономикалық шаралар кешені мен ресурстарды арттыру қажет болды.

Өтпелі кезеңнің қиындықтарына қарамастан демократиялық өзгерістер мен экономикалық қатынастардың либерализациялану үрдісі Қазақстанда қоғамдық және экономикалық институттардың дамуына қолайлы әсер етті. Бұл кезеңдегі кемшіліктердің орнын энергия көздері мен шикізатты экспорттау жауып отырды. **Қазақстан** үкіметі ел экономикасын жаңарту арқылы қазіргі таңдағы шикізат бағыты басым болып отырған жағдайды өзгертуге тырысуда.

Ал **Қырғызстан** болса керісінше ресурстық базаның кемшілігін көріп отыр. Бұл кемшілік орнына нарықтық қатынастардың белсене енгізілуі орнығып, экономикалық жағынан тәуелсіз саяси топтың пайда болуына алып келді. Әкімшілік-мемлекеттік аппараттың әлсіреуіне байланысты саяси топтар арасындағы қарым-қатынас саяси қарама-қайшылық түріне айналды. Бұл мәселе қазіргі таңда конституциялық және әкімшілік реформалау арқылы шешіліп келеді.

Азамат соғысының салдарына байланысты **Тәжікстандағы** билік қатынастар жүйесі мен экономикалық даму өзінің трансформациялануының алғашқы сатысын бастан өткізіп отыр. Ал республикадағы билік қатынастарын күшейту талпынысы нарықтық экономиканың даму бағытын нақтылады.

Саяси-экономикалық жүйені трансформациялау кезеңдері барысында әлеуметтік сілкіністерге бой алдырмау үшін **Өзбекстанда** нарықтық бағыттағы қоғам құруға біртіндеп өтудің бес принципі жасалынды. Экономикалық реформаларды жүргізудің кезеңдік курсының қабылдануы елдегі өзгерістердің қарқынын төмендетті. Даму қарқыны әр түрлі елдермен шекаралас болу өзбекстан үкіметінің әрдайым протекциялық шаралар қабылдауға, тіпті шекараны жабу әрекетіне итермеледі.

Түрікменстан саясаты бастапқы кезден-ақ оқшаулануға бағытталды. Бұндай жағдайда орталықтанған саяси жүйе сақталып қалды. Оқшауланудың әлеуметтік-экономикалық бағыттағы кемшіліктеріне қарамастан, саяси жүйе ұлттық тұтастықты қамтамасыз етіп, елді әулетаралық қарсылықтар мен элитаралық қайшылықтардан сақтап қалды. Ел аумағындағы көмірсутегі қорының стратегиялық қорының болуы әлеуметтік тұрақтылықты сақтауға мүмкіндік берді.

Тәуелсіз мемлекеттілік құру жылдарында республикалар шекарасында пайда болған кедергілер ұлттық саяси жүйелер мен экономикалық үлгілерде, әсіресе әдістемелерде айтарлықтай айырмашылық бар болуы өзара сәйкессіздікке ұрындырды. Қазіргі таңда аймақтық ынтымақтастықты кеңейтудің негізгі кедергісі – **Орталық Азия елдерінің әртүрлі дамуындағы алшақтықты жою** болып табылады.

Екінші. Аймақ елдерінің арасындағы саяси алшақтық жеке меншік құқығы және еркін баға құны мен нарық заңдарының сақталғанына қарамастан айқын көрінеді. Бұл жағдайда экономикалық көрсеткіштер арасындағы алшақтық көп ықпал етеді. **Қазақстан мен Қырғызстан** шамамен бірдей экономикалық үлгіге ие болғанымен де, Қазақстан экономикалық көрсеткіштер жағынан Қырғызстаннан біршама алда және ол үшін белгілі-бір күш орталығы секілді болады. Бұл жағдай бір топ қырғызстандық саясаткерлер мен сарапшылардың қарсылығын туғызды және бұл жалпы алғанда қоғамның бір тобының көзқарасы ретінде қарастырылған жөн. Бұл фактордың субъективті мәніне қарамастан, аймақ елдерінің болашақтағы ықпалдастық үрдісіне кері әсер етуі мүмкін. Өзінен жақсы дамыған мемлекет ретінде көрші елге сақтықпен қарау құбылысы мемлекеттік саясатты жасаушылар

арасындағы радикалды көзқарастағы ұлтшыл топтардың идеологиялық құралы болуы мүмкін.

Дәл осындай жағдайды Тәжікстанның аймақтық қатынастарынан да байқауға болады. Бұл республика қазіргі таңда экономикалық қиындықтарға байланысты Ресей, Қытай, Иран және АҚШ секілді геосаяси күштердің ықпалында қалып отыр. Осыған байланысты тәжік үкіметі өз экономикасын дамытудағы Қазақстанның қатысуына сенімділікпен қарап, аймақтық ықпалдастық мәселесіндегі қазақстандық бастаманы қолдады. Бірақ, Орталық Азия аймағындағы су ресурстарын бөлісуге қатысты мәселенің шешім таппағанын ескере келіп, Тәжікстан бұл мәселені шешудің өзіндік жолын іздестіруде. Аймақтағы әлсіз және тиімсіз институтционалдық құрылымдар мен көрші Өзбекстанмен саяси байланыстың күрделілігіне байланысты тәжікстандық билік аймақтық ықпалдастықтың геосаяси баламасын қарастыруда.

Бұл себеп тәжікстандық билік пен Қырғызстан үкіметінің гидроэлектриканы дамытуда саяси жағынан өзендердің төменгі ағысында орналасқан аймақтың басқа мемлекеттеріне қарсы бірігуіне итермеледі. Сонымен қатар, қоғамдық және ғылыми ортаның бір бөлігі иран тілді қауымды түркі тілді әлемге қарсы қоюды уағыздайтын идеологиялық әдістеме ұсынады.

Осылайша, орталықазия ықпалдастығын жүзеге асырудың келесі бір кедергісі – бұл түрлі мүмкіндігі бар әртүрлі саяси-экономикалық жүйелердің өзара қарым-қатынасы болып отыр. Соның нәтижесінде территориясы мен халық саны аз елдердің өз тәуелсіздігін қорғаудың формасы ретінде өзінен күшті көршісіне қарсылығының идеологиялық негізі қалыптасады.

Үшінші. Саяси шешімдерді қабылдаудағы оқшауланушылық аймақтық байланыстарды дамытудың орнына әр республиканың өзіндік тәуелсіз дамуының жолын іздеуге талпынысын ынталандырды. Орталық Азия мемлекеттері көптеген саяси және экономикалық көрсеткіштер жағынан өздерінің аймаққа жататындықтарын тек сөз жүзінде ғана нақтылауы мүмкін. Жалпы мәселелердегі формализация ТМД, ЕурАзЭО, ЭОҰ секілді ірі ұйымдардың жұмысынан да көрініс берді. Бұл әсіресе аймақтық қауіпсіздікті қамтамсыз етуде байқалады, ал бұл мәселе өте ірі ҰҚКҰ мен ШЫҰ аясында қарастырылады.

Осылайша, тәуелсіз даму кезеңінде ОАО, ОАЭО секілді ұйымдар жұмысына қатысқандарына қарамастан, **орталықазия мемлекеттері аймақтық байланысқа тартылған жоқ.**

Төртінші. Ықпалдастық жобалар көбіне саяси бағытта болды. Бұл жағынан алғанда технологиялар тартылған өндірісті дамытуға бағытталған ортақ бағдарламаларды жүзеге асыруға жағдай жасалмады, соған қатысты бастамалар өздерінің негізгі қолдаушылары – ірі және орта өнеркәсіп иелерін қызықтырмады. Аймақта мемлекетаралық кедергілердің жойылуына, өндірістік мамандануды тереңдету үрдісін дамыту мен аймақтық өндірістік ықпалдастықты қажет ететін дербес күш пайда болмады.

Аймақта трансұлттық құрылым жасаушы дербес қаржылық, өнеркәсіптік және коммерциялық құрылымдар қалыптастыру ықпалдастық байланыстардың тиімді қозғаушы күші болып табылады. Бұл жағынан алғанда жеңіл көлік жасау, машина жасау, электроника, ядролық және космостық технологиялар секілді жаңа технологиялар тартылған өнеркәсіптерді бірігіп игеруге қатысты жобалар жасау қажеттілігі туындайды.

Бұл қарастырылған факторлар **ортазиялық ықпалдастықты жылжытудың саяси және әлеуметтік-экономикалық негізінің әлсіздігін** көрсетеді.

Жоғарыда көрсетілген жалпы мәселелерден басқа аймақта дербес және өте шиеленісті мәселелер де бар.

Өте маңызды мәселелердің бірі – шешімін таппаған **су көздерін пайдалану** мәселесі. Бұл мәселенің шешілуі аймақтың дамуына тұрақтылық алып келеді, өйткені, сукөздері мен оның бөлінісі ОА мемлекеттеріндегі әлеуметтік-экономикалық жағдайдың тұрақтылығына тікелей ықпал етеді.

Келесі бір маңызды мәселе аймақтың **энергиямен қамтамасыз етілуі**, өйткені, ондаған жылдар бойы Тәжікстан мен Қырғызстанның басымдығындағы гидро-станциялар мен Өзбекстан мен Түрікменстан басшылығындағы газбен қамтамасыз етудің ортақ жүйесі жұмыс жасап келді.

Дұрыс шешім табуы ықпалдастықтың дамуына серпіліс беретін келесі бір мәселе – **аймақтың көлік-байланыс жүйесінің біртұтастығы** мен Трансазиялық магистралдың салынуынан соң бірнеше есе артқан транзиттік мүмкіндігін бірігіп пайдалану болып табылады.

ОА ықпалдастық қатынастардың дамуына кедергі келтіріп отырған мәселелер қатарына аймақ елдері арасындағы **шекаралық дауларды реттестіру** әділетті және біржола шешілуі де жатады.

Ықпалдастықтың дамуына аймақ елдеріндегі **экономикалық даму деңгейі мен экономикалық қатынастардың әртүрлілігі** де кедергі жасайды. Бұл жерде негізгі кедергілер ретінде **кеден, визалық және шекаралық өткізу режимдерін** қарастырамыз. Қалыпты экономикалық өзара әрекеттестікке **көлік инфрақұрылымының дамымауы мен шаруашылық байланыстардың әлсіздігі** де қатты әсер етеді.

Орталық Азия аймағы **экологиялық тұрақтылық** жағынан өте қатты күйзелген: қоршаған ортаны пайдалануға бағытталған техногендік және адам әрекеті оның қайта қалпына келу мүмкіндігіне зиян келтірді. Сонымен қатар, аймақ тұрғындарының қауіпсіздігіне жоғарғы деңгейдегі сейсмикалық жағдай мен сел жүру қаупі де қосылады, ал бұл мәселені тек бірігіп ғана шешуге болады.

Сонымен бірге, аймақтық ықпалдастық үрдісіне кедергі келтіретін негізгі мәселелердің бірі ретінде **саяси басшылықтың кеудемсөқтыгі** мен олардың бір сәттік мүдделерінің әртүрлілігі бұл үрдісті шабаңдататынын нақты көрсете аламыз.

Жоғарыда талқыланған мәселелерді шешу үшін ең алдымен Орталық Азия елдерінің күш-жігерлерін біріктіріп, өзара әрекеттестік ықпалдастығын арттыру қажет. Баршаға мәлім болғандай, Қазақстан бірнеше жыл қатарынан аймақтық ықпалдастық ұйымын құру бастамасын көтеріп келеді. Өкінішке орай бұған дейін құрылған ұйымдардың (*Ортазиялық одақ, 1994 ж., Ортазиялық экономикалық одақ, 2001 ж., Ортазиялық ынтымақтастық ұйымы, 2002ж.*) жұмысы ешқандай бір тиімді нәтижеге алып келген жоқ.

Осыған байланысты **Қазақстан Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Ортазиялық мемлекеттер одағын құру туралы бастамасын жүзеге асыру** бүгінгі таңда өзекті мәселе болып отыр. Одақты құрудағы негізгі мақсат **ортақ экономикалық кеңістік пен біртұтас аймақтық нарық құру арқылы экономикалық бірігу** болып табылады.

Қазіргі жағдайда ОАМО құру бастамасын жүзеге асырудың прагматикалық бағыты ретінде біздің ойымызша әртүрлі қарқынды ықпалдастық, яғни бір мазмұнды келісімдерге екіжақты қол қойып, артынан бұл келісімдерді біріктіріп, көпжақты біртұтас келісімге айналдыру жолын тандап алған жөн.

Польша – Қазақстанның ынтымақтастық жолындағы әріптесі

Төлеутай СҮЛЕЙМЕНОВ,
ҚР Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы, Дипломатия институтының директоры,
саяси ғылымдарының кандидаты, профессор

Шығыс Еуропа елдерімен ынтымақтастық жасау Қазақстанның сыртқы саясатында маңызды орындардың біріне ие. Польша, Чехия, Словакия, Венгрия, Румыния және Болгария сияқты мемлекеттер өтпелі даму кезеңінен сәтті өтіп, қайта жаңару жолына ерте түсіп, саяси, экономикалық және әлеуметтік мәселелерді шешуде көп тәжірибе жинақтады, соның нәтижесінде дүниежүзілік қоғамдастыққа сәтті қосылды.

Шетелдік серіктестерін өзінің тек бай табиғи ресурстарымен ғана емес, сонымен қатар демократиялық құқықтық мемлекет құрудағы елеулі өрлеуімен тартатын, экономикалық қайта жаңаруды өткізуімен, сондай-ақ тұрақты ішкі саяси жағдайымен ерекшеленетін Қазақстан Республикасы Шығыс Еуропа өңіріндегі елдер үшін посткеңестік кеңістіктегі жетекші елдердің бірі ретінде қарастырылады. Шығыс Еуропа өңіріндегі елдердің іскерлік және кәсіпкерлік топтарының Қазақстанға деген қызығушылығы едәуір өсті, сенімді серіктестерді іздеуге талпыныс туып, ұзақ мерзімді іскерлік қатынастарды реттеу қолға алынды.

Қазақстан мен Шығыс Еуропа мемлекеттерінің көзқарастары қауіпсіздіктің жаһандық және өңірлік мәселелерін шешудегі тәсілдер ортақтығы, халықаралық лаңкестікпен күрес мәселелері бойынша көзқарастар бірлігі, өңірлік құрылымда экономикалық-саяси интеграцияға ұмтылуы – осының бәрі Қазақстан Республикасы үшін Шығыс Еуропа елдерімен сындарлы сұхбат және өзара тиімді ынтымақтастық жасауға қомақты негіз болды [1, 22].

Қазіргі кезде Қазақстан Республикасы мен Шығыс Еуропа елдерінің арасында саяси және экономика салаларында ешқандай проблема жоқ, ал бұл екіжақты саяси-экономикалық және мәдени-гуманитарлық байланыстарды дамытуға негіз бола алады.

Қазақстан Республикасы мен Польша Республикасы арасындағы қарым-қатынастар жүйесі едәуір қызығушылық туғызып отыр.

Қазақстан үшін Польша қашанда маңызды серіктес қатарында болды, ал бүгін бұл елдің маңызы кемірек түгіл, қайта күннен күнге өсіп келеді. Польша – Шығыс Еуропадағы ірі мемлекет, Еуропалық одақ пен НАТО мүшесі, республиканың еуропалық құрылымдардағы беделі үнемі артып отырады. Бұл экономикалық өсімнің жоғары қарқынымен, адам ресурстарының мәнді болуымен және терең мәдени дәстүрі бар осы елдің көшбасшылық амбициямен анықталады.

Польша еуропалық саясатқа оның жетекші ойыншылары – Франция, Германия, Ұлыбританиямен тепе-тең ықпал етуге тырысады. Польша Республикасының сыртқы саясаты серіктестері алдында айқындылық пен жауапкершілік қағидаттарына негізделеді.

Қазіргі кезде Польша мен Қазақстан ынтымақтастығының сипатты ерекшелігі, осы елдердің екі ірі мемлекет арасындағы орналасуын есепке алғанда, ұлттық мүддені анықтаудағы ұқсас тәжірибесі болып табылады.

Польша мен Қазақстанның геосаяси және стратегиялық жағдайын ескере отырып, екі мемлекеттің күштері, бір жағынан, тәуелсіздікті нығайтуға, екінші жағынан, өңірлік ынтымақтастықты дамытуға, өңірлік интеграция үрдістеріндегі белсенділіктің артуына бағытталған.

Сонымен қатар Польша мен Қазақстанды аумақтарының жоғары транзиттік әлеуеті біріктіреді. Бұдан басқа Польша мен Қазақстан ынтымақтастығының маңызды факторына бірқатар аудандардағы комплементарлық, соның ішінде экономика, техника, ғылым және білім, денсаулық сақтау секторлары жатады. Сондықтан өзара ортақтықты және оң мағынадағы өзгешеліктерді ескере отырып, қазақ-поляк қатынастарын дамытуда қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді келешек мақсат пен міндеттерді анықтауға негіз бола алады.

Саяси талдаушылардың айтуы бойынша, Польша өзінің ұзақ мерзімді келешекте энергетикалық сектордағы тәуекелін есептеп және аталған сектордағы негізгі қаупін «ресей факторы» деп атап отыр. Польша Үкіметі Ресей жағынан Литваға мұнайды жеткізуді тоқтату қаупіне теріс баға беріп отыр және соның салдарынан ресейлік жеткізілімдерге баламалы шешім іздеуде. Осы жағдайда Қазақстан сенімді, демократияшыл және бәсекеге қабілетті серіктес ретінде алдыңғы шепте тұр.

Екіжақты қатынастардағы ең маңызды оқиғалар арасында Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың 1997 жылғы 27–28 қараша Польшаға жасаған ресми сапарын ерекше атауға болады. Аталған кездесу барысында Қазақстан Республикасы мен Польша Республикасы арасында достық қатынастар мен ынтымақтастықтың дамуы туралы Декларацияға қол қойылды.

Оған жауап ретінде 1999 жылғы 29–31 қазанда Польша Президенті А. Квасьневский Қазақстанға жауапты іссапармен келді. Кездесу барысында халықаралық коммуникация саласында уағдаластыққа қол жеткізіліп, соның ішінде қазақстандық тауарларды Еуропаға жеткізу үшін поляк теңіз порттарын пайдалану, сонымен қатар Қазақстанның астанасында поляк сауда орталығын ашу туралы шешім қабылданды.

2002 жылғы 23–26 маусымда Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаев Польшаға ресми сапар жасады. 2007 жылғы 29–30 наурызда Польшаның Президенті Л. Качыньский Астанаға келді. Сапар нәтижесінде екіжақты қатынастың негізгі салаларына қатысты Қазақстан Президенті мен Польша Президентінің бірлескен Мәлімдемесі қабылданды. Одан басқа екі ел азаматтарына, дипломаттық паспорттардың иелеріне ешқандай рұқсатнамаларсыз өзара жол жүруге, қорғаныс өнеркәсіп пен туризм саласында ынтымақтастық туралы үкіметаралық өзара келісімдерге қол қойылды. Сонымен қатар Қазақстан мен Польшаның Ұлттық Банкілері арасындағы ынтымақтастық туралы Шартқа қол қойылды.

Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық іс-тәжірибесінде ең алғашқы халықаралық шарттар ішінде Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Польша Республикасының Үкіметі арасындағы 1992 жылдың қазан айында болған сауда-экономикалық ынтымақтастық туралы Шартқа қол қойылды. Аталған Шарт қазақстандық және поляк кәсіпорындарының бірлескен іс-әрекеттеріне қолайлы тәртіпті қамтамасыз етуге бағытталған болатын. 2004 жылы бұл Шарт күшін жойды, ал 2005 жылы алдын ала атқарылған нормативтік-құқықтық негіз ескеріліп, Қазақстан мен Польша арасындағы екіжақты экономикалық ынтымақтастық туралы жаңа Келісімге қол қойылды.

Қазақстандық және поляк кәсіпорындарының сыртқы экономикалық іс-әрекеттерінің нәтижелілігін қамтамасыз ету мақсатында, мемлекеттер арасында инвестициялық климатты жақсарту үшін Шартқа қол қойылды (Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Польша Республикасының Үкіметі арасында инвестицияларды ынталандыру және өзара қорғау Шарты, 1994), сонымен қатар екі ел арасындағы салық салу туралы келелі мәселелер жөнге салынды (Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Польша Республикасының Үкіметі арасында қосарлама салық салуды жою және табыс пен капиталға салық төлеуден жалтаруға жол бермеу Конвенциясы, 1994). Несие саласындағы қазақстандық-поляктік уағдаластықтар кәсіпкерлік іс-әрекетті (Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Польша Республикасының Үкіметі арасында поляктік тауарларды сатып алу үшін несие беруге мүмкіндік жасау Шарты, 1994), автотасымалды (Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Польша Республикасының Үкіметі арасында халықаралық автомобиль тасымалы туралы Шарт, 2001) және кедендік өзара қатынастарды реттеуді (Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Польша Республикасының Үкіметі арасында кедендік істерде ынтымақтастық пен өзара көмек туралы Шарт, 2002) жеделдетуге мүмкіндік туғызып отыр.

1997 жылғы 27 қарашада Варшавада қол қойылған әуе қатынасы жөнінде үкіметаралық келісім 2008 жылғы 21 қаңтарда өз күшіне енді. Осы саладағы екі жақты нормативтік-құқықтық негізді жасау арқасында Қазақстан мен Польша арасында келешекте тікелей авиарейс ашуға мүмкіндік туады, ал бұл екі бағыттағы туристік ағымның өсуіне жағдай жасап, іскерлік байланыстарды арттырып, экономикалық және сауда қарым-қатынастарын нығайтады.

Саяси жоспарда Польша жағынан Қазақстанның өркениет аралық диалогты нығайту бағытындағы бастамаларын қолдауын атап өтуге болады. Соның ішінде Польшаның Сыртқы істер министрі Радослав Сикорский Ел басының 2008 жылғы (Астана, 17 қазан) «Ортақ әлем: әр түрлілік арқылы өрлеу» атты мұсылман және батыс елдерінің сыртқы істер министрлерінің Форумын ұйымдастыруға деген ынтымастың өзектілігін атап өтті. Поляк үкіметі Қазақстанмен халықаралық майданда лаңкестікпен, есірткі траффигімен күресу саласында ынтымақтастыққа ұмтылып, Қазақстанның ДҚҰ-ға кіруін және ҚР 2010 жылы ЕҚЫҰ-ға төрағалық етуін қолдап отыр.

Тауар айналымы қарқынды өсіп келе жатқан қазақ-поляк экономикалық қатынастары жоғары технологиялар, жоғары технологиялық тауарларды бірлесіп өндіру және тауар алмасу құрылымын өзара тиімді өзгерту секілді жаңа мүмкіндіктер іздеумен ерекшеленеді.

Польша Қазақстанның Шығыс Еуропа елдері арасында жетекші серіктесі қатарында, Польшаның Орталық Азия елдерімен тауар айналымының жалпы көлемінен Қазақстанмен тауар айналымы шамамен 50 % құрайды.

Бүгінгі күні Польша Еуропалық Одақтың толық құқықты мүшесі ретінде Орталық Азия елдерімен қарым-қатынасты кеңейтіп және байытып отыр. Поляк-қазақ қатынастар динамикасы бұл сала бойынша дамыған. Польшадағы кейбір табиғи ресурстардың, әсіресе энергетикалық ресурстардың тапшылығына байланысты поляк инвесторларының Қазақстандағы энергетикалық ресурстарды шығару мен сол жерде өңдеу немесе оларды еуропалық бағытта тасымалдауға қызығушылығы артып отыр. Бұл саладағы ынтымақтастық өзара тиімді: поляктар үшін – дереккөздердің диверсификациясы мен энерготасымалдаушылардың әкелім бағыттары; ал қазақстандықтар үшін – қазақстандық мұнай мен газ экспортының бағдары мен бағытын диверсификациялау.

Коммуникация мен байланыс, теміржол мен әуе транспорты, теңіз экономикасы, кенқазу өнеркәсібі, құрылыс қызметтері, ауылшаруашылық өндірісі секілді қазақстандық экономиканың алдыңғы қатарлы салаларында өнеркәсіптік-инновациялық бағдарламалар пайда болып, іске асырылды, жемісті ынтымақтастық мүмкіншілігі қазақ-поляк қатынастарын аталған салаларда ерекшелейді.

Қазақстан мен Польша арасында мәдени және гуманитарлық ынтымақтастықты дамыту және оны нығайтудың ерекше маңызы бар, өйткені Қазақстанда бірнеше мың поляк диаспорасы тұрады. Қазақстанда поляк ұлттық салт-дәстүрлерді насихаттаумен айналысатын «Венж» / Байланыс/ және «Поляк Одағы» қоғамдары бар.

1994 жылдың маусымы мен 1997 жылдың тамызында Варшавада фотокөрме және өз күштерімен ұйымдасқан ұжым концерттерінің қатысуымен Қазақстанның мәдени күндері өтті, ал Алматыда Польша киностудияларының көркем және документалді фильмдерінің прокатымен поляк мәдениеті мен киносының күндері өтті. 1997 жылдың 17 маусымында Павлодар қаласының жергілікті зиратында саяси жазалау шараларынан құрбан болған поляктардың құрметіне ескерткіш ашылды. 1997 жылы жазда табиғи апат салдарынан көрген зардаптарына Қазақстанның Польшаға ізгі көмек көрсетуі ресми топтар мен поляк жұртшылығында үлкен резонанс туғызды.

1997 жылдың қараша айында Варшава университетінде Президент Н. Назарбаевтың поляк тіліне аударылған «XXI ғасыр қарсаңында» атты кітабының тұсаукесері болды. 2000 жылы Қазақстанның поляк және қоғамдық топтарының үлкен сұранысына ие болған Варшава университетінің профессорлары редакциясымен «Қазақстан – саясат, қоғам және тарих» атты кітап жарық көрді. 2001 жылдың 1 қазанында Варшавада Қазақстан Республикасы Президентінің Мұрағаты 2000 жылы жарыққа шығарған «1936–1956 жылдардағы Қазақстандағы поляктар тарихынан» атты жинақтың тұсаукесері өтті.

Келісім бойынша Қазақстанда поляк тілін туған тілі ретінде 2000-нан астам мектеп оқушылары үйреніп жүр, ал поляк тілін туған тілі ретінде оқытуды Польшаның мұғалімдері іске асыруда.

Шығыс Қазақстан техникалық университеті мен Вроцлав университеті арасында шығармашылық қатынас орнатылып, студенттер және оқытушылар алмасу жүзеге асып жатыр.

Варшава мен Торунде Қазақстан киносының күндері жүйелі түрде өткізіліп жатыр. 2007 жылдың 4 маусымында Варшаваның «Эрмитаж» атты көрме залының «Лазеньки Крулевски» тарихи-парк ансамбліне Қазақстанның «Алтын ғасыр» атты мәдени мұрасына бағытталған қазақстанның бейнелеу өнерінің көрмесі өтті.

Мәдениет, ғылым және техника саласында екі жақты қатынастар шеңберінде 1997 жылы Қазақстан Республикасының Үкіметі және Польша Республикасының Үкіметі арасында мәдени және ғылыми ынтымақтастық туралы Шартқа қол қойылды.

Осылайша, қазақ-поляк қатынастары сындарлы саяси диалогқа, сауда-экономикалық ынтымақтастыққа және мәдени-гуманитарлық байланыстарға негізделгенін айрықша баса айтуға болады.

Екі елдің өзара іс-қимылын бағалай келе, Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаев «қазақ-поляк қатынастарын қарқындылық, экономикалық және гуманитарлық ынтымақтастықтағы терең мағыналылық байланыстары, үкіметаралық ведомствоаралық байланыстардың кеңеюі ерекшелейтінін» атап өтті [2].

ӨДЕБИЕТТЕР:

1. Соколовски В.Я. Особенности сотрудничества Польши и Казахстана в новом тысячелетии // Дипломатический курьер. – 2006. – №3(9).
2. Назарбаев обещает продолжить диалог между РК и Польшей в энергитической сфере. Интервью Президента РК. – www.fuelalternative.com.ua.

Қазақстан – ЕҚЫҰ: төрағалық мандат

Әбіләзиз ИСАЕВ,

Алматы қаласы мемлекеттік және жергілікті басқару институтының доценті, саяси ғылымдарының кандидаты

Көпвекторлық саясат – Қазақстан үшін халықаралық сахнада өз мәртебесін көтеруде жемісін беруде. АҚШ, Ресей және Қытай сияқты әлеуеті мықты ойыншылармен бетпе-бет келгенде ел мүддесін табысты алып шығу, стратегиялық міндеттерді жүзеге асыруда аса маңызды. Қазақстанның сыртқы саясаттағы жемісті іс-қимылының нәтижесінде 2010 жылы ЕҚЫҰ-на төрағалық етуге қол жеткіздік. Әлбетте, сыртқы саясаттағы ұстанымдарымыз мемлекетіміздің ішкі мүддесімен астасып жатыр. Біздің еліміздің халықаралық саясаттағы негізгі қағидалары – жан-жақты ынтымақтастық пен диалогқа құрыла отырып, ұлттық мүддемізді қорғауға бағытталған. Ұйым мандатын иелену барысында ел ішінде саяси, әскери, экономикалық, әлеуметтік, әкімшілік және т.б. реформаларды жүзеге асыра, халықаралық құқықтың бүгінгі талаптарына жауап беретін тиісті институттар мен оның тетіктерін қалыптастырдық.

Санаулы күндерден кейін Қазақстан халықаралық беделді ұйым – ЕҚЫҰ-на ТМД және түркі тілдес мемлекеттерінің, тіпті Азиядағы ұйымға мүше елдердің арасынан алғаш болып төрағалық ету миссиясын бастамақ. Ағымдағы жылдың басынан бері Грекия және Финляндия мемлекеттерімен бірге ұйым төрағалығының «үштігінде» қызмет атқаруда. Қазақстан үшін «үштіктің» құрамында болу, 2010-дағы Төрағалық мандатқа дейін ЕҚЫҰ-ның «асханасын» толық және терең меңгеруге мүмкіндік береді.

Әлемдік экономикалық дағдарыспен және халықаралық ұйымның 35 жылдық мерейтойымен тұспа-тұс келетін қазіргі жағдайда ЕҚЫҰ-2010-ның басым бағыттары қалай болады және Қазақстан өз жұмысын неден бастау керек? Бүгінгі ұйымға мүше елдердегі саяси шынайылық қандай? НАТО-ның шығысқа қанат жаюы, зымыранға қарсы қорғаныс жүйесінің (ЗҚҚ) Польша мен Чехияда орналастыру, Ресейдің ЗҚҚ жүйесіне жауабы, Еуропа мемлекеттерінің конфессияаралық қатынастағы жайы, ланкестік және есірткі тасымалмен күрес, Балқан түбегіндегі, Кавказдағы этносаралық жанжал, Еуропаның энергетикалық мәселесі (Ресей-Украина немесе Ресей-ЕуроОдақ мемлекеттері арасындағы газ мәселесі), Орталық Азия мен Ауғанстандағы ахуал сияқты толып жатқан саяси, экономикалық, экологиялық түйіндер Қазақстанның ЕҚЫҰ-на төрағалық жағдайында өз шешімін қалай таппақ?

Ғаламдану үрдісінің белсенді жүруі әлеммен бірге Еуропаны да өзгертуде. ЕҚЫҰ-на мүше елдердің әрқайсысының өзіне тән қалыптасқан тарихи, саяси, экономикалық және әлеуметтік ерекшеліктеріне қарамастан ортақ мүддемен ЕуроОдақ (ЕО) туы астына жиналуы, аймақтың саяси және экономикалық институттары және механизмдерін де өзгертуде. ЕО-тың мемлекеттік органдардан жоғары тұратын (Еуропарламент, ортақ нарықтық кеңістік, Орталық Банк, ортақ валюта және т.б.) ұжымдық тетіктері қалыптасуда.

Ендеше, ортақ консенсусқа қол жеткізе қызмет атқару – ЕҚЫҰ-2010 күн тәртібіндегі өзекті мәселе. Тек қана, Батыс Еуропаның ірі мемлекеттерімен ынтымақтастықты күшейтпей, сонымен бірге, соңғы кездері НАТО мен ЕО-қа мүшелікке өтіп, Еуропаның геосаяси алаңында белсенділік көрсетіп жүрген Орталық және Шығыс Еуропаның да елдерімен өзара тығыз байланыс орнату қажет.

Жоғарыда аталғандағыдай түйіткілді мәселер бойынша Қазақ елінің дайындықсыз емес екендігін, оның мемлекет қайраткерлерінің түрлі ресми орындарда сөйлеген сөздерінен, қабылданып жатқан құжаттарынан, атқарып жатқан нақты шараларынан байқауымызға болады. Бір ғана, 2008 жылдың 29-маусымы мен 3-шілде аралығында Астана қаласында өткен ЕҚЫҰ-ның Парламенттік Ассамблеясының қабылдаған «Астана декларациясы» және кезекті «17-сессиясының қарары», сондай-ақ, ҚР Президентінің № 653-бұйрығымен бекітілген 2008 жылдың 29-тамызындағы «Еуропаға жол» Мемлекеттік Бағдарламасы аясындағы іс-қимылдар алдағы атқарылар жұмыстардың бағыттарын айқындап, шараларын бекітті. Шара аясында, әсіресе, ЕҚЫҰ жанынан Венада Қазақстанның өкілдігін ашуы, Сыртқы істер министрлігінде ұйыммен ынтымақтастық жөнінде арнайы департаменттің құрылуы, мемлекеттік органдар қызметкерлерінің ЕҚЫҰ-на мүше елдерде іс-тәжірибеден өтуі осының айғағы.

Айта кету керек, еліміздегі саяси және қоғам қайраткерлері, ғалымдар мен сарапшылар, сондай-ақ, саясаттанушылар Қазақстанның ЕҚЫҰ-на төрағалығының жұмыс бағыттары жайлы өздерінің көптеген ұсыныс-пікірлері мен ойларын ортаға салып, мақалаларын баспасөзге жариялады. Біздің айтпағымыз, сол айтылған ойлардың ішінен ұлттық мүддемізге, мемлекетіміздің стратегиялық жоспарына жауап беретін және ұйымға мүше елдердің мәселелеріне қайшы келмейтіндей ең таңдаулыларын іріктеп алып, әрекет етуде еліміздің ЕҚЫҰ төрағалығына дұрыс тандалғандығын, лайықты екендігін көрсету. Сонымен қатар, осы ретте үлкен жауапкершілікпен міндетімізді атқара отырып, Еуропада, әлемде мемлекетіміздің оң имиджін нығайтып, абыройын одан әрі асқақтата түсу.

2003 жылдан бері Төрағалық қызметтің негізгі басым бағыттарының бірегейі – аймақтық жанжалды еңсеру, терроризм мен есірткі тасымалы, адам саудасына қарсы күресті күшейту, дін бостандығы мен толеранттылықты нығайту сияқты ЕҚЫҰ-на жаңа серпін беру, яғни ұйым қызметін реформалау. Неліктен ұйым қызметін реформалау басым міндет болып қарастырылады дегенге келсек, бүгінгі ЕҚЫҰ – таза еуропалық сипаттағы емес, еуразиялық институтқа айналды. АҚШ, Канада сияқты Солтүстік Америка елдерімен қатар, Орталық Азия мен Кавказ елдерін қоса, 56 мүше-мемлекетті қамтитын саяси ұйым, Африканың солтүстік бөлігі мен Азияның шығысындағы 11 елмен тұрақты әріптестік қатынаста. Сонымен, ЕҚЫҰ – жаңа сипаттағы, жаңа өлшемдегі, жаңаша көзқарастағы, жаңа мәнге ие алып халықаралық саяси ұйым.

Ұйымның Бас хатшысы Марк Перрен де Бришамбо 2007 жылдың 11-сәуірінде немістің «Der Standard» журналына берген сұхбатында, «ЕҚЫҰ дағдарыс үстінде. 2004–2005 жж. қабылданған реформалар Бас хатшының әкімшілік рөлін күшейткенмен, аппараттың жұмыс нәтижелігі мен тиімділігі әлі де төмен» – деген болатын [1]. Бірқатар еуропалық және ресей сарапшыларының: «ЕҚЫҰ-ның «экономикалық» және «әскери» сферадағы қызметі, ЕО пен НАТО-ның осы саладағы жұмыс әрекетін қайталаушы көшірме, ал, Еуропалық Кеңестің адам құқықтарын қорғау, парламенттік демократияның нығаюы мен заңның үстем болуын

қамтамасыз етуге бағытталған іс-қимылы, сәйкесінше, ЕҚЫҰ-ның «гуманитарлық» бағыттағы жұмыс жоспарын қайталайды» – дейді [2]. Қалай десек те, ЕҚЫҰ-ның «экономикалық» және «әскери» сферадағы қызметі қатысушы-мемлекеттердің арасында кеңестік кездесулерге негізделсе, ал, «гуманитарлық» бағыттағы сала көбіне көп постсоциалистік лагерьдегі елдерде өкілді органдарға сайлаудың заң шеңберінде өтуін бақылауға мамандана, әрқайсысы өзінше басымдықтарға ие. Дегенмен, ЕҚЫҰ-на төрағалық қызметінде алдымыздан шығатын түйінді мәселелердің байыбына барып, салықалы шешімдер қабылдасак, қасықтап жиналған беделдің шөміштеп төгілері сөзсіз.

Қазақстанның этносаралық және конфессияаралық келісім мен тұрақтылықты сақтауда жинақтаған үлкен тәжірибесі жоғарыдағы бірқатар мәселенің түйінін тарқатуға септігі тиеді. Сондай-ақ, Төрағаның негізгі міндеттерінің де ең бастысы – кикілжің мен жанжалдардан туындаған дағдарысты реттеу, оның алдын алу және бастапқы қалпына келтіру.

Қазақстан осы саяси ұйымда Төраға кезеңінде қауіпсіздік пен ынтымақтастықтың бірнеше басым бағыттары бойынша өз ұстанымдарын жеткізе алады. Және бір ғана, этносаралық, конфессияаралық келісім мен тұрақтылықты сақтау бойынша аймақтық деңгейдегі емес, әлемдік деңгейдегі, мысалы, ядролық қарусыздану тұрғысынан тәжірибесін ортаға сала алады.

ЕҚЫҰ-ның кезекті Мәжілісінде Елбасының 2006 жылы мәдени, дінаралық және этносаралық толеранттылыққа қатысты ҚР-ның төрағалық мақсатын нақты көрсетіп берді:

- Орталық Азиядағы жалпы саяси ахуалды ескере отырып, Қазақстан аймақтың ұзақ мерзімдегі қауіпсіздігін қамтамасыз етуге кепіл болады;

- ҚР этносаралық және конфессияаралық келісім мен тұрақтылықты сақтауда жинақтаған бай тәжірибесіне сүйене отырып, Батыс пен Шығыс арасында өркениеттер диалогын құруда көпір бола алады [3].

Сонымен, *біріншіден*, Қазақстан төрағалық қызметті атқара отырып, ЕҚЫҰ-ның институттарын Орталық Азия жағдайына пайдалана алады. *Екіншіден*, ұйымның тиімді тетіктері арқылы басқа экономикалық ұйымдармен байланыс орнатуда қаржылай немесе ресурстық база тарту. Ескеретін бір жағдай, ЕҚЫҰ қомақты бюджет қорына ие. Мысалы, ЕҚЫҰ-ның 2009 жылдың бюджеті 158 676 700 евроны құраған [4].

Қазақстан Орталық Азияда ЕуроОдақтың негізгі сауда және инвестициялық әріптесі. Сәйкесінше, ЕуроОдақ та Қазақстанның ең ірі сауда әріптесі болып табылады. 2008 жылдың өзінде ЕуроОдақ пен Қазақстанның арасындағы сауда айналымы \$39,5 млрд. құрап, еліміздің сыртқы саудасының 40 % үлесін алған. Еліміздің экономикасына инвестицияланған тікелей шетелдік капиталдың жартысынан астамын, яғни, \$40 млрд. жуық қаржыны Еуропа елдері салған [5]. Әлемдік дипломатияның негізгі бөлігіне айналған энергетика саласына инвестиция тартуда қазақстандық көрсеткіш жоғары. Елге инвестицияланған қаражаттың шамамен 70 %-і осы қуат көздеріне бағытталған. Ал, бүгінгі геосаясатта Орта Азия аймағындағы аталған қуат ресурстарына қол жеткізудің қолайлы сәті келіп тұрғандай.

Сонымен, *Қазақстанның ЕҚЫҰ-на жетекшілік етуі ТМД, Орталық Азия, түркі тілдес мемлекеттер үшін мынадай бірқатар жағдайларға ықпал етуі мүмкін:*

- ұйымға мүше елдердің төрағалыққа тең дәрежеде екенін байқатумен қатар, мүше елдердің (әсіресе, ТМД) саяси белсенділігін арттырады;

- саяси белсенділік Орталық Азия аймағындағы елімізге оппонент немесе бәсекелес елдердің, өз мемлекеттерінің ішкі саяси құрлымында өзгерістер жасауға ұмтылдырады, яғни оң имидж қалыптастыру мақсатында демократиялық нышандар мен құндылықтар көптеп байқалуы мүмкін;

- Орталық Азияға қатысты Батыс елдерінің стереотипті көзқарастарының өзгеруіне және аймақта орналасқан мемлекеттердің өзара да саяси ойынның күшею мүмкіндігінің артуы;

- Орталық Азия аймағына қатысты ұйым және шетелдер тарапынан да экономикалық белсенділіктің (инвестиция тарту) арту мүмкіндігі;

- Аймақ тұрақтылығын сақтау барысында саяси, экономикалық және әлеуметтік қауіпсіздіктерді қамтамасыз етуге көп көңіл бөлінеді және осы ретте туристік саясаттың кең дамуына жол ашылады;

- Аймақта энергетикалық және туристік саясаттың интенсивті іске асуы транзиттік магистраль мен транспорттың жолға қойылуына себепші бола отырып, сауда-экономикалық ынтымақтастықты арттырады;

- Аймақтағы экологиялық ахуалдың оң шешімін табу ықпалдылығы;

- ОА халқы негізінен ислам дінін ұстанатындықтан, Батыс елдерінің жалпы мұсылман әлеміне оң жаңаша бетбұрыстың болуы күтіледі.

Елімізді 2010 жылы ЕҚЫҰ-ға төрағалыққа сайлау халықаралық қоғамдастықтың құрметті мүшесі ретінде Қазақстанның өркендеу жолындағы елеулі белес болып табылады. Мемлекеттік дамуда Қазақстанның жаңа сапалық деңгейге көтерілгенін көрсетсе, халықтың да өмір сүру стандарттарының одан ары жақсаратындығына сенімі артады.

Қазақстанның ЕҚЫҰ-ға төрағалығы кезінде ел Парламенті Астанада «ЕҚЫҰ-ның еуразиялық өлшемі» тақырыбында форум өткізуді жоспарлап отыр. Мерейтойлы 2010 жылы – ЕҚЫҰ-ның құрылғанына 35 жыл, жаңа Еуропа үшін Париж Хартиясының қабылданғанына 20 жыл, Екінші дүниежүзілік соғыстың аяқталғанына 65 жыл толады. Егер, ЕҚЫҰ саммиті соңғы рет 1999 жылы Ыстамбұлда өткізілсе, онда Қазақстанның Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық ұйымының саммитін шақыру жөнінде бастамасы мүше-елдер тарапынан кең қолдау табады деген үмітіміз де жоқ емес.

Ұйым саммитінің Қазақ жерінде ұйымдастырылып-өткізілу мүмкіндігінің жоғары екендігін ескерсек, 2010 жыл – елдігіміз бен абыройымызға сын болғалы тұрғандықтан, артылған міндеттерді асқан ұқыптылықпен және жауапкершілікпен алып шығуға тиіспіз.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Das Interview fahrte Markus Bernath, DER STANDARD, Printausgabe, 11.04.2007.
2. Mark Perrin de Brichamaut. L'OSCE est plus que jamais necessaire. Liberation, 4 December 2006.
3. ҚР Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың ЕҚЫҰ Парламенттік Ассамблеясында сөйлеген сөзі // www.akorda.kz
4. <http://www.zakon.kz/58776-svodnyjj-bjudzhet-obse-na-2009-god.html>
5. ҚР статистикалық Агенттігінің ресми сайты // <http://www.stat.kz>

Қазақстан және Қытай арасындағы саяси-ақпараттық байланыс

Гүлмира СҰЛТАНБАЕВА,
өл-Фараби атын. ҚазҰУ-дың Бұқаралық ақпарат құралдары
және жарнама кафедрасының доценті

Қазақстан мен Орталық Азия елдеріндегі саяси коммуникацияны, саяси насихат, саяси мінез-құлықты зерттеу бүгінде өзекті болып отыр. Жаһандану кезеңінде Еуразия елдеріндегі саяси сабақтастықтың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын айқындау маңызды қадамның бірінен саналады. ТМД елдері арасындағы саяси байланыстарды, олардың айырмашылықтары мен ұқсастықтары мен саяси үндестігін ерекше белгілерін және Орталық Азия елдеріндегі тарихи сабақтастық тәжірибесін ерекше белгілерін және аймақ елдеріндегі тарихи сабақтастық тәжірибесін дамуын айқындауда саяси коммуникация саласындағы қолданбалы зерттеулердің қажеттігі туындауда. Қазақстанның саяси құрылысының ерекшеліктерін ескере отырып, Еуразия елдерінің саяси коммуникациясының теориялық, әдістемелік және тәжірибелік негіздерін зерттеу осы аймақтың одан әрі дамуын жобалау мен болжауда маңызды болып отыр.

Жаһандану дәуірінде Қазақстанның саяси жүйесіндегі коммуникациялық стратегияның жүзеге асуы мен перспективасын айқындау маңызды болып саналады. Саяси коммуникация саласындағы зерттеулердің нәтижелері Қазақстан мен Еуразия елдерінің саяси жалғастығының ұқсастығы мен айырмашылықтарын айқындауда және болашақта осы елдердің саяси қарым-қатынастарының коммуникациялық тәсілдерінің дамуы үшін де аса үлкен мәнге ие. Бұқаралық коммуникация саласындағы зерттеулер Еуразия елдері арасындағы саяси қарым-қатынастарды, олардың арасындағы айырмашылықтарды айқындауда, Еуразия елдерінің тарихи жалғастығының дамуында өте маңызды. Қазақстанның саяси құрылысын ескере отырып, саяси коммуникацияның теориялық-методологиялық және тәжірибелік негіздерін зерттеу осы аймақтың одан әрі дамуын жобалау мен болжауда мәнді мен маңызды саналмақ.

Бүгінде әлемде алдыңғы қатарлы дамыған елдерді айқындау ақпараттық қорларды иелену мен дамыту өлшемдерімен өлшенетін кезең туындап отырғаны шындық. Қоғам дамуын материалдық қорлармен емес ақпараттық-коммуникациялық игіліктерді өндіру, дамыту және пайдалану өлшемдерімен айқындауда. Дамушы елдер сол ақпарат өндірісінде тұтынушы ретінде ғана қатысып отырған елдер саналуда. Бүгінде даму жолына түскен келдер өздерінің ақпаратын тұтынумен бірге, өзінің де ақпарат өндіру әлеуетін жетілдіруде. Оларға Қытай, Үндістан, Малайзия, Түркия, Ресей, Бразилия және т.б сияқты елдерді жатқызуға болады.

Дегенмен қазіргі уақытта Қазақстандағы ақпаратты жинау, әзірлеу, жалпы ұлттық ақпарат тілі ретінде дамыту орыс тілі арқылы қолданылуда. Мемлекеттік мәртебесі бар қазақ тілі ақпараттың тілі емес, аударманың тілі болып отыр. Қазақ тілі ақпаратты сіңіру емес, орыс тілі арқылы сіңген ақпаратты тәржімалау тілі күйінде қалып отыр. Бұл соңғы кездері жиі айтылатын саяси ақпараттың сапасы мен берілуіне қойылар өткір сынның бірі болып отыр. Ақпарат пен коммуникация жылдам дамып отырған қоғамда ақпаратты пайдалану және оның өндірісін дамыту сол үшін де маңызды саналмақ. Әсіресе, бұл әлем елдерінің басым бөлігінде ақпарат индустриясын дамыту үдерісінен байқалуда.

Қазақстанмен көршілес аспан асты елі – Қытаймен ақпараттық байланыстардың дамуы, әрине, ең алдымен, екі ел арасындағы саяси қарым-қатынастардың бет алысына қатысты екені мәлім.

Әсіресе, екі ел арасындағы саяси ақпараттық байланыстар мемлекеттік деңгейде өтетін ірі оқиғалар мен ел басшыларының іссапарлары кезінде белсене түсетіні анық. Мысалы, Қытай Халық Республикасының Төрағасы Ху Цзиньтаоның Қазақстанға сапары қарсаңында қытай бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері ҚР Президенті Н. Назарбаевтан жазбаша сұхбат алуын атап өтуге болады [1].

Қазақстан-Қытай қарым-қатынасының дамуына жоғары баға беріп өткен Президент Н. Назарбаев 1992 жылдың қаңтарынан бастап дипломатиялық қатынас орнағалы бері Қытай мен Қазақстан арасындағы ынтымақтастықтың серпінді дамып келе жатқанын атап көрсетті.

Бүгінде бұл екі жақты қарым-қатынас уақыт тезінен өтті. «Қазақстан мен Қытай арасындағы аймақтық проблемалар шешіліп, шекара толық бөлінді және межеленді», деп жазады Елбасы. «Қазақстан мен Қытай экономикалық байланыстары қай бағытта кеңейту керек?» – деген сұраққа жауап берген Елбасы, Қытаймен сауда көлемі бойынша Қазақстан ТМД елдерінің ішінде екінші орында екендігіне, сонымен қатар қолдағы тікелей және аймақтық экономикалық байланыстарды дамыту қажеттігіне ерекше тоқталды. Өнеркәсіптің түрлі салаларында, машина, агроөнеркәсіп кешені, құрылыс, ауыл шаруашылығы, сауда және қызмет көрстеу салаларында болашағы зор жобалар бар. Атап айтқанда, мұнай-газ саласындағы ынтымақтастық мол әлеуетке ие. Қазақстанда энергетикалық ресурстарды өндіру тұрақты артып келеді және жақын жылдары 120–150 миллион тонна деңгейіне жетіп, түрлі қазақстан-қытай жобаларының жүзеге асыруға жеткілікті алғышарт жасайды.

Шанхай ынтымақтастық ұйымының кездесулері түрлі өркениет пен мәдениетке жататын екі мемлекет арасындағы тату көршілік пен сенім климатын дамытуға ықпал етті.

Қазақстан-Қытай арасындағы екі жақты саяси байланыс екі ел арасындағы белді бұқаралық ақпарат құралдарының арасында ұйымдастырылатын мемлекет басшыларымен сұхбат өткізу дәстүрге айналып отыр. Мемлекетіміздің басшысы Н.Ә. Назарбаев Қытайдың жетекші бұқаралық ақпарат құралдарының тілшілеріне берген сұхбатын атауға болады [2].

Әсіресе, екі ел арасындағы ақпараттық байланысқа Шанхай ынтымақтастық ұйымының құрылғалы бергі даму үдерісі, қауіпсіздікті қамтамасыз ету, сауда-экономикалық ынтымақтастықты дамыту және аймақтағы гуманитарлық байланыстарды арттыру тиек болғаны белгілі.

«Біз Азиядағы өзара ықпалдастық және сенім шаралары жөніндегі кеңес сияқты Қазақстанның халықаралық бастамаларына көрсетіп отырған ХҚР мен ШЫҰ мүшелерінің қолдауын жоғары бағалаймыз. Экономикалық ынтымақтастық тұрғысында Қазақстан сауда-экономикалық, инвестициялық, энергетикалық, көлік, мәдени ынтымақтастық салаларындағы екіжақты және көпжақты форматтағы бірлескен жобаларды мақсат етіп отыр. Біздің еліміз ШЫҰ-ның экономикалық жобаларына белсенді қатысуға, оларды өзара тиімді жағдайда қаржыландыруға дайын», – деп атап өткен болатын ҚР Президенті Н. Назарбаев.

Тәуелсіздік алғаннан кейін Қазақстан Қытаймен қарым-қатынасты «жаңа тарих беттерінен» бастады деуге болады. Ал бүгінде екіжақты қатынас стратегиялық серіктестік деңгейіне көтеріліп отыр. Екіжақты қатынастарды дамытудың бірнеше маңызды нәтижесін ерекше атап өтуге болады.

Астанада 2004 жылы өткен ШЫҰ Саммитінде мемлекет басшылары өзекті жаһандық және аймақтық проблемалар бойынша Шанхай ынтымақтастық ұйымының бағыт-бағдарын белгілеген Астана Декларациясына қол қойға болатын.

Мемлекет басшысы Н. Назарбаевтың Гонгконг Қор биржасында болып, Сянган банк-қаржы құрылымдарының өкілдерімен кездесуі Қазақстан мен Сянган арасында іскерлік ынтымақтастықты жандандыруға ықпал еткен және екі ел арасындағы ақпараттық саясаттың да ілгерілеуіне себепкер болды деуге болады.

Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасындағы дипломатиялық қарым-қатынасының 17-жылдығы мен 2009 жылдың 3 қаңтарында ресми аталып өткен болатын. Аталған мерзімде қазақстан-қытай арасындағы қарым-қатынас жаңа деңгейге көтерілгені мәлім. 1998 жылы Қазақстан және Қытай шекараларын толықтай бекітіп алды.

2002 жылдың желтоқсан айында Қазақстан мен Қытайдың арасындағы Тату көршілік, достық және ынтымақтастық туралы шартқа қол қойылды, бұл екіжақты қатынастарды әрі қарай дамытудың тарихи іргетасы қаланды. 2005 жылы екі жақ та стратегиялық серіктестік байланысын орнатты.

Екі ел арасындағы қарым-қатынастың көпірін нығайтуда БАҚ-тың атқаратын рөлі ерекше. Осы мақсатта соңғы жылдары бірқатар басылымдар жарық көріп, Қазақстан және Қытай елдерінің БАҚ нарығында өзіндік позицияға ие болып отыр. Сондай басылымның қатарында «Щедрая дельта» журналын атауға болады [3].

«Щедрая дельта» Шанхайда жарық көретін басылымда Қазақстан Республикасы Бас Елшілігінің қолдауымен бірқатар мақалалар жарияланып, Қытайдың шығыс жағалауының бизнес-элитасын елімізбен таныстыру мақсаты көзделген. Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуы, сыртқы саясаты мен болашағы туралы материалдар, әрине, екі ел арасындағы ақпараттық байланысты нығайта бермек. Шекара мәселесі, сауда-экономикалық, мәдени-гуманитарлық және ғылыми-техникалық ынтымақтастық жайлы білгісі келген қытайлық оқырмандарға бұл басылым екі ел арасындағы тек мәдени емес, сондай-ақ ақпарат көпірі саналмақ. Алматы және Шанхай қалалары арасындағы ынтымақтастық ақпараттық оқиғаға негіз боларлық маңызды жаңалықтар қатарынан саналуда. 22 мың данамен жарық көретін Пекин, Тяньцзинь және Хэбэй қаласы аймақтарын қамтитын Сары теңіздегі Бохай шығанағы, Янцзы және Чжуцзян өзендері

аңғарлары аймақтарына тарайтын басылымның ақпараттық кеңістікте алатын орны ерекше.

Екі ел арасындағы ақпараттық кеңістік алаңын ұлғайтуға себін тигізген басылымдардың бірі – «Көрші» журналы [4]. 2006 жылдан бері жарық көретін түрлі-түсті көркем безендірілген журнал Қазақстан мен Қытай арасындағы саяси, қоғамдық ақпараттармен қатар, мәдениет мен рұхани тамырластық айнасына айналды. Екі ел арасындағы дипломатиялық қарым-қатынастың 17 жылында көршілік, достық, ынтымақтастық байланыстар жылдам өріс алуының куәсі «Көрші» сияқты жобалардың дүниеге келуі дәлел. Сенімді саяси қарым-қатынастардың орнауы экономикалық-сауда ынтымақтастығының дамуына, мәдени-рухани байланыстардың өркендеуіне негіз болып отыр.

«Көрші» журналы екі ел арасындағы халықтық мәдениеттің жаршысына айналған санаулы бұқаралық басылымдар қатарында. Басылым, әсіресе, Қытай еліндегі аз ұлт өкілдерінің руханияты, мәдениеті, салт-дәстүрімен бұқараны таныстыруда ерекше ақпараттық-насихаттық қызмет етуде. Мәселен, басылымдағы «Қытайдағы Дұң ұлты», «Дұңған ұлты», «Тәжік ұлты», «Өзбек ұлты», «Дұңшян ұлты», «Яу ұлты», «Татар ұлты», «Күшардағы Субашы ұлты», «Тибет ұлты», «Қытай ұлты» сияқты материалдардың аспан асты еліндегі көп ұлт өкілдерінің өмірі мен дәстүрін, салты мен ғұрпын, тіршілігін, тұрмысын дәріптеу мен ақпараттандыру саясат озық тәжірибе деп санауға болады. Сондай-ақ бұл басылымның қазақ және қытай елдері арасындағы ақпараттық мәдени дәстүрлерді жалғастыруда да рөлі ерекше.

Қытай мен Қазақстан БАҚ-тарына тән ұқсастықтар және өзгешеліктер жаһандық ақпараттық үдерістерден тыс қалмасы анық. Бұл орайда аспан асты еліндегі ақпарат нарығындағы ерекшеліктердің сипаты былайша өріс алуда.

Қытайда бұқаралық ақпарат құралдарының балама түрлері белсенді дамуы – бұқаралық коммуникацияның жаңа сипатта өріс алуының дәлелі саналмақ. Қазіргі уақытта Қытайдың дәстүрлі бұқаралық ақпарат құралдары дамуына мынадай факторлар ықпал етуде: алдымен, техникалық және қаржылық жағынан артықшылықтары мен жетістіктерімен дамып отырған, тұтынушы аудиториясының көлемі артуына ықпал ететін Интернет, мобильдік байланыс, кабельдік телевизия және тағы басқа да ақпарат алудың қазіргі заманғы форматының жылдам қарқын алуы саналса, келесіден, өте қатал бәсекеге қабілеттіліктің артуынан бұқаралық дәстүрлі ақпарат құралдарының табысының бәсеңдеуіне әкелуде.

Қытайдағы дәстүрлі БАҚ-тың өз аудиториясы мен ықпал етуі дәрежесінің төмендеуінен бұл сала қазір қайта құрылымдануда. Қытай экономикасының серпінді дамуы жарнама нарығының дамуымен тығыз байланысты. Өткен жылы Қытайдағы жарнамадан табыс көзі Жапониядағыдан артып, әлемдік жарнама нарығындағы екінші орынды иеленді.

Қытай бұқаралық ақпарат құралдары университетінің профессоры Хуан Шэнминьнің айтуынша, Қытай жарнама нарығында дәстүрлі БАҚ-тың үлесі азайып, керісінше, ақпараттың балама көздерінің үлесі артуда. Оның қатарында, әрине, Интернеттің басымдығын атап өту қажет. Қытайдағы Интернет желісі абоненттерінің саны 100 миллионнан асып түсіп отыр. Жас ұрпақ қазір Интернет және басқа да балама БАҚ түрлеріне өте тәуелді. Газет және журналға жазылушылардың жасы ұлғаяуда [5]. Дәстүрлі БАҚ танымалдығының төмендеуі аясында, керісінше, Интернет желісі, кабельдік және мобильдік желілер қызметін

пайдалану саласы дамуда. Қытайда кабельдік телевизияның келуіне аса көп уақыт өте оймаса да бұл нарық қарқындауда. Қазір бұл нарықтағы өнім 1 млрд. юаньнан асады.

Желілік ақпараттық агенттіктер қазір өте жылдам даму үстінде. Бүгінде Net-Easy, Sina және Sohu жетекші порталдарының табысы жылдан жылға артуда. Сондай-ақ балама ақпараттық қызмет саласында China Mobile, Chinanetcom мобильдік операторлары жетекші орында. Жаңа және дәстүрлі БАҚ арасындағы бәсекелестік техникалық жабдықталу деңгейінен аңғарылады. Балама ақпараттық қызметтің тиімділігі нарықтағы ескі форматтағы ақпарат таратудан гөрі жұмсалатын қаржының үнемделуі мен перспективасынан байқалуда. Қазіргі уақытта қытай бұқаралық ақпарат құралдары нарығында ақпараттық индустрия саласында бәсекелестік дамуына орай шоғырлану үдерісі байқалуда. Бұл айтылған ақпараттық нарықтағы үдерістер жаһандық сипат алуы да заңды. Сондай-ақ осынау жаһандық біртұтас ақпараттық кеңістікте дербестікке ұмтылатын ұлттық БАҚ нарықтарын да шарпитын құбылыстар қатарында.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. <http://inform.kz/index.php?lang=kaz#216054>
2. Егемен Қазақстан, 2006 жыл, 16 маусым.
3. «Щедрая дельта» журналы, 2008, №1-6
4. «Көрші» журналы, 2006-2008, №1-33
5. Китайский информационный Интернет-центр, 2006, 14 ақпан

XXI ғасырдағы жапон-қытай қарым-қатынастарының даму сипаты және үрдісі

Жанар АШИНОВА,
әл-Фараби атын. ҚазҰУ-дың жапонтану кафедрасының
аға оқытушысы

Соңғы уақытта Азия-Тынық мұхит аймағының (АТА) әлем саясатындағы стратегиялық маңызы қарқынды өсіп келеді. Көптеген сарапшылар XXI жүзжылдықты «Азия-Тынық мұхиты аймағының» ғасыры деп атайды. Ал осы аймақтағы беделді екі ел – Жапония мен Қытайдың қарым-қатынастары, сөзсіз, үлкен қызығушылық тудырады. Бұл елдер арасындағы екіжақты қарым-қатынастар олардың сыртқы саясатында әрқашан қомақты орын алатын. Бүгінгі күнгі екіжақты қарым-қатынастар елдер арасындағы жаһандық саяси және аймақтық бәсекелестікпен сипатталады. Бұл мәселенің өзектілігі, ең алдымен, әлемнің ең көп қоныстанған елдері болып табылатын АТА-дағы жағдай әлемдік жүйенің тұрақтылығына әсер етуі мүмкін, ал Жапония мен ҚХР аймақтың ең мықты елдері болып табылады және тек сол аймақтың ғана емес, әлемнің басқа да көптеген елдерінің аман-есен өмір сүруі солардың қарым-қатынастарының бейбіт сипатына тәуелді.

Жаңа ғасырдағы жапон-қытай қарым-қатынастарын талдай келе, ең алдымен, екіжақты ынтымақтастықтың аймақтық аспектісіне көңіл аударған жөн. Себебі Жапония мен Қытай АТА-дағы басты экономикалық алыптар болып табылады және олардың ынтымақтастықтары басқа да мәселелермен қатар (тарихи, психологиялық сипат және т.б.) аталып отырған аймақпен қоса жалпы Азиядағы лидерлік үшін Пекин мен Токионың өсіп келе жатқан және ұзақ мерзімді бәсекелестік факторын көрсетеді.

Егер ҚХР-ның жалпы даму бағытына көңіл аударатын болсақ, қазіргі уақытта бұл ел экономикалық өсудің жоғары қарқынын көрсетіп отыр және жағдай осылай жалғаса берсе, келесі онжылдықта ҚХР «әлем шеберханасына» айналуы мүмкін. Сондықтан да уақыттың оған қызмет атқаратынын түсінген Қытай әлемдік тәртіпке қарсы шықпайды. Ел динамикалық түрде дамып жатқанша, ел ішіндегі мәселелер экономикалық даму үшін қолайлы баға екенін Пекинде жақсы түсінеді. Бірақ өсу қарқыны баяулаған кезде бұл мәселелердің барлығы бірден өршіп, елдің тұрмыс жағдайына қауіп төндіреді. Сондықтан ҚХР өз шекарасында Пекиннің кедергісіз дамуына мүмкіндік беретін тұрақтылық пен ынтымақтастық зонасын құрып жатыр. Бұл белсенді сыртқыэкономикалық саясатпен қатар жүзеге асуда [1, 42].

Бүгінгі таңда қытайлық саясаткерлер, ғалымдар мен саясаттанушылар Қытайдың халықаралық статусын жоғарылаған біртұтас мемлекеттік қуатына сай сәйкестендіру мәселесін жан-жақты көтеруде [2, 3]. Осы мәселеге байланысты сыртқы саясат бағдарында қолайлы жағдайлар мен тұрақтылықты

қамтамасыз етуге бағытталған Қытайдың бейбіт көтерілу концепциясы ұсынылады.

Қытайдың саяси истэблишментінде экспансионизмді қолдайтындардың кездесетінін білеміз, бірақ олар көп емес және басты бағытты айқындамайды. «Империялық» бағыттағы көңіл-күйлердің белгілі шамада өсуін болжауға болатын болса, оны, көп жағдайда, ел ішінде және белгілі дәрежеде «бу шығару» үшін қолданатын болады [1, 45-46].

Жапонияның дамуын талдай отыра, ол да өтпелі деп атауға болатын кезеңде тұр деп тұжырым жасауға болады. Экономикалық ғажайып кезеңі өтіп кетті, енді ел рецессия онжылдығын басынан кешіруде. Бұған ұрпақтардың ауысуы келіп қосылады. Оның үстіне, жаһандану ықпалы соғысқа дейінгі кезеңмен тікелей байланысы жоқ жастардың қалыптасқан бейбіт тәртіпті «дәстүрлік болғандықтан ғана жарамды» екендігін айтарлықтай аз дәрежеде қабылдауына алып келеді.

Қазіргі заманғы Жапонияның ұстанған бағыты проамерикандық болып көрінеді, бірақ жағдай одан біршама күрделірек. Ресей, Қытай және КР-мен қарым-қатынастарына тосқауыл қойып, Жапония ресми түрде одақтасы боп қалған АҚШ жағына жылжып барады. АҚШ-қа бұл, сөзсіз, ұтымды, себебі бұндай бағыт Жапонияның ішкі оқшаулылығын және Вашингтонға тәуелділігін нығайта түседі, ал Токионың ұлтшылдық риторикасы популизм және көпшілікке тасталған сүйек ретінде қабылданады. Жапониядағы реваншистер америкалық қолшатыр астынан шығуға және шын мәніндегі егеменді мемлекетке айналуға екпін жасауда. Солай бола тұра, ұлтшыл-реваншистердің саясаты Солтүстік-Шығыс Азиядағы жапон гегемониясы идеяларынан алшақ тұр. Ол Қытайдың қарқынды өсуімен байланысты Жапонияның бүгінгі таңдағы дәрежесін сақтауға бағытталған басымдылық көрсетуден гөрі қорғану сипатына ие. Бұндай жағдайда аймақтық басымдылық туралы айтудың да қажеті жоқ. Бірақ Токиода проамерикандық бағытты ұстанушылармен қатар азиаттық интеграцияны да жақтаушылар бар екенін естен шығармау керек. Премьер-министр Мори қаншалықты проамериканшыл ретінде қабылданса, Фукуда да соншалықты проқытайлық болды [1, 47-48].

Жаңа мыңжылдықтың басында Жапония мен Қытай екіжақты қарым-қатынастарында айтарлықтай келіспеушіліктер туындап, бұл өз кезегінде саяси қатынастардың сууына алып келді. Бірқатар зерттеушілер бұл орайда түрлі факторларды көрсетеді [4].

Қазіргі құбылыстардың астарында объективті негіз бар екені анық. «Қырғи-қабақ» соғыс кезінде қысқа уақыт аралығында Жапония мен Қытай Кеңес Одағымен стратегиялық күресте «бір қайық» ішінде болды. Бірақ ол тарихи дәуір аяқталғаннан кейін екі елдің де дүниедегі бағдар айқындау саясаты өзгерді. Токио үшін, әсіресе, «11 қыркүйек» оқиғаларынан кейін АҚШ-пен әскери-саяси одақ өзектілігін жоғалтқан жоқ, керісінше, одан сайын әлемдегі басты тірегіне айналды. Ал Пекин үшін Вашингтонмен қарым-қатынас бәсекелестік әрі мәселелі мазмұнға тола бастады.

Екі ел арасындағы орын алған қайшылықтар кешенінде басты орында Екінші дүниежүзілік соғыстың мұрасынан қалған мәселелер тұр. Бұл мәселелердің соңғы жылдары алынып тасталмақ түгел, мезгілді түрде қабыну қасиеті бар. Берілген феноменді анықтайтын себептердің эмоционалдық қана емес, объективті де негізі бар. Соғыс жылдарында жасаған қылмыстары үшін Жапонияның өкінуі шынайы

емес, тек қана ресми сипатта болғанына тек Пекинде ғана емес, басқа да азиялық астаналарда да сенімді. «Күншығыс еліне» үлгі ретінде Германия жиі келтіріледі. Оның өкінгендігінің шынайылығына әлемнің сенген себебі – Германия «үшінші рейхтың» көптеген тірі қалған құрбандарына қомақты компенсациялар төледі. Сондықтан да көптеген азиялық мемлекеттер Тынықмұхиты соғысы дәуіріндегі отандастарының іс-әрекеттерін жүрегінің түбінде қылмыс ретінде емес, қате ретінде қабылдайтын жапон қоғамы халықаралық жағдай өзгере қалғанда милитаристік өткеннің айуандық іс-әрекетін қайталауы мүмкін деп сескенеді. Жапонияда, керісінше, мемлекеттіліктің жаңа сапасына көшу және халықаралық істердегі белсенділік жағдайында істелген күнәлар үшін жеткілікті кешірімдер сұралды және «өз басын күлмен сепкенше», өз бейбітшілік сүйгіштігін халықаралық сахнада іс жүзінде көрсету керек деген көзқарас қоғамда қалыптасқан [5].

Шығыс Азияда Қытайдың басымдылық рөліне көтерілуі Жапония үшін соғыстан кейінгі мұраны қайта қарастыруына, жеңілген мемлекет дәрежесінен арылу жолына шығарған «қырғи-қабақ соғыстан» кейінгі жаңа жағдайда өзіндік орнын іздеуіне белгілі дәрежеде түрткі болды. Сәйкес атрибутиканың өзгеруінің бір элементі ретінде Жапонияның Ұлттық қорғаныс басқармасын толыққанды Қорғаныс министрлігіне айналдыруы болып табылады. 2006 жылдың ақпанында өткен жапон-американдық «2+2» кездесуінде екі ел жапон-американдық әскери-саяси одақтың жауапкершілік аймағын кеңейту туралы келісті. Енді оған Тайвань бұғазы да кіреді. Берілген тенденцияның құрамдас және туынды элементтері ретінде Конституцияның сәйкесінше өзгертілуінің қажеттілігіне, оның ішінде, мектептегі тарих оқулықтарына, Екінші дүниежүзілік соғыста Жапонияның қатысу тарихын «ағарту» жағына қарай қарастырылуларға екпін жасау, қажеттілігіне байланысты қоғамдық консенсуске жету болып табылады. Премьер-министр Дз. Коидзумидің Ясукуни храмына баруы Қытайда, Кореяның екеуінде де көптеген наразылықтар мен Жапонияның жаңа рөліне байланысты сескенушіліктерді тудырды [6, 105]. Токиода бұл, керісінше, көршілерінің жаппай наразылықтары барған сайын ашық түрде жапондықтардың ашуын тудырып, жапон ішкі істеріне араласу ретінде бағалана бастады.

Екі шығыс-азиялық алыптардың ымыраға келмеген соқтығысуының мысалы ретінде Жапонияның БҰҰ-ның Қауіпсіздік Кеңесінде тұрақты мүшелік үшін «шайқаста» жеңілуін айтуға болады. Бұл тапсырма Дз. Коидзумидің үкіметімен 2005 жылы БҰҰ реформалау аясында №1 сыртқы саяси қадам ретінде алға шығарылды және оның шешілуі үшін күшті де, ақшаны да аямады. Сондықтан да бұл мәселеде жеңіліс табу жапондықтар үшін өте ауыр соққы болды. Осындай нәтиженің басты себебінің бірі ретінде Пекиннің аса белсенді қарсыластығы болды. Жапон дипломаттары кейінірек мойындауы бойынша, олар Қытайдың қарсылығын алдын-ала білген, бірақ әлемнің барлық елдеріндегі потенциалы мен дипломатиялық корпусын түгел қатыстырып, соншалықты күш жұмсайды деп ойламаған. Жапония дәстүрлі түрде «қара құрлыққа» басты халықаралық донор-мемлекеттердің біреуі бола тұра, сол елдердегі аштықпен күреске 500 млн. АҚШ долларын бөле тұра, «үшінші әлем» кейпін ұтымды пайдаланған Пекин бұл жағдайда да африкалық елдердің дауысы үшін күресте Токионы озып кетуі көңіл аударарлық [6, 104].

2001–2006 жылдары Қытайда жапон милитаризмінің даңқының белгісі боп саналатын Ясукуни храмына сол кездегі премьер-министр Дзюньитиро Коидзумидің бірнеше мәрте баруы себебінен Пекин Токиомен ресми байланыстарын жоғарғы

дәрежеде үзді. Қытай және Азияның басқа да елдері премьер-министрдің Ясукуни храмына барып тұруын Жапонияның аймақтағы қатал отаршыл мұрасын есепке ала отыра, енжарлық ретінде таныды.

Жапон-қытай қарым-қатынастарының үрдісі ең төменгі сатыға түскен кездері сол жылдар болды. 2004 жылы Қытайдың барлық жерінде жапондықтарға қарсы демонстрациялардың кезекті толқыны өтті. Бой көтерулердің себебі ретінде, Қытайдың пікірі бойынша, Жапонияның соғыс кезіндегі іс-әрекеттері туралы үндемеуге тырысқан жаңа жапон мектеп оқулығының басып шығарылуы болды. Демонстрация ұйымдастырушылары БҰҰ Қауіпсіздік кеңесінде Жапонияға тұрақты мүшелікті беруден бас тартуға да шақырды. Екі ел қарым-қатынастарындағы дағдарыс шыңы 2005 жылдың сәуіріне келді. Осы кезде Қытайда антижапондық бой көтерулер толқыны өтті.

2004 жылдың ақпанында Қытай халық достық қоғамының шақыруы бойынша Қытайға Жапонияның бұрынғы премьер-министрі Томиити Мураяманың сапары болды. 3 ақпан күні ол Пекинде «Томиити Мураяманың сөз сөйлеуі және жапон-қытай қарым-қатынастары» деген баяндама ұсынды. Томиити Мураяма өз баянамасында Жапония мен Қытай екіжақты қарым-қатынастарын «Жапон-Қытай біріккен өтініші», «Бейбіт және достық туралы Жапон-Қытай келісімі» және «Жапон-Қытай біріккен декларациясында» бекітілген принциптер негізінде дамытуы тиіс деп белгілеп өтті. Өткеннен сабақ алып, болашаққа бет бұрып, екі жақ та достық қатынастарды барлық бағыттар бойынша дамытуы тиіс. Томиити Мураяманың әрі қарай айтуы бойынша, қазіргі уақытта Қытай Жапонияның екінші орындағы ірі сауда серіктесі болып табылатындығын айтты; Жапония 11 жыл бойы Қытайдың ірі сауда серіктесі болып келеді. 1972 жылдан бері жапон-қытай дипломатиялық қарым-қатынастары калыпқа келтірілгеннен бері екі ел арасындағы сыртқы сауда айналымының көлемі 93 есе өсті. 2003 жылы екі ел арасындағы сауда айналымының көлемі 130 млрд. АҚШ долларынан асып түсті. Томиити Мураяма Жапонияның екіжақты қарым-қатынастарында жапон-қытай қатынастары маңызды орын алатынын атап өтті. Қытайда елдің батыс бөліктерін игеру стратегиясының іске асырылуына байланысты екі ел арасындағы әрі қарайғы ынтымықтастық мүмкіндіктері ұлғаяды. Азия мемлекеттерінің халықтарының наразылығына қарамастан, жапон жетекшілері «Ясукуни» храмына көп рет барғандығын да айтты. Ол Азия мемлекеттерінің халықтарының сезімдерін қатты тиді. Жапония азиялық мемлекеттердің сезімдерін есепке алуы тиіс. Жапония тарих қалдырған мәселелерді дұрыс тәсілмен шешкен жағдайда ғана Жапония азиялық мемлекеттердің сеніміне қол жеткізе алады» – деп қорытындылады сөз соңында Томиити Мураяма [7]. Соңғы жылдары «Мураяма сөзіндегі» аталған үш құжат екіжақты қатынастардың дамуында ресми негізге алынды. Оларды Жапония жағы реті келген сайын атап отырса, қытайлық басшылық та соған ерекше көңіл аударады.

2005 жылдың сәуірінде Жапония премьер-министрі Дзюньитиро Коидзуми мен Қытай лидері Ху Цзиньтао Индонезия астанасы Джакартада өткен азия-африкалық саммит шеңберінде кездесу өткізді. Кездесу екі ел арасындағы күрделі мәселелерді шешуге бағытталды.

Токио мен Пекин арасындағы қатынастардың нашарлауынан кейін қайтадан көпірлер тұрғызуға шақырған Джакартадағы келіссөздерге Қытай мен Жапонияның лидерлері ризашылық білдірді.

Бақылаушылардың пікірі бойынша, жапон премьер-министрінің соңғы айтылғандары Қытай мен Жапония арасындағы күрделі мәселелердің біршама босауына әкелген. Саммит кезінде ол II дүниежүзілік соғысы кезінде жапон әскерінің істеген айуандықтары жөнінде «қатты өкінетінін» білдірді. «Өткен жылдарда жапон отаршылдық билігі мен агрессиясы көптеген елдер халықтарының, әсіресе, азиялық ұлттардың, зардап шегуі мен шығындарына әкелді, – деді Дз. Коидзуми. – Жапония бұл тарихи фактілердің жүзіне мойынұсынушылықпен қарайды». Екіжақты қарым-қатынастарды жақсарту мақсатында Коидзуми өкініш сезімін білдірді және XX ғасырдың басында Азия елдеріне келтіргенін «орасан шығын және қайғы» деп атағаны үшін кешірім сұрады. «Қытай-жапон қатынастары оңай емес кезеңді басынан кешіріп отырған жағдайда кең мүдделерді мойындамайтын кейбір жапон саясаткерлерінің іс-әрекеттеріне біз қанағаттанбаушылық білдіреміз», – деп Қытай сыртқы істер министрлігінің сөзінде айтылды [8].

Тұтастай алғанда, азиялық-африкалық саммит шеңберіндегі кездесу, мүмкін, нашарлап бара жатқан жапон-қытай қарым-қатынастарының біршама жібіуіне әкелген болса да, айтарлықтай өзгерістер болған жоқ.

Жапон үкіметінің басшысы қызметінен Дз. Коидзумидің кетуінен кейін екіжақты қарым-қатынастар айтарлықтай нығайды. II дүниежүзілік соғысы кезінде жапон әскери қылмыскерлерінің есімдері жазылған ескерткіштер сақтаулы тұрған Токиодағы Ясукуни храмына оның тұрақты барып тұруына орай Қытай қатты наразылығын білдірген еді. Оның үстіне, Токио жапон армиясының Қытайды басып алған кезіндегі істеген қылмыстарын ағартуға тырысты. 1937 жылғы жапондықтар Қытайдың Нанкин қаласында үш жүз мың бейбіт тұрғындар мен қарусыз әскерді өлтірген оқиға – нанкин қырғыны туралы ашып айтпаған жаңа тарих оқулықтары жарық көрген еді. Коидзумиден кейін жапон премьерлері Ясукуниге барып тұру ойынан бас тартып, қарым-қатынастардың қалыпқа келуіне айтарлықтай үлес қосты.

2006 жылдың қыркүйегінде билікке Синдзо Абэнің келуімен байланысты екіжақты қатынастар жақсартуға бет түрді. Синдзо Абэнің премьер-министр ретінде алғашқы сапарын Қытайға жасады. Абэнің билікке келуі Коидзуми кезіндегі Қытаймен қарым-қатынастағы қарама-қайшы саясаттан алшақтау және ҚХР-мен байланысты жақсартуды білдірді. Премьер-министрдің Ясукуни храмына баруы туралы сұрақ артқа шегерілді [9].

Дипломатия төңірегінде Абэ Синдзо, ең алдымен, қытай-жапон экономикалық қатынастарының маңыздылығына екпін түсірді. Оның үстіне, Жапонияның ұзақ экономикалық тоқыраудан шығуы, Абэнің пікірі бойынша, «Қытай экономикасының өсуі нәтижесінде болды». Жапон-қытай қарым-қатынастарын тұрақтандырудағы бастысы «саясатты экономикадан бөлу принципін нығайту» болып табылатындығын Абэ нақтылай түсті [7].

Абэнің ірі үгіт-насихаттық қадамы ретінде 2006 жылдың шілдесінде басылып шыққан «Керемет Жапония» деген кітабы болды [8]. Кітапта ол өзінің және артында тұрған саяси күштердің бағыттарды көруін, ұзақ мерзімді Жапонияның даму жолдары мен қалыптарын баяндаған «саяси манифестіне» айналды. Кітаптың «сыртқы саяси бөлімінде» С. Абэ өзінің «жаңа азиялық сыртқы саясат» концепциясын алға қоюға тырысқан. Оның ойы бойынша, бұл концепцияның негізі – еркін сауданы қамтамасыз ететін, инвестицияны, «Біздің мақсат – Жапонияға инвестиция құюға немесе жұмыс істеуге

келуге ниет білдірген әлем адамдары туралы ойлайтын ел» деген жұмыс күші нарығының ашылуын ең жоғары дәрежеде қолдайтын экономикалық ынтымақтастық саласындағы келісушіліктер туралы келісімдерді қамтамасыз ететін деңгейлерден гөрі аймақтағы одан да жоғарырақ ынтымақтастыққа өту болды. Бұл концепцияда Абэ «Жапониямен ортақ әмбебап құндылық, еркіндік, демократия, адамның негізгі құқықтары, заң әділеттігі» негізінде қаланған «Жапония – Үндістан – Австралия – АҚШ» шеңберіндегі ынтымақтастықтың кеңеюіне ерекше мән берді [9].

«Мураяма баяндамасы» туралы айта отыра, Синдзо Абэ II дүниежүзілік соғысы азиялық елдерге орасан зор қайғы әкелгені шындық екенін атап өтті. Оның сөзі бойынша, «Мураяманың баяндамасында» Қытай және Корея агрессияға ұшырап, отаршыл билеп-төстеу астында болғанын мойындау бар. Бұл баяндама өз кезінде министрлер кабинетінің отырысында мақұлданып, қазіргі үкімет те соның мойындап, негізге алатынын атап өтті. Сондай қателіктер енді қайталанбас үшін келесі ұрпаққа соғыстың қайғылы салдарын айтып, өз қателіктерін түсіну қажеттігі туралы айтты [10].

Сондай-ақ, ҚХР мен Жапония арасындағы қарым-қатынастардың оңды тұсы ретінде екі ел арасындағы байланыстардың кеңейтілуі жоғары деңгейде болуын атап өтуге болады. Синдзо Абэнің ҚХР-ға сапарынан кейін соған жауап ретінде кезекті сапармен Жапонияға Қытай мемлекеттік кеңесінің премьері Вень Цзябао барды. Параллельді түрде, қытайлық және жапондық жоғары лауазымды тұлғалар АСЕАН, АСЕАН+3, АТЭС, Азиялық экономикалық конференция сияқты құрылымдардың саммиттерінде кездесіп жүрді.

Жапонияның сыртқы экономикалық саясатындағы «проазиаттық бағыт» 2007 жылы қыркүйек айында келген Я. Фукуданың жаңа кабинетімен айтарлықтай нығайды. Ең алдымен, Дз. Коидзумидің премьер-министр болған кездегі Қытаймен арадағы кикілжіңнің Жапонияның сыртқы саяси бағытында оң шешімін тауып, ынтымақтастықты қалпына келтіру мен оны нығайтудағы алға жылжу үрдісін атап өткен жөн. Фукуда Жапонияның осы уақытқа дейін ірі сыртқы сауда серіктесі болған Қытаймен өзара байланысын қолдан келгенше жақсартуға тырысты. Ішкі саясатта Фукуда кабинеті тілге тиек етерліктей жетістіктермен қол жеткізе алмады. Сонымен қатар дипломатиялық күрестегі жеңіс те оларға ауадай қажет болды. Дәл осы жағдай, Қытайдың Батыс әлемімен арадағы байланысының шейленісуі сәйкес келіп қалды. Қытай Халық Республикасын Тибеттегі репрессиясы үшін қатты сынға алған олар, Пекиндегі олимпиада ойындарының ашылу салтанатына үнсіз қарсылық танытуға ниеттенді. Оқиғаның осылай өрбіген уақытында Пекинге, Токиомен қарым-қатынасын дамытудағы оңтайлы ұстанымын сақтап қалуға мүдделі болды. 2007 жылдың қазан айында болған премьер-министр Я. Фукуданың Қытайға ресми сапары барысында Қытай Халық Республикасының төрағасы Ху Цзиньтао және премьер-министрі Вэн Цзябаомен келіссөздер жүргізіп, оның нәтижелері бойынша қоршаған ортаны қорғау, ғылыми-техникалық серіктестік, мәдени алмасу салаларындағы бірқатар ынтымақтастыққа қол жеткізуімен қоса жеке меншік Қытай компанияларына жапондық қуат күшін үнемдеу технологиясын беруді қарастыратын өзара келісімге қол жеткізілді. Сонымен қатар, келіссөздер нәтижесіне сәйкес атом энергетикасы саласындағы ғылыми-техникалық серіктестік мәселелеріне орай біріккен жұмысшы тобын құру жоспарланды [9].

Ясуо Фукуда Жапонияның Қытаймен байланысын жаңа сатыға шығаруын көздеді. Оның 2007 жылдың қазан айындағы жасаған ресми сапарының арқасында жапон-қытай ынтымақтастығы қарқынды дамуға бет алды. Премьер-министр Синьхуа тілшілеріне және басқа да қытай бұқаралық ақпараттар құралдарына берген өзінің таптырмас интервьюнде: «Қазіргі уақытта әр жыл сайын екі ел арасында 5 млн. жуық трансшекаралық жеке алмасулар орын алып отырады. Алмасулардың кеңеюі мен өзара түсінушіліктің нығаюы екі ел арасындағы достық қарым-қатынастың күшеюіне ықпал етеді,» – деп жариялады. Оның ойынша қалыпты үдеудегі жапон-қытай ынтымақтастығы екі елге ғана шарапатын тигізіп қана қоймай, әлемге және Азия-тынық мұхит аймағының гүлденуі үшін өте маңызды. Жапон-қытай халқы аймақтағы маңызды жауапкершілікті өз мойындарына алатындықтан жүктелген міндеттердің орындалуына күш біріктірулері керек.

Ясуо Фукуда, Жапонияның тарихи өткеніне қысыла қарап, бейбіт мемлекет жолымен жүруін жалғастыра беруін, және осы негізде қытай-жапон ынтымақтастығын болашаққа бағыртталған түрде дамуын ерекше атап өтті. Осыған сәйкес, жапон үкіметі бар күш жігерлерін екі ел арасындағы өзара түсінушілік пен сенімнің одан арғы нығаюына жұмсайды. Оның айтуынша 2007 жыл «Мәдениет пен спорт салалары бойынша жапон-қытай жылы» деп жарияланды. Қыркүйек айында Пекин қаласында «қытай-жапон халық мәдениеті фестивалі» аясында бірқатар мерекелік іс-шаралар өткізілді. Келер жылы қытай-жапон ынтымақтастығындағы бейбітшілік пен достық келісіміне 30 жыл толады. Тараптар бірауыздан келер жылды «қытай-жапон жастарының достық байланыстары», – деп атауды жөн көрді. Премьер 2008 жылы жапон-қытай қатынастары белсенді түрде дамуына үмітін білдірді.

Қытайдың дамуына тоқтала кеткен Ясуо Фукуда, оның Жапонияға және халықаралық қауымдастыққа жайлы мүмкіндіктер туғыза отырып, Жапонияның экономикалық дамуына төтенше маңызды екендігін айтып өтті. Екі ел арасындағы өзара бір-бірін толықтырушы ынтымақтастық аясы кеңейіп үздіксіз тереңдей түсті. Қытай Жапонияның ең ірі сауда серіктесі болатын болса, Жапония Қытайдың ең ірі инвесторы. Ясуо Фукуда осымен бірге Жапония мен Қытайдың халықаралық қауымдастыққа үлкен ықпал етіп отырғандықтарын атап өті. Екі тараптың экономика саласындағы одан арғы серіктестігі мен алмасулары екі елдің кемелді экономиканың дамуына біршама маңызды болуымен қатар Азия және барша планетаның тұрақтылығы мен дамуына өз әсерлерін тигізеді. Ясуо Фукуда: «Қытайдың дамуы Жапонияға және халықаралық қауымдастыққа мүмкіндіктер туғызып отыр. Жапон-қытай қатынастарының белсенді түрде дамуы екі ел халықтарына және Азия мен бүкіл әлемге өте маңызды. Жапондық тараптар өзара сенім мен өзара түсіністік негізінде құрылып болашаққа бағытталған Жапон-Қытай қатынастарының келешегін дамытуға мүдделі. Ол үшін жапондық өкілдер екі жақ байланыстарының әрүрлі сала мен әртүрлі дәрежедегі диалогтарын дамыту үшін күш жұмылдыруға дайын», – деп атап өтті [10].

Жапон-қытай байланыстарының негізгі маңызды оқиғаларының бірі Қытай Халық Республикасының төрағасы Ху Цзиньтаоның 2008 жылы Жапонияға жасаған ресми сапары болар. Бұл Ху Цзиньтаоның 1998 жылдан бергі бірінші сапары болды. Сол жылдар Қытай Халық Республикасының төрағасы болған Цзян Цзэмин Екінші дүниежүзілік соғыс тарихындағы қателіктерді мойындаудан бас тартқан күншығыс елінің саясаткерлерін қатаң сынға алған еді.

Бұл сапар екі ел ынтымақтастығындағы «есеп жүргізудің жаңа нүктесін» айқындады. Ел басшылары саммитінің аяқталуында «Екі мемлекет, Жапония мен Қытайда, барша планетадағы тыныштық пен ХХІ ғасырдағы даму жауапкершілігі жатыр дегенге келісті», – деп айтылады [11].

Келіссөз барысындағы әңгіме екі жақтың стратегиялық өзара тиімділік аясында өрбіді. Ол Солтүстік Шығыс Азиядағы Жапон, Қытай, Оңтүстік Корея мүдделерінің диалогтық механизмін құрумен түсіндіріледі. Фукуда, ел үкіметінің басшысы әрі «сегіздік» саммиттің төрағасы ретінде Ху Цзиньтаоны жаһандық жылынумен күресу проблемалары мен Тибеттің рухани лидерімен диалогын жайғастыруға шақыру ниетінде болды. Тараптар «сегіздік» саммиті мен Пекиндегі жазғы олимпиаданың сәтті өтуін талқылады.

Қытай Халық Республикасы төрағасының жасаған ресми сапарын Жапония Сыртқы Істер Министірлігі шын жүректен мақұлдап, екі елдің достық қатынастарын дамытуға негіз бар деп шешті [12].

Қытай төрағасының 10 жыл ішіндегі Жапонияға алғашқы сапарының маңызды нәтижесі бейбітшілік пен серіктестік жайлы «тарихи келісімге» жету болды. Бұл екі елге экономикалық ықпалдастықтың шексіз көкжиектерін ашты. Қытай Халық Республикасының төрағасы Ху Цзиньтао және Жапония премьері Ясуо Фукуда екі державаның болашағын анықтайтын келісімге қол қойды. Өз кезегінде, бұдан былай жапон-қытай саммиттері жыл сайын ашылып тұру ұсыныстары түсті. Енді Токио мен Пекин өткен-кеткен реніштерін ұмытқан секілді. Қазіргі жапон үкіметі А сатысындағы әскери қылмыс жасаған солдаттар мүрдelerіне тағызым етуге бармайтын болды [13].

Келісім, Жапон ақпарат құралдарының бағалауы бойынша, 1972 жылғы дипломатиялық қатынастарының қайта жаңғырғаннан кейінгі екіжақты төртінші орындағы маңызды құжат ретінде бағаланды. Осының аясында тараптар бұған дейін қабылданған декларациялардың нұсқауларының барлығын сақтауға дайын екендіктерін нақтылады.

Біріккен құжаттарда «Азия-Тынық мұхит аймағындағы және түгелдей бүкіл әлемдегі тұрақтылық пен дамуға өлкен ықпал етіп отырған жапон-қытай қарым-қатынастары екі елдің қай-қайсысына да болсын аса маңызды», – деп көрсетіледі.

Алайда, бақылаушылардың ойынша жапон-қытай ынтымақтастығындағы жылыну тек Фукуданың достық пейілдегі қатынасына ғана емес, экономикалық ықпалдастықтың кеңеюіне де байланысты.

Қытай басты сауда серіктестерінің қатарында АҚШ пен Жапонияның орнын ауыстырды: өткен жылы көршілер арасындағы сауда 12 %-ға өсіп, 23,6 млрд. доллар болды. Кездесудің аяқталуында Ху Цзиньтао және Ясуо Фукуда Шығыс-Қытай теңізіндегі табылған газ кенішіне байланысты даудамайдың шешілгендігіне қол жеткізілгендігін атап өтті. «Біз, Шығыс Қытай теңізіндегі ресурстарға байланысты көне проблемалардың тиімді шешімінің бар екендігін түсіндік, Жапония мен Қытай нәтижелі келіссөздер өткізіп, екіжақты қатынастарда біршама алға басушылыққа қол жеткізді» – деген жапон премьерінің біріккен пресс-конференциядағы сөзін ВВС жария етті. Сонымен қатар келіссөзде Қытайдың негізгі проблемасы Тибет тәуелсіздігі жайлы айтылмай кетпеді. Ясуо Фукуда далай-лама мен қытай үкіметінің байланыстарын ескере кетіп, оларды маңызды келісімдердің жаңаруының алғашқы қадамы деп түсінді. Оның үстіне келіссөздерді

күшейту арқылы жағдайды жақсарту мен халықаралық қауымдастықтың мойнынан ауыртпашылықты алып тастауға атсалысты. Өз кезегінде Ху Цзинтао бұндай келіссөздердің жаңғыруына қолайлы жағдай керек екендігін ескертті [14].

Наурыздағы толқулар Фукуда кәдімгідей сынақ болды. Премьер Фукуда Жапонияның демократиялық партиясы және өзінің Либерал демократиялық партиясы тарапынан да оның осы сұрақтарға қатысты салыстырмалы жұмсақтығын сынап, ел ішінде қатаң қысымға түскен еді. Ішкі оппозиция мен басқа да батыс елдерінің қысымына қарамастан ол компромисстік саясат ұстануын жалғастыра берді. Бұл түсінікті еді. Себебі Фукуда, Ху Цзинтаоның келуі қарсаңында Пекинмен қатынасын бұзғысы келмеді. Оның үстіне Хоккайдода өтуі тиіс Үлкен Сегіздік саммиті оны қатты алаңдатты. Тибеттегі оқиғадан кейін дереу Жапонияның Сыртқы Істер вице-министрі Ябунака ол жердегі орын алған оқиғаның Ху Цзинтаоның болашақта келуіне әсер етпейді деп хабарлады. Ху Цзинтаоның сапары кезінде екі ел арасындағы күрделі мәселелер қозғалмады.

Екі ел аралық ынтымақтастықтың дамуына Тайваньдағы ішкі саясат та әсер еткендігін ескере кеткен маңызды. Токио мен Тайбей арасындағы байланыстың шиеленісуіне жағдай туғызып беруі Пекинге оның саясатындағы оқшаулауға таптырмас мүмкіндік болды.

Ағымдағы 2009 жылдың жапон-қытай ынтымақтастығындағы маңызды оқиғасы ретінде Жапонияның жаңа премьері Таро Асоның Қытайға жасаған ресми іс-сапарын айтуға болады. 2009 жылдың 30 сәуірінде Жапон премьері Таро Асо Халықтық Жиын Үйінде Қытай Халық Республикасының төрағасы Ху Цзиньтаомен кездесті.

Ху Цзиньтаоның айтуы бойынша 2008 жылғы мамыр айындағы келіссөз барысында Стратегиялық өзара тиімді қатынастарда айтарлықтай алға жылжушылықтар байқалды. Оған келісімділік пен ақылдасып басқан қадамдар және екі елдің сәйкес ведомстволары жасаған әрекеттері дәлел. Ол Қытай үкіметінің жанжақты өзара тиімді бағыт ұстануы керек екендігін ескертті. Қол жеткізілген жетістіктер Жапонияға да Қытайға да оңайға соққан жоқ. Сондықтан оларды екі еселік көлемде қарастырған жөн болар. Өз тарабынан ҚХР Жапониямен екі ел арасындағы қол жеткізген келісімдерді ұстануға және арадағы мәселелердің дұрыс шешілуіне барынша күш салатындығын атап көрсетті. Сонымен қатар Қытай дұрыс әрі тұрақты арнада екі жақты қатынастарды дамытуға ниет білдірді [15].

Ху Цзиньтао екі мемлекеттің сауда-экономикалық саладағы ең ірі серіктестер бола отырып, тамыр жайып келе жатқан бүкіләлемдік қаржы дағдарысы кезеңінде саясат мәліметтерін іске қосып, ақпарат алмасуы керек екендігін, сонымен қатар қуат күшін үнемдеу, қоршаған ортаны қорғау, коммуникация, информатика, жоғарғы технология салалары бойынша екіжақты тиімді серіктестік пен ептілік таныту, сонымен қатар инвестиция мен сауданың тұрақты өсуінің шұғыл қайта қалпына келтірілуі үшін ең тиімді шаралар қабылдау керек екендігін ерекше атады. Оның айтуынша Жапония мен ҚХР арасындағы гуманитарлық алмасулар екі жақты ынтымақтастыққа терең әрі маңызды әсер етеді. Жапония мен Қытай іс-әрекеттерінің көпжақты салаларында жаһандық проблемаларға және әлемдік қаржы дағдарысы, Шығыс Азиядағы аймақтық серіктестікте біріккен түрде әрекет етуге назар аударулары керек. Одан тыс, екі мемлекет ықпалдастық пен координацияны Шығыс Азия, 10+3, Қытай – Жапония – Оңтүстік Корея секілді

аймақтық механизм жұмыс істейтін саммиттерде нығайтулары тиіс. Бұлардың барлығы бірлескен түрдегі Азияның тұрақтылығы мен дамуына және әлемге ықпалдастық үшін маңызды.

Өз кезегінде Таро Асо өткен жылғы Қытай Халық Республикасының төрағасы Ху Цзиньтаоның Жапонияға сапары сәтті болып, келісілген екі жақты жобаларда үлкен жетістіктерге қол жеткізілгендігін жариялады. Оның айтуынша екі мемлекеттің билік өкілдері тығыз байланыстар орнатып, екіжақты және көпжақты форматта бірнеше кездесулер өткізді. Оған қоса екі жақты байланыс саласында бірдей қызығушылық танытып отырған сұрақтар төңірегінде ойлармен бөлісті. Аталған барлық осы іс-шаралар, Асоның сөзінше жапондық тараптан жоғары бағаланған. Жапония мен Қытайдың территориялық жақындығын ескере отырып, мемлекетаралық байланыстың негізі, келешекте саясатта, экономикада және стратегиялық өзара тиімді ынтымақтастықта өз септігін тигізетіндігін айтуға болады [15].

«Санкей симбун» және «Кейдзай симбун» газеттері атап өткендей, елбасылар экономикалық серіктестікке қатысты байланыстардағы сауда протекционизмді тойтару мен ішкі келісімдерді ұлғайтуда алға басушылыққа қол жеткізді. Өз жағынан «Киодо Цусин» екі ел басшылары арқылы өзара тиімді стратегиялық қатынастарды нақтыландыру бойынша консенсуске қол жеткізілді деп хабарлайды.

Тарихи сұрақтарға қатысты айтар болсақ, Ху Цзиньтаоның тарихи мәселелер бойынша кезекті талабына жауап ретінде Таро Асо жапон үкіметінің позициялары 1995 және 2005 жылы жасалған жапон премьер-министрлерінің ресми баяндамаларында көрсетілгендігін атап өтеді. Оның айтуынша жапондық тараптардың бағыты болашаққа көз салу және тарихтың жанарына қарау өзгермеген және бұдан кейін де өзгермейді.

Екі ел басшыларының келіссөздерінде тағы да бір маңызды сұрақтардың бірі, жапон бұқаралық ақпарат құралдарының ерекше назарына түскен Корей түбегінің ядролық проблемасы болды. Сонымен қатар қысқа мерзімде Ресей, АҚШ, Оңтүстік Корея қатысатын алтыжақты байланыстарды жаңғырту маңыздылығы туралы мәселе көтерілді. Ху Цзиньтаоның айтуынша «алтыжақты байланыстарды жүзеге асыру қазіргі таңда қиынға соғып отыр. Алайда оған қатысушы елдер қалыптасқан жағдайға сабырлылық пен шыдамдылық танытып, консультация мен диалог арқылы мәселені шешу керек» [16].

Жапон-қытай қатынастарының соңғы кезеңдегі оңды даму үрдісіне қарамастан олар көптеген мәселелермен шырмалған. Қытайдың саяси және экономикалық қарқынды дамуы мен Жапонияның саяси өрлеудегі белсенділігі екі ел арасындағы бұрыннан келе жатқан мәселелердің қайта көтерілуіне себепші болып отыр. Солардың арасында Тайвань факторы, территориялық кикілжің, тарихи өткенді түсіну және оны талқылау мәселелері, қытай қарулы күштерінің модернизациялануы, ҚХР-да ядролық сынақты өткізу, американо-жапон әскери одағы, жапон Конституциясын қайта қарастыруға ұмтылу, Жапония тарапынан әскери қауіп туғызу және т.б. бүгінгі күнде Токио мен Пекин арасында өткір пікірталастар туғызуда. Дегенмен, екі жақ та жағдайды қатты ұшықтырмауға тырысады. Бұны осы саладағы барлық зерттеушілер байқап отыр. Оның басты да бірден-бір себебі – екі елдің экономикалық өзара тығыз қатынастары. Жапон-қытай қатынасында саясат экономикадан бөлек деген ұстаным бар. Жапония үшін Қытай АҚШ-тан

кейінгі маңызды сауда серіктесі, тікелей инвестицияның қызықтырушы нысаны. Өз кезегінде Қытай үшін Жапония саяси және экономикалық тұрғыдан едәуір нәтижелі ықпал ете алатын серіктес ел.

Ескеруге тұрарлықтай нәрсе – XX ғасырда қалыптасып және қазір сақталған теңдессіз жағдай, ол экономикасы басым дамыған Жапония, экономикасы жағынан өзінен төменірек деңгейдегі Қытайға тәуелді болуы – жеке ішкі жеткіліктіліктің жоқтығымен түсіндіріледі [17,51]. Қорытындылай келгенде, жапон-қытай экономикалық байланыстары келешекте даму үрдісіне ие.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Асмолов К. Основные перспективы развития ситуации в Северо-Восточной Азии // Проблемы Дальнего Востока. 2008, № 6. – с. 42-51.
2. Пэн Пэн. Концепция мирного возвышения Китая — путь к новому формированию Китая как великой державы. — Гуанчжоу, 2005. — 352 с.
3. Цзян Сяюань, Фу Липин. Мирное возвышение Китая. — Пекин, 2004. — С.
4. Лузянин С., Сафронова Е., Свешников А. Некоторые итоги внешнеполитической активности КНР в 2005 г. // Проблемы Дальнего Востока. 2006. № 3. С. 64.
5. Toshihiro Nakayama. The End of History and Japanese Nationalism // Presentation at the Brookings Institution, January 31, 2006.
6. Павлятенко В., Семин А, Тебин Н., Щербakov Д. Япония в 2005 г. // Проблемы Дальнего Востока. 2006. № 3. С. 104-112.
7. Бывший премьер-министр Японии: Япония и Китай должны всесторонне развивать дружественные отношения в новом веке // Синьхуа, 08:39, 05.02.2004
8. Китайский информационный Интернет-центр, 22 апреля 2005 г // webmaster@china.org.cn
9. Мадиев Е. Х. КНР и Япония: от Абэ до Фукуды. 10.11.2008 г. // «IWER. KZ»
10. Ясуо Фукуда намерен вывести отношения с Китаем на новый этап // Синьхуа, 10.12. 2007
11. Пекин и Токио пообещали простить друг другу «ошибки» Второй мировой войны // «Новый Регион» 07.05.08
12. Около 6,6 тыс. полицейских будут охранять председателя КНР в ходе его визита в Японию // NEWSru.com // В мире // 6 мая 2008 г.
13. ИТАР-ТАСС, 07.05.2008
14. Роман Федосеев. Восточная оттепель: Китай и Япония готовы забыть о прошлых обидах и нарастить экономическое сотрудничество // Жэньминь жибао. 7 мая 2008
15. Результаты встречи премьер-министра Японии Таро Асо с председателем КНР Ху Цзиньтао. Опубликовано в разделе Япония и Китай, 02/05/2009 01:51 pm
16. Лавров С. Японии не стоит мечтать о ядерном статусе // http://yaponist.ru
17. Балакин В. Китайская Народная Республика в глобальной стратегии Запада на рубеже веков // Проблемы Дальнего Востока. — 2000г. — № 5. — С. 39 — 58.

Саяси менеджменттің кейбір теориялық мәселелері

Жұмабек КЕНЖАЛИН,
«Қазақ газеттері» ЖШС-нің Бас директоры, саяси ғылымдарының кандидаты

Саяси ғылымдағы соңғы жылдары байқалып жүрген үрдістердің бірі – оның сөз қорына басқару саласына қатысты мынадай жаңа үлгідегі ұғымдардың енуі болып табылады: мемлекеттік менеджмент, стратегиялық менеджмент, саяси менеджмент, дағдарыс жағдайындағы менеджмент және т.б. Бір жағынан, бұл аталған ұғымдардың негізінде қоғамдағы болып жатқан өзгерістерге, әлеуметтік байланыстардың одан әрі жіктелуіне, адамдардың құндылық бағыт-бағдарының өзгеруіне т.б. байланысты факторлар жатса, екінші жағынан, саяси, әлеуметтік-экономикалық өзгерістерді ескере отырып, қойылған міндеттерді тиімді жүзеге асыруды қамтамасыз етуге арналған басқарушылық қатынастардың күннен күнге жетілдіріле түсуі, басқарушылық ықпал етудің жаңа түрлері мен әдіс-тәсілдерінің іздестірілуімен тығыз байланысты. Жаңа ұғымдардың енуімен бірге оларды теориялық тұрғыда тұжырымдау ғылыми қажеттілік болып табылады, сондықтан қоғамдағы басқару қатынастарының күрделену процесіне тұжырымдамалық-әдіснамалық негіздемелер жасау саяси ғылымға жүктелетін міндеттердің қатарында. Бұл мақалада автордың өзінің алдына мақсат етіп қойған мәселесі – «саяси менеджмент» ұғымының мәні мен мазмұнын ашуға тырысу, оның онтологиялық негіздемесі мен қазіргі заманғы қоғамдағы басқару қатынастары жүйесіндегі орнын анықтау болып табылады.

«Саяси менеджмент» ұғымын ғылыми тұжырымдау соңғы онжылдықтың ауқымында ғана қолға алына бастады. Турасын айтсақ, саяси менеджмент саясаттанудың жас саласы болып табылады, оның пәні туралы 1980 жылдары батыстық саяси ғылымда айтыла бастады, ал посткеңестік кеңістікте жаңа ғасырмен бірге келген ұғым болып табылады. Оған 1993–1997 жылдары жарық көрген ресейлік саясаттанулық энциклопедиялық сөздіктерде де [1], тіптен 2001 жылы қазақ тіліне аударылған Саясаттану бойынша Оксфорд қысқаша сөздігінде де саяси менеджмент туралы анықтама берілмеуі дәлел [2].

1998 жылы жарық көрген қазақстандық саясаттанулық энциклопедиядан тек менеджмент деген ұғымға ғана анықтама таптық: «менеджмент (ағылшын тілінде management – басқару, игеру) – 1) Басқару, түрлі ұйымдардағы адамдарды басқаруға бағытталған іс-әрекет, қызмет түрі. Еңбекті, ақыл-ойды, адамдардың мінез-құлық мотивтерін пайдалана отырып, қойылған мақсаттарды жүзеге асыруға, тиімділік пен пайданы арттыруға қол жеткізе білу; 2) менеджмент қызметті жүзеге асыруға көмектесетін ілім саласы; 3) басқару бойынша жұмысты жүзеге асыратын адамдардың белгілі бір категориясы, әлеуметтік қабат» [3].

2000 жылы шыққан екі томдық ресейлік саяси энциклопедияда саяси менеджментке алғашқы түсіндірмелер беріле бастады. Яғни, саяси менеджмент өкілдік және демократиялық процестерді бұқаралық мүддеге сай тиімді басқарумен

біріктіру деп анықталады. Сол арқылы саяси менеджмент саясаттың экономикадан басымдығын қарастырылады және саясатты тек мемлекет пен өкіметке тән деген сыңаржақ түсінік жоққа шығарылады [4].

Саяси менеджменттің ерекшелігі: ол бір жағынан қазіргі заманғы жалпы менеджменттің көп түрлерінің бірі, екінші жағынан – саяси ғылымның элементі, саяси басқару тәжірибесі мен өнері. Саяси менеджменттің құрылымында іргелі саясаттанулық тұжырымдамалар мен қолданбалы саяси технологиялар біте қайнасып жатыр. Жаңа ғасыр басталғалы бері саяси менеджмент Қазақстанның қоғамдық өміріне де тереңдеп еніп жатыр, жекелеген жоғары оқу орындарында (әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Абай атындағы ҚазҰПУ және т.б.) саясаттанушы мамандарды даярлауға арналған оқу процесінде арнайы пән ретінде өткізіліп те жүр.

Саяси менеджмент ұғым ретінде жаңа болғанымен, оның табиғатына ұқсас ой-пікірлердің тамыры ежелден бастау алады, саяси ілімдер тарихында басқару өнері туралы өз заманында Платонның «Мемлекет» және «Заңдар» еңбегінде, «Саясаткер» диалогында, Аристотельдің «Саясаты», Конфуцийдің «Лунь юй», әл-Фарабидің «Қайырымды қала тұрғындырының көзқарастары», «Мемлекеттік қайраткердің нақыл сөздері», «Азаматтық саясат» трактаттарындағы билеуші тұлғаның бойындағы қасиеттер мен қабілеттер туралы ойлары, макиавеллизм деген терминге арқау болған Н. Макиавеллидің «Тақсыр» еңбегінде негіздеген басқару әдіс-тәсілдері және өзге де көптеген ойшылдар еңбектерінің мазмұнынан қазіргі заманғы саяси менеджменттің қайнар көзін байқаймыз. Біздің ойымызша, бұл көбінесе саясат пен басқарудың қатар өрбіп, қалыптасқан дәстүрімен байланысты сияқты.

Алайда, саяси салаға менеджмент ұғымының нақты енуіне экономика саласы бірден бір себепкер болды, өйткені аталған ұғым тұңғыш рет экономика ғылымында туындады. Алғашқыда экономикада туындаған «менеджмент» ағылшын сөзі, оның түп төркіні гректің «manus», яғни «қол, күш» деген сезінен шығып, бастапқы кезде мал бағу саласында, дәлірек айтқанда, ат тізгінін ұстау, меңгеру шеберлігін білдірген. Кейінірек бұл атау адам қызметінің саласына ауысып, адамдарды басқарудың және ұйымдастырудың ғылыми-тәжірибелік мәнін білдіретін болды.

Ағылшын тіліндегі Оксфорд сөздігінде бұл ұғымға мынадай түсінік беріледі:

- а) адамдармен қарым-қатынас жасау әдісі, үлгісі;
- ә) билік және басқару өнері;
- б) шеберліктің ерекше түрі және әкімшілік дағды;
- в) басқару органы, әкімшілік бөлігі [5].

«Менеджмент негіздері» курсы бойынша студенттерге арналған американдық оқулықта мынадай анықтама берілген: «Менеджмент – бұл ұйым мақсаттарына жету үшін адамның материалдық және қаржылық ресурстарды ұтымдылау пайдалану процесі» [6].

Н.Н. Герчикова менеджменте нарық жағдайындағы фирманың кез-келген шаруашылық қызметінде белгілі бір мақсаттарға материалдық және еңбек ресурстарын ұтымды қолданып және менеджменттің экономикалық механизмінің принциптерін, қызметтерін және әдістерін пайдалана отырып қол жеткізуге бағытталған дербес кәсіби қызметтің түрі деп қарастырады [7].

П. Друкердің түсіндіруінше, жоғарыда аталған элементтері бола тұрса да, менеджмент ғылым немесе кәсіптен гөрі практикаға жуықтау. Ол менеджмент ұғымына кең мағынада түсінік беруге қарсы болып, оны іскерлік кәсіпкерлікке,

былайша айтқанда тауар өндіру мен алуан түрлі экономикалық қызмет көрсетуге жатқызады. Әлеуметтік тұрғыдан қарағанда, менеджмент дегеніміз адамдарға тән үрдістерде топты қалыптастыру нәтижесінде өрістейтін техника немесе тәсіл. Мұндай топтың мысалына, үкіметтегі алуан түрлі клубтарды және іскер кәсіпорындарды жатқызуға болады. Қандай топ болмасын, оның өзінің дербес менеджменті болуы тиіс. Осы тұрғыдан алғанда менеджментті тәсілдер жиынтығы ретінде қарастыруға болады әрі сол арқылы белгілі бір адамдар тобының мақсаттары мен міндеттері белгіленеді және айқындалады [8].

Басқарудың осындай жалпы қағидасы адамдар тобының алуан түріне түрліше қолданылғанымен, оның түпкі мағынасы сол қалпында сақталады. Осыған орай белгілі бір әлеуметтік топтарға сәйкес келетін менеджменттің негізгі алты түрі тармақталады:

1. Үкімет. Менеджмент ұғымы үкімет қызметіне қолданылғанымен, оның қызметі барлық жағынан алғанда менеджменттің жалпы анықтамасына сәйкес келеді.

2. Мемлекеттік менеджмент. Көп мемлекеттік мекемелерді ұйымдастыру және сондағы қызметкерлерге билік жүргізуді жүзеге асыру.

3. Әскери менеджмент. Мемлекеттік менеджменттің ерекше түрі. Қарулы күштерді ұйымдастыру және оларға жетекшілік ету.

4. Құрама одақтық (ассоциациялық) немесе клубтық менеджмент. Мемлекеттік мекемелердегі секілді, мұнда қызметкерлер тобының іс-әрекетін ұйымдастырып, оларға басшылық ету қажет.

5. Бизнес-менеджмент. Үкіметтіктен және мемлекеттіктен өзгеше келетін менеджменттің ерекше түрі.

6. Мемлекеттік меншіктегі менеджмент. Бизнес-менеджменттің арнайы түрі. Жеке меншік іскерлік кәсіпорын қызметімен қоса, мұнда менеджмент сипатына мемлекеттік және әлеуметтік проблемалар мен ой-пікірлер де ықпал етеді [9].

Сонымен қатар, соңғы кездері БАҚ менеджменті немесе ақпараттық менеджмент те жалпы және саяси менеджменттің ішіндегі дербес салаға айналып келеді. Бұл тұрғыда В.В. Ворошиловтың «БАҚ менеджменті» атты [10], Б.Н. Головкинның «Бұқаралық коммуникацияның ақпараттық менеджменті» еңбегі [11], А.С. Гринберг пен И.А. Корольдің «Ақпараттық менеджмент» оқулығы [12] және басқа да жаңа зерттеу нәтижелері жарыққа шықты.

Менеджменттің мұндай салаларға бөлінуінің өзгешеліктері мен елеулі айырмашылықтары бола тұрса да, бұлардың барлығы адамның мінез-құлқы туралы «негізге алынатын түсініктерге» сүйенеді. Осы аталғандар менеджментте жеке адамдар арасындағы психологиялық қарым-қатынасқа тәуелді етеді де, бұлар материалдық жағдайларға тәуелсіз ретінде қарастырылады, өйткені соңғы айтылғанның алуан түрлілігінде шек жоқ.

Жоғарыда келтірілгендей, менеджментке алуан түрлі түсінік берілгенімен, классиктердің бұл жөніндегі тұжырымдары көп жағдайда ұқсас келеді. Яғни, экономикалық тұрғыдағы жалпытанылған түсінік бойынша менеджмент – бұл өндірісті басқару, меңгеру және ұйымдастыру, өндірістің тиімділігін көтеру және пайданы арттыру мақсатында әзірленіп қолданылатын басқарудың принциптерінің, әдістерінің, құралдарының және нысандарының жиынтығы.

Ал саясат саласында менеджменттің енуі басқару ғылымының дербес дамуына мүмкіндік берсе, өз кезегінде саяси саладағы қалыптасқан басқару қатынастарының басқа түрлеріне көңіл аударудың әлсіреуіне алып келді. Саяси

ғылым негізінен саяси саладағы қалыптасқан объективті процестерді зерттеуге баса назар аударып, басқару проблематикасы мен саясаттағы басқару технологиялары саясаттанулық зерттеулердің шалғай аймақтарында қалып қойды. Осынау олқылықтың орнын толтыру мақсатында қазақстандық саяси ғылымда соңғы жылдары «саяси менеджмент» ұғымын зерттеуге көңіл бөліне бастады, сол арқылы қоғамның түрлі салаларындағы басқару қатынастарын теориялық тұрғыда тұжырымдауға жол салына бастады. Осы мақала ауқымында біздің алдымызға қойып отырған міндетіміз де отандық саяси ғылымдағы менеджмент ұғымының табиғатын түсінуге өзіндік үлес қосу болып табылады.

Саяси менеджменттің пәндік мән-мағынасын анықтау процесінің қаншалықты қарама-қайшылықты жүріп жатқанын ғылыми әдебиеттердегі аталған ұғымды анықтауға арналған көзқарастардан байқауымызға болады. Мысалы, ресейлік саясаттанушы Л.В. Сморгуновтың пікірі бойынша, «саяси менеджмент – бұл іс-әрекет үстіндегі саяси акторлардың (азаматтардың, лидерлердің, саяси топ пен қоғамдық ұйымдардың т.б.) бұқаралық-құқықтық салаға қатысты шешімдер таңдау процесі барысында туындайтын қатынастарды басқарудың жүйесі» [13]. Және де ол «саяси менеджмент» ұғымын кең және тар мағынада айқындау керектігін айтады. Кең мағынада саяси менеджмент тікелей және өкілдік демократия процестерін, халықаралық саяси қатынастарды басқаруды, сонымен қатар мемлекеттік басқару саласындағы менеджерлік әдіс-тәсілдерді қамтиды. Тар мағынада болса, бұқаралық саяси науқандар мен азаматтық қоғамның мемлекетке ықпал етуінің саяси процестерін басқарудың теориясы мен тәжірибесін білдіреді.

Саяси энциклопедияда саяси менеджментті «саяси өмірге қатысушылардың белгілі бір саяси мүдделерін жүзеге асыруға бағытталған саяси процестерді басқару» деп анықтайды [4]. Басқаша айтсақ, саяси менеджмент – саяси мінез-құлықты басқару ғылымы мен өнері деп айқындалған.

Д.В. Ольшанский саяси менеджментті «саяси процесті, оның ішінде саясаткердің (партияның, ұйымның) қызметін орын алған жағдайға сай барынша тиімді етуге бағытталған саяси процесті ұйымдастыру мен басқару», – деп көрсетеді [14].

Ал саяси менеджментті зерттеумен арнайы айналысқан қазақстандық саясаттанушы А.С. Абылқасова «Саяси менеджмент теориясы өзінің басты назарын саяси басқарудың субъектісі мен объектісін айқындау мәселесіне аударады дей келе, саяси менеджментті саяси басқару ретінде түсіндіру кең ауқымды» – деп тұжырымдайды [15]. Бұл жерде А.С. Абылқасова саяси менеджментті саяси басқарумен теңдестіріп қарастырғанын, олардың арасындағы ұқсастыққа ғана мән беріп, ерекшеліктерін ашып көрсетпегенін байқаймыз: «басқарудың субъектілеріне басқарушы элементтер деп аталатын саяси лидерлер, саяси ұйымдар жатады, олар атқарушыларға басқарушылық ықпал етеді. Ал басқару объектілеріне сәйкесінше басқарылатын элементтер: саяси құрылымдар, лауазымды тұлғалар, бір сөзбен айтқанда басқарушылық ықпал ету бағытталатын элементтер жатады» [15, 48].

Кең мағынада осы аталған саясаттанушы саяси менеджментті саясат субъектілерінің саяси процестің объектілеріне бағытталған ықпал етуі ғана емес, ол сондай-ақ алға қойылған мақсаттарға жету үшін мүдделі өзара әрекеттесу түрі болып табылады деп көрсетеді.

Жоғарыда көрсетілген авторлық көзқарастардың сан-алуандығына қарамастан, саяси менеджментті теориялық негіздеуге бір-бірімен үйлесім тауып жататын тұжырымдамалар да кездеседі. Ең алдымен, тек басқарушы субъект қана емес,

сонымен бірге басқарушылық ықпал ету объектісі де саяси құбылыстармен, саяси процестермен, саяси оқиғалармен, саяси мінез-құлықпен байланысты. Әрине, басқарушылық ықпал ету қоғамның түрлі салаларында кездесетіні рас, мәселен экономикада, армияда, кәсіпорында және т.б. Алайда біз тұп-тура саяси менеджмент туралы ой қозғап отырмыз, сондықтан осы сала ауқымын ғана қарастырып отырмыз.

Саяси ғылымда басқару қатынастарының кең ауқымын бейнелейтін мемлекеттік басқару, президенттік басқару, мемлекеттік саясат, саяси басқару сияқты т.б. ұғымдар көптеп кездеседі. Соңғы ұғымды – саяси басқаруды «саяси менеджмент» ұғымының қазақша нұсқасы, баламасы деп түсінуге әсте болмайды. Саяси басқарудың пәндік ауқымы анағұрлым кең, ол жалпы қоғамға, әлеуметтік, экономикалық, мәдени-рухани процестерге саяси ықпал ету үрдісін білдіреді. Саяси басқару мәселесімен арнайы айналысушы Ресей ғалымы Т.Е. Дубатова атап көрсеткендей, саяси басқару қызмет түрі ретінде қоғам дамуының стратегиялық және тактикалық мақсаттарын анықтауды қамтиды [16].

Саяси басқару билік ұғымымен тығыз байланысты. Билік те ықпал етудің түрі, А-ның В-ға билік жүргізуі:

1. В-ның таңдауы мен әрекеттеріне А ықпал етеді;
2. В-ның таңдауы мен әрекетін А өз қалауынша өзгерте алады;
3. В-ның қарсылығын А тұқыртып тастауға қабілетті;
4. А мен В арасындағы 1, 2 және 3 пайымдауларда айтылған өзара қарым-қатынас қандай да бір әлеуметтік құрылымның (сол әлеуметтік құрылымға тән болуы міндетті емес) бір бөлігі болып табылады және тұрақты сақталып қалу үрдісіне ие [2, 295].

Мемлекеттік басқару саяси ғылымның дербес зерттеу саласына айналғандықтан, көптеген авторлар мемлекет тарапынан жүргізілетін басқарушылық процестер ауқымындағы бағытталған саяси ықпал ету процестерін «саяси-әкімшілік басқару» ұғымын ендіру арқылы тұжырымдауға тырысты. Алайда бұл ұғымның мазмұндық жағы ішінара мемлекеттік басқарумен де, саяси менеджментпен де астасып кетіп, оны өз алдына дербес қолдануды қиындатады. Екіншіден, көптеген авторлар саяси менеджментте қолданылатын әдістер мен технологиялық тәсілдердің ерекше болып кететіндігін атап көрсетеді. Егер де саяси басқару мемлекеттік механизм арқылы жүзеге асып, биліктік-басқарушылық шешімдер шығару процесі ретінде көрінсе, саяси менеджментте менеджериалдық сипаттағы әдіс-тәсілдер: сенім ұялату, ынталандыру, мотивациялау, ерікті ынта-жігер қалыптастыра білу сияқты технологияларды басшылыққа алатын басқару әдіс-тәсілдері қолданылады, саяси басқарудағы сияқты мемлекеттік мәжбүрлеу, әкімшілік ресурстарды пайдалану әдістеріне сүйену жоқ.

Саяси менеджмент әлеуметтік өмірдің бағытын зерттеп, соған сай қоғамды ұйымдастыру және басқару құндылықтарын қалыптастыруы тиіс. Сонымен қатар көнерген ұйымдастыру мәдениетінің нормаларына тойтарыс берілуі қажет. Өйтпейінше, жаңаша қалыптастыратын қоғамдық қатынастардағы адамдардың өзара әлеуметтік серіктестіктің енгізілуі екіталай. Батыстың дамыған елдерінің жаңа ұйымдық-басқарушылық қатынастарына саяси менеджменттің ендірілуі дүниежүзілік экономикалық бәсекелестік әлеуетінің күрт өзгеруіне байланысты пайда болды. Оған екінші дүниежүзілік соғыстан кейін ең алдымен Жапония, одан үлгі алған Шығыстық жолбарыстары – Тайвань, Оңтүстік Корея, Сингапур, тағы басқалары жаңа технологияларды енгізуімен қатар, әлеуметтік технологияны да кеңінен қолдануы дәлел бола алады.

Осы жерде саяси менеджменттің мәнін ашу мақсатында оны экономика саласындағы менеджменттің ерекшеліктерімен салыстыра кеткен жөн сияқты. Әлеуметтік дағдарыс жағдайындағы экономикалық табысқа қол жеткізген елдердің қазіргі ұйымдық басқару әдістері жаңашылдық басқаруды жасап шығарды. Технологиялық жаңашылдықтардың қорлары таусылуы барысында соңғы кезеңде басқаруда әлеуметтік инновациялар кеңінен қолданылды. Шығыстың «жолбарыстары» адам қатынастарына, корпорациялық және ұлттық рухқа сүйенеді. Жапондар Батыстық адамгершілікке жат «адамның сөлі мен терін сығып алу» жүйесінен бас тартты. «Панасоник» фирмасының негізін қалаушы Р. Мацусита жапонның менеджмент философиясын былай тұжырымдаған: «Біз бәсекелестік күресте жеңіп шығамыз, Батыстық индустриялық мемлекеттері жеңіледі. Олардың жеңіліске ұшырауы өздерінен табылады, өйткені олардың компаниялары Тейлор бойынша құрылған, бұларда менеджер ойлайды, ал жұмысшылар бұранданы бұрайды». Жапондардың цехтарында басқалардікі сияқты қадағалау мүлдем жасалмайды. Американдық басқару технологиясы әлеуметтік бөгілгенді тудырады, ал жапондар ынтымақтастық үлгісін жасады. Әр қызметкер өз міндеттерін шығармашылық тұрғысынан шешеді, техникалық үйірмелерге қатысып, жаңалықтар енгізеді, рационализаторлық ұсыныстар жасауды өзінің парызы санайды. Жапон кәсіпкерлерінің «әлеуметтік технологиясы» ең үнемді болды және жарты ғасырдан аса уақыт ең арзан әрі сапалы тауар шығаруға мүмкіндік беріп келді. Жалпы алғанда, жаңа индустриялық мемлекеттерде өмірдің жоғары деңгейі, еңбек жағдайын қатал реттеуі немесе басқару теориялары адамдарды бұзбаған, мұнда «экономикалық өсуге бағытталу, көп еңбек етуге дайын болу, кәсіпкерлік, тәртіпті болу және біліктілігі жеткілікті жұмыс күші, білімнің жоғары деңгейі ортақ болып келеді» [17].

Топтық бірлікті нығайтатын әлеуметтік-психологиялық құралдар кешеніне компанияның тарихын білу, оның әнұранын жұмыс бастар алдында бірігіп орындау, ұжымдық демалуды, мерекелерді өткізу, спорт жарыстарын, саяхат жасауды жиі ұйымдастыру жатады. Осылай тәрбиеленген жапондар фирмалардан тыс өмір сүруді ойлауы мүмкін емес. Әр жұмыскер мен қызметкер өзінің туған ұжымына жүктелеген істі бір адамдай атқаратынына көзі жетуі қажет. Өзіне тең мүше ретінде сенім артқанын сезген адамның жалпы өндірістің нәтижесіне, тиімділігіне үлкен жауапкершілікпен қарайтынын жапондық инновациялық-өндірістік менеджменті дәлелдеп берді.

Көріп отырғанымыздай, саяси менеджментті ғылыми тұрғыда мәні мен мазмұнын айқындауда тұжырымдамалық тұрғыда шешуді қажетсінетін тұстары баршылық. Олардың ішіндегі ең бастысы – саяси тәжірибеде шынайы қалыптасатын қандай басқару қатынастарын саяси менеджментке жатқызамыз деген сауалға жауап іздейтін онтологиялық негіздеу мәселесі болып табылады.

Бұл сауалға жауап беру үшін, біздің ойымызша, біріншіден, саяси менеджменттің пәндік саласын, яғни, басқарушылық қатынастардың осы түрі не себептен туындайды, басқару субъектісі ролін атқаратын саяси акторлар қандай мақсатты көздейтінін анықтау қажет; екіншіден, басқарушылық ықпал ету нысаны кім немесе не болып табылады, басқарушы және бағынушы ретінде қандай ерекшеліктері бар екенін айқындау; үшіншіден, осы басқару процесі технологиялық жағынан қалай шешіліп жатыр, оның ауқымында қолданылатын әдіс-тәсілдердің ерекшеліктері қандай екенін білу қажет.

Егер барлық көрсетілген позициялар бойынша саяси менеджмент пен қоғамдағы басқа да басқарушылық қатынастар арасында айырмашылықтар болса,

онда басқарушылық және саясаттанулық ілімдер жүйесіне саяси менеджмент атаулы жаңа ұғымның енуі өзін-өзі ақтады деген сөз.

Кез келген басқару түрінің пәні ең алдымен оның ауқымында шешілетін міндеттердің ерекшелігімен анықталады, өйткені, басқарудың өзі мақсатқа жетудің әдісі болып табылады, ал басқару қатынасының әрбір түрі белгілі бір нәтижеге жетуге бағытталған рационалды, мақсатты қызмет ретінде көрінеді. Жоғарыда келтірілген анықтамалар саяси менеджменттің міндеттерін анықтауда саяси ғылымда бірыңғай пікірдің жоқ екенін көрсетеді.

Біздің ойымызша, саяси менеджменттің мәнін ықпал ету дәрежесі арқылы анықтауға болады. Ықпал етудің негізіне билік, күш, мәжбүрлеу жата алады, алайда ықпал ету беделге де байланысты болуы ықтимал, ерекше эмоционалды, позитивті сипаттағы қатынастардың нәтижесі болуы да мүмкін. Тарихи тәжірибеде сан мәрте дәлелденгендей, саяси билік жүйесі тек қана күшке ғана сүйене алмайды: ол үнемі легитимділікке мұқтаж, халықтың сеніміне ие болуға мүдделі. Сондықтан да қоғамда тек әкімдік етуге, бұйрық беруге, мәжбүрлеуге қол жеткізу үшін ғана емес, бұқара халықтың көңіл-күйін айқындауға, олардың арман-тілектеріне, құндылық бағыт-бағдарына, мүдделері мен сенімдерін айқындау мен бағыттау үшін үнемі саяси күрес жүріп жатады. Демократиялық қоғамда ықпал етудің соңғы айтылған бәсекелестік күрес түрі қарқынды жүреді, өйткені күштеу қолданудың шекарасы құқықтық және институционалды тетіктермен шектеледі, ал бұқаралық санада бостандық пен жеке тұлғаның құқықтық қорғалуы құндылық ретінде тұрақтап, бекиді. Түрлі саяси акторлар өздерінің саяси ықпалын бекіту мен кеңейтуді мәжбүрлеусіз, репрессиялық аппарат көмегісіз жүзеге асыру бойынша атқарылатын мақсатты қызметі саяси менеджменттің пәнін құрайды.

Саяси менеджменттің мотивациялық технологиялардан басқа қандай әдіс-тәсілдерді қолданатынына келсек, А.В. Попов оларды төмендегідей бес бағытқа бөліп көрсетеді:

1. Ұзақ мерзімді келешекке арналған нақты стратегияларды әзірлеу. Яғни, ірі саяси, әлеуметтік, экономикалық міндеттерді шешудің құрылымын, ресурстары мен тәртібін шешуді анықтайтын стратегиялық саяси менеджмент.

2. Ашық әрі түсінікті саяси шешімдерді әзірлеу мен қабылдау технологиясы, ол оның авторлары мен орындаушыларының тәуекелшілдігімен және жоғары жауапкершілігімен үнемі сүйемелденіп отыруы тиіс. Тәуекелге бара білу мен өз мойнына жауапкершілік жүгін ала білу қазіргі заманғы басшыларға жетіспейтін сапа. Сонымен бірге, сәтті саяси шешім қабылдау аздық етеді, оны шынайы жүзеге асырудың тетіктері қарастырылмаса, шешім декларация күйінде қалып қояды.

3. Бұқаралық саяси науқандарды ұйымдастыру мен өткізу жөніндегі технологиялар. Бірінші кезекте әңгіме түрлі деңгейдегі сайлау науқандарын өткізу туралы болып отыр, өйткені сайлаулар демократияның маңызды атрибуты болып табылады. Онымен қоса, өкіметтік және оппозициялық күштер де өркениетті демократиялық форматта бұқаралық саяси науқандарды ұйымдастыруға қабілетті болуы тиіс.

4. Саяси консалтинг – Еуропалық Одақ, АҚШ және басқа да дамыған елдер миллиардтаған доллар инвестициялайтын технологиялардың жиынтығы. Ол жан-жақты негізделген саяси шешімдер қабылдауға, теңдестірілген және алдын ала болжауға болатын саяси курс әзірлеуге ықпал етеді. Бұл бағыттағы негізгі міндеттер клиенттер ауқымын және тәуелсіз саяси кеңесшілер институтын нығайту болып табылады.

5. Дағдарысқа қарсы саяси менеджмент. Ол саясатта бір жағынан алдын алушылық сипата болуы мүмкін, яғни, мониторинг жасауды, дағдарыстың алдын алу мен оның

зардаптарын жоюды қамтиды, ал екінші жағынан – провактивті менеджментті білдіреді, бұл дегеніміз дағдарыстың туындауына мұрындық болу және оны одан арғы кезеңдерде пайдалы әрі тиімді шешу бағытындағы басқаруды білдіреді.

Жоғарыда аталғандар заманауи саяси менеджменттің технологияларын әзірлеудің негізгі бағыттары болып табылады [18].

Ерекше атап өтетін тұс – саяси актордың өз ықпалын бекітуге арналған кез келген қадамы саяси менеджмент емес, тек қана саналы түрде ұйымдастырылатын, басқарылатын объектіге ықпал ету процесі барысында белгілі бір технологияларды қолдануды қамтыса ғана саяси менеджмент туралы әңгімен қозғауға болады.

Қорыта айтсақ, саяси ғылымның дамуы, жаңа теориялық-әдіснамалық әдіс-тәсілдер мен саяси технологиялардың туындауы саясаттағы басқарушылық қатынастарды қайта зерделеу мен жаңғыртуға серпін беруде. Сол сияқты «саяси менеджмент» ұғымының саясаттанулық сөз қорына енуі уақыт талабы болып табылады, ол қоғамдық қажеттіліктен туындап, басқарушылық қатынастардың күрделі саласын жетілдіруге арналған, әрі жалпы саяси және мемлекеттік басқаруға қарағанда саяси технологиялық сипаттағы өзгешелігі бар жаңа ұғым.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Политология. Энциклопедический словарь. Под/ред. Ю.И. Аверьянова. -М.: ИНФРА-М, 1993. -431 с.
2. Оксфорд қысқаша сөздігі. Саясаттану. Ағылшын тілінен аударғандар Галиков Н., Оразбек Н. -Алматы: Қазақстан, 2001. -424 б.
3. Казахстанская политологическая энциклопедия / Под. ред. Т.Т. Мустафина. -Алматы, 1998. -448 с.
4. Политическая энциклопедия в 2-х томах. Т.2. -М.: Мысль, 2000. -С. 689.
5. Оксфордский учебный словарь английского языка (А.С. Хориби). Оксфорд: Изд-во Оксфордского университета, 1974.
6. Мескон М.Х., Альберт М., Хедоури Ф. Основы менеджмента. М.: Дело, 1992. -701 с.
7. Гречикова Н.Н. Менеджмент. Учебник. -М.: Банки и биржи, 1995. -С. 21.
8. Друкер П. Практика менеджмента. М.: Вильямс, 2000. -435 с.
9. Политический менеджмент (Под общей ред. В.И. Жукова, А.В. Карпова, Л.Г. Лаптева, О.Ф. Шаброва. -М., 2004. -С. 27.
10. Ворошилов В.В. Менеджмент средств массовой информации. Конспект лекций. СПб.: Изд-во Михайлова, 2000. -615 с.
11. Головкин Б.Н. Информационный менеджмент массовой коммуникации // Эксклюзивный маркетинг. Приложение к журналу "Практический маркетинг". 2004. № 4. -41-57.
12. Гринберг А.С., Король И.А. Информационный менеджмент. Учеб пособие для вузов. -М.: Юнити-Дана, 2003. -415 с.
13. Сморгун Л.В. Теоретические вопросы политического менеджмента // Политический менеджмент: электоральный процесс и технологии. СПб., 1999. -С. 6.
14. Ольшанский Д.В. Политический PR. -СПб., 2003. -С. 41.
15. Абулкасова А. К вопросу субъектно-объектных отношений в политическом менеджменте // Саясат. 2008. № 4. -С. 47.
16. Дубатова Т.Е. Роль прогнозирования в политическом управлении // Политическое управление. М., 1998. -С. 15.
17. Грейсон Дж., О'Делл К. Американский менеджмент на пороге XXI в. М.: 1991 г. 303 - 304 б.
18. Попов А.В. Политический менеджмент как образовательная дисциплина // Вестник Московского университета. Серия 12. Политические науки. 2008. № 2. -С. 63-64.

Жаһандану жағдайындағы мемлекет рөлінің трансформациялануы

Зұлфухар ГАИПОВ,
әл-Фараби атын. ҚазҰУ-дың саясаттану кафедрасының доценті, саяси ғылымдарының кандидаты

Жаһандану жағдайындағы мемлекет рөлінің өзгеруі жайлы ғалымдар мен зерттеушілердің пікірі бір-бірінен алшақтанады. Алғашқылары ұлттық мемлекеттер кезеңінің құлдырауы, оның егемеділігінің жойылуы мен жалпы мемлекеттің өмір сүруінің тоқталуы сияқты көзқарасты ұстанса, кейінгі ғалымдар тобы мемлекетті, жаһанданудың шынайы басты қозғаушысы деген пікірді ұстанады. Жалпы бұл орайды кәзіргі таңда ғылыми ортада кездесетін үш негізгі көзқарасты көрсетсе болады. Бірінші көзқарасқа сәйкес, мемлекет айтарлықтай ешқандай өзгерістерге тап болып жатқан жоқ. Ол бұрынғыдай саяси, экономикалық және әлеуметтік-мәдени салада басты ойыншы болып қала береді. Дегенмен экономикалық салада «жаһанды экономиканың» кейбір көрсеткіштері орын алып, экономиканың жаңа күйге ауысу тенденциясын байқасақ та, қоғам өмірінің басқа салаларында барлығы көптеген жылдар бойы елдің есінде қалған «мемлекет – басты реттеуші» деген идеяның қоғамдық санада әлі күнге дейін сақталуы.

Екінші көзқарасқа сәйкес, яғни, басқаша айтқанда диаметралды қарама-қайшы көзқарас бойынша, мемлекет баяу, бірақ саяси сахнадан тез түспей негізгі ойыншы қызметін сақтап қалуы. Осыған орай, халықаралық қатынастар теориясында пайда болған «әлемдік саясат» пен «әлемдік тәртіп» сияқты тұжырымдар мемлекеттің рөлінің күшеюін болдырмауға тырысуда. «Мемлекеттер әрине, жойылмайды, жаңа ұлттық мемлекеттердің пайда болуы да мүмкін емес... Парадокс мемлекеттің билік функциялары не бәсеңсуінде, не толық қызметін атқармауында жатыр, ал әлеуметтік-экономикалық процестер мен оқиғалар оларды айналып өтіп жатыр» [1]. Мәселе мемлекеттің әлсіреуінде емес, шынайы жаһанды процестермен кездескен мемлекеттер жаңа жағдайда іс-әрекет етуге дайын болмауында жатыр. Мысалы жаһанды нарықта мемлекет әлемдік қауымдастықтың бір субъектісі, яғни көптің бірі бола бастайды. Мұнда мемлекеттің валюта, облигация, кепілдеме, қарыз болу және басқа да құнды қағаздары сияқты міндеттері жеке фирмалар мен ойыншылардың міндеттерімен теңестіріледі. Экономикада оның орнын транснационалдық корпорациялар мен халықаралық қаржы капиталы басады, ал мәдениетте – медиамагнаттардан бастап харизматикалық тұлғаларға дейін әртүрлі мемлекеттік емес факторлар орын алады.

Сыртқы саяси сфераға келетін болсақ, мұнда да «егеменділіктің құлдырауы» көрініс табады. Өйткені, шешім қабылдау орталықтары ұлттық (мемлекеттік) деңгейден мемлекетаралық және халықаралық (мемлекеттік емес) ұйымдар деңгейіне ауысады: «өзінің жеке территориясында да мемлекет қоғамдық

тәртіпті сақтау мақсатында заңды күштеу құралын пайдалану мүмкіндігіне ие болатын жалғыз субъект болудан қалады. Оның күзіретінен адам құқықтарын реттеу, экологиялық саясат және қаржылық тәртіпке келтіру шыға бастайды» [2]. Осылайша, адамзат жаңа кезеңді бастағалы отыр. Бұл кезең «жаһанды басқару» мен «жаһанды қоғам» кезеңі деп аталады.

Үшінші, компросситік көзқарас әлемді күрделі түбегейлі өзгерістер болып жатыр деп тұжырымдайды. Мұндай өзгерістердің нәтижесінде мемлекеттермен қатар мемлекеттік емес факторлар да белсенді іс-әрекет атқара бастайды. Бұл «мемлекеттің орталықтануы» немесе «әдістемелік ұлтшылдық» сияқты көзқарасқа кейбір белгілі-бір түзетулерді енгізуді білдіреді. Дегенмен мемлекеттің орталықтануы парадигмасынан бас тарту әлі ерте сияқты. Өйткені мемлекет әрқашан жаһанданудың белсенді емес қыры бола бермейді. Экономикалық жаһанданудың қалыптасуының басты агенті болып үкімет қала бермек. Әсіресе бұл үкіметтердің қатарына бірінші кезекте Үлкен сегіздік мемлекеттерінің үкіметтері мен Халықаралық Валюта Қоры (МВФ), Әлемдік банк пен Әлемдік сауда ұйымы (ВТО) сияқты халықаралық институттар кірді. Американ ғалымы М. Кастельстың пайымдауынша, «Клинтонның әкімшілігі өз кезегінде шынайы саяси жаһандануды бастаушы, ұйымдастырушысы болды» [3].

Жаһанданудың қазіргі заманда мемлекеттің мәні, рөлі мен функциясына тигізетін әсері жайлы елеулі мәселе болып ұлттық егеменділіктің жойылуы қарастырылады. Мысалы С. Перегудов көрсеткендей, трансұлтты корпорациялар үкіметтің егеменді құқықтарына қауіп төндіріп отыр. Ұлттық мемлекеттер бұрынғы көлемде өздерінің функциялары мен егеменділігін сақтап қала алмайды. Ұлттық қауымдастық «қысқарады», ал оның әлеуметтік-мәдени потенциалы шектеле бастайды [4, 23]. Ұлттық егеменділіктің ала жібін аттай отырып, неолибералды жаһандану ұлттық мемлекеттерден алшақтай бастаған басымдылықты ұстап қалуға қабілеті бар теңбе-тең саяси және қоғамдық құрылымдарды құрмайды. Билік нәтижесінде ешкімге көшпейді. Оны есеп беретін трансұлттық корпорациялар да, сонымен қатар Халықаралық Валюта Қоры (МВФ), Әлемдік банк және Бүкіл әлемдік сауда ұйымы сияқты қаржылық-саяси ұйымдар да иемденбейді [5, 24].

Келесі жағынан, қазіргі кезде мемлекеттік сектордың көлемі емес, оның сапасы, мемлекеттік араласудың тиімділігі сияқты мәселе маңызды болып келеді деген пікір орын алуда [6]. Жаһандану мемлекеттің қатысуынсыз шешілмейтін жаңа мәселелерді туғызуда. Мысалы иммиграцияны реттеу, заңсыз есірткі заттардың тасымалдануы, қылмыстың өсуі, лаңкестік пен ақшаның сыртқа шығуы сияқты мәселелер пайда болуда. Әлемдік қаржылық дағдарыстардың әсерін жеңілдету мақсатында қаржы саласының іс-әрекетін қатаң бақылауға алуға қажеттілік туып отыр. Салықтық реттеудің жаңа мәселелері пайда болды. Мысалы, трансұлттық корпорациялар салықтық төлемдерді аз төлеу үшін өздерінің капиталының басқа салығы аз төленетін елге тасымалдануына бөгет жасау қажет [7].

Осылайша, мемлекет көпетеген күрделі өзгерістерді басынан кешіріп отыр. Әдеттегідей мемлекет саяси режимге сүйенетін және соның негізінде құқықтық жүйені қалыптастыратын. Дегенмен қазіргі жағдайда құқықтық жүйе тек қана мемлекеттің саяси режиміне емес, сонымен қатар геоэкономикалық және геоқаржылық негізге де сүйенеді [8]. Бұл төмендегіден бастау алады: өздерінің құқықтық нормаларын саясат (геосаясат) пен саяси режим негізінде қалыптастырған мемлекеттер заңды тұжырымдарын қаржылық режим мен қаржылық саясатты анықтайтын өздерінің экономикалық-қаржылық (геоэкономикалық және геоқаржылық) мақсаттарына бағытталатын мемлекеттерге

қарағанда артта қалады. Яғни мұндай бағытты ұстанатын мемлекеттер мемлекеттің күшті болуын, өзінің ұлттық мүдделерін қорғай алуға қабілетті және оларды әлемдік шаруашылықта жүзеге асыра алауын көздейді. Бұл мемлекетте құқық қаржылық режимге сүйену қажет.

Жаһандану саяси биліктің және ұлттық мемлекеттер деңгейінде әсер етуінің жоғалуын қамтиды. Ұлттық мемлекет деңгейінде әсер ету үш жүз жылдай Жаңа Заманға тән территориялды және саяси ұйымдастырудың идеалды құралы болып табылды. Демократиялық мемлекеттерде бұл процестің жанама индикаторы ретінде ұлттық аренада әйгілі саясаткер кәсібінің төмен бағалануымен ерекшеленеді және оған компенсация ретінде мүдделердің көбеюі, қорқыныштың және әлемдік саясаттың шынайы немесе «құпия ойыншыларына» (құпия миллиардерлер, масондар, трансұлтты корпорациялардың директораларына және т.б.) деген құрмет артады [8].

Билік біртіндеп жергілікті немесе трансұлтты деңгейге ауысып барады. Осылайша, ұлттық мемлекеттердің әлсіреуінен жаһанды тенденцияға жауап ретінде жергілікті ұлтшылдық пайда бола бастайды. Бұл әдетінше бейбіт формада көрініс таппайды. Тез өсіп келе жатқан жаһанды нарықтың автономиясы мемлекеттік билікті және оның өзінің экономикалық жағдайын қадағалау қабілетін әлсіретеді. Территориялды шектелген мемлекеттер көбіне басқа халықаралық экономикалық қатынастардағы күштермен өзінің саяси, әлеуметтік және қорғаныс салаларындағы билікті бөліседі. Осыдан барып жаһандану мәселесімен шұғылданып жүрген зерттеушілер арасында арасында мемлекеттер өздері дүниеге әкелген нарық алдында шайылып кетеді деген қорытынды шығады.

Саяси жаһандану жағдайында мемлекет рөлінің мәселесін қарастырудың болашағы қазіргі таңдағы ғылымда саяси неореализм мен неолиберализм парадигмалары шеңберінде қарастырылады. Саяси реализмдегі мемлекеттің орталықтану парадигмасының басты тұжырымдары төмендегідей:

- әлемдік саясаттың басты акторы болып ұлттық мемлекеттер табылады;
- ұлттық мемлекеттер когерентті (өзара байланысқан, біртұтас) бірлік болып есептеледі;
- саясаттың барынша көп қолданылатын және ең тиімді құралы – бұл күш;
- әлемдік саясаттың мәселелер арасында белгілі-бір иерархия орын алады: ең жоғарғы деңгейінде қауіпсіздік (әскери) мәселе, ал одан төмен деңгейінде – әлеуметтік-экономикалық мәселелер орналасқан.

Халықаралық қатынастар теориясының либералды парадигмасының көрнекті өкілдері Р. Кохейн мен Д. Найдың пікірінше, жоғарыда келтірілген тұжырымдар сынды көтере алмайды. Біріншіден, ұлттық мемлекеттермен қатар әлемдік саясатта қуатты мемлекеттік емес – трансұлттық корпорациялардан бастап, мемлекетаралық және мемлекеттік емес ұйымдарға дейін субъектілер де іс-әрекет атқарады. Екіншіден, мемлекеттер «когерентті емес»: мемлекеттік ішінде түрлі акторлар орын алады; мемлекеттің саяси элитасы да біркелкі емес. Үшіншіден, қазіргі таңдағы күш қолдану қысымы бұрынғыдай рөлге ие емес және де маңызды болып табылмайды. Төртіншіден, қазіргі кезеңде біздің мемлекеттеріміз кездесетін мәселелердің қатарында әскери қауіпсіздікке қарағанда маңызы зор мәселелер көп. Бұл капиталдың сыртқа шығуы, және экологиялық апаттар қаупі, ұйымдасқан қылмыс, халықаралық лаңкестік сияқты мәселелер.

Неореализм сынына неолиберализм тұрғысынан нақтығырақ назар салатын болсақ, неолиберализм неореализмді жокқа шығармайтын, оны тек толықтыратын түзетулер екендігі көрінеді. Неолибералдар неореалистердің «ұлттық мүдденің»

әлемде шешуші рөлге ие болатындығы туралы тезисті жоққа шығармайды. Олар тек осы ұғымның мазмұнын қайта қарастырады. Олардың айтуынша, «ұлттық мүдде» әскери қауіпсіздік ұғымымен анықталмайды.

Либералдардың айтуынша, ережелерге сай жүру, яғни құндылықты бағдарды ұстану, ұлттық мүддені анықтауға қарама-қайшы болмайды. Мемлекеттер нақты белгілі-бір – халықаралық ережелерді өздеріне пайда әкелетіндігі үшін ұстанады. Оларды ұстанбау мемлекетке жағымсыз әсер етеді. Қазіргі жағдайда ынтымақтасудан бас тарту стратегиясы, яғни халықаралық нормаларға сай әрекет ету заңсыз болып табылады. Жалпы ортақтаса отырып қабылданған нормаларды ұстанудан ба тартқан мемлекеттер остракизмге ұрынады, мемлекеттер арасында бір бірімен бәстесу басталады, яғни нәтижесінде сауда және экономикалық санкциялардан да қиын жағдайға түседі.

Біртұтас жаһандалған әлем жаңа «қауіптердің» орын алуына әкеледі. Олар егемендіктің бұзылуы мен дамушы елдердің, соның ішіне біздің Қазақстанның да әлсіреуіне себеп болады. Сондықтан да қазіргі өмірдің талабына сай, тезарада осы қауіптерге жауап беретін қабілетті дамыту қажет және капитал, тауар, қызмет көрсету, технологиялар, ақпараттар, жұмыс күші нарығының либерализациясы жағдайында бәсекеге қабілеттілікті одан әрі дамытып, арттыру керек. Мемлекет экономиканы реттеуден мүлдем бас тарта алмайды: ол тек қана өзгеріп отырған экономика мен қоғам талаптарына, қажеттіліктеріне сай болатын емес, сонымен қатар мемлекеттің шынайы мүмкіндігіне, қабілетіне жауап беретін міндеттерді қолға алуы тиіс. Ұлттық экономиканың протекционизмінің орнына бірінші кезекке ашық әлемдік экономикалық кеңістікте мемлекеттің ұлттық экономикасының бәсекеге қабілетті болуын қамтамасыз етуі шарт. Яғни, мемлекет өндіріс күші дамуының факторларын - өндіріс және әлеуметтік инфрақұрылымды нығайтуы, ғылымды дамытуы, білім беру жүйесін, тиімді әрекет ететін қазіргі таңдағы нарықтық және мемлекеттік институттарды жетілдіруі керек. Жаңа жағдайда мемлекеттің алдында экономиканы реттеу, кәсіпкерлік іс-әрекетті жүзеге асыру, ұлттық компаниялар үшін қолайлы жағдай туғызу, жағымды әлеуметтік және саяси климат орнату бойынша өзінің функциясын тиімді атқаратын, кәсіби мемлекетті құру міндеті тұр.

ӨДЕБИЕТТЕР:

1. Актуальные вопросы глобализации. // Мировая экономика и международные отношения. -1999.-№ 5.-Б. 44,48.
2. Кузнецов В. Что такое глобализация? // Мировая экономика и международные отношения. -1998.-№ 2.-Б. 17.
3. Экономическая стратегия. 2000.-№ 5-6. Сент-окт. –Б.55-56.
4. Перегудов С. Неолиберальная глобализация: есть ли альтернатива? // Мировая экономика и международные отношения. -2002.-№ 4.-Б. 23.
5. Сонда.-Б.24.
6. . Бүкіләлемдік Банк директоры Дж. Вулфенсонның баяндамасы. Вашингтон. 1997.
7. Осадчая И. Глобализация и государство: новое в регулировании экономики развитых стран.// Мировая экономика и международные отношения. -2002.-№ 11.-Б.5.
8. Девятко И. Модернизация, глобализация и институциональный изоморфизм: к социологической теории глобального общества.// Аспекты.-2001. –М., -Б. 31.

«Ақыл орталықтары» интеллектуалды элитаның саясаттануының негізгі факторы ретінде

Дастан КӨШЕРБАЕВ,

Абай атын. ҚазҰПУ-дың теориялық және қолданбалы саясаттану кафедрасының ізденушісі

Саясаттың субъектілерінің бірі ретінде бүгінгі қоғамда саяси эксперттердің, кеңесшілердің, саясаттанушылардың, әлеуметтанушылардың, әр салалы аналитиктердің қоғамның саяси өміріндегі орны мен рөлі айқындалуда. Мұны бүгінде мемлекеттің бағытын тұжырымдауда немесе мекеменің стратегиялық қызметін айқындауда білікті мамандар мен эксперттердің көптеп шешуші орындарға көтерілгендіктерінен байқауға болады. АҚШ-ның бұрынғы мемлекеттік хатшысы Г. Киссинджер былай деген болатын: «Интеллектуалды жоғары маңызды шешімдерді қабылдау сатысында сирек көресің. Көбінесе оның рөлі – кеңес беру». Билікке билік ететін емес, бағдар, мәнді түсінік беретін кеңесші қажет. Ш. де Голльдің сөзімен айтқанда: «саясаткерде Спинозаның ақылындай ақыл болу қажет емес, оның «ақылы» – кеңесшілер мен аналитиктер»[1].

Әлемді сауатты саяси-экономикалық жетістіктерімен ауыздарына қаратып отырған Батыс елдерінің президенттерінің кеңесшілері мен аналитиктерінің қатарында Нобель сыйлығының лауреаттары аз емес. Сол себепті де олар көш алда келеді. Мәселен, АҚШ-тың алдыңғы қатарлы мемлекетке айналуына айтарлықтай үлес қосқан Т. Рузвельт, өмірі қолына ғылыми кітап ұстап көрмеген, білді профессорлардың кеңесіне жүгінген. Тіпті, диктатор А. Пиночет университет профессорларының көмегімен (университет студенттеріне арналған) «геосаясат» пәні бойынша оқулық жазған болатын [2]. Бүгінде көптеген саясаткерлер манаграфия, оқулық, тіпті, автобиографиялары мен мемуарлар жазғанына ешкім таң қалмайды. Бұл саясаткердің белгілі бір «міндетіне» айналды.

Билік пен ғылыми элита арасындағы ара байланыс «ерлі зайыптылар» арақатынасы тәрізді. Себебі, билік пен интеллектуалды элита арасындағы байланыс екі жақты жүруде. Саяси элита ғалымдарды және жалпы ғылымды өз мақсаттарында пайдалануға тырысуда. Ал, ғылыми элита болса, өз дәрежесін сақтай отырып билікке тартылуда. Біздің елімізге де мұндай үрдіс таңсық емес. Тіпті билік өкілдерінің ғылыми дәрежесінің болуына бүгінгі күні ешкім таң қалмайды.

Диссертациялық кеңестің төрағасы, профессор К. Бұрхановтың пікірінше «... соңғы кездері билік өкілдері арасында ғылыми атақ пен дәреже көрсеткіші жоғарлауда. ... Үкімет мүшелерінің 65 % және облыс әкімдерінің 80 % әр

ғылымдар бойынша кандидат және доктор дәрежелеріне ие....». Мемлекеттік аппарат мүшелерінің ғылыми дәрежеге деген құштарлығы жыл санап артып келеді. Осы жағымсыз қылықтың кең етек алуын академик Д. Кішібеков былайша суреттейді: «Қазір қызметке қолы жетсе болды, мейлі әкім, мейлі министр, не депутат болсын шетінен ғылым кандидаты, докторы болып жатыр. ...ғылым деген біреулерге ойын, не хобби, енді біреулерге қолдан келмес қиын жұмыс сияқты көрінетін болды».

Американдық әлеуметтанушы У. Липманн «Саяси билік пен білімді біріктіру мүмкін емес. Оны істеуге тырысқан адам нашар саясаткер немесе нашар ғалым болады» [3] – деп билікке кірігуге ұмтылған ғалымдарға көрегендік кеңесін береді. Мұндай ескертуге құлақаспастан көптеген ғалымдарымыз саясатқа, билікке ұмтылуда. Осы тенденцияны ескерген, саяси мінез-құлықты зерттеумен айналысатын американдық ғалым З. Бауман саяси қызметке қатысатын интеллектуалдарды екі түрге бөледі: «ғалымдар-заңшығарушылар» және «ғалымдар-аудармашылар». Біріншісінің қызметі қоғамдық құрылысты жақсарту болса, екіншісінікі саяси өмірге қатысушылардың арасындағы байланысты жеңілдету. Х. Дженкинс-Смит, өз кезегінде, ғалымдардың саяси үрдіске қатысуының үш нұсқасын көрсетеді. Олар: «объективті техниктер» – әлеуметтік-саяси технологияларды жүзеге асырушылар; «идеялар адвокаттары» – саяси доктриналарды құрушылар және оны жүзеге асырушылар; «клиент адвокаттары» – белгілі бір тұлғалардың немесе саяси топтардың мүдделерін қорғаушылар. Аталғандармен қатар, Х. Дженкинс-Смит саясатқа келген ғалымдарды төртке бөлуді ұсынады. Біріншісі, «ғалым-кәсіпкер» – саясаткерлерге де, қаржыгерлерге де қызмет көрсететіндер. Пайда қай жақта көбірек болса соның сөзін сөйлеп, сойылын соғатындар; Екіншісі, «бюрократиялық интеллектуал» – мемлекеттік шенеулікке айналған ғалым (З. Бжезинский, Г. Киссинджер тәрізділер). Бұлар жақсы саясаткер, сарапшы, аналитик немесе жаман саясаткер, өзін жоғалтқан ғалым болулары мүмкін; Үшінші, саяси кеңесші – нақтылы жағдайларға қатысты нақтылы шешімдер ұсынатындар. Бұлар көбінесе жекелеген әрдеңгейлі зертеу орталықтарының білді қызметкерлері; Төртінші, үкіметтік эксперт – мемлекеттік органдарды қажетті ақпаратпен қамтамасыз ететіндер. Бұлар негізінен ғылымда өздерін таба алмаған мамандардан құралады [4].

Дегенмен, батыстық қоғамда интеллектуалды элита өкілдерінің қызметін жоғары бағалайды. Ғылымда, сәйкесінше, олардың маңызды екендіктерін баса айтады. Мемлекеттік даму бағдарламалары мен жобаларды құрастыратын және экономикалық, саяси, әлеуметтік реформалардың сәтті өтуіне қажетті қоғамда «сыни» көзқарас пен альтернативалық жолдарды қамтамасыз етіп, ұсынатын интеллектуалды элита екендігін жақсы түсінеді. Қызметтері мен жауапкершіліктерінің батпандығына қарай оларға деген мемлекет, қоғам тарапынан жасалатын құрметте жоғары.

Байқағанымыздай, Батыста интеллектуалдарға биліктің қолжаулығы ретінде емес, белгілі бір қоғамда орын алған шиеленісті мәселерді шеше білетін, ондай мәселенің болашақта қайталанбасы үшін қолынан келгенін жасайтын маман ретінде сенім орнаған. Сондықтан олардың басым көпшілігі билікке емес, ғылыми ортаға сіңісуге, орнығуға, шынайы дәрежеге ие болуға тырысады. Олардың пікіріне басшылықта, халықта құлақ түретіндігін жақсы сезінеді. Осыдан интеллектуалды элитаның саясаттағы ерекше қызметтері құралады:

Бірінші қызметі – инновациялық: саяси бағытты интеллектуал өзгерістер жаршысы. Негізінен ғылыми ортада «үлкен» жоспарлар мен жобалар құрастырылып, уағыздалады;

Екінші функциясы – коммуникативтік. Саяси элита мен ғылыми элита арасындағы «көпірдің» орнатылуы. Интеллектуалды элита саясаткерлерді өздерінің жобаларын қаржыландыру мақсатында қызықтырады. Ал саяси элита болса, өздерінің экономикалық, саяси жобаларын Интеллектуалды элита көмегімен халыққа майдалап жеткізуде пайдаланады;

Үшінші функция – өкілдік. Эксперттер, кеңесшілер, саясаттанушылар белгілі бір әлеуметтік немесе саяси топтың қызығушылықтарын білдіреді;

Төртінші функция – жұмылдырушылық. Ғылыми-аналитикалық орталықтар халыққа белгілі бір көзқарастар мен идеяларды ұсына отырып оларды жақтауға немесе қарсы тұруға жұмылдырады;

Бесінші функция – саяси жағдайды легитимациялау. Ғылыми элитаның пікіріне сүйенген немесе олардың сөзін сөйлеген саяси жетекші халықтың алдында үлкен құрмет пен сенімге ие болады;

Алтыншы функция – индикативті. Эксперттік-аналитикалық орталықтардың зерттеулері қоғамда болып жатқан өзгерістерді дереу бақылауында ұстап отырады [5].

Қазақстанда бұл жағдай мүлдем өзгеше. «Интеллектуалдардың» саясатқа, билікке кірігуі, оған атсалысу механизмдері дұрыс жолға қойылмаған. Бүгінгі күні ғалым ғылыми еңбектері арқасында емес, саясатта көзге түссе немесе ауқатты бизнесмен болған жағдайда ғана үлкен жетістікке жетіп, халық арасында танымал болады. Яғни, өмірін сарып етіп, күндіз-түні еңбек етуі арқасында қол жеткізген ғылым жолын тастаған жағдайда ғана әл-ауқаты түзеліп, дәрежесі артады. «Бүгінгі зиялы қауым өкілдерінің тек лауазымды қызметтерге ұмтылуы немесе тұрмыстық-әлеуметтік жағдайын жақсартуға талпынысы қоғамдағы келеңсіз көрністің біріне айналды» – деген С.Б. Дорженовтің қынжылысы орынды. Қандай жағдайларға карамастан кез келген ғалымның, жалпы адамның басты міндеті өзіне, өз ісіне, Отанына адал болып қалу.

Зертеушілердің пікірінше, интеллектуалды элита өкілдерінің саясатқа келуі төрт негізгі факторлармен айқындалады. Біріншіден, атақ құмарлық, ғылыми еңбектері арқасында емес, БАҚ-да болмашы нәрселерге қатысты керек, керек емес пікірлерді білдіру арқылы танымал болу. Екіншіден, саяси ұстанымдары үшін саясаткерлердің көзіне түсе білуі. Үшіншіден, интеллектуалдардың өздерінің қабілет-қасиеттерін дұрыс пайдалана алуы арқылы «керек» адамдардың көзіне түсуі. Төртінші, керек жерде, керек уақытта болуы [2]. Нәтижесінде билікке жақын интеллектуалдың бейнесін көреміз: ғылымда айтарлықтай жетістікке қол жеткізе алмаған, тек жоқты бар етіп, жалған идеологияларды ту етіп, «иесіне» қажет талдаулар мен болжамдарды жасап жүрген «орташа» ғалым.

Бұлардың барлығы дерлік шынайы, таза ниетпен саясатқа араласпайды. Ғылымды олар популистік мақсатта бүркемеленеді. Е. Кариннің «... бізде саяси ғылым әлдебір саяси идеологияның қолындағы, соның сөзін сөйлейтін, сойылын соғатын «ғылыми құралға» айналды. Көбінесе саясаттанушылардың қым-қуыт айтыстарының тасасынан ғылыми позициядан бұғып, саяси пиғыл деуге келетін аңсар байқалып қалады. Сол себепті газет бетіндегі, теледидардағы кейбір саясаттанушылардың пікір таласы көп жағдайда ғылыми ой-пікірдің

емес, ол нақты бір саяси идеологиялардың шайқас алаңына айналып жатады» – деген пікірімен келіспеске уәж жоқ. Осыдан халық арасында интеллектуалды элита өкілдеріне деген сенім азая түсуде. Сөзімізге дәлел ретінде нақтылы сауалнамаларға көз жүгіртелік.

Б. Бектұрғанова (АСиП президенті) қала тұрғындары арасында «интеллигенция халықтың мұң-мұқтажын білдіреді ме?» – деген сауалнамасынан байқауға болады. Сауалнамаға қатысқан 1914 қала тұрғындарының орта есеппен 6,9 % интеллигенцияны Қазақстан халықының қызығушылықтарын танытушы және мұң-мұқтаждарын білдіруші деп санаған. Респонденттердің 44,6 % тек кейбір өкілдерін ғана жатқызған. Ал респонденттердің 24,1 % ойынша интеллигенция бұл міндетті толық орындай алмауда десе, 23,6 % жауап беруге қиналады [6].

Респонденттерден он сегіз танымал интеллигенция өкілдерінің ішінен беделді және сыйлы дегенін таңдау ұсынылады. Берген жауаптарынан байқайтынымыз респонденттердің басым көпшілігі беделді және құрметті интеллектуалды элита өкілдері ретінде мәдениет, өнер, ғылым зиялыларына қарағанда қоғам қайраткерлерін жатқызады.

Қазақстандық зиялы қауым өкілдерінің ішінде бүкіл Қазақстан бойынша танымалдары өте аз. Тек өзі тұратын аймақта ғана көзге танымал. Бұл әрине ойландыратын жайт.

Бүгінгі күні интеллектуалды элитаның қоғамның саяси өмірінде орны мен рөлінің артуына, демократиялық үрдістердің акторларының біріне айналуына септігін тигізген үрдіс – ақпараттық-аналитикалық сараптама орталықтарының қызметіне деген сұраныстың артуы. Ағылшын тілді әдебиеттерде оларды (ағыл. *think tanks* – «фабрика мысли», «резервуар мысли») «ақыл фабрикасы» немесе «ақыл орталығы» («мозговые центры») деп атайды. Уэйк Форест университетінің профессоры Эндрю Рич, АҚШ-та ақыл орталықтарының дамуы бойынша диссертация қорғаған, ақыл орталықтары ретінде мемлекеттің саяси бағытын айқындаудағы бағдарламалар мен доктриналарды құрумен, оларды ғылыми сараптаумен айналысатын әрсалалы білікті мамандардан құралған орталықтарды көреді. Торонто университетінің профессоры Эверт Линдквест пікірінше «ақыл орталығы» деп қоғамда орын алған күрделі мәселелерді шешуге, саяси шешімдерге сараптама жүргізуге атсалысатын ғылыми-зерттеу, аналитикалық-сараптама орталықтарын айтады. Ал, американдық тарихшы Джеймс Смит оларға «американдық жоспарлау мен кеңес беру институтары» [7] деген анықтама береді.

«Ақыл фабрикасы» – атауының өзі оның әлеуметтік қызметін меңзейді: әлеуметтік саясатқа қолайлы идеяларды өндіру және итермелеу. «Фабрика» атауының болуы оның тоқтамсыз индустриялық түрде жұмыс жасауын білдіреді. «Ақыл орталығы» деп аталуы «ақылдың», білікті мамандардың, әр салалы ғалымдардың саяси мәселелерді талқылауға, құруға қатысуын білдіреді.

«Ақыл орталықтары» АҚШ-тың XX ғасырдағы негізгі саяси бағыты мен экономикалық стратегиясын қалыптастырып, оны бірнеше он жылдықтарға бұрын айқындап қойған болатын. Сондықтан алғашқы «ақыл орталықтарының» Отаны АҚШ еді. Ең алғашқы «ақыл орталығы» 1907 жылы құрылған Russell Sage Foundation (Расселл Сейдж атындағы қор) болып табылады. Осының негізінде бірнеше филантроптық ұйымдар көптеп құрыла бастайды: 1916 жылы Institute for Government Research, IGR (Институт изучения государственного управления);

1942 жылы Committee for Economic Development, CED (Комитет содействия экономическому развитию); 1943 жылы American Enterprise Association (Американская ассоциация предпринимательства); 1946 жылы RAND Corporation (научные исследования и разработки) және т.б. 2000 жылы әлемде 3000 астам білді зерттеу орталықтары тіркелген. Басым көпшілігі Америкада және Ұлыбританияда орналасқан.

Еуропада алғашқы зерттеу орталықтарының қалыптасу тарихы 1914 жылы Кильдік әлемдік экономика институтының (IfW) ашылуынан басталады. Араға бірнеше жылдар салып – Лондонда халықаралық қатынастар институты есігін ашады. Бүгінгі Еуропада 1000 жуық институттар жұмыс жасауда [8].

Ақпараттық-аналитикалық сараптама орталықтарының посткеңестік елдерде кеңдеп бой көтеруі оларды қоғамдық-саяси үрдістердегі орнын айқындады. Бір топ ресейлік зерттеушілер мұндай орталықтардың жаңару жағдайындағы мемлекеттің жүйесіне қажет тенденция ретінде қарайды. «Ақыл орталықтарының» қажет екендігін бәріде мойындайды. Осы саланы зерттеумен айналысып жүрген ресейлік зерттеушілер А. Сунгуров, М. Б. Горный, Д. Антонюк, Л. Боркин, О.Ч. Реут, А.С. Макарычев және т.б. интеллектуалдардың яғни аналитиктердің, сарапшылардың қызметі мемлекеттің саяси жүйесін айтарлықтай демократиялық етуде өз үлестерін қосуда екендігіне үлкен сенім білдіреді. Зерттеушілердің ортасында аталмыш орталықтардың болашағына күдікпен қарайтындары да жоқ емес.

Тәуелсіздіктің алғашқы жаңару үрдістерімен қатар біздің елде де, аналитикалық, кансалтингтік қызмет көрсететін «интеллектуалдардан» құралған әлеуметтік, саяси, экономикалық және стратегиялық орталықтар көптеп ашыла бастады. Мұндай орталықтардың құрылуының екі жақты себебі болды: саясаткерлер тарапынан және ғалымдар тарапынан. Біріншіден, ғалымдарға белгілі бір жаңа орталықты басқару арқылы дәрежесін көтеру мүмкіндігі болса. Саясаткер үшін ғылыми терминдермен, нақтылы дәлелдермен сөйлеу мүмкіндігін берді. Екіншіден, белгілі бір ғылым саласында белгісіз болып келген маман «саясаттанушы» немесе «әлеуметтанушы» эксперт, аналитик ретінде, болмашы істері арқылы атала алатын болды. Тіпті, өзіндік жобалар, қоғамның, мемлекеттің даму стратегияларын құруға дейін барды. Саясаткерлерде «саяси», «әлеуметтану» ғылымдар кандидаты дәрежесіне, көп жағдайда олда міндетті емес, қол жеткізсе болды, көсемсіп ғылыми кітаптар жаза бастайды. Үшіншіден, ғалымға да, саясаткерге де (негізінен ғалымға көбірек) үлкен саясатқа, қаржы көздеріне және БАҚ-на жол ашты. Енді ол жақсы ғалым болмасада орталықтың атынан оның зерттеу жұмыстарының нәтижелерін тілге тиек ету арқылы танымал болу мүмкіндігіне қол жеткізеді. «Бүгінгі саясаттанушы атағы ғылыми мәртебе емес, қызмет түрін немесе саясатқа әйтеуір қатысы бар кісінің әуейі әуесқойлығын білдіретін сәндік атауға айналды» – деп Е. Карин, тағыда дөп басып айтады.

Алайда, бұл бізде білікті аналитиктер немесе сауатты орталықтар жоқ дегеніміз емес. Қазақстан аналитикалық мектебін құруға, саясаттанушылар мен әлеуметтанушылардың және әр салалы эксперттердің қоғамдағы қызметінің артуына, оның сапа тұрғысынан жетілуіне атсалысып, өздеріде осы жолда еңбек етіп жүрген ел азаматтары баршылық. Олардың қатарына: Сәбит Жүсіповты (белгілі әлеуметтанушы, көпшілікпен мойындалған аналитик); Нұрлан Әмреқұловты; Ермұхан Ертісбаевты; Нұрболат Масановты; Петр Своикты; Марат Тажинды (Қазақстан аналитикасының қалыптасып, дамуына үлкен үлес қосқан); сонымен

қатар өздерінің сындарлы ойларымен танымал болған: Ғ. Есім, А. Бисенбаевты, С. Сейдумановты, Л. Тарақовты, М. Әшімбаевты, К. Сыроежкінді, С. Акимбековті, В. Василенконы, Е. Арынды, Е. Каринді, Е. Утембаевті, Б. Бектұрғанованы, С. Дувановты, Е. Жовтисті, А. Свиридовты, Б. Сұлтановты, Д. Сатпаевті және т.б. жатқызуға болады.

Эксперттік-аналитикалық орталықтардың көмегіне көптеген саяси элита, бизнес қауым өкілдері жүгінеді. Бүгінгі жаһанданған заманда мұндай орталықтардың міндеті де күн санап арта бермек. Бүгінгі зерттеушілер, осы саланың батпандай жүгін мойындарына артқан мамандар «ақыл орталықтарының» міндеттерін мынадан көреді:

- өткір мәселелерге қатысты түпкілікті зерттеулер жүргізу және осының негізінде мәселенің шешімін құрастыру;
- ағымдық саяси мәселелерге қатысты үкіметтік шенеуліктерге кеңес беру және бағдарлық мағұлыматтарды жасау;
- үкіметтік бағдарламаларды тәуелсіз сараптамадан өткізу;
- модератор қызметін атқарады (әртүрлі семинарларда, кездесулерде және т.с.с.);
- саясатта қажетсіз болып қалған немесе сайлауда өте алмаған саясаткерлер үшін екінші мүмкіндік қызметі;
- БАҚ саясат туралы және саяси оқиғалар жайында ақпарат беру.

Біздің пікірімізше, аталғандармен қатар «ақыл орталығының» мақсаты мен міндетіне – қоғамдық маңызы бар мәселерді шешуге жаңа идеялар мен жаңа адамдарды (интеллектуалдарды) тарту жатады. Сонымен қатар ел игілігі үшін қажетті шешімдерді даярлау, оларды жан-жақты сараптаудан өткізу. Басқаша айтқанда демократиялық жаңарулар төңірегінде «қара» халықты ойға шомылдыратын, дұрыс, әділетті жолға, белгілі бір бағытқа салатын. Ел-жұрт мүддесіне байланысты проблемаларды баспасөз беттерінде, басшылар алдында өткір қырынан қоя жұмыс жасау.

Ғылыми әдебиеттерде «ақыл орталықтарын» өндіретін өніміне, қаржылану көзіне, жалпы мақсаты мен міндетіне және қызметкерлерінің құрамы мен дәрежесіне сәйкес бірнеше түрге топтастырады. Ең кең тараған классификация бойынша «ақыл орталықтарын» 4 түрге бөледі:

- Академиялық (немесе студентсіз университеттер) — университет профессорлары мен дәрежелі ғалымдардан құралған орталық;
- Келсім-шарттық ғылыми-зерттеу орталықтары (Контрактные научно-исследовательские центры) — мемлекеттік немесе жекелеген мекемелердің тапсырыстарымен айналысатын және солардың ырықна қарай зерттеу бағытын өзгертетіндер;
- Пропагандалық немесе идеологияланған зерттеу орталықтары (advocacy tanks) — саяси қайраткерлердің, мемлекеттің идеологиясын, бағдарламасын, стратегиясын бұқара халық санасына орнықтыруға жағдай туғызумен айналысады;
- Партиялық — саяси партияның бағдарламасын немесе сайлау барысында бұқараның санасында жағымды бейнені қалыптастыруға жұмыс жасайтын партияның негіздеуімен құрылған шағын орталық. Бұл негізінен саяси технологтардан, имиджмейкерлерден, PR-мендерден және өзге мамандардан тұрады [9].

Қазақстанда да аналитикалық, эксперттік және т.с.с. зерттеу орталықтары баршылық. Алайда, олардың нақтылы санына қатысты мәлімет жоқтың қасы.

Тек, белгілі бір істері арқылы көзге түсіп жүргендерін ғана атай аламыз. Олардың басым көпшілігі Алматыда, Астанада, Қарағандыда орналасқан әр көлемді және әр бағытты зерттеу орталықтары. Олардың құрамы да, қаржылану көзінде бір текті емес. Тіпті, кейбірі атаулары мен мақсаттарын тез ауыстыруға бейім келеді. Зерттеу аспектілері Қазақстан қоғамының алуан түрлі салаларын қамтиды. Сол себепті, Отандық зерттеу орталықтарын келтірілген классификацияға сәйкес топтастырып ажырату жекелеген көлемді зерттеуді қажет етеді. Елімізде танымал саяси сараптау және консалтингтік орталықтарға мыналар жатады: Қазақстан әлеуметтанушылары мен саясаттанушыларының бірлестігі (АСиП) – 1995 жылы құрылған, президенті Бахытжамал Бектұрғанова; Ұлттық зерттеулер институты (ИНИ) – 2002 жылы құрылған, жетекшісі Б.Ж. Нұрмұхамедов; Консалтингтік зерттеу компаниясы «Ksilon Astana CG» – 2005 жылы құрылған; «Транспаренси Казахстан» Қоғамдық қоры – 1999 жылы құрылған, құрамы: Әлібеков Сайлаубек, Воронов Виталий, Жовтис Евгений, Злотников Сергей, Калеева Тамара, Тленчиева Гүлсара; Международный Институт Современной Политики – 2003 жылы құрылған, төрағасы Д.Н. Назарбаева; Актуальді зерттеулер орталығы «Альтернатива» – 2006 жылы құрылған. Орталық директоры А.Е. Чеботарев; Демократияны дамытудың орталықазияның қоры – 2003 жылы құрылған. Орталық директоры Е. Түкүмов; Группа оценки рисков (ARG) – 2002 жылы құрылған. Орталық директоры Досым Сатпаев; Центр Исследований и Мониторинг Экономики Казахстана – 2006 жылы құрылған. Орталық директоры Есентүгелов Арыстан Есентүгелович; Центрально-Азиатский институт развития – 2006 жылы құрылған. Орталық директоры Елена Овчинникова; Қазақстан Республикасы президенті жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институты – директоры Б. Сұлтанов.

Қазақстандағы саяси консалтингті зерттеуде үлкен үлес қосқан зерттеуші Н. Сахановтың пікірінше Отандық «ақыл» орталықтарының сапалы дамуында мыналар жетіспейді:

- кәсіби менеджмент;
- білікті аналитиктер;
- күшті ресурстық база [10].

Біздің пікірімізше мәселе тек «ақыл» орталықтарында ғана емес, сонымен қатар биліктің бұл салағы тиісінше көңіл бөлмеуі және дұрыс бағаламауы. Жоғарыда келтірілген орталықтардың әлеуметтік-саяси зерттеулері мен саяси болжамдарына билік құлақ асып, жан-жақты сараптау-саралау негізінде шешімдер қабылдағанда, қоғамдағы көптеген келеңсіз жәйттердің қатары аз болар ма еді?

Қорыта келе мынадай ой түйуге болады:

1) Интеллектуалды элита ХХІ ғасырға бет бұрған кез-келген мемлекеттің негізгі тірегі, қоғамдағы саяси, экономикалық үрдістердің негізгі қозғаушы (интеллектуалды) күші екендігі белгілі. Сондықтан, біздің пікірімізше интеллектуалды элита саяси үрдістердің негізгі саяси субъектілерінің қатарына жатқызуға болатын әлеуметтік топтардың қатарында.

2) Қазақстан Республикасының саяси жүйесін демократияландыру ісінің тиімділігі интеллектуалды элита рөлінің қоғамда тиімді жүзеге асуына байланысты. Себебі, қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық және саяси-рухани өзгерістер мен жаңарулардың қозғаушысы да, оны іске асырушы да интеллектуалды элита болып табылады.

3) Бүгінгі қоғамда саяси эксперттердің, кеңесшілердің, саясаттанушылардың, әлеуметтанушылардың, әр салалы аналитиктердің қатарының артуы заңды құбылыс. Бұл қоғамдағы әр салалы аналитикалық білімге деген қажеттіліктен туындап отыр. Және де, билік бір пікірге емес, бірнеше тәуелсіз «ақыл» орталықтарының пікіріне сүйене отырып шешім қабылдайтын болса саясаттағы «сапасыз» шешімдердің саны әлде қайда төменірек болар еді. Сондықтан, билік пен «ақыл орталықтарының» арасындағы байланысты жүйелі жолға қою қажет.

4) Демократиялық мемлекет құру Елбасының немесе жекелеген әлеуметтік топтың ғана міндеті емес, көпшілік болып жұмылғанда азаматтық қоғам принциптеріне жақындай түсеміз. Сондықтан қоғамның бүкілдерлік саяси субъектілері жұмыла жұмыс жасаулары қажет.

Сонымен, жоғарыда айтылғандарды түйіндей келе интеллектуалды элитаны бүгінгі демократиялық үрдістердің субъектісі және болашақта «акторына» айналарлықтай мүмкіндігі бар екендігі сөзсіз. Осыған орай, саясаттың субъектісі ретіндегі, бүгінгі Қазақстанның интеллектуалды элитасының алдында тұрған мәселе – өз Отанына азаматтық-мемлекеттік тұрғыдан қызмет ету және осы қызметтің шеңберінде елдің рухани және материалдық ресурстарын сақтау, дамыту, ұлғайту болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Макарычев А. Система внешнеполитического планирования и анализа: опыт США 70-90-х годов // Мировая экономика и международные отношения. – 1994. – №12. – С. 40-50.
2. Юревич А.В. Ученые в политике // Политические исследования. – 1999. – №2. – С. 81-97.
3. Ушакин С.А. Функциональная интеллигентность // Политические исследования. – 1998. – № 1. – С. 8-22.
4. Дженкинс-Смит Х. Стадийный подход к анализу политического процесса // Публичная политика: от теории к практике. / Сост. и науч. ред. Н.Ю. Данилова, О.Ю. Гурова, Н.Г. Жидкова. – СПб.: Алетейя, 2008. – 356 с. – С. 75-94.
5. Макарычев А.С. Ученые и политическая власть // <http://www.polisci.nsc.ru/bibl/makar.php?PHPSESSID=eb396dabf6dad21e2b0c73e732f0ded2>
6. Бектурганова Б. В Казахстане лишь отдельные представители интеллигенции выражают чаяния народа // <http://zonakz.net/articles/1994>
7. Эндрю Рич. Пропандисты и аналитики: «мозговые центры» и политизация экспертов <http://www.carnegie.ru/ru/pubs/procontra/68999.htm>; Хвостунова О. Экспертные сообщества и проблемы публичного политического дискурса в современных СМИ // <http://www.nordicmedia.ru/finrusprojectfiles/Hvostunova.htm>
8. Улахович В. Экспертное обеспечение внешнеполитических решений // http://evolutio.info/index.php?option=com_content&task=view&id=1012&Itemid=215
9. Горный М. Б. Фабрики мысли и центры публичной политики в конце XX - начале XXI веков // http://www.strategy-spb.ru/portal/files/m._b._gornyi.doc; Рич Э., Уивер К. Пропандисты и аналитики: «мозговые центры» и политизация экспертов // Pro et Contra. – 2003. – №2. – Том 8.
10. Саханов Н. Политический консалтинг в Казахстане // <http://zonakz.net/articles/11897>

Мемлекет болашағы – бүгінгі жастар саясатына тәуелді

Рауан КЕМЕРБАЕВ,
ҚР Білім және ғылым министрлігінің сарапшысы

Казақстанның болашақта әлемдік қауымдастықта тұғыры берік бәсекеге қабілетті мемлекет ретінде орнығуы бүгінгі жас ұрпақтың парасаттылығы мен патриоттық сезімінің жоғарылығына байланысты болмақ. Сонымен бірге қазіргі таңдағы мемлекеттік жастар саясатының бағыт-бағдары мен іс-әрекетіне де тәуелді екендігі анық.

Қазақстан Республикасы Конституциясының I бөлімінің 1-бабында Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары [1] – деп аталып өткендей, мемлекет халықтың әлауқатын арттыру, өмір сүру жағдайын көтеру бағытында кепілдік береді. Сонымен қатар, еліміздің бас құжаты «Қазақстан-2030» стратегиялық даму бағдарламасында да әлеуметтік саясат ерекше басымдық ретінде қарастырылған [2].

Мемлекеттік әлеуметтік саясаттың бір аспектісі – мемлекеттің әлеуметтік жастар саясатын қалыптастыру. Демек мемлекет жас азаматтардың қажеттіліктерін қанағаттандыруда, мұң-мұқтажын жоқтап, олардың экономикалық-әлеуметтік және рухани мәселелерін шешуде мүмкіндігінше іс-әрекет жасауда.

Болашағын ойлаған қазіргі Қазақстан Үкіметі, жалпы мемлекет жастарға халықтың зерделі тобы және үлкен демографиялық күш ретінде қарайды. Өйткені жастар қоғамның әр түрлі салаларында жүріп жатқан өзгерістерге үлкенді-кішілі ықпал етуші электорат.

Осы басымдықтарды алдыға қойған Қазақстандық жастар саясатының мақсаты да жастардың жан-жақты дамуына, белсенділігін арттыруына, шығармашылық қабілетін жетілдіруіне жағдай жасау, жастарды әлеуметтік жағынан қорғайтын қоғамдық және мемлекеттік институттардың үйлесімді жұмысын қамтамасыз етуде біршама жұмыстар атқаруда.

Қазіргі экономикалық дағдарыс кезінде еліміздегі жастар арасында әлеуметтік теңсіздікті болдырмау мақсатында Мемлекет басшысы мемлекетіміздегі тұрғылықты халықтың үштен бірін құрайтын жастарға ерекше көңіл бөлуде. Әлемдік дағдарыс салдарынан көптеген отбасылардың білім нәрімен сусындап жатқан студенттердің оқу құнын төлей алмай қиналғаны белгілі. Осы қиындықтарды дер кезінде ескерген Үкімет жоғары оқу орындарының ақылы негізде оқитын үшінші және одан кейінгі курстарының оқу үздіктеріне қосымша білім беру гранттарын бөлді.

Сонымен қатар, Мемлекет басшысының тапсырмасымен «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамы студенттерге қолдау көрсету үшін әлеуметтік жағынан аз қамтылған және үздік оқитын студенттерге жеңілдетілген несие беруді қолға алды.

Елбасы Н. Назарбаев «Жас Отан» жастар қанатының І-ші съезінде «Жастар саясатының аса маңызды міндеті толымды да бәсекеге қабілетті тұлғаны – «болашақ қазақстандықты» тәрбиелеу болуға тиіс. Мен өзімнен ол, «болашақ қазақстандық» қандай болады деп жиі сұраймын. Бүгін, сендерге қарап тұрып, мен оны көремін. Оның көздері жаңа білімге құмарлықтан жанып тұруы тиіс. Оның ақыл-ойы ең күрделі міндеттерді шешу үшін ұшқыр болуы тиіс. Оның жүрегі Отанға деген қалтқысыз сүйіспеншіліктен алаулап тұруы тиіс. Ол салауатты, жинақы және мықты болуы тиіс. Сендердің әрқайсыларың ынталана оқып, жаңа білімдерді игерсендер, бұл ретте үздіксіз өмір бойы оқып, өзін-өзі дамытумен айналыссаңдар міндетті түрде бәсекеге қабілетті боласыңдар» – деп еліміздің жастарына үлкен үміт артқан болатын [3].

Жастар – мемлекетіміздің әлеуметтік-демографиялық тобы, мемлекетіміздің болашағы. Яғни, қазіргі жастарымыздың білікті де, сапалы білім алуы мемлекет үшін аса жауапты мәселе. Демек, әлемнің озық білім нәрімен сусындаған, жаңа техника мен технологияларды игерген креативті жастарға мемлекет аса зәру. Сол себептен, Мемлекет басшысының тапсырмасымен Техникалық және кәсіптік білімді дамытудың мемлекеттік бағдарламасы қабылданды. Осы мақсатта Қазақстан жоғары білікті кадрларды әзірлеуде жыл сайын жоғары және кәсіптік мамандарды даярлауға мемлекеттік білім беру грантын ұлғайтуда. Сонымен қатар, жыл сайын «Болашақ» бағдарламасы аясында қаншама студенттер мен жас мамандар шет елдердің озық технологиясы мен ғылымын игеруге мүмкіндік алуда. Бүгінде әлемнің озық университеттерінде осы бағдарлама аясында және өз мүмкіндіктеріне қарай 35 мыңға жуық жас қазақстандық білімін жетілдіруде.

Болашақта алыс шет елге бармай-ақ өз мемлекетімізде әлемдік деңгейде білім нәрімен сусындатын оқу ордасы Астанада ашылатын болады. Бұл жөнінде Мемлекет басшысы Н. Назарбаев ғылым және ғылыми саясат жөніндегі кеңестің отырысында «Астанада жаңа университетті құру – бұл біздің мемлекеттің дамуына, көптеген қазақстандықтардың және көптеген буындардың сана-сезіміне жаһандық ықпал ететін маңызды ұлттық жоба. Астананың жаңа университеті қазақстандық бірегейлікті, халықаралық ең таңдаулы білім беру моделін, ғылыми тәжірибені үйлестіретін ұлттық бренд ретінде құрылуы тиіс», деді [5].

Қазақстан Республикасындағы тұрғын үй құрылысының 2008-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында «Жас отбасы» санатына басымдық берілген. Жалға берілетін тұрғын үй құрылысын дамытуда жастарды тұрғын үймен қамтамасыз ету мемлекеттік жастар саясатын іске асырудың сұранысқа ие, әрі тиімді тетігі болуы тиіс.

Мемлекет ғылымға ден қойған студенттер мен өскелең ұрпаққа өзінің қамқорлығын көрсетуде. Мәселен, Мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаев әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың 75 жылдық мерейтойында оқыған дәрісінде «Қазақстанға біздің ұлтымыздың әлеуетін оятуға және жүзеге асыруға жағдай жасайтын интеллектуалды төңкеріс қажет» [4] екендігін жария етіп жастарды ғылыммен айналысуға шақырды. Ұлттың интеллектуалдық әлеуетін дамыту мақсатында Үкімет әр өңірлерде «100 мектеп және 100 аурухана» салуда, сонымен бірге талантты балалар оқитын Интеллектуалдық мектептер жұмысын бастап та кетті.

Сонымен қатар, ауыл жастарының қордаланған мәселелерін шешуде «Ауыл жастары» бағдарламасы үкімет тарапынан қолдау тауып, бекітілді. Республика көлемінде «Дипломмен ауылға» жобасы іске асырылуда. Бұл жоба өз кезегін-

де ауылдық жерлерде маман тапшылығын шешуге ықпал етсе, екіншіден жас мамандардың әлеуметтік мәселесін шешу болып табылады.

Мемлекет жастар проблемаларын шешуде әлеуметтік жағынан қолдауда кешенді түрде бірқатар бағдарламаларды қабылдап, қолдау көрсетуде. Айталық, студенттер «Жасыл ел» мен студенттік құрылыс жасақтарында жазғы демалыстарын тиімді пайдаланып еңбек етсе, бір жағынан елімізді абаттандырып, жердің көркеюіне өз үлестерін қосуда.

Мемлекет – өз бетінше жұмысқа орналаса алмаған бастауыш, орта және жоғары кәсіби оқу орындарын бітірген түлектерді жұмысқа орналастыруға жәрдемдесетін «Жастар практикасы» бағдарламасын жүзеге асыруда. Яғни, жұмыссыз жастар мемлекеттік органдарда, кәсіпорындарда және жеке ұйымдарда қажетті білім мен тәжірибе жинақтау мақсатында уақытша жұмыс істеуіне мүмкіндік алды. Одан әрі өз біліктілігі мен білімін көрсете білген жастар осы жұмыс орындарында тұрақты жұмысқа орналасуына да болады.

Сонымен бірге республика көлемінде еліміздегі 250-ден астам жастар ұйымдарын топтастырған Қазақстанның жастар конгресі біршама іс-шараларды атқаруда. «Нұр Отан» халықтық демократиялық партиясының «Жас Отан» жастар қанаты да маңызды бастамаларды қолға алып отыр. Мәселен, жастарды мемлекеттік басқару жүйесіне тарту бағытында «Жас Отан» жастар қанаты жастардың кадр резервін дайындауды қолға алуда. Демек, болашақ мемлекет басқарушы жастарды мемлекеттік қызметке даярлау мемлекет үшін маңызды болмақ.

Шығармашыл жастарды қолдауда «Дарын», «Жас қанат», «Жыл мұғалімі», «Жас ғалымдар кеңесі» және т.б. іс-шаралар, байқаулар ұйымдастырылып, талантты балалардың бастамаларын ынталандыруда атаулы жеңілдіктер мен стипендиялар тағайындалуда, үкіметтік емес ұйымдар да дарынды балалардың қабілетін жетілдіріп, өз мүмкіншіліктеріне қарай әртүрлі жобаларды жүзеге асыруда (ЮНИСЕФ «Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің Қоры», «Аялы алақан» және т.б.).

Жастар ұйымдары еліміздің әлеуметтік секторында белсенділік танытып, мемлекеттік тапсырыспен әлеуметтік жобаларды жүзеге асыруда. Мәселен нашақорлықпен күрес, СПИД, темекі шегуге қарсы акция, конференция, дөңгелек үстел т.б. ұйымдастырып, салауатты өмір салтын насихаттауда.

Бұл бір жолғы іс-шаралар қоғам тарапынан қолдау таппай, бірден ұмытылып, идеологиялық маңызы жоғалып, көпшіліктің сынына ұшырауда. Сондықтанда жастар бір жолғы науқаншылықтан арылып, әр іс-шараның өзектілігі мен маңыздылығына мән беріп, кешенді түрде нәтиже беретін мазмұнды шараларды ұйымдастырған жөн болар. Соның ішінде, жастар соңғы уақытта қоғамда өзекті мәселеге айналған сыбайлас жемқорлық пен оқу орындарындағы парақорлықпен күресуде белсенділік танытуы тиіс.

Өскелең ұрпақтың арасында салауатты өмір салтын насихаттауда және Қысқы Азия ойындарының елімізде өткізілуі жастардың спортқа деген құштарлығын тудырады деп айтуға болады. Айталық, Орта Азияда теңдесі жоқ 30 мың жанкүйерді сиғызатын жабық үлгідегі стадион қолданысқа берілуі жастардың спортпен айналысуына стимул болатын маңызды жоба болмақ.

Мемлекет басшысы Астана қаласының даму барысымен танысу кезінде қаладағы спорт кешендерінің қызмет көрсету құнының қымбаттығына байланысты және оны студент жастардың қалтасы көтермеуін қатаң сынға алған

болатын [6]. Республика көлемінде салауатты өмір салтын насихаттап, ұлттық және бұқаралық спорт түрлерін дамытуда Елбасының сын ескертпелері жастар ұйымдарына серпін беріп, намысын қайраса құба құп болар еді.

Елдің ертеңі болар жастардың әлеуметтік мәселелерін шешу үшін Президент жанынан жастар саясаты жөнінде арнаулы Кеңес құрылып, оған республиканың жастар ұйымдарының көшбасшылары мен белсенді жастар мүшелікке енгізілген. Шын мәнінде елдегі жастар саясатын үйлестіретін, жастар арасындағы ахуалға талдау жасап, Мемлекет басшысына практикалық ұсыныстар әзірлейтін Кеңестің жұмысы нәтижелі болмай тұр.

Соңғы уақытта жастардың саяси белсенділігін арттыратын нақты мазмұнды да мағыналы шараларды іске асыру жеткіліксіз деңгейде. Елдегі прогрессивті жастардың энергиясын, күш-жігерін тиімді жұмылдыруда әлі де жетіспеушілік байқалады.

Жастардың басым көпшілігі мемлекеттік органдарда жұмыс істеуге құлшыныс білдірмейді. Оған себеп, мемлекеттік қызметтегі жас мамандардың жалақысының төмен деңгейі және әлеуметтік пакеттің болмауы. Көптеген жастардың ұстанымы жылдам материалдық байлыққа кенелу. Сондықтан болар, олардың басым көпшілігі экономикалық мамандықты таңдап, қаржылық секторда қызмет жасағысы келеді.

Қазіргі таңда көптеген жастар моральдық-өнегелілік дағдарысты басынан кешіруде. Моральдық-өнегелілік құндылықтарды жоғалтудың бір себебі қазіргі жастардың саяси өмірге ат үсті қарауы, мемлекеттегі кез-келген саяси-экономикалық үрдістерді бар ынтамен қабылдамауы. Екіншіден қазіргі жастардың идеалы болатын өзіндік қабілетімен биік мансапқа жеткен, өзінің артынан ерте алатын харизматикалық тұлғалардың аздығы.

Әлеуметтен тыс қалған, яғни өмірдің қиын жағдайына душар болған жастарды әлеуметтендіру мәселесі әлі де болса төмен деңгейде. Кәмелет жасқа толмаған, ішімдікке, есірткіге тәуелді тәрбиесі қиын жас өспірімдер мен мүгедек жастар қоғамнан тыс қалуда. Бұл жерде тәуекелге бейім жас өспірімдердің әлеуметтік жағдайына қол ұшын берумен айналысатын осы салаға бейім үкіметтік емес ұйымдардың жұмысын жандандырып, құқықтық, психологиялық, дағдарыс орталықтарын ашу өз кезегінде нәтижелі болар еді. Ал, қылмысы үшін жазасын өтеп шыққан жастардың жұмысқа орналасып, адам қатарына қосылып кетуін қадағалайтын ұйым жоқтың қасы. Сол себептен көптеген қылмыскерлер, қоғамнан өз орнын таппағандықтан, қайтадан қылмыс жасауға мәжбүр. Оларға арнайы тренингтер өткізіп, «еңбек рыногына» белгілі бір мамандықтың иесі болуына қолдау жөнінде кешенді іс-шараларды қабылдау қажет.

Тағдырдың жазуымен мүгедек атанған жастардың мәселесімен мақсатты түрде айналысып, қордаланған әлеуметтік мәселелерін шешетін ұйымдар саусақпен санарлық. Олардың ішінде өзіндік ерекше қабілеті және дарындылығымен қоғамға пайдасы тиетін жас азаматтар баршылық. Алайда, кешенді түрде қоғамның толыққанды азаматы болып қалыптасуы және олардың ресурстарын тиімді пайдаланудың механизімі әлі қалыптаспаған.

Тәуелсіз Қазақстанның ұлттық құндылықтарды жоғары қоятын, мемлекетшіл «Жаңа элитаны» тәрбиелеу күн тәртібіндегі мәселе болуы тиіс. Ең алдымен талантты жастардың қабілетін ашатын арнайы басымдылық берілген жүйе қалыптастырып «әлеуметтік лифт» жүйесін қолдау тиімді болар еді. Оған еліміз-

дегі интеллектуалдық мектептер мен Астанада ашылатын жаңа университет үлгі бола алады. Ондағы әр оқушының бойында көшбасшылық, өнер тапқыштық, ғылыми, креативтік ерекше қасиеттерімен конкурс арқылы қабылдау мемлекет үшін маңызды болмақ.

Білім беру жүйесінде жас өспірімдерді қазіргі заманның технологиясы мен инновациясын үйрететін пәндер, арнайы үйірмелер жеткіліксіз. Сол себептен халықаралық деңгейде мақтана алатын ноу-хаудың шықпауы соның салдарынан деп түсінуге болады. Сондықтанда баланы жасынан техникаға, конструктор құрауға дағдыландырып, техникалық бейіндегі үйірмелер ашуға қолдау көрсеткен жөн. Жас ғалымдар арасында іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулер жүргізуге берілетін гранттар мөлшерін көбейтіп, еңбек жалақысын жоғары қою қажет. Олардың қаржылық сауаттылығын ашып, экономикалық мәдениетін көтеретін, бизнес жобаларды жасауға дағдыландыру қажет.

Мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаев әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың 75 жылдық мерейтойында «Қазақстан дағдарыстан кейінгі кезеңде: болашаққа қарай интеллектуалды серпін» атты тақырыпта оқыған дәрісінде жастарға «Елінді сүйе білсең, жан аямай қызмет ете білсең, елің де сені алақанға салып аялай біледі. Осыны ұмытпаңдар. Туған елдеріңнің игілігі үшін жанкешті қайрат қылып, Қазақстанның мақтанышы болуға» үндеу тастады. Яғни, Қазақстанның әрбір жас азаматы өз елін мақтан ететін нағыз патриот болуы тиіс деген сөз.

Еліміздің болашағы жастар саясатына мемлекет тарапынан жасалып жатқан оң бастамалар жастарды әлеуметтік жағынан қолдауға арналған іс-шаралар өз кезегінде нәтижелі болады деп санаймыз. «Өзге елде ұлтан болғанша, өз елінде сұлтан бол» – деген қағиданы санасында берік ұстаған өскелең ұрпақ ел сенімін ақтайтындығына кәміл сенеміз.

Жастар саясатын қолдап, оның мән маңызын арттыру Қазақстан мемлекетінің қазіргі және болашақ тағдыры үшін өмірлік маңызы бар бірінші кезектегі саясат. Яғни, мемлекет болашағы, оның қазіргі жасап жатқан саясатына тәуелді екенін естен шығармауымыз керек. Бүгінгі жас өспірім ертеңгі еңселі елдің, жердің иесі, мемлекетті басқаруға келетін тұлғалар. Демек, мемлекеттің тәуелсіздігі мен егемендігінің баянды ел болуы немесе болмауы мемлекеттің бүгінгі жастарға деген көзқарасына тікелей байланысты болмақ.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. «Елорда» баспасы, 2008 жыл.
2. Қазақстан-2030 стратегиясы
3. Мемлекет басшысы Н. Назарбаевтың «Жас Отан» жастар қанатының І-ші съезінде сөйлеген сөзі //Егеменді Қазақстан. 2008 жылғы мамырдың 16-сы.
4. Мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаев әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің 75 жылдық мерейтойында «Қазақстан дағдарыстан кейінгі кезеңде: болашаққа қарай интеллектуалды серпін» атты тақырыпта оқыған дәрісі //5 қазан 2009 жыл, Алматы
5. Мемлекет басшысы Н. Назарбаев ғылым және ғылыми саясат жөніндегі кеңестің отырысы (Ақорда, 5 қыркүйек 2009 жыл)
6. Мемлекет басшысы Астана қаласының даму барысымен танысу кезінде //Астана әкімдігі, 5 қазан 2009 жыл)

Денсаулық сақтау саласын нарықтық қатынастар субъектісіне айналдырудың негізгі бағыттары

Гүлашар ДОСКЕЕВА,
«Тұран» университетінің «Қаржы» кафедрасының доценті,
экономика ғылымдарының кандидаты

Денсаулық сақтау саласының кез-келген қаржыландыру және басқару нысанында (сақтандыру, бюджеттік-сақтандыру, жеке меншік, бюджеттік) бұл салада толыққанды нарықтық қатынастар құру мүмкін емес. Экономиканың басқа салаларында еркін жұмыс істейтін қарапайым нарықтық қатынастар бұл салада нарықтың толық жетілмегендігінен жүзеге асырыла алмайды, өйткені денсаулық сақтау қоғамдық шаруашылықтың саласы ретінде нарықтық механизмнің қызметін бұзатын бірнеше сипатқа ие.

Біріншіден, денсаулық сақтауда қажетті медициналық қызметтерді тұтынудың көлемі мен деңгейі тек қана тұтынушының төлем қабілеттілік деңгейімен анықталмайды. Бұл, ең бірінші, әлемнің көптеген мемлекеттерінде тегін көрсетілетін жедел медициналық жәрдем жүйесіне қатысты. Сондай-ақ, жеке табыс деңгейі мен медициналық көмекті тұтыну деңгейінің арасында кері байланыс бар екені дәлелденген. Оған мысал ретінде Ұлыбританиядағы денсаулық сақтау саласының ресурстарының 50 %-ға жуығын халықтың 10 %-ын құрайтын өте кедей отбасылар тұтынатынын айтуға болады [1].

Сондай-ақ, халықты медициналық қызметтерді тұтынуда бірдей мүмкіндіктермен қамтамасыз ету үшін денсаулық сақтау саласының бюджетін қайта бөлудің қажеттілігі пайда болады (ол тек мемлекеттік реттеу жағдайында ғана мүмкін болады), яғни саланың қызметтеріне неғұрлым мұқтаж топтарды (балалар, қарт адамдар, созылмалы аурулары бар науқас адамдар, мүгедектер, табыс деңгейі төмен топтар т.б.) медициналық көмекпен қамтамасыз ету үшін қоғамдық ауызбіршілік (сау адам ауру үшін, бай адам кедей үшін, жас адам қарт адам үшін төлеу) қағидаты жұмыс істеу керек. Алайда, бұл жағдайда нарықтық баға белгілеу заңдылығы бұзылады, өйткені бұл кезде емдеу шығындары төлеуге қабілетті топтарға аударылады.

Екіншіден, медициналық қызметтерді тұтынушы қажетті медициналық көмектің көлемі мен сапасын анық бағалай алмайды (арнайы білімі болмағандықтан және ауырған кезде физикалық, психикалық жағдайы сәйкес келмегендіктен). Басқа нарықтардан айырмашылығы, денсаулық сақтауда көрсетілетін медициналық қызметтердің көлемі мен деңгейін тұтынушы емес, өндіруші, яғни дәрігер анықтайды. Дәрігерлер бір мезгілде медициналық қызметтердің өндірушісі және көрсетілетін медициналық қызметтердің көлемін, сапасын, кей жағдайда құнын анықтайтын пациенттердің агентінің қызметін атқарады. Нәтижесінде дәрігерлер мен пациенттердің медициналық және экономикалық мүдделері арасында шиеленіс пайда болады. Медициналық қызметкерлер мен пациенттердің мүдделерінің ассиметриясы нарықтағы қарапайым ұсыныс пен сұраныс заңдылығының, яғни

денсаулық сақтау саласындағы нарықтық механизмнің қызметінің бұзылуына алып келеді.

Үшіншіден, медициналық қызметтердің бір бөлігі (санитарлық-гигиеналық, эпидемияға қарсы, профилактикалық және т.б.) қоғамдық тауарлардың қасиеттеріне ие, яғни жеке тұтыну тауарларына қарағанда олар ұйымдық тұтыну объектілеріне жатады және көп жағдайда нақты бір адамға бағытталмайды. Мұндай жағдайда ресурстарды бөлу тек қана төлеуге қабілетті сұраныс пен кәсіпкерлік мотивтердің негізінде қоғамдық қажеттілікті қанағаттандыра алмайды, өйткені мұндай медициналық қызметті көрсетушілерге арнайы мемлекеттік дотациялар қажет немесе санитарлық-эпидемияға қарсы және профилактикалық мекемелердің арнайы мемлекеттік желілерін ашу керек.

Жоғарыда аталған себептердің барлығы және денсаулық сақтау саласындағы нарықтық қатынастардың ерекшеліктері мемлекеттік қаржыландыру моделі кезінде және саланы басқаруда нарықтық механизмдердің мүмкіндіктерінің шектелуі жағдайында медициналық қызметтер нарығын қалыптастырудың мүмкін еместігін көрсетеді.

Бүгінгі күні медициналық қызметтер нарығының өзекті мәселелерінің көпшілігі «көлеңкелі» экономикаға тіреледі. Елімізде дәрігерлерге, орта және кіші медициналық персоналдарға медициналық қызметтердің құнын тікелей төлеумен сипатталатын медициналық қызметтердің «жарияланбаған» нарығының бар екені жаңалық емес. Мұндай жағдайларда пациенттер медициналық көмек үшін 2 рет төлейді: бірінші рет – мемлекетке салық немесе әлеуметтік сақтандыру төлемдерін төлеген кезде (біздің елімізде – әлеуметтік салық), екінші рет – медициналық персоналға тікелей төлеген кезде. Медициналық қызметтердің көлеңкелі нарығының болуы денсаулық сақтау саласында нарықтық қатынастардың мүмкін екенін және бұл қатынастардың заңды түрде саланы басқаруда қолданылуы керектігін дәлелдейді. Тағы бір айта кететін мәселе медициналық қызметтердің көлеңкелі нарығы көп жағдайда медициналық сақтандыру немесе ақылы медицина жүйесіне қарағанда денсаулық сақтауды мемлекеттік басқару жүйесінде көбірек дамиды.

Әрине, саланы басқарудың нарықтық механизмдері дұрыс жұмыс істеу үшін денсаулық сақтау ұйымдары (мемлекеттік те, жеке меншік те) арасында мемлекеттік органдардың медициналық қызметтердің белгіленген көлемі мен сапасын қаржыландыруға бөлген қаражаттарын алу үшін еркін бәсекелестік болуы керек. Мұндай жағдайда бәсекелестік емдеу мекемелері мемлекетке орынды бағаға жоғары сапалы медициналық қызметтер ұсынуға мүдделі болады. Бәсекелестік ортада пациент те дәрігер мен емдеу мекемесін таңдаудың еркін құқығына ие болып, мемлекет сияқты ол да орынды бағаға жоғары сапалы медициналық қызмет көрсететін емдеу мекемесімен келісім шарт жасауға тырысады.

Бәсекелестік ортаның шарттарын қалыптастыру және денсаулық сақтаудағы бәсекеге қабілеттілік механизмдерін енгізу бүгінгі күнгі саланың қалыптасуы мен жаңа экономикалық (нарықтық) қатынастарды дамыту кезінде емдеу-профилактикалық мекемелері мен медицина тәжірибесі үшін өзектілігі өте жоғары болып табылады.

Емдеу-профилактикалық мекемелерінде бәсекеге қабілеттілікті қалыптастыру үшін мемлекеттік реттеу деңгейінде әкімшілік-басқару және ұйымдастыру шараларын жүзеге асыру арқылы қажетті зерттеу, экономикалық және ақпараттық тапсырмаларды шешу қажет.

Емдеу-профилактикалық мекемесінің бәсекелестікке еркін қатысатын медициналық қызметтер нарығының субъектісі роліндегі құрылымдық-функционалдық моделі бұл ұйымды бәсекеге қабілеттілігі жағынан сипаттайтын элементтерді қамтуы керек. Бәсекелік ортадан тыс өмір сүретін емдеу-профилактикалық мекемесі медициналық қызметтерді жүзеге асыра отырып,

табысты қызмет етуі мүмкін. Алайда, нарықтық ортадағы спецификалық экономикалық қатынастар бұл ортада жұмыс істейтін субъектілерден сапалы жаңа байланыстар мен маркетингтік сипатқа ие болуды талап етеді. Медициналық мекеме еркін нарықтық қатынастар субъектісі ретінде дамыған бәсекелестік жағдайында мұндай экономикалық атауға құрылымы жағынан да, қызметі жағынан да дайын болуы керек.

Емдеу мекемелерінің нарықтық мәні дегеніміз – емдеу-профилактикалық мекемесінің өз қызметін нарықтық қатынастар алаңында бәсекеге қабілеттілік деңгейіне ие бола отырып жоғары тиімділікпен жүзеге асыруға бағытталған құрылымдық-функционалдық жағдайын айтамыз. Ал нарықтық экономиканың «бәсекелестік», «бәсекеге қабілеттілік» сияқты ұғымдарсыз жұмыс істеуі мүмкін емес. Еліміздегі емдеу мекемелерінің бәсекеге қабілеттілік деңгейінің төмендігін төмендегі факторлармен түсіндіруге болады:

- медициналық қызметтер нарығының эволюциялық жолмен қалыптасуы;
- медицина мекемелерінің басым көпшілігінің меншіктің консервативті нысанында болуы, денсаулық сақтау жүйесіндегі шағын кәсіпкерліктің қалыптасуы мен дамуының баяулығы;
- денсаулық сақтау жүйесінде ұйымдастыру-техникалық және экономикалық басқару проблемалары мен мемлекет пен қоғамның дамуының жаңа экономикалық жағдайында қызмет ететін емдеу мекемелерінің мәселелерін сауатты түрде шешетін менеджерлердің жетіспеуі;
- медициналық қызметтер нарығының қалыптасуы жағдайында емдеу мекемелерінің қызметін жоспарлаудың, жүйелік талдаудың, оптимизациялаудың әдістерінің қажетті деңгейде жүзеге асырылмауы;
- медициналық мекемелерде медициналық көмектің сапасын үнемі жоғарылатып отыратын қазіргі заманғы механизмдердің, әдістер мен нысандардың енгізілуін қамтамасыз ететін басқару шешімдерінің жүзеге асырылмауы.

Жоғарыда аталған факторлар отандық денсаулық сақтау саласының қазіргі жағдайында медициналық қызметтердің сапасын жоғарылататын негізгі механизм- бәсекелестікті жүзеге асыратын субъектілер арасындағы нағыз нарықтық қатынастардың жетілмегендігін және негізгі жүйелік құрылымның дамымағандығын көрсетеді.

Сонымен, денсаулық сақтау мекемелерін нарықтық қатынастардың белсенді субъектісіне айналдырудың негізгі шарты – бұл саладағы еркін бәсекелік ортаны дамыту. Бәсекелестік – бұл медициналық қызметтер нарығының өмір сүру қабілеттілігін қамтамасыз ететін объективті және қажетті ішкі механизм болып табылады. Сөйте тұра денсаулық сақтау нарығындағы бәсекелестік қарама-қайшылығы мол және біртекті емес. Денсаулық сақтаудағы бәсекелестіктің қалыптасуы кезінде пайда болатын негізгі қарама-қайшылықтарға төмендегілерді жатқызуға болады:

- денсаулық сақтаудағы ынталандыру жүйесі мен бәсекелестік заңдылықтары арасындағы қарама-қайшылық (ұсыныс көп болған жағдайда да медициналық қызметтерге жоғары бағаның сақталуы);
- қымбат бағалы медициналық технологиялар мен медициналық көмек алудың жалпыға бірдей қағидатының арасындағы қарама-қайшылық;
- медициналық еңбекті ынталандырудың қазіргі жүйесі инновацияларды енгізуді, сапаны жоғарылатуды медициналық қызметтердің бағасының жоғары деңгейінде жүзеге асыруды қамтамасыз етеді. Бұл да саладағы бәсекелестіктің қалыптасу жолындағы қарама-қайшылық болып табылады.

Медициналық қызметтердің бәсекеге қабілеттілігін бағалайтын негізгі ерекшеліктерге төмендегілерді жатқызуға болады:

- бағалау объектісі болып медициналық қызметтер көрсетуді жүзеге асыратын мекеменің қызметі есептеледі;

- қызметтерді бағалау қызмет көрсету технологиясы мен процестің сапасына баға берумен байланысты;

- медицина қызметкерлерінің қызметіне баға беруді тұтынушылардың жүзеге асыруы;

- медициналық қызметті көрсетудің уақыттық сипатына баға беру;

- көрсетілген қызметтердің сапалық стандарттарға сәйкес келуіне баға беру;


Медициналық қызметтерді өндіру мен тұтыну жағдайында бәсекелестіктің болуы, емдеу-профилактикалық мекемелерінің бәсекеге қабілеттілігін арттыру жаһандану жағдайында отандық денсаулық сақтау саласының дамуын қамтамасыз етуде зор роль атқарады.

Денсаулық сақтау саласындағы құрылымдық өзгерістердің өзекті мәселелерін кәсіпкерлікті дамыту арқылы және жаңа нарықтық қағидаттарға негізделген емдеу-профилактикалық мекемелерінің жаңа түрлерін құру арқылы шешу қажет. Денсаулық сақтау саласында медициналық кәсіпкерліктің дамуын қамтамасыз ету нақты әрі тиімді нормативтік-құқықтық механизмді қалыптастыруды талап етеді. Емдеу-профилактикалық мекемелерінің қызметінің нормативтік-құқықтық базасы мемлекеттің әлеуметтік мақсаттарының басымдықтарын бекітуді және меншіктің әртүрлі нысанындағы денсаулық сақтау мекемелерінің дамуын қамтамасыз етуге бағытталуы тиіс.

Денсаулық сақтау мекемелерінің меншіктің әртүрлі насанында болуы саладағы көптеген өзекті мәселелерді шешуге мүмкіндік береді және ең бастысы көптармақты нарықтық денсаулық сақтау саласының негізгі қозғаушы күші болып есептелетін фактор – бәсекелестікті дамытуға септігін тигізеді.

Төмендегі сызбада емдеу-профилактикалық мекемелерінің әртүрлі нысандарының даму перспективасының негізгі бағыттары көрсетілген (1-ші сызба).

1-ші сызба - Емдеу-профилактикалық мекемелерінің ұйымдық-экономикалық нысандарының дамуы



Емдеу-профилактикалық мекемелерінің экономикалық қызметінің маңызды жағы денсаулық сақтауға бөлінетін қаржы ресурстарын орынды пайдалану әдістерін қолданумен, сондай-ақ емдеу мекемелерінің табысты жұмыс істеуіне қажетті материалдық, қаржылық және еңбек ресурстарын тарту үшін белсенді саясат жүргізумен байланысты болады. Нарықтық бағыттағы денсаулық сақтау жүйесінде емдеу мекемелерінің ресурстар базасын қалыптастыру көздерін іздеп табудың маңыздылығы қанша болса, сол ресурстар базасын тиімді пайдаланудың өзектілігі де соншалықты жоғары болады.

Денсаулық сақтау саласының субъектілерінің жаңа экономикалық қатынастарға көшуі бұл қатынастарды реттейтін жаңа нысандар мен әдістерді талап етеді. Саладағы нарықтық қатынастарды реттейтін нысандар мен әдістердің ішінде ерекше орын алатындарына құқықтық реттеу, стандарттау, экономикалық (қаржылық) реттеу әдістерін жатқызуға болады.

1. Денсаулық сақтау саласындағы нарықтық қатынастарды құқықтық реттеудің әдістеріне өз кезегінде төмендегілерді жатқызуға болады:

- денсаулық сақтау саласындағы сұрақтарды және медициналық қызметтер нарығындағы қатынастарды реттейтін заңдар мен басқа да нормативтік құқықтық актілердің болуын қамтамасыз ету;

- медициналық-әлеуметтік проблемаларды реттеу, яғни денсаулық сақтау саласындағы әлеуметтік-экономикалық жағдай мен медициналық-әлеуметтік элементтерді басқару;

- медициналық қызметті насихаттауды реттеу (бұл кезде қолданылатын негізгі элементтер: медициналық қызмет түрлері, пациенттердің физикалық жағдайы, медициналық стандарт, медициналық-экономикалық топ, медициналық көмекке қажеттілік деңгейі, медициналық-диагностикалық топ, медициналық-кәсіби топ);

- дәрігерлердің біліктілігі мен пациенттердің мәртебесін бағалауды реттеу (бұл жерде қолданылатын элементтер: пациенттер мен дәрігерлердің тұлғалық қасиеттері, олардың қарым-қатынасының мақсаты, дәрігерлердің біліктілігі мен жалақы мөлшері, пациенттің ахуалы мен төлем қабілеттілігі).

- Дәрігерлік қызмет пен медициналық технологияларды реттеу (қолданылатын элементтер: медициналық емшаралар және олардың құны, медициналық қызмет көрсету жағдайы, дәрігерлік еңбек пен оның бағасы, тұтынушылардың сұранысы мен дәрігерлік қызмет).

Дәрігерлер мен пациенттердің қарым-қатынастарын құқықтық бағалау медициналық қызметтер нарығының қалыптасу мен дамуын қамтамасыз ететін негізгі бағыттардың бірі ретінде де қаралады.

Емдеу мекемелерінің маркетингтік қызметін заңмен қамтамасыз ету соңғы жылдары денсаулық сақтау саласының өзекті мәселелерінің біріне айналып отыр. Медициналық қызметтер нарығының қалыптасуы кезінде пайда болатын қарым-қатынастардың құқықтық аспектілері дәрігерлер мен пациенттердің моральдық-этикалық, тұлғалық, деонтологиялық қарым-қатынастарын толықтыруы қажет.

2. Медициналық қызметтердің нарығының дамуы мен денсаулық сақтау саласындағы маркетингтік қарым-қатынастардың қалыптасуы кезінде медициналық көмектің сапасы мен оны сараптау мәселелерінің өзектілігі өте жоғары болады. Әлемдік медицина тәжірибесінде медициналық қызметтердің сапасын бағалаудың көптеген әдістері аталып көрсетіледі. Солардың ішіндегі негізгі әдіс ретінде стандарттау әдісін атауға болады.

Стандарттау әдісі – бұл медициналық қызметтер нарығында дәрігерлер мен пациенттердің еркін нарықтық қатынастарын реттеудің спецификалық әдісі. Медициналық қызметті стандарттаудың негізгі 7 деңгейі бар. Оларға төмендегілер жатады:

1) проблемалық; 2) лицензиялық; 3) аккредитациялық; 4) деонтологиялық; 5) экономикалық; 6) технологиялық; 7) нәтижелік [2].

- проблемалық деңгей денсаулық сақтау саласындағы медициналық-әлеуметтік проблемаларды стандарттауға мүмкіндік береді және бұл проблемаларды шешудің бір жолы ретінде медициналық маркетингтің жұмыс істеуі мен дамуы қаралады;

- Жоғарыда аталған медициналық қызметті стандарттаудың лицензиялау және аккредитациялау деңгейлері медициналық көмекті көрсетудің материалдық және кадрлық құрылымы бойынша сараптауды (медициналық қызмет, медициналық стандарт, медициналық көмекке қажеттілік деңгейі, еңбек, материалдық, қаржы ресурстарымен қамтамасыз ету деңгейі) анықтайды. Атап айтқанда:

- лицензиялау деңгейі өз кезегінде медициналық қызметті, медициналық стандарттарды және аурулардың түрлерін қамтиды;

- аккредитациялау деңгейінде медициналық-кәсіби топтарды, медициналық көмекке деген қажеттілікті, медициналық-экономикалық топтарды және медициналық-диагностикалық топтарды стандарттау жүзеге асырылады;

- тұлғалық немесе деонтологиялық деңгей дәрігердің тұлғалық мінездемесін, оның жалақысы мен біліктілігін стандарттаумен және пациенттердің тұлғалық іс-қимылдарының сипатын, олардың төлем қабілеттілігі мен экономикалық ахуалын бекітумен байланысты. Осы деңгейде медициналық қызметтерді өндірушілер мен тұтынушылардың мақсатты қарым-қатынастары анықталады. Деонтологиялық деңгей медициналық көмектің сапасын сараптаудың пациенттердің қажеттіліктерінің қанағаттану дәрежесімен байланысты нысанын зерттейді;

- экономикалық деңгейде медициналық емшаралар мен дәрігерлік қызметке сұраныс реттеледі, сондай-ақ медициналық емшаралардың бағасына әсер ету мүмкіндігі туады, яғни бұл деңгей жүргізілген медициналық емшаралардың құнының олардың сапасына сәйкес келуін бағалаумен байланысты болады. Экономикалық деңгейде медициналық қызметтер нарығының субъектілерінің арасында ақшалай қатынастар пайда болады.

- технологиялық деңгей медициналық емшаралар, дәрігерлік еңбектің бірлігі сияқты элементтерді қамтиды. Бұл деңгейде пациенттің қажеттілігін қанағаттандыру көрсеткіштері стандартталады, яғни технологиялық деңгей медициналық көмектің сапасын бағалауды медициналық қызметтің технологияларының белгіленген стандарттарға сәйкес келу дәрежесі бойынша жүзеге асырумен байланысты болады.

- нәтижелік деңгейінде медициналық көмектің сапалық және тиімділік көрсеткіштері анықталады және стандартталады, яғни нәтижелік деңгей медициналық қызметтің сапасын объективті сипаттайтын тәсілді іздеумен байланысты. Дәрігер мен пациенттің арасындағы қатынасты нәтижелік дәрежесі бойынша сипаттау медициналық көмекке деген қажеттілікті барлық критерийлері бойынша қанағаттандыру деңгейімен байланысты болады.

Сонымен, медициналық қызметтердің сапасын қамтамасыз ету – бұл медициналық қызметтерге сұранысты қанағаттандыру үшін дәрігер мен пациент арасындағы қарым-қатынастардың қажетті шарттарын жүзеге асыру болып табылады.

3. Денсаулық сақтау саласындағы нарықтық қатынастарды дамытудың келесі бағыты бұл жүйеде медициналық қызметті өндірушілер мен тұтынушылар арасындағы қаржылық қатынастарды қалыптастыру.

Еліміздің денсаулық сақтау саласындағы жаңа, нарықтық сипаттағы қаржылық қатынастарды қалыптастырудың алғашқы кезеңі салаға міндетті медициналық сақтандыру жүйесін енгізумен байланысты. Бұған дейін денсаулық сақтау саласындағы дәрігер мен пациенттің арасындағы қарым-қатынасты мемлекеттік реттеу механизмі енді нарықтық қатынастармен ауыстырылды.

Медициналық қызметті төлеудің неғұрлым оптималды модельдерін қолдану, дәрігерлік еңбекті төлеу әдістерінің медициналық қызметтің сапасына сәйкес келуін зерттеу, азаматтарды өздерінің денсаулық жағдайын жақсартуға ынталандыруда қаржылық әдістерді қолдану денсаулық сақтау саласының нарықтық сипаттағы қаржылық қатынастарын дамытудың негізгі бағыттарына жатады [3].

Қорыта айтқанда, нарықтық денсаулық сақтау саласының негізгі субъектілері болып саналатын дәрігер мен пациент арасындағы қарым-қатынасты реттеу мен қалыптастыру медициналық қызметтің төмендегідей негізгі бағыттарына бағытталуы керек:

- сапалы медициналық қызметтерді өндіру және халықтың медициналық және басқа да денсаулық сақтау жүйесімен байланысты қажеттіліктерін қанағаттандыру;
- дәрігер мен пациенттің құқықтық қатынастарын қамтамасыз ету;
- денсаулық сақтау жүйесінің жеке дара сала ретінде және қоғамның әлеуметтік-экономикалық құрылымы ретінде экономикалық тиімділігін қамтамасыз ету;
- нарықтық қатынастардың әртүрлі сегменттерінде медициналық қызметтерді көрсету кезіндегі қарама-қайшылықтарды жою.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Bloor K., Maynard A. Universal Coverage and Cost Control: The United Kingdom National Health Service. // Handbook of International Health Care Systems. — New York. — 2002. — P. 557.
2. Тогунов И.А. Конкурентоспособность медицинской организации (врачебной практики): методологические подходы к оценке и управлению. <http://medinfo.ru/article/99/116143/>
3. Доскеева Г.Ж. Қазақстанның денсаулық сақтау жүйесінің бәсекеге қабілеттілігін арттыру проблемалары. // Вестник UIB. — 2009. - №1.

Коммуникациядан ақпараттық-коммуникациялық кеңістікке

Санат САТАЕВ,
Т. Рысқұлов атын. ҚазЭУ-дың ізденушісі

Осы уақытқа дейін «коммуникация» термині жолдар, көпірлермен, теңіз маршруттары мен өзендер және құбырлармен ғана байланысты болатын, бірақ қазіргі электрондық жетілген заманда ол «ақпараттың қозғалуы» терминін білдіреді. Маршалл Маклюэннің жеделдік және тәжірибелік көзқарастағы пікірі бойынша, коммуникация құралын хабарлама деп есептеледі. Бұл пікірге сәйкес, кез-келген коммуникация құралының жеке тұлғалық және әлеуметтік салдары жаңа технологияның мүмкіндіктерінен пайда болады және оның көмегімен кез-келген іс-әрекет жүзеге асырылады. Автоматтандырумен бірге пайда болған адамдық қатынастардың жаңа үлгісі түсініктер мен өзара қатынастарда белгілі өзгерістер алып келеді. Автоматтандыру адамдар үшін рөлдер немесе оларды өз жұмысына қызықтыруды және басқа да адамдармен байланысты қайта жасауды қарастырады деп белгілі бір мөлшерде айтуға болады. Машинаның маңызы немесе жаңалығы болып оның өзі емес, керісінше, адамның оған жасағандары болып табылады. Осы көзқарасқа сәйкес, машинаның біздің бір-бірімізге және өз-өзімізге деген қарым-қатынасымызды өзгертуін қарағанымызда, ол арқылы шығарылғандардың ешқандай маңызы болған жоқ. Машиналық технологияның мәнін құрайтын, адам жұмысын және қауымдастықты қайта құрастыру үлгісі фрагментация үлгісімен анықталынған. Автоматты технологияның мәні қарама-қайшы. Ол дәл сондай дәрежеде интегралды және орталықсыздандырылған, қандай да машина болмасын, оған деген адамдық өзара қарым-қатынастар үзінді, орталықтандырылған және жоғары сатыда болған.

Коммуникация құралы адамгершілік қауымдастықтың және адамгершілік іс-әрекеттің ауқымы мен үлгісін анықтап, бақылайды. Кез-келген барлық коммуникациялық тәсілдердің мазмұны бізден сол тәсілдердің сипатын жасырады. Қазіргі уақытта өнеркәсіп салалары бизнестің әр түрлі сипатын, негізгі жұмысы жинау болып табылатын, өңдеу, орын ауыстыру, ақпараттың аудио-видео трансляциясы сияқты түрлерін түсіне бастады.

Осы заманғы бизнесті телефонсыз, компьютерлік және көшіргі техникаларынсыз және оларды қолдану бағдарламаларынсыз елестету қиын. Интернет жердің әрбір тұрғынына тек ақпаратты алу құралы ретінде ғана емес, сонымен бірге берілген ақпаратты жеткізу құралы ретінде, жарнаманы үйлестіру және т.б. әсіресе бизнесте маңызды.

Маклюэн қоғамға теледидардың әсер ету салдарын айтып кеткен, жарнаманың табиғатын және мәнін, сонымен бірге қоғамдағы өзгерістердің интернеттің пайда болуымен басталғанын айтқан. Маклюэннің негізгі идеясының түйіні «Laws of Media», «Бұқаралық ақпарат құралдары заңдары» атты кітабында бейнеленген, ол кітап оның өлімінен кейін жарыққа шыққан, онда ол коммуникацияның төрт маңызды қағидаларын технологияның көмегімен орнатқан:

1. Әрбір технология белгіленген ұйымның немесе белгіленген пайдаланушының қабілеттілігінің мүмкіндіктерін кеңейтеді.

2. Бір аймақтың түйсігі күшейтіледі немесе қарқындатылады, басқасы әлсірейді немесе қосылады.

3. Өзінің мүмкіндіктеріне дейін жеткен әрбір үлгі өзінің сипаттамасын өзгертеді.

4. Кез-келген БАҚ-тәсілдерінің мазмұны көне тәсіл болып табылады, яғни жаңа берілім тәсілі өзіне барлық көне үлгіні қосады.

Басқару циклін ақпараттық қолдауға бағытталғын тапсырмалар кешенін шешу үшін пайдаланатын жүйелер енгізілу уақытына және функционалға қарағанда 20–50 % артығырақ бола отырып, жабдықтаушы және пайдаланушы тұрғысынан пайдалануда сенімді болып келеді. Мұндай жүйелер холдингтің ішкі жұмыстарын қосқанда компанияның бүкіл шаруашылық операциялар тізімін жүргізіп отыруына, барлық бюджеттік және қаржылық шаруашылық қызметтің көрсеткіштер жүйесін құруға, жобаларды іске асыруға, сонымен қатар бизнестің жаңа түріне өткенде икемділік танытуға мүмкіндік береді. Қазіргі уақытта ақпаратты өңдеу және алу қарқыны жеделдетілгені соншалық, осы мәселеге байланысты біздің қоғамды «электрондық қоғам» деп белгілеген Маршалл Маклюэннің енгізген «ғаламдық ауыл» атты ұғымы пайда болды. Аталған ұғым Маклюэн тарапынан телевидеокоммуникацияның таратылу дәуірінде 1962 ж. енгізілген, алайда бұл ұғым ХХІ ғасырда да өзекті болып қалады, осыған байланысты басқарушылық, инженерлік және менеджериалдық тәсілдің күшеюіне қажеттілік туып отыр. Егер электрдің жылдамдығы, мысалы ретінде, 300 мың км/сек құрайтын болса, электрондық байланыс өте шапшаң, тіпті бұл кезекте кеңістік түсінігі жоғалып кетеді. Электронды пошта немесе Қазақстаннан АҚШ-қа трансферт бірнеше секундта жүзеге асырылады. Қазіргі таңда телекоммуникациялық сала әлемдегі ең қарқынды дамушы салалардың бірі болып табылады, ал телекоммуникациялық инфрақұрылым арқылы жіберілетін ақпарат көлемі әрбір 2–3 жыл сайын екі еселенуде. Дамыған елдерде телекоммуникациялық саладағы инвестицияның өсу қарқыны өңдеуші және өндіруші салалардағы инвестиция қарқынын басып озады. Ақпараттық өнеркәсіптің жаңа салалары пайда болып табысы дами түседі, осыған байланысты экономикалық нарық субъектілерінің белсенділігін құрайтын ақпараттар елеулі түрде өседі және ақпараттық технологияның ғылыми-техникалық, зияткерлік әлеуетке әсері, ақпараттық ресурстардың қоғамның тіршілік қарекетінде алатын орны маңызды болып табылады.

Телекоммуникациялық қызмет көрсету нарығының негізгі даму факторы болып көбінесе мемлекеттің экономикалық жағдайынан анықталатын, тұтынушының төлемқабілеттілігі табылады. Телекоммуникациялық сектордың дамуына әсер ететін факторлар, нарықтың ауқымын анықтайды.

Ағымдағы тенденцияда ХХІ – ғасырдың басы өзінің нәтижелі дамуы үшін жаһандық телекоммуникациялық инфрақұрылымның құрылуын талап ететін информациялық қоғам дәуірі ретінде қарастырылады, оның даму қарқыны жалпы экономиканың даму қарқынына қарағанда жоғары болу керек. Дамыған және дамушы елдерде экономикалық өсуді 1 %-ға қамтамасыз ету үшін телекоммуникация саласы 3 %-дан кем болмайтындай өсімге жетуі керек. Берілген жағдайда дамыған және дамушы елдердің экономикалық көрсеткіштерінде телекоммуникациялық саланың маңызы жалпы ішкі өнімнің (ЖІӨ) әрдайым өсуінен көрінеді. Өнеркәсібі дамыған елдерде телекоммуникация қызметінің көлемі ЖІӨ-нен 5 – 8 % жетеді, ал ТМД елдері бойынша берілген көрсеткіш жоғары өсу қарқынына қарамастан орта есеппен ЖІӨ-нен 2,8% - ды құрайды (Қазақстанда – 2,9 %).

Бүгінде әлемде болып жатқан ауқымды қайта құрылулар ақпараттық-телекоммуникациялық технологиялардың қарқынды дамуына себеп болады. Жаһандық ақпараттық қоғам Хартиясында белгіленгендей ақпараттық-телекоммуникациялық технологиялар ХХІ – ғасырдағы қоғамның қалыптасуына әсер ететін аса маңызды фактор болып табылады. Олардың революциялық ықпалы адамдардың өмір сүру салтына, олардың білімі мен жұмысына сонымен қатар Үкімет пен азаматтық қоғамның

қарым-қатынасына қатысты. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар әлемдік экономикалық дамудың маңызды бір бөлігіне айналады. Көптеген дамыған және дамушы елдер ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың дамуы мен тарауы өз артынан аса маңызды артықшылықтар қалдыратынын мойындады. Ақпараттық қоғамға қарай қозғалыс – бұл болашақтағы адами өркениетке апаратын жол екеніне ешкімге күмән келтірмейді [6, с 2].

Жаңа ақпараттық қоғамның негізгі сипаттамасының бірі болып оның жаһандық сипаттамасы табылады. Жаңа ақпараттық қоғамның қалыптасу үрдісінде жайлап ақпаратпен алмасу мен таралудың әдістері мен тәсілдері жаңарады, уақыт қысқарады, ұлттық шекаралар мен барьерлар бұзылады, әлемдік ақпараттық кеңістіктің, экономиканың, сауданың, қаржының және басқа да адами тіршілік салалардың құрылымы өзгереді, адамдық құндылықтар мен адамдардың дүниеге көзқарасының интенсивті өзгеруі байқалады, мәдениет пен мәдениеттік модельдердің әмбебаптылығы, динамика күшейіп бәсекелестік асқынады.

Әлемдік дамудың қазіргі кездегі кезеңінде жаһандық ақпараттық желі Интернет бүкіләлемдік ақпараттық кеңістіктің ең көлемді және массалық сегменті болып табылады. Соған қарамастан уақыт өте келе жаһандық ақпараттық желі Интернет ақпаратты алу мен алмасу бойынша қолжетімді болып барады.

Қазіргі кезде Интернет ақпараттық кеңістігінің қызмет етуіне жауап беруші халықаралық ұйымдарға келесілер жатады [6, с 2]:

1. The Internet Corporation for Assigned Names and Numbers (ICANN) – протоколдардың параметрлерін, IP-мекен-жайларды бөлу үшін, домендік аттар жүйесін әкімшілдеу (Domain Name System, DNS), түбірлі серверлік жүйелер деп аталатын қызметті қолдау және әкімшілдеу (Root Server System);

2. Интернет желісіндегі сандарды бөлу бойынша уәкілетті ұйымдар (IANA, The Internet Assigned Numbers Authority);

3. Еуропалық Желілік Координациялық Орталық (RIPE NCC) IP-мекен-жайлардың тіркеушілер үшін тіркелу мен анықтауды (бөлуді) қамтамасыз етеді. RIPE NCC, Еуропа, Қиыр Шығыс, солтүстік Африка мен Азияның бір бөлігінің тіркеушілеріне қызмет көрсетеді және қызмет көрсету аясында жаһандық ресурстардың әділ бөлінуіне кепілдік береді.

4. The Internet Engineering Task Force (IETF) желілік протоколдарды, операторларды, өндірушілер мен зерттеушілерді шығаратын ашық халықаралық бірлестік, олар интернет сәулетін дамыту мен қолданыстағы инфрақұрылымның үздіксіз қызмет етуімен біріктіріледі;

5. Интеллектуалды меншіктің бүкіләлемдік ұйымы (ИМБҰ).

Жоғарғы деңгей домендері (TLD, Top Level Domain) екі үлкен бөлікке бөлінеді. Біріншісі – ортақ пайдалану домендері (generic TLD немесе gTLD), және екіншісі ұлттық екіәріптік домендер (country code TLD немесе ccTLD). Ортақ пайдалану домендеріне COM, NET, ORG, INFO, BIZ, MUSEUM, AERO, COOP, PRO, INT, GOV жатады. Қазіргі кезде ұлттық домендер саны 250 – ISO 3166-1 халықаралық стандартқа сәйкес мемлекет пен территориялардың екіәріптік кодтарының саны болып табылады (RU-Ресей үшін, DE-Германия үшін, UK-Ұлыбритания үшін). Ұлттық домендерді басқару бойынша өкілеттілік интернет-бірлестіктегі мемлекеттердің келісімі бойынша IANA ұйымы арқылы беріледі.

Ұлттық домендердің дамуының ортақ тенденциясы мынадай: біріншіден, ұлттық домендердің академиялық желілерден операторлардың бірлестігіне өтуі және мемлекеттің интернет-қоғамдық тіркеу ережелерін жасауға қатысуы; нарықтың, тұтынушылардың, қоғамдық ұйымдардың мамандандырылған қатысушылары; екіншіден, әкімшілік процедураларға назардың күшеюі, домендік аттарды тіркеуде операторлардың қатысуы, коммерциялық схемаларды жасау. Үшіншіден, домендерді тіркеудің ашық ережелеріне жайлап өтуі, шектеулердің алынып тасталуы.

Кез келген субъектінің интернеттегі қызметі көптеген құқықтық мәселелерді тудырады. Олар тұтынушы қызметін реттеуге, сайттың статусы мен оның мазмұнына (заңсыз, реттелмеген, рұқсат етілген); авторлық құқықтарын сақтау; «киберэкономиканы» қалыптастыру (электронды ақша, төлеу жүйелері, бағалы қағаздар, электронды банктер, жарнама, маркетинг-электрондық келісімдер, салықтар); жеке және мемлекеттік қызығушылықтардың қауіпсіздігі.

80-жылдардың басында Еуропа мен АҚШ-та (және басқа да шетел мемлекеттерінде) Интернет желісінің нормативті негіздерін үйлестіру мен құру бойынша үрдіс басталды. Қазіргі кезде Интернет желісінің қатынастарын құқықтық реттеудің бірнеше деңгейлері қалыптасты [6, с. 2]:

1. Халықаралық;
2. Аймақтық (Еуропалық одақ пен ТМД шеңберінде);
3. Ұлттық.

Осы деңгейлердің әрқайсысында өкілетті заң шығарушы қарастырылып отырған саланың құқықтық қатынастарын реттеуге ұмтылады.

Интернет желісінің трансспектеулігі Интернет желісінде құқықтық қатынастарды халықаралық құқықтық реттеу және қолданыстағы ережелердің унификациясы қажеттілігін тудырады. Нормалардың унификациясы ЕО шеңберіндегі сияқты халықаралық деңгейде де БҰҰ шеңберінде (жеке құқық унификация институты), ИМБҰ, Халықаралық сауда палатасы, БҰҰ-ның Еуропалық экономикалық комиссиясы, БҰҰ орталығының электронды бизнес пен саудамен әрекеттесуі шеңберінде жүргізіледі.

Домендік аттар жүйесінің пайда болуы TCP/IP желілік протоколдарының ыңғайсыз сандық мекен-жайларын тез есте сақталатын әріптік сөз тіркесіне ауыстыруға мүмкіндік берді; соңғы жылдары Интернеттің белсенді коммерциялануы мен танымалдылығы доменнің белгілері бойынша қолданыста бар – тауарлық белгілермен фирмалық атауларына ұқсас материалды емес активтердің белгілерін иемденді. Домендік аттың мазмұны дара болып келетін жарнамалық такталар көп кездеседі. Қымбат тұратын интернет-жобалар үшін домен – олардың коммерциялық жетістіктерінің аса үлкен үлесі болып табылады. Және сол домен тұтынушыға сол немесе басқа тауар екенін елестетуге мүмкіндік береді.

Ақпараттық-коммуникациялық қызметтің коммерциялық сипаттамасы XX ғасырды сипаттайтын берілген қызмет саласының дамуының артықшылықтарын қажет етпейді. Өткен жүзжылдықта адамдар осы салада адам дамуының өткен кезеңдердегі дамуына қарағанда үлкен нәтижеге жетті. Осыған байланысты ақпараттық-технологиялық қызметтің диверсификациясының зор болашағын болжауға болады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Маклюэн Г. М. Понимание Медиа: Внешние расширения человека / Пер. с англ. В. Николаева; Зал. ст. М. Вавилова. — М.: Жуковский: «КАНОН-пресс-Ц», «Кучково поле», 2003. — 464 с.
2. Мадисон А. Маршалл Маклюэн и информационные войны // www.smi.ru. — 2009.
3. Marshall McLuhan. The Gutenberg Galaxy. New-York, 1962.
4. Медеуова Д. Маршалл Маклюэн и «электронное общество» // Евразийское сообщество. — 2004. — №4 (48). — С. 113-117.
5. Қазақстан Республикасының 2006-2008 жылдарына арналған телекоммуникация саласының даму бағдарламасын бекіту туралы 7 маусым 2006 жылғы Қазақстан Республикасы Үкіметінің N 519 қаулысы. // Казахстанская правда. — 2006. — С. 2.
6. Постановление Правительства Республики Казахстан от 17 апреля 2008 года № 358 О Концепции формирования и развития единого информационного пространства казахстанского сегмента сети Интернет (Казнета) на 2008-2012 годы // Казахстанская правда. — 2008. — С. 2.

Елімізге жағымды бренд құру – Қазақстандағы туризмді дамытудың тиімді әдісі ретінде

Анар БЕЙЖАНОВА,
өл-Фараби атын. ҚазҰУ-дың маркетинг және коммерция
кафедрасының аға оқытушысы

Үлкен жетістікке жету үшін бренд сапалы және жеке талаптарды қанағаттандыратындай болуы қажет, тұтынушылардың талғамын тудыру үшін ол бәсекелестерден айырмашылықтарын баса көрсетуі, потенциалды клиенттер үшін ол әрқашан өзекті, қолайлы және қолжетерлік болуы және де ол клиенттердің жеке өміріне, қарым-қатынастарына және сеніміне бағытталған болуы керек.

Осылайша, брендингтің басты мақсаты – тұтынушылардың көңілін өзінің аты мен оның басқа да фирмалық стиль элементтері арқылы тауарларға аудару болып табылады.

Брендинг нарықтық экономика дамыған елдерде кеңінен таралған, бірақ та отандық жарнамалық тәжірибеде мүлдем дерлік қолданылмайды. Бұл біздің жарнаманы қабылдау түсінігімізден тыс көптеген элементтерден тұратындығына байланысты.

Брендинг – жарнама беруші, өндіруші ұйым және жарнамалық агенттіктердің ортақ теориялық жұмысының маркетингтік зерттеулеріне негізделген үрдіс. Бренд имиджді құрушылар тауарлардың физикалық қасиеттерін тұтынушылардың сезіміне, оның санасына ғана емес, сонымен қатар эмоциясына да әсер етуін ескере отырып жасайды. Әсерлі брендинг туристердің ағымын көбейтуге және туристік компаниялардың беделін көтеруге мүмкіндік береді. Қазақстандағы туризмді дамыту елімізге жағымды бренд құрудың тиімді әдісі.

Маркетингтік зерттеулер негізінде бренд құрылысының деңгейін анықтау керек [1].

Бірінші деңгейі – бұл қандай сұранысты қанағаттандыратын, қандай сапалық қасиетке ие өнім.

Екінші деңгейі – бағытталу, яғни өнім не нәрсеге арналған (мысалы, ағзаның саулығын қамтамасыз ететін, қозғалыс кезіндегі ашықтық басатын, ләззат сыйлайтын т.б.).

Үшінші деңгейі – мақсатты аудитория, яғни тауар кімдерге арналған (салауатты өмір салтын ұстанған жастар).

Төртінші деңгейі – позицияланудан келіп шығатын теңестіру, яғни бренд персоналиясы.

Қазақстанда брендтің даму деңгейі батыс елдерімен салыстырғанда төмен. Оның негізгі себептері – тауарды өткізудегі бренд рөлін дұрыс бағаламау және өнімнің бәсекеге қабілеттілігінің төмендігі.

Тағы бір күрделі мәселелердің бірі әлуатті туристердің Қазақстанның көрнекті жерлерін нашар білуі, Қытай және басқа елдермен салыстырғанда біздің елде демалу орындарының бар екенін елемейі. Бұл мәселелердің ауқымдылығы алматылықтырға жүргізілген сауалнама нәтижелерінде көрінеді. Жастары 40-тан төмен жоғары және орта табыс деңгейі бар тұтынушылар ең белсенді туристер қатарына жатады, олар күнді толыққанды өткізуге кең көлемде мүмкіндіктері бар елдерде демалу орындарын таңдайды. Бұл деңгейдегі адамдар үшін демалыс, көрсетілетін қызмет бағасы мен сапасының арақатынасы жағы да тиімді болуы керек. Бұл талаптарға Туркия, ОАР, Тайланд сай келеді. Қазақстан бұл елдердің қатарына енбейді. Қырғызстандағы Ыстық көлдің өзі алматылықтар үшін қазақстандық демалыс орындарына қарағанда көбірек қызығушылық туғырады.

Бұл бағыттағы брендті құрастыруға не кедергі болып отыр? Демалу үшін елді таңдау кезіндегі критерийлердің жоқтығы: 40 жас адамдар үшін елдің әсемдігі, баға мен сапаның тиімді арақатынасы, темпераменті, уақыт өткізудің нұсқаларының жетіспеуі; 40 жастан үлкен адамдар үшін жоғары сапалы демалыс, қызмет көрсетушілердің қызмет көрсету деңгейінің жоғарылығы және жаңалығы жетіспейді.

Әрине, брендтің дамуымен мемлекеттік ұйымдар айналасулары қажет. Мысалы, Грузия елінің басшылықтары жалпы елдің жағымды имиджін жасау үшін өткен жылы 8 млн. АҚШ долларын бөлді. Бөлінген қаржы негізінен Грузия туралы бірнеше фильмдер түсіруге және Грузиядан тыс елдерде елдің брендін алға жылжытуға жұмсалды. Мұндай бағыт ұзақ мерзімді жоспар екендігін және елдің брендін жүйелі түрде нақты алға жылжытуды қолға алғандықтарын көрсетеді. Бұл тек елдің имиджін жасау ғана емес, сонымен қатар туристік фирмалардың баратын елі туралы жарнамаға кететін шығынды төмендету үшін де жасалынып отырған іс шара [2].

Қазақстанның тиімді, жағымды брендін жасау үшін, миллиондаған әлуатті шетел туристерінің санасында Қазақстан тек жағымды эмоциялармен ғана байланысты болуы керек, яғни олардың өмірлері үшін қауіпсіз, қонақжай болуы қажет және де ерекше табиғи сипаттамасымен тарихи объектілермен ерекшеленуі және т.б.

Әрине, Қазақстанда белгілі бір бренд қалыптасқан. Еліміздің тәуелсіз 15 жыл ішінде ол келесі құраушылардан тұрады: Нұрсұлтан Назарбаевтың аты, бүкіл әлем туристері қызығатын Қызылорда облысының негізгі көзге көрінер байлығы «Байқоңыр» әлемдік орталығы, бай минералды ресурстар қоры (мұнай, газ және т.б.) және т.б. Бірақ, бұл құраушылар шет ел туристерінің біздің елге деген қызығушылықтарын арттыруға жеткіліксіз. Қазақстанның барынша тиімді брендін құру үшін миллиондаған шетел туристерінің саналарын, қызығушылықтарын көптеген жағымды әсерлермен, керемет, әсем табиғатымен, бірегей туристік объектілерімен, қонақ жайлылығымен, тарихи жерлерімен тарту қажет.

Мұндай брендті құру маркетингтік технологияларды дұрыс, әсіресе біріккен маркетингтік технологияларды қолдануға байланысты. Тек біріккен маркетингтік коммуникация ғана ақпараттандыру тиімін жақсартуға және әлуатті туристерді туристік фирманың қызметтерін қолдану керектігіне сендіре алады. Ел бренді құру үшін барлық қазақстандық туристік кәсіпорындар біріксе де күштері жетпейді. Елдің брендингін құру және саясатын жүзеге асыру тек мемлекеттің ғана

қолынан келеді. Көптеген ірі туристік орталықтарда мемлекеттік ұйымдар елдің қауіпсіз жағымды имиджін құрастыруды өз қолдарына алған. Бұл үшін мемлекеттік басқару құрылымдарында елді жарнамалауға жауапты арнайы бөлімшілер бар. Қазақстанда сол сияқты біріккен маркетингтік коммуникацияны қолдану арқылы қазақстандық туристік өнімнің айналымымен жүйелі түрде шұғылданатын ұлттық жарнама орталығын құру тиімді. Ұлттық жарнама орталығы көптеген ұйымдардың және жарнама саласындағы ұйымдардың коммуникациялық саясатын құрудың негізі бола алады. Орталық бақылаушы функцияға ие болып және елдің оңтайлы, жағымды және тартымды имиджін құру бойынша жасалатын жұмыстарды қадағалайды.

Әрине, жағымды ел бренді құру үшін елдегі керемет, әсем табиғаты, туристік объектілері және тарихи жерлері жеткіліксіз. Ол үшін отандық туристік фирмалар ұсынып отырған туристік өнім шет ел және отандық туристердің сұраныстары мен қажеттіліктеріне сай келуі керек. Мысалы, шетелдік туристік өнім мен қазақстандық туристік өнімнің бір бірінен құрылымы жағынан еш айырмашылығы жоқ. Онда не себептен қазақстандық туристік өнімнің әлемдік туристік рыноктарға танымалдылығы төмен деген сұрақ туындауы мүмкін. Ол келесі себептерге байланысты:

- туристік өнім ұсынылып отырған елдегі туризмнің даму жағдайы;
- туристік инфрақұрылымның жағдайы;
- көрсетілетін сервис деңгейі;
- тиімді ұйымдастырылған маркетинг;
- сапа мен баға арақатынасы және т.б.

Сондықтан да жоғарыда аталғандарды қажетті деңгейге жеткізуіміз қажет, сонда ғана туристік фирмалар сапалы ұлттық туристік өнімді рынокқа ұсына алады. Ал ұсынылған туристік өнім сапалы болса, онда ол сол кәсіпорынның, сонымен қатар елдің бәсекеге қабілеттілігін жоғарылатады. Осы мәселелердің барлығын кешенді түрде шешу қажет. Ал ол шешімдер көбінесе мемлекеттік қаражат пен мемлекеттік реттеуге және маркетинг зерттеулерін жетілдіруге байланысты болып отыр. Сонымен қатар маркетинг туризмнің ең басымдылық бағыттары мен саларын тиімді анықтауға мүмкіндік береді, олардың дамуын ынталандырады. Сондықтан туристік сала қатысушыларының іс әрекеттеріне маркетингтік қағидалар мен технологияларды енгізу оның дамуының бастапқы кезеңінде де, одан кейін де қажет, ол кейін түзетуге қиын болатын стратегиялық қателіктердің болмауына мүмкіндік береді. Бұл тікелей ел бренді құруға әсер етеді.

Туристік фирмаларда брендингті белсенді түрде дамыту қажет. Ұйымдық брендпен қатар, туристік өнімдердің де бренді дамыту маңызды. Брендті қолдану компаниялардың бәсекеге қабілеттілігін жоғарылатады.

Ал, туристік өнімді жылжыту құралдарына келетін болсақ, маркетингтік стратегияларды қолдану тиімділігі бойынша бірінші орында халықаралық туроператорлар арқылы өнімді жарнамалау тұр. Көптеген халықаралық туроператорлар Қазақстанға турды ұсынады. Қазақстанды жеке туристік бағыт ретінде ұсақ туроператорлар ұсынады. Сондықтан қазақстандық туристік өнімді жылжыту стратегиясын жасауда орта және ірі туроператорлармен байланысты орнату керек және Қазақстанды жеке бағыт ретінде позициялау қажет.

Туристік рынок тұтынушылардың ақпаратқа деген қажеттілігі (суреттер, пікірлер) жоғары, яғни ақпарат баспа өнімдері, теледидар және радио арқылы

жеткілікті көлемде берілмейді. Туристердің көпшілігі турларды қолайлы және дұрыс тәсілмен таңдайды: іздеу жүйесінде немесе туристік Интернет-порталдардан. Әрине туризмді Интернет арқылы жылжытудың көптеген тиімді жақтары бар. Дегенмен де Қазақстанның туристік саласын жылжыту үшін қолданылатын маркетингтік құралдардың приоритетті түрі болып табылмайды. Өйткені отандық туроператорлар әлемдік туристік рынокта жеткілікті түрде танымал емес және көптеген әлуетті туристер онлайн ұсыныстарға көңіл бөлмейді.

Туристік өнімді жылжытудың тағы бір тиімді әдісі ағымдағы және жаңа турлар жайлы ақпараттарды әлемге танымал бағыттаушыларға енгізу. Оларға: Polyglott, Lonely Planet және Routard. Осы бағыттаушылар туристер үшін негізгі ақпарат көзі болып табылады. Жаңа бағытты таңдауда әлуетті турист дәл осы ақпарат көздеріне жүгінеді. Сондықтан ағымдағы және жаңа турлар туралы ақпараттарды осы бағыттаушыларға тұрақты түрде енгізіп отыру қажет.

Ұлттық фестивальдерді және ойындарды өткізу де Қазақстанға келушілердің санын көбейтуге, имиджін артуына мүмкіндік береді. Мысалы, 2006 жылы Германияда өткен футбол бойынша халықаралық чемпионат 2 млн. шетел туристерінің сол елге келуіне себеп болды. Әрине, бұл Германияның туристік бағыт ретінде танылуына және елдің ұлттық имиджінің артуына ықпал етті, сонымен қатар 2009 жылдың 6 маусымында футболдан өткен Англия – Қазақстан ойынына 1500 шетел туристерінің де елге келуі Қазақстан елінің оң бейнесін құруға ықпалын тигізді. Шет ел туристерін көбінесе Қазақстанның керемет, әсем табиғаты қызықтырды.

2011 жылдың қаңтар-ақпан айында 7-ші қысқы Азия ойындарының өткізілуі жоспарланып отыр. «Медеу» мұз айдыны мен Шымбұлақ курорты басты ойын өткізілетін жерлер. Қазақстан осы шараны тиімді қолданып қалуы тиіс. Ол Алматы қаласына туристік ағымдарды көбейтеді, сонымен қатар Қазақстан туралы жағымды имиджді құрудың элементі болады. Ол үшін жалпы туристік инфрақұрылымды жетілдіріп, оны халықаралық стандарттар деңгейіне жеткізуге ұмтылуымыз тиіс.

Сонымен, туризм саласының дамуына ел брендин құру әдісі оң әсерін тигізеді. Әрине, ол үшін мемлекеттік қаржы, реттеу және қолдау, сонымен қатар маркетинг қажет. Еліміздің уникалды табиғаты, керемет туристік объектілері, тарихи жерлері, қорықтары және ұлттық саябақтары ел имиджін жоғарылатуда, елімізді басқа шетелдерде танымал етуге мүмкіндік береді.

ӘДЕБИЕТТЕР:

- 1 Моисеева Н.К., Рюмин М.Ю., Слушаенко М.В., Будник А.В. Брендинг в управлении маркетинговой активностью. – М.: Омега-Л, 2003. – 410 с.
- 2 www.tours.kz.

XV ғасырдың ортасындағы Мауереннахрдағы Темір әулеті мемлекетінің саяси жағдайы

Берекет КӘРІБАЕВ,

әл-Фараби атын. ҚазҰУ-дың Тарих факультетінің доценті,
тарих ғылымдарының кандидаты

К азақ хандығының құрылуына саяси жағынан өзіндік әсер еткен мемлекеттердің бірі – Мауереннахрдағы Темір әулетінің мемлекеті болды. Егерде XV ғасырдың ортасында Әбілқайыр хандығындағы этносаяси жағдайлар жаңа мемлекеттің қалыптасуына толық алғышарттар даярласа, оның көршісі Моғолстандағы ішкі этносаяси жағдайлар Қазақ хандығының Моғолстан аумағында ту көтеруіне алып келеді. Ал нақты Моғолстанның батысында Қазақ хандығының құрылуы – оның Мауереннахрдағы Темір әулеті мемлекетімен XV ғасырдың ортасында жүргізілген саяси қарым-қатынастарының нәтижесі болып саналады. Сондықтан біз үшін XV ғасырдың орта тұсындағы Темір әулеті мемлекетінің ішкі және сыртқы саяси жағдайын білуді маңызы зор.

Орта Азиядағы темірлік әулеттің тарихы мәселелері тарих ғылымында жақсы қарастырылған деуге болады. Тіпті, оның XV ғасырдағы жекелеген мәселелерінің өзіне арналған арнайы зерттеулер бар [1]. Сондықтан біз XV ғасырдың 40-50 жылдарындағы Мауереннахрдың ішкі және сыртқы саяси жағдайы мәселелерін қарастырғанымызда бұрыннан белгілі болған мәселелерге жалпылама түрде қарап, ал Қазақ хандығының құрылуына қатысы бар мәселелерге тереңірек тоқталамыз.

Ақсақ Темірдің жаулап алу соғыстары нәтижесінде құрылған оның империясы этносаяси, мәдени, экономикалық дамуы жағынан алғанда біркелкі болмады. Әкеден қалған тақты иеленген Темірдің кіші ұлы Шахрух империяны 40 жылдай басқарса да, империяның әр аймақтарында әлсін-әлсін болып тұратын толқулар мен сепаратистік бағыттағы қимылдар оның негізі берік емес екендігін көрсетіп отырды. Болашақтағы саяси бытыраңқылықтар мен тақ үшін талас-тартыстардың негізі Шахрухтың тірі кезінде-ақ, XV ғасырдың 40-шы жылдарының басында қалана бастайды. Сол тұста тақ мұрагеріне қатысты мәселе бойынша билеуші әулеттің өз арасында бірнеше үміткерлер пайда болып, олар жасырын түрде болса да болашақ күрестерге даярлана бастайды. В.В. Бартольдтың көрсетуі бойынша Шахрух әбден қартайып, кәрі жасқа жетсе де, ол өз ұлдары мен немерелері арасынан ешкімді ресми түрде тақ мұрагері етіп жарияламайды [2, 147]. Соған қарамастан 40-шы жылдардың басында Герат тағынан үміттенген бірнеше үміткерлер пайда болады. Бірінші және ең басты үміткер – Шахрухтың үлкен ұлы, Самарқанның билеушісі Ұлыбек болса, екінші үміткер – Шахрухтың келесі бір ұлы, Балх аймағының билеушісі – Мұхаммед Жөкі болып есептелінді. Империяны іс жүзінде басқарып отырған Шахрухтың әйелі Гаухар-шад билікке немерелерінің бірі – Ала ад-даулан отырғызуға ниет қылса, Шахрухтың өзі көп немересінің

бірі, Ұлыбектің ұлы Абдаллатифті ресми түрде тақ мұрагері етіп жарияламаса да, өзіне жақын тартқан [3]. Шахрухтың тірі кезінде тақтан үміттенгендер өз ойларын жасырын ұстайды. Бірақ та әрбір үміткер тақты қандай жолмен болса да иеленуге даярлана бастайды.

1444 жылы Шахрухтың қатты ауырып қалуына байланысты үміткерлер арасында болған оқиғалар Шахрухтың өлімінен кейін темір әулеті арасында жан берісер күрестердің болатынынан хабардар етеді. Шахрух ауырып, бүкіл Герат оның қайтыс болғандығы туралы хабарды күтіп отырғанда, үміткерлердің бірі Мұхаммед Жөкі Балхтан тез аттанып Гератқа келеді, ал мұнда Гаухар шадтын талап етуімен империяның әскери күштерінің басшысы Жалал ад-дин Фирузшах халінде жатқан Шахрух жазылып кетеді. Тақтан үміткер Мұхаммед Жөкі белгісіз жағдайда сол жылы қайтыс болады. Сондай-ақ сол жылы Ала ад-даулаға ертерек ант берген Жалал ад-дин Фирузшах пен оның ұлы да өмірден ерте қош айтысады [2, 147–148]. Міне, осы оқиғалардың өзі Шахрухтан кейін темір әулетінде тақ үшін шиеленіскен талас-тартыстардың болатынын білдірген алғашқы қоңырау секілді болды. Соған қарамастан ресми түрде тақ мұрагері болып ешкім жарияланбайды. Мұхаммед Жөкінің белгісіз жағдайдағы өлімінен кейін тақтан үміткер ең басты екі адам қалады. Бірінші – Ұлыбек, ал екінші үміткер – Ала ад-даула болды.

1447 жылы наурыздың 14-де (басқа бір деректер бойынша 12 наурызда) Шахрух Хорасанның батыс аймақтарының бірінде жорықта жүріп ауырады да, көп ұзамай қайтыс болады [4]. Шахрухтың денесі жерге тимей жатып-ақ Герат тағына үміттенушілер арасында күрес басталып кетеді. В.В. Бартольдтың еңбегінде бұл күрестер жақсы қарастырылғандықтан, біз оған тоқталып жатпай, тек оның кейбір тұстары мен нәтижелеріне ғана назар аударамыз [2, 148–156].

Егерде Шахрух өлгеннен кейінгі Темір әулеті арасындағы тақ үшін күрестерді бірнеше кезеңге бөліп қарасақ, бірінші кезеңге 1447 жылдың наурызы мен сол жылдың соңғы айларына дейінгі аралық жатады. Негізгі оқиғалар Хорасан аймағында өтеді де, Герат тағына басты үміткердің бірі Ала ад-даула иемденеді. Ұлыбек болса Амударияның сол жағалауындағы Балх аймағын иеленіп, онда ұлдарының бірі – Абдаллатифті отырғызады. Ала ад-даула Гератты иеленгенімен, оның билігі бүкіл Хорасанға жүрмейді. Ондағы Мазендаран аймағына Шахрухтың немересі, Байсұңқардың ұлдарының бірі – Әбілқасым Бабырдың билігі орнайды.

1447 жылдың соңында Мауереннахр мен Хорасан билеушілері арасында уақытша болса да бейбіт келісімдерге қол жеткізіліп, тыныштық қалыптасады [2, 150]. Бірақ та бұл тыныштық ұзаққа созылмайды. 1448 жылдың көктемінде Ұлыбек Хорасан аймағына еніп, Темір әулеті арасындағы күрестің екінші кезеңін бастап жібереді.

Екінші кезеңдегі басты оқиғаларға мыналар жатады:

а) Ұлыбек пен Абдаллатифтің 90 000 әскері Герат маңындағы Тарнаба қалашығы түбінде Ала ад-даула әскерін жеңіліске ұшыратады; ә) Ала ад-даула қашып, Әбілқасым Бабырды паналауға мәжбүр болады; б) Ұлыбек Герат пен оның төңірегіндегі қалалардың бірін күшпен, бірін ұрыссыз иеленеді де, бүкіл Хорасанды бағындыру үшін батысқа қарай жорығын жалғастырады. Гераттағы әмірлердің бүлігі Ұлыбекті кейін оралуға мәжбүр етеді, сөйтіп ол қарашаның соңында Гератқа қайтып келеді; ал «көшпелі өзбектер» елінің билеушісі Әбілқайыр ханның Самарқанға жорығы оны Хорасаннан Мауереннахрға қайтып оралуға мәжбүрлейді; Ұлыбек ұлы Абдаллатифті Гератта қалдырып, өзі

Самарқанға қайтып оралады; екі аптадан кейін Әбілқасым Бабыр Абдаллатифті Гераттан қуып шығады [5].

Темір әулеті арасындағы күрестің екінші кезеңін қорытындылай келе, күрес барысындағы басты рольді Ұлыбек атқарса да, нәтижесі ол үшін өте тиімсіз болды дейміз. Күрестің бастапқы сатыларында ол қалай жеңіске жетсе, соңғы сатыларында ол қол жеткізген жеңістерінің бәрінен айырылады. Абдразак Самаркандидың айтуына қарағанда, 1448 жылғы тақ үшін жүргізілген күрестер әскер мен жергілікті тұрғындар арасында Ұлыбектің беделін күрт төмендетіп жібереді [2, 156].

1449 жылдың көктемінде Ұлыбек Хорасанға қайта жорық жасауды жоспарлайды, бірақ ол оны жүзеге асыра алмайды. Өйткені, Ұлыбекке ұлы Абдаллатифке қарсы күресуге тура келеді. Сөйтіп, 1449 жылдың көктемінде Темір әулеті арасындағы күрестің үшінші кезеңі басталып кетеді. Күрес Мауереннахр аумағында әкесі мен ұлы арасында жүреді. Ұлыбек пен Абдаллатифтың арасындағы күрестің себептерін В.В. Бартольд өте жақсы ашып көрсеткен [2, 124–126, 128]. Әкесі мен ұлы арасындағы күрес 1449 жылдың қазан айының соңында Ұлыбектің жеңіліп, кейіннен өлтірілуімен аяқталады. Осылайша, үшінші кезеңнің соңында Мауереннахр тағын Ұлыбектің ұлы Абдаллатиф иеленеді.

Осы жерде Ұлыбек өмірінің соңғы айларында Мауереннахр мен Дешті Қыпшақ билеушілері арасындағы саяси қарым-қатынастарды көрсететін бір-екі фактіге тоқтала кетсек дейміз. Б.А. Ахмедов Масуд бен Осман Кухистани мен Даулатшахтың деректеріне сүйеніп, Ұлыбек ұлынан масқара болып жеңілгеннен кейін, Дешті Қыпшақтағы Әбілқайыр ханға барып, одан көмек алуды ойластырды, бірақ ол ойынан қайтып, ұлы оған қастандық жасай қоймас деп, Самарқанға қайтып келеді де, билікті ұлына тапсыруды, өзі ғылыммен айналысуды жоспарлағандығын айтады [6]. Ал кейінгі дәуірде жазылған деректің бірінде Ұлыбектің Әбілқайыр ханға барғандығы, бірақ одан көмек ала алмай, Самарқанға қайтып оралғандығы айтылады [6, 63–64].

Ұлыбектің Әбілқайыр ханнан не себепті қолдау таппағандығын анықтау онша қиын емес. 1446 жылы Сырдария өзенінің орта ағысы бойындағы қалалар мен аймақтарды иелену арқылы «көшпелі өзбектер» елінің билеушісі бүкіл Дешті Қыпшақтың қожайыны ғана емес, сонымен бірге Мауереннахрдың ішкі істеріне араласуға, Мауереннахрды өзіне тәуелділікте ұстауға мүмкіндік алған болатын. Шахрухтың өлімінен кейінгі Темір әулеті арасындағы тақ үшін күрестер ол үшін өте тиімді еді. Әсіресе, 1449 жылғы әкесі мен баласы арасындағы күрестер оның бұл ойының жүзеге асуына бір қадам болса да жақындата түседі. Сол себепті де ұзақ жылдар бойы Самарқанды билеген, 55 жастағы Ұлыбекке қолдау көрсету, оның билігін қайтадан нығайту Әбілқайыр ханның жоспарының жүзеге асуына кедергі келтірген болар еді. Біздің ойымызша, осындай себептер оны Ұлыбекке қолдау көрсетуден бас тартқызады.

Осылайша, Мауереннахрда 40 жылдан аса уақыт билік жүргізген Ұлыбек ұлынан жеңіліс тауып, солтүстіктегі көршісінен қолдау таппай, ақырында өз ұлының қолына қайтып келеді. Ал Абдаллатиф болса жасырын түрде бұйрық беріп, сол жылдың 25 қазанында атақты Ұлыбекті өлтірткізеді. 2–3 күннен кейін бауыры Абд ал-Азиз де өлім жазасына кесіледі [2, 159–160].

Ұлыбек пен оның ұлы Абдаллатифтың арасындағы күрес кезінде Темірдің басқа ұрпақтары көзге түсе бастайды. Шахрухтың Ибрагим атты ұлынан туған Абдолла мырза мен Мираншахтың Сұлтанмахмуд атты ұлының баласы Әбу Сайд

мырза Ұлығбек жағында болып, қолға түсіріледі де, қамауға алынады, бірақ өлтірілмейді.

Жеке дара билікті иеленген Абдаллатиф қатаң шаралар арқылы өзіне қарсы келгендер мен қарсы шыққандарды аяусыз басып отырады. Оның билігіне наразылар көтеріліс жасауға дәті бармайды, дегенменде қастандық арқылы жаңа билеушінің көзін құртуға бел буады. В.В. Бартольдтың дәлелдеуінше, қастандықты ұйымдастырушылар Ұлығбек пен Абд-ал-Азиздың бұрынғы нөкерлері болып, олар өз бектерінің өлімі үшін кек алуды мақсат еткен [2, 161]. 1450 жылдың 8 мамырында Абдаллатиф қастандық арқылы өлтіріліп, оны ұйымдастырушылар билікке қамауда жатқан Абдолланы әкеледі.

Абдолланың билікке келуімен Мауереннахрдың саяси өмірінде тыныштық орнай қоймайды, керісінше билік үшін күрестің оты одан ары қыза түседі. Бұхарада қамауда отырған Абу Сайд мырзаны дін басылары мен қала әкімі тұтқыннан босатып, оған ант береді. Абу Сайд мырза бірден Самарқанға аттанады. Бірақ та Абдолла мырзадан жеңіліс тауып, солтүстіктегі көрші «көшпелі өзбектер» еліне қашуға мәжбүр болады.

Осы тұста Хорасан аймағында да Шахрухтың үш немересі – Сұлтан Мұхаммед, Әбілқасым Бабыр және Ала ад-даула арасында Герат тағы үшін күрес қызып, Балх, Хисар және Шапурган аймақтарының билігіне Ала ад-даула келеді де, ол Самарқандағы Абдолла мырзаға қарсы аттанады. Өз кезегінде Абдолла мырза да оған әскермен қарсы шығады. Бірақ екі жақ арасында ашық шайқас болмай, қарсыластардың бірі – Балхқа, екіншісі Самарқанға қайтып оралады. Ала ад-дауланың шайқасқа шықпай, кейін оралуына Әбілқасым Бабырдың Хорасанға қауіп төндіруі жатса, біздің ойымызша, Абдолла мырзаның Самарқанға қайтуына солтүстік аймақтарда қашып жүрген Әбу Сайд мырзадан төнген қауіп-қатерлер себеп болады. Әбу Сайд мырза сол кездерде Темір әулетіне тәуелді Сыр бойының қалаларының бірі Ясыны (Түркістан) басып алған болатын. Қалаға қарсыласының мықтап бекінуіне жол бермеу үшін Абдолла 1450–51 жылдың қыс айларында Сыр бойына әскер жібереді. Бірақ та одан ешқандай нәтиже шықпағандықтан, Абдолла мырзаның өзі аттанады. Әбу Сайд мырза болса, Әбілқайыр ханнан әскери көмек сұрауға мәжбүр болады. «Көшпелі өзбектер» елінің ханы оның бұл ұсынысына қуана келісіп, Дешті Қыпшақтың әскерін өзі бастап шығады. Абразак Самарканди екі жақ әскерінің шайқасын керемет суреттеп баяндайды [7]. Шайқастың нәтижесі бойынша Мауереннахр әскері жеңіліске ұшырап, Абдолланың өзі қаза табады да, 1451 жылдың маусымының соңы – шілдесінің басында Әбу Сайд мырза Самарқан тағының егесіне айналады [8].

Осылайша, Шахрухтың қайтыс болғанынан Әбу Сайд мырзаның билікке келгенге дейінгі 4 жарым жылдай уақыт ішіндегі Темір әулеті билік құрған империяның ішкі саяси жағдайын қарастыра келе, төмендегідей тұжырымдар жасауға болады. Біріншіден, империяның негізі берік болмай, отарлық биліктің әлсіреуіне байланысты ол бірнеше аймақтарға бөлініп кетеді. Билеуші әулет арасында ортақ мүдденің, бірліктің болмауы тақ үшін күрестердің болуына алып келеді.

Екіншіден, тақ үшін күрестер алғашында Хорасан аймағында Шахрухтың үлкен ұлы Ұлығбек пен Шахрухтың тағы бір баласы Байсұңқар ұлдарының арасында өтсе, күрестің келесі кезеңінде билік үшін тартыстар одан ары шиеленісе түсіп, Хорасандағы күрес Байсұңқардың ұлдары арасында жүреді. Ал Мауереннахрдағы күрестің отын Ұлығбек пен ұлы Абдаллатиф қыздырады. Нәтижесінде, әкесін өлтіріп ұлы билікке келеді. Үшіншіден, Мауереннахрдағы күреске соңғы кезеңде

Әмір Темірдің өзге ұлдарынан тараған өкілдер де белсене араласып, аз уақыт болса да, тақты иеленеді.

Төртіншіден, Мауереннахрдағы билікке таласушылар арасында өте беделді, көпшіліктің қолдауына сүйенген дара тұлғаның болмауы талас-тартыстарды үздіксіз етеді де, үміткерлер міндетті түрде сыртқы күштерге арқа сүйеуге мәжбүр болады. Әбу Сайд мырзаның билікке келуін осымен түсіндіруге болады.

Бесіншіден, саяси бытыраңқылықтардың нәтижесінде Мауереннахр аймағында Гератқа бағынбайтын жеке саяси құрылым пайда болып, билік үшін күрестердің тоқтамауы XV ғасырдың ортасында оны да өте әлсіретіп жібереді. Міне, Шахрух қайтыс болғаннан кейінгі Темір әулеті билеген Мауереннахрдың 4-5 жыл ішіндегі ішкі саяси жағдайы осылай қалыптасады.

Әбу Сайд мырза Мауереннахрды 1451 жылдан бастап 18 жыл бойы билесе де, оған өз билігін, сондай-ақ Мауереннахрдың тұтастығын сақтап қалу үшін үнемі сыртқы күштер мен ішкі күштерге қарсы соғыс жүргізуіне тура келеді. Тек 1457 жылы Гератта Әбілқасым Бабырдың қайтыс болуынан кейін, ол Хорасанды бағындырады, бірақ Гератқа тұрақты билік жүргізу үшін Иранның батысындағы Қара Қойлы, Ақ Қойлы әулеттерімен күрес жүргізуіне тура келеді. Міне, осындай Мауереннахрдың саяси өміріндегі оқиғалардың оның шығысындағы көршісі Моғолстан аумағында Қазақ хандығының құрылуына қалай ықпал еткенін білу үшін, Әбу Сайд мырзаның 1451–1457 жылдардағы билігіне, осы жылдардағы Мауереннахрдың ішкі және сыртқы саяси жағдайына үңілеміз.

Әбу Сайд мырзаның билігіне алғашқылардың бірі болып баға берген В.В. Бартольд «Ұлығбектің қырық жылдық үстемдігі Әбу Сайд мырзаның Ташкенттен алдырған Қожа Ахрар, нақышбандық топ өкілдерінің қырықжылдық үстемдігімен ауысты», – деп жазады [2, 166]. Біз бұл жерде XV ғасырдағы Мауереннахрдың әлеуметтік, экономикалық, мәдени, діни тарихы мәселелерін талдаудан аулақпыз. Бірақ та бұл мәселелер әсіресе діни факторлардың ықпалы Әбу Сайд мырзаның өмірінде, жүргізген саясатында байқалады. Орта Азиядағы сопылықтың негізін нақышбандық бағытының негізін қалаған Қожа Ахрар (ол – Хазірет Қожа Ұбайдоллах, Қожа Насыр ад-дин Убайдаллах, Хазірет Ишан) (1404–1489–90 жж.) XV ғасырдың ортасы мен екінші жартысында Мауереннахрдың саяси өмірінде үлкен роль атқарады. В.В. Бартольд Әбу Сайд мырзаның Қожа Ахрардың ықпалында болғандығын айтып өтеді [2, 168]. В.В. Бартольдтың бұл пікірін Ұлығбектің билігі жылдарындағы Мауереннахрдың мәдени өмірін одан кейінгі жылдардағы мәдени өмірмен салыстыру үшін айтылған пікір деп түсінуіміз қажет. Ал саяси өмір болса біршама тұрақтанып, билік үшін ашық түрдегі күрестер бәсеңдегенімен ішкі саяси өмірді толығымен бейбіт қалыпқа түсті деуге болмайды.

Әбу Сайд мырзаның 18 жылдық билігінің алғашқы жылдарында Самарқан тағын ұстап қалуына бірнеше факторлар әсер етеді. Оның біріншісіне – Ұлығбектің 40 жылдық билігі тұсында саяси биліктен алыс болса да, халық арасында ықпалы күшті болған сопылық бағыттағы нақышбандық топ жетекшілерінің Әбу Сайд мырзаға қолдау көрсетуі жатса, екіншісіне – өзін тікелей билікке отырғызған Әбілқайыр ханның қолдауы болды. Самарқан тағының иесі болған қызметі үшін мол сыйлықтар беріп, Ұлығбектің Рабиға Сұлтан бегім атты қызын ұзатады [9]. Осындай мықты қолдауға ие болған Әбу Сайд мырза алғашқы жылдары өзіне қарсы шыққандар мен бас көтергендерді жеңіліске ұшыратып, қатаң жазалап отырады. Темір әулетінің тарихшыларының бірі – Абразак Самарканди Әбу Сайд мырзаның тақты иеленуін барынша мадақтай келе, оның алғашқы жасаған

әрекеттері туралы былай деп жазады: «Ақылды адамдардың көңілінен шыққан оның бірінші және маңызды ісі Абдаллатиф мырзаны өлтіргендерден кек алу болды. Оларды ұстатып, өлтірткізеді де, Абдаллатифты өлтірген жерде өртетіп жібертті» [10]. Әбу Сайд мырза осы әрекеті арқылы өзінің Ұлыбектің саясатына қарсы саясат жүргізгендігін көрсетеді. Ұлыбектің ұзақ жылдардағы саясатын қолдаушылар мен жақтаушылар алғашқы кезде тым-тырыс қалғандай болады да, бірте-бірте өз қарсылықтарын білдіре бастайды.

Алғашқы бас көтеру 1455 жылы Отырар қаласында болады, бірақ оны Әбу Сайд мырза тез басып тастайды [2, 169]. Бір қызығы, Отырардағы бас көтергендерге Әбілқайыр хан көмек береді [2, 169]. В.В. Бартольдтың пікірінше, бүлікшілерге Бұхарадағы дін басылары қолдау көрсеткен [2, 169]. Біз оларды Ұлыбектің саясатын қолдаушыларға жатқызамыз. Ал Әбілқайыр ханның Отырардағы бүлікшілерді қолдауын мынадай себеппен түсіндіреміз. Әбу Сайд мырзаның билікке келгеннен кейін бірнеше рет Моғолстан әскерлерін жеңуі, уақытша болса да, 1454 жыл Гераттағы Әбілқасым Бабырмен бейбіт келісімге келуі, оның беделін көтеріп, абыройын асырады. Халық арасында ықпалы өсіп, билігі күшейе түседі. Солтүстіктегі көршіге бұл ұнамай, Отырардағы бүлікшілер арқылы ол Әбу Сайд мырзаның билігін төмендетіп ұстауды мақсат еткен секілді. Кезінде, яғни 1449 жылы Әбілқайыр хан Ұлыбектің күшейіп кетуіне жол бермеу үшін оған ұлымен қарсы күресте әскери көмектен бас тартқан болатын.

1455 жылғы Отырардағы Әбу Сайд мырзаға қарсы жасалған бас көтерудің жеңіліске ұшырауына – онда Темір әулетінен шыққан өкілдің жетекшілік етпеуі жатады. Егерде Отырардағы бүлікте Темір әулетінің бір өкілі басқарып, жетекшілік еткен болса, онда ол жөнінде Самарканди немесе Кухистани міндетті түрде хабарлаған болар еді.

Ал келесі көтеріліске Темір әулеті өкілдерінің бірі жетекшілік етеді. Ол көтерілістің Мауереннахрдың сол жылдардағы ішкі саяси өміріне тигізген әсері біршама болғандықтан, оған тоқтала кетелік.

1451–1457 жылдары Мауереннахрдың ішкі саяси өмірінде болған ірі оқиғалардың біріне Ұлыбектің немересі, Абдаллатифтің ұлы – Мұхаммед Жөкінің Әбу Сайд мырзаға қарсы жасаған көтерілісі жатады. В.В. Бартольд Абдразак Самаркандидың дерегіне сүйеніп, Мұхаммед Жөкінің көтерілісі 1461 жылы басталды деп жазса [10], Әбілғазы болса, Мұхаммед Жөкінің көтерілісіне қатысты оқиғалардың бәрін, яғни Ұлыбек немересінің Әбу Сайд мырзадан қашып Әбілқайыр ханның Ордасына келуін, онда біршама уақыт тұрғанын, Әбілқайыр ханнан әскери көмек алып, Мауереннахрдың жартысын жаулап алғанын, Әбу Сайд мырзаның оны Шахрухия қамалында қоршауға алғанын, кейіннен оны тұтқындап Гератта, түрмеде ұстағанын хижраның 860 (1455) жылы болып еді деп баяндайды [12]. Шахрух пен Әбу Сайд мырзаның билік құрған жылдары Гератта билеуші әулеттің жанында болған Абдразак Самаркандиге (1413–1482) мемлекеттің ішкі және сыртқы саяси өмірінде болып жатқан оқиғалардың бәрі белгілі болып, әр жылғы оқиғалар қағазға түсіріліп отырылған. Мұхаммед Жөкінің көтерілісі, оның «көшпелі өзбектер» ханынан әскери көмек алып, Әбу Сайд мырза әскерімен соғысы және т.с.с. оқиғалар Мауереннахр өміріндегі маңызды оқиғалардың қатарына жатқандықтан, Самарканди сол оқиғалардың тұстасы бола тұра, олардың болған мерзімін қате айтуы мүмкін емес.

Ал Әбілғазыға көмек, Мұхаммед Жөкіге қатысты оқиғалар 200 жылдан кейін баяндап отырғандықтан оның оқиғалардың болған жылдарын қате айтуы немесе

шамамен болжап айтуы әбден мүмкін. Сондықтанда біз, Мұхаммед Жөкінің Әбу Сайдқа қарсы көтерілісі 1461 жылы басталды деген деректі қолдаймыз.

Мұхаммед Жөкінің көтерілістің алғашқы кезінде тез арада Мауереннахрдың жартысынан астам аумағын бағындыруы – біріншіден, Әбілқайыр ханның әскери көмегінің арқасында болса, екіншіден, Мауереннахрда Мұхаммед Жөкіні қолдайтын күштердің көп болуынан де түсінеміз. Ұлыбек немересін қолдайтындардың Әбу Сайд мырзаның қарсыластары екендігі өзінен өзі-ақ түсінікті. Отырардағы бас көтеру басып тасталғаннан кейін Әбу Сайдтың қарсыластарды көтеріліске кең ауқымдылық беру үшін міндетті түрде Ұлыбектің немересін көтерілістің жетекшілігіне тартып, Мұхаммед Жөкіні билікке әкелуді ойластырған. Біздің ойымызша, көтеріліс 1461 жылы басталғанымен, оның дайындығы 1455 жылғы Отырар көтеріліс басылғаннан кейін бірден басталған.

Жалпы алғанда, бұл айтып өткен бас көтерулер мен көтеріліске дайындықтар Әбу Сайд мырзаның билігінің алғашқы жылдарында Мауереннахрдың ішкі саяси өмірінің әлі де болса тұрақсыз, құбылмалы жағдайда тұрғандығын көрсетеді.

Осы қарастырып отырған жылдар ішіндегі Мауереннахрдың сыртқы саяси жағдайының барысынан, оның ішінде Моғолстанмен, Хорасанмен және Хорасанның батысындағы Қарақойлылар әулетімен жүргізген саяси қарым-қатынастарының Қазақ хандығының құрылуына қандай дәрежеде қолайлы жағдайлар жасағанын анықтауға болады. Сондай-ақ осы қатынастар шеңберіндегі жазба деректер негізінде нақты анықталған оқиғаларды салыстыру арқылы Керей мен Жәнібек хандардың Моғолстанға көшіп келген мерзімін білуге болады. Олай болса, 1450-ші жылдардың бірінші жартысындағы Мауереннахрдың көршілес елдермен, оның ішінде жоғарыда айтып өткен елдермен қарым-қатынастарын талдап көрелік.

Алдыменен Мауереннахрдың Моғолстанмен жүргізген қарым-қатынастарынан бастайық.

Біз бұған дейін бұл қарым-қатынастарды Моғолстан тұрғысынан қарастырғанбыз. Сондай-ақ қысқаша болса да, кезінде Шағатай ұлысының құрамында болған екі аймақтың жеке мемлекет болғаннан бергі қатынастарына шолу жасағанбыз. Ондағы қарастырылған мәселелерді бұл жерде қайталап жатпай, тек жалпылама түрде айтсақ, екі ел арасындағы қатынастардың өзгермей, ауыспалы болғандығын байқаймыз. XIV ғасырдың 50–60 жж. қарым-қатынастарда Моғолстан жетекшілік роль атқарса, одан кейінгі кезендерде жетекшілік роль Мауереннахрға көшеді. Ұлыбектің билігі тұсында да Мауереннахр бұл жетекші рольді сақтап қалады. Ал Шахрухтың қайтыс болған жылынан бастап, Темір әулеті арасындағы билік үшін болған өзара күрес жылдары екі ел арасындағы саяси қарым-қатынаста белсенділік қайтадан Моғолстан жаққа аудайды да, Мауереннахр жағы тек қорғанушы рөлін атқаруға мәжбүр болады.

Біз бұған дейін Моғолстанның Мауереннахрмен жүргізген қарым-қатынасын қарастырып, Есенбұға ханның ол елге жасаған бірнеше жорықтарын, Әбу Сайд мырзаның Ианги түбінде моғол әскерлеріне тойтарыс бергендігін айтып өткенбіз. Бұл жерде оны қайталап жатпай, тек оқиғаларға Мауереннахр тұрғысынан сипаттама берелік.

1451 жылға дейін, яғни Әбу Сайд мырза билікке келгенге дейін Есенбұға ханның Темір әулеті арасындағы билік үшін болған күрестерді пайдаланып, Мауереннахрдың шығыс аймақтарына бірнеше рет тонаушылық сипатта жорықтар жасайды. Есенбұға үшін бұл жорықтар қалай сәтті болса, Мауереннахр үшін керісінше, қайғылы аяқталып отырады. 1447–1451 жылдардағы Темір әулеті

арасындағы күрестің қызған кезінде, әсіресе, Ұлыбектің Хорасан аймағы үшін, оның өз ұлымен, сондай-ақ Абдаллатиф мырзаның Абдаллахпен, Абдаллахтың Әбу Сайдпен күрестері кезінде Мауереннахрдың шығыстағы аймақтары ешбір қорғаусыз қалып, Мұхаммед Хайдар Дулатидың айтуынша Есенбұға «Сайрам, Түркістан, Ташкентте жорық жасап, ойрандап қайта оралып» отырады [13, 109]. Мауереннахр тарапынан ешқандай қарсылық болмаған соң Есенбұға хан «сол жерге екінші рет шабуыл жасайды» [13, 109].

1451 жылы Самарқан тағына Әбу Сайд мырзаның келуімен жағдай күрт өзгереді. Мұхаммед Хайдар Дулати Әбу Сайд мырза «Есенбұға ханды қуып, Иангиге дейін тықсырды, моғолдар ұрыссыз қашып кетті», – деп жазса, Бабыр «Сұлтан Әбу Сайд мырза таққа отырғаннан соң, Есенбұға ханға қарсы жорыққа шықты. Янгидың ар жағында Ашпарада, Моғолстанда ол Есенбұға ханның быт-шытын шығарды», – деп баян етеді [14]. Әбу Сайд мырза осылайша Есенбұға ханға алғаш рет тойтарыс берсе де, оның тонаушылық жорықтарына тұрақты тосқауыл қоя алмайды. Самарқан билеушісінің сыртқы саясаттағы басты бағыты – Хорасан аймағын жаулау екендігін білген Моғолстан ханы Мауереннахрдың шығыс аймақтарына жорықтар жасап, үнемі қауіп-қатерде ұстайды, ал егер Самарқан әскері қарсы шықса, шегініп кетеді, олар кейін оралса, тағы да қауіп төндіре бастайды. Міне, Мауереннахр билеушісі үшін Моғолстан ханымен нақты бір принциптерге негізделген саяси қарым-қатынастар жүргізу мүмкін емес болатын.

Мауереннахр билеушілерінің XV ғасырдың 50-ші жылдарындағы сыртқы саясаттағы басты бағыты – оңтүстік-батыс бағыт, яғни орталығы Герат қаласы болған Хорасан аймағын Әмір Темірдің билігі кезіндегідей Мауереннахрға қайта қосу болды. Сол себепті де ол Моғолстанның тонаушылық жорықтарына қарамастан Хорасаннан айырылып қалмау үшін бар күштерін салады. Әбу Сайд мырзаға бірден бір мезгілде екі майданда күрес жүргізуге тура келеді. Біріншісі – шығыс бағыттағы Моғолстан болса, екіншісі – оңтүстік-батыс бағыттағы Хорасан үшін Темір әулетінің басқа өкілдерімен, сондай-ақ Хорасанға қауіп төндіріп отырған Қарақойлы әулетінің билеушісі Жаханшахпен күрес болды. Осы екі бағыттағы күресте Әбу Сайд мырза басты бағыт ретінде Хорасан бағытын ұстанады да, өзінің негізгі күштерін сонда бағыштайды. Ал шығыс бағытты екінші орынға қояды. Мұны біз 1457–58 жылғы оқиғалар барысынан көреміз.

Мауереннахр үшін негізгі бағыт болып саналған Хорасанға келсек, онда 1447 жылы Шахрух қайтыс болғаннан кейін саяси билік жиі ауысып отырады. 1448 жылы Ұлыбектің Хорасанға жасаған екінші жорығанан кейін, ондағы билікті Ұлыбектің інісі Байсұңқардың үш ұлы иемденеді де, 1451 жылға дейін билік үшін күрестер Сұлтан Мұхаммед мырза, Әбілқасым Бабыр және Ала ад-даула арасында өршиді. А.Мюллердің жазуынша «ағайынды үш бауырдың арасындағы қатынастар Ұлыбек әулеті арасындағы қатынастарға ұқсайды. Мұхаммед мырза мен Ала ад-даула Бабырға қарсы аттанады. ...Олар өздерін қаншама қарапайым етіп көрсеткенімен, іс насырға шауып, ұрыс болады. Бабыр жеңіске жетіп, екі бауырын да тұтқынға алады. Ол Мұхаммедті өлтіруге бұйрық береді, ал Ала ад-дауланың екі көзін ойып алғызады» [15]. Осылайша, Бабыр 1451 жылы Хорасан билігіне таласқан негізгі қарсыластарын толығымен жеңеді, бірақ оған жаңа қарсыластар пайда болады. Оның бірі – Мауереннахрда билікке келіп, оған Хорасанды қосуды алдына мақсат етіп қойған Әбу Сайд мырза болса, екіншісі – Хорасанның батысындағы Қарақойлы әулетінің билеушісі Жахан шах (1436–1467 ж.) болатын. Мауереннахрдағы Әбу Сайд мырзаға Есенбұға хан мен

Бабыр қандай қауіптер туғызып отырса, Хорасанды иеленген Бабырға да Әбу Сайд мырза мен Жахан шах дәл сондай қауіптер туғызады.

1457 жылы Герат билеушісі Әбілқасым Бабыр кенеттен қайтыс болып, сол жылдың аяғында Әбу Сайд мырза Гератты иеленеді. Ал келесі жылы Гератқа түпкілікті билігін орнатып, 1469 жылға дейін бүкіл Хорасанды Мауереннахрға қосады. 1457 жылы Хорасан аймағындағы саясатын ойдағыдай жүргізу үшін және Мауереннахрдың шығыс аймақтарын Есен Бұғадан қорғау үшін Шираз қаласынан Есен Бұға ханның ағасы Жүніс ханды шақыртып, оны інісіне қарсы қояды. Жалпы алғанда, Қазақ хандығының құрылған датасын анықтауда Жүніс ханның Моғолстанға келуі Керей мен Жәнібектің де Моғолстанға көшіп келуімен қатар болғандықтан, бұл оқиғаның Қазақ хандығының құрылуы үшін өзіндік маңызы бар деп есептейміз.

Осылайша, Мауереннахрдың XV ғ. орта тұсындағы ішкі саяси жағдайы тұрақсыз болып, ондағы билік үшін саяси күрестер әсіресе, Мауереннахрдың Моғолстанмен қарым-қатынасы осы кездерде Моғолстанның батыс бөлігінде ұлттық сипаттағы Қазақ хандығының құрылуына қолайлы саяси алғышарттар әзірледі деген қорытындыға келеміз.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Бартольд В.В. Улугбек и его время. Соч., Т.II., Ч.2. – М., 1964. –25-196 бб.; Бартольд В.В. История культурной жизни Туркестана. Соч., - Т.I., Ч.1. – М., 1963. –167-433 бб.; Якубовский А.Ю. Самарканд при Тимуре и Тимуридах. – Л., 1933.; Ахмедов Б.А. Улугбек и политическая жизнь Мавереннахра первой половины XV в. Мына кітапта: Из истории Улугбека. –5-68 бб.
2. Бартольд В.В. Улугбек и его время. Соч., Т.II., Ч.2. – М., 1964. –147 б.
3. Бартольд В.В. Улугбек и его время. Соч., Т.II. Ч.2. –147-148 бб.; Ахмедов Б.А. Улугбек и политическая жизнь Мавереннахра первой половины XV в. Мына кітапта: Из истории Улугбека. –58-59 бб.; История Узбекской ССР. Т.I. С древнейших времен до середины XIX века. – Ташкент, 1967. – 466 б.
4. Ахмедов Б.А. Из политической истории Хорезма XV в. Известия АН УзССР, 1960. –№5.
5. Бартольд В.В. Улугбек и его время. Соч., - Т.II., Ч.2. –150-156 бб.; Ахмедов Б.А. Улугбек и политическая жизнь Мавереннахра первой половины XV в. Мына кітапта: Из истории Улугбека. –60-62 бб.
6. Ахмедов Б.А. Улугбек и политическая жизнь Мавереннахра первой половины XV в. Мына кітапта: Из истории Улугбека. –63 б.
7. СМЗО. Т.I. – 199-200 бб.
8. СМЗО. Т.II. – 200-201 бб.; Бартольд В.В. Улугбек и его время. Соч., - Т.II., Ч.2. –164 б.; Мюллер А. История Ислама от основания до новейших времен. Перевод с немецкого Н.А. Медникова. – Т.III. – СПб., 1896. –350 б.
9. Тарих-и Абул-хайр-хани // МИКХ., - Алма-Ата, 1969. –167 б.; «Места восхода двух счастливых звезд и места слияния двух морей» Абраззак Самарканди // СМЗО. Т.II. –201 б.
10. Абраззак Самарканди // СМЗО. Т.II. –201 б.
11. Бартольд В.В. Соч., Т.1. Ч.2. –170 б.
12. Әбілғазы. Түрік шежіресі. – Алматы, 1992. –123-125 бб.; Абуль-Гази-Багадур-хан. Родословное древо тюрков. – Москва – Ташкент – Бишкек, 1996. –106-108 бб.
13. Дулати М.Х. Тарих-и Рашиди. – Алматы, 2003. –109 б.
14. Дулати М.Х. Тарих-и Рашиди. –109 б.; Захир ад-дин Мұхаммед Бабыр. Бабырнама. Толықтырылып екінші басылуы. – Алматы, 1993. –30 б.
15. Мюллер А. История ислама с основания до новейших времен. – СПб., 1896. –350 б.

Ресей империясының Қазақстанды отарлауы және жергілікті халық

Дәрия ҚОЖАМЖАРОВА,
М.Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университетінің
проректоры, тарих ғылымдарының кандидаты

XIX ғасырдың I жартысында Ресей экономикасының жаңа капиталистік жолға түсуі, өнеркәсібі мен саудасының өрлеуі жаңа өнім өткізетін рынокқа және шикізат көзі болып табылатын аймақтарға қажеттілікті туғызды. Бұл мәселені патша өкіметі Қазақстан мен Шығыс елдерін отарлау арқылы шешпек болды. «Ресей үшін қазақ елін өз отарына айналдырудағы басты мақсат елдің табиғи байлықтарын, арзан жұмыс күшін, арзан шикізатты қажетіне пайдалану, неғұрлым мол пайда табу болды» [1].

Патша өкіметі Шығыстан шикізат көзін іздестірумен қатар, Азияда орыс саудасын жандандыруға тырысты. 1817 жылы қабылданған «кедендік ережеде» Азиядағы сауда-саттыққа үлкен мән беріліп, «Азиямен сауда жүргізу Ресей үшін ұлы мақсат» – деп атап өтіледі [2]. Осыған байланысты қазақ даласы керуен жолдарының торабында орналасқандықтан Шығыс Түркістан мен Орта Азияның саудасына бақылау жасауына толық мүмкіндік беретін еді [3].

Сонымен қатар қазақ даласы Ресей империясының сыртқы саясатында Орта Азия, Ауғанстан, Шығыс Түркістан және Үндістан сияқты елдерге әскери жорықтар жасайтын ең қолайлы позиция ретінде аса маңызды стратегиялық аймаққа айналды. «Бұл жерден Қоқан мен Батыс Қытай ғана емес, ағылшындардың Үндістаны да қашық емес» – делінген орыс деректерінде [4].

Тағы бір дерекке назар аударсақ, онда «Бұл аймақ өте бай, бірақ әлі игерілмеген, болашақта Ресей үшін көптеген табыстар әкелері сөзсіз..., екіншіден, бұл аймақ Үндістанға есік ашып береді» – деп жазылған [5].

Ресей империясының Шығысты отарға айналдыру, оның ішінде Үндістанға қожалық жасау мақсаты I Петр патшадан бастау алады. Қазақстанды Азияға басып кіретін «алтын қақпа» деп атаған ол, басқыншылық жоспарын мұрагерлеріне өсиет етіп қалдырады. «Император, – деді Макшеев өз еңбегінде, – мұрагерлеріне Шығысты түпкілікті жаулау туралы жоспар құрып кетеді. Олар осы жоспар бойынша Шығысқа қарай үш бағытпен қимылдады: Шығыстағы Түркістаннан Үндістанға, оңтүстіктегі Кавказдан Персияға және Азиялық Түркияға» [6]. Ресей империясын кеңейтуді және отар елдерден өз үлесін алуды мақсат тұтқан патша өкіметі шығыс елдерін бөлісуде Европадағы ірі капиталистік елдермен өзара бәсекелестік күреске түседі.

Орыс патшасы I Павелдің тұсында отарлық саясаттың негізгі тетіктері кең көлемде күш алады. Ол министр М.В. Ростопчинге Ресейдің сыртқы саясатының бағыт-бағдарын анықтайтын бағдарлама жасауға тапсырма береді. М.В. Ростопчиннің жасаған жоспары I Петрдің «өсиетіне» сәйкестендіріліп,

1800 жылы қыркүйек айында дайындалады. Оны I Павел сол жылдың 2 қазанында бекітеді. Ростопчиннің бағдарламасында империяның аумағын ұлғайту ашық түрде айқындалып, Англия, Франция, Австрия және Пруссия сияқты мемлекеттердің күш-қуатын әлсірету бағыттары көрсетіліп, Үндістанды бағындыру үшін қазақ даласы арқылы әскери экспедиция жөнелту және Осман империясын бөлшектеу карастырылады [7].

Осы жоспар бойынша қимылдаған патша өкіметі отар елдерді бөлісуде Англияның бірден-бір бәсекелесіне айналады. Азия департаментінің Орта Азиялық бөлім бастығы Ұлы князьға жасаған мәлімдемесінде мына жағдайды баяндайды. Онда былай делінген «Солтүстік Батыс және оңтүстіктегі Европа елдерінің жасаған тосқауылдары орыс халқына басқа жолдарды іздеуге мәжбүрледі. Сондықтан олардың еншісіне Азия ғана тиді. Орыстар бұл жерге барлық бағыттар бойынша бас салып ұмтылды. Оған апаратын жол бұрыннан үш бағыттан тұратын: Кавказ арқылы Оңтүстікке, Солтүстік-Шығыстағы қазақ даласы арқылы Үндістанға және Шығыста Сібірден Ұлы мұхитқа және Қытайға» [8].

Үндістанның Англияның отарына айналуы, Қытай жағалауында ағылшын кемелерінің тұруы, Ресей империясының аталған жолдармен қимылдауы Англияның мүддесіне нұқсан келтіріп, орыс-ағылшын қатынасын мүлдем шиеленістіріп жібереді. Ресейдің шығысқа қарай жылжуының түпкі себептерін ашып көрсете келе Түркістан мен Батыс Қытайға ие болса, Азиядағы жағдайдың қалай өзгертетінін К. Маркс пен Ф. Энгельс былай деп түсіндіреді: «Егер орыстар бұл аймақтарға енді соңғы 25 жылдағыдай дәл осы қарқынмен, осы жылдамдықпен және осы ретімен жүре беретін болса, онда 10 немесе 15 жылдан кейін орыстар Үндістанның қақпасын ұрып тұратын болады. Оларға қазақ даласынан өтсе-ақ болды, оңтүстік-шығыс Түркістанның біршама өңделген және құнарлы жеріне тап болады, олардың жаулаушылығына бірдеңе деп айту мүмкін болмай қалады. Бірнеше жылдар ішінде бұл жерде әскер 50 немесе 60 мыңға жетіп, ол әскер Үндіге қарай кез-келген бағытта жорық жасауға жеткілікті болады» [9].

Орыстардың отар иелену жолындағы саясаты кең көлемде болғанын К. Маркс пен Ф. Энгельспен қатар, мына дерек көзі де растайды. Онда былай делінген: – «Біздің оңтүстік-шығыстағы қозғалысымыздың басты мақсаты Үндістанға ұмтылысымыз болып табылады және біздің Орта Азиядағы барлық қимылымыз бен міндетіміздің түпкі мақсаты – Үндістан» [10].

Патша өкіметі Үндістанға иелік жасап, онда ағылшындардың мүддесіне соққы берумен қатар, шығыстағы мұхитқа шығып, Азияның бүкіл шикізатын су жолымен тасымалдауды көздеді. «Біздің үкіметіміздің, – деп жазады Н.Павлов Батыс және Қиыр Шығыстағы теңіз күштерінің құрылысын аяқтамай жатып, Түркістан мақтасы үшін Үнді мұхитында флот құруға деген ұмтылысы шектен асқан қадам болды» [11].

Орыстардың Үндістанға соншама көз тігуінің себебі, біріншіден, Азиядағы теңіз жолына шығуына, екіншіден, Европадағы бәсекелесі Англияны шығыста тізе бүктіруге, үшіншіден, бүкіл Азияға өз бақылауын орнатуға мүмкіндік беретіндігі еді. Осыған байланысты патшаның алдына Бламберг, Торнау, Хрулев және тағы басқа әскери шенеуніктер Үндістанды жаулау туралы бірнеше жобаларын ұсынады. Бұл туралы М.К. Рожкова былай деп келтіреді: «Жаркенттен Лежа мен Үндістанға баратын жеңіл жол бар, бұл жолмен түйе өте алатындықтан, әскер де өте алады, сондықтан орыстардан қауіптенген ағылшындар Қарақорым өткелін күзетуде және Қытайлық Түркістанмен байланыс орнатуда» [12].

Бірақ ағылшындар қанша жерден сақтық шараларын жасағанымен, Үндістанда орыстарға төтеп бере алатындай күш жоқ болатын. Оған ағылшындардың әскери және саяси жағдайы туралы Кавказ таулы Басқармасының бастығы генерал-майор Франкини және генерал-майор Гейнстің әскери министрге жазған құпия баяндама-хаты дәлел бола алады. Онда былай делінген: «Үндістандағы ағылшындардың жағдайы өте тұрақсыз және сенімсіз болғандықтан орыс әскерінің берген кез-келген соққысы Шығыстағы Англияның құдіреттілігін жоя алады» [13]. Ресей империясының Үндістанға басқыншылық жорық жасамақ болғанын жоғарыда келтірілген деректерден басқа, сол уақытта жарық көрген Англияның ресми баспасөз құралдары атап өтсе, бұл жағдайды Вамбери, Мак-Георг, Керзон және тағы басқалардың деректерімен қатар кеңес тарихшылары да растайды [14].

Шығысқа бет алған патша өкіметі Түркия, Иран, Орта Азия және Қытаймен байланыс жасап, оларға қарсы белсенді әрекет жасау үшін 1819 жылы Сыртқы істер министрлігінің жанынан арнайы Азиялық департамент құрады. Сол жылы департаменттің құрамында Азиялық комитет өз жұмысын бастап, тікелей Орта Азия, Қазақстан және Қытайға байланысты мәселелерді қарастырумен айналысады [15].

XIX ғасырдың 20-жылдары патша өкіметі бұл мекемелердің алдына Ресей империясының билігін мойындамаған қазақ халқын дипломатиялық әдістермен және қарудың күшімен жаулап алуды міндет етіп қояды. Қазақ жүздерінің саяси бытыраңқылығы, ішкі руаралық жанжалдар, күрделі сыртқы әсерлердің салдарынан оларды басып алуда Ресейге жеңілірек тигенімен, бірақ орыстар баяу және өте сақ қимылдайды. Патша өкіметінің еркін қимылдауына мүмкіндік бермеген, біріншіден, XVIII ғасырдың аяғында жоңғар хандығын жойып, өз мекендеріне қазақтардың қайта қоныстануына рұқсат беріп, оларды бағыныштылықта ұстағысы келген Қытайдың жергілікті өкімет орындары болса, екінші жағынан, 1814 жылы қазақтарға қарайтын Ташкентті басып алу арқылы, оларды өз ықпалына түсірмек болған Қоқан хандығы тұрды.

Аталған екі мемлекеттің қазақ даласына салған назарлары Ресей империясының стратегиялық маңызы бар өлкеге басып кіруіне кедергі жасады. Осыған байланысты патша өкіметі Қазақстанды бағындыруда әр-түрлі іс-шаралар мен айла-амалдарды қолданады. Олар бірінші кезекте Қазақстанның саяси тәуелсіздігінің қалдықтарын құртудан бастайды. Яки, зерттеуші М. Қойгелдиевтің сөзімен айтқанда: «Ресей империясы Қазақстанды өзіне біржола қарату ісіне кіріскен сәтте, оның отарлау саясатының негізгі мақсаты, сондай-ақ ол мақсатты іске асыру құралдары қалыптасып қалғанын аңғаруға болады. Негізгі мақсаты - бар байлығымен қазақ жерлерін иемдену болса, ал бұл мұратты іске асырудың басты құралы етіп, онсыз да толық қалыптасып және қатайып үлгермеген қазақ қоғамындағы мемлекеттік құрылымды біржола жойып, сол арқылы ұлттық тұтастық пен саяси бірліктің нығаюына мүмкіндік бермеуді тандап алған еді» [16]. Қазақ қоғамын ыдыратуды мақсат тұтқан орыс әкімшілігі талай рет сыннан өткен «бөліп ал да, билей бер» деген «құйтырқы» саясатты іске асырып, қазақ руларын бір-біріне айдап салады [17].

Патшаның жарлығын саяси құрал ретінде пайдаланған орыс шенеуніктері қазақтарды бағындыруда аянып қалмады. Алдымен Орта жүз қазақтарын жаулап алып, отарлаған патша өкіметі, оларды Ұлы жүз қазақтарына айдап салып, өз мүддесіне пайдаланады. Мәселен, екі жүздің арасында ертеден келе жатқан жер дауын ушықтырып, орталарына от тастап, бір бірімен жаудай соғыстырады. Нәтижесінде қазақтар өзара қырылып, малдарын барымталап, бітіспес жауға айна-

лады. Осыны шебер пайдаланған орыстар қарамағындағы қазақтарды қорғаймыз деген сылтаумен, Орта жүздің ханы Бөкейге «әскери көмек» беріп, қарамағындағы рулардан «ерекше» қарулы атты әскер жасақтап, Ұлы жүздің ауылдарын шабуға аттандырады [18].

Орта жүздің руларымен болған тең емес талас-тартыста Ұлы жүздің рулары ауыр соққының астында қалып, тоз-тозы шығады. Бұл жағдайды өз пайдасына шешуге тырысқан патша өкіметі сәті келді деген оймен татар саудагерлерін арнайы нұсқаумен Ұлы жүздің ауылдарына жібереді. Патша өкіметіне көп уақыттан бері қызмет жасайтын татар саудагерлері мен молдалары қазақ даласында орыс билігін насихаттайтын құралға айналып, «Орыс, патша, Ресей» деген түсінікті қазақтардың санасына сіңіріп, орыстарға бағындыру үшін көптеген қызметтер атқарады [19]. Татар өкілдерінің орыс саясатының құралына айналуы II Екаторинаның патшалығынан бастау алады. Ол 1784 жылы 27 қарашада Сібір және Уфа генерал-губернаторларына жарлық шығарады. Онда «Қазақтардың әр түрлі руларына молдаларды тағайындау біздің бұрынғы жарлықтарымызды іске асыруға көмектеседі. Оларды бізге шын берілген қазан татарларынан іріктеңіздер. Қызметке жіберер кезде жақсылап нұсқау беріңіздер. Берілген нұсқауларда татарлар қазақтарды орыстарға берілген рухта тәрбиелеуді, шекараларда жиі-жиі болатын тәртіпсіздіктердің алдын алуды естен шығармауы керек. Бұл татарлардың жол шығынын төлейтін болыңыздар, ерекше көзге түскендеріне сый-құрмет көрсетіңіздер»- деп татарлардың міндеттерін белгілейді [20]. Татар өкілдері қазақ даласында үгіт-насихат жүргізумен қатар тыңшылық кәсіппен айналысып, қазақтар мен Қокан хандығында және Қытай патшалығында болып жатқан саяси жағдайларды және әскери күш-қуаты туралы мәліметтерді орыстарға уақытында жеткізіп, қызметтері үшін көптеген жеңілдіктер мен ақшалай сыйлықтар алып отырған.

Қазақтардың сеніміне кіріп, «екіжүзді» саясат ұстап, орыстардың «шашбауын» көтерген татар өкілдеріне наразылық білдірген қазақтың белгілі демократ-ағартушысы Ш. Уәлиханов орыс әкімшілігіне былай деп жазған: «қазақ даласын татарлардан тұратын Орынбор муфтилігінен бөліп, молдалыққа тек жергілікті қазақтар мен қожалардан тағайындап, Орта Азиядан шыққан ишандар мен қожаларды және татар семинаристтерін қазақтардың қонысында мекендеуіне тиым салу қажет» [21].

Қазақ ауылдарының арасында бір жыл бойы сауда-саттық жасаған татарлар Ұлы жүз сұлтандары мен оның билеріне Ресей билігін насихаттап, елге тыныштық тек қана Ресейдің қол астына өткен жағдайда ғана орнайтынын, Орта жүз қазақтары тартып әкеткен ұлдары мен қыздарын, малдары мен дүние-мүлкін орыстар ғана алып беріп, Орта жүз қазақтарынан қорғайтын әскер жібере алады деп үгіттеп, орыстар беріп жіберген заттай сыйлықтарын Ұлы жүздің билеушілеріне үлестіреді. Орыс әкімшілігінің дем беруімен болған Ұлы жүз бен Орта жүз қазақтарының арасындағы тұтанған руаралық жанжал, Ұлы жүз қазақтарының билеушілеріне татар саудагерлерінің ұсынысын қабыл алуына, сөйтіп орыс патшасына «Ұлы жүз қазақтарының Ресейдің қол астына алуы» туралы және оларды өз қандастарына қорғауы жөнінде өтініш жазып, орыс билігін мәжбүрлікпен қабылдатты [22]. Яғни тарихымызда қалыптасқан қазақтардың орыс билігіне «өз еркімен» кірді деген пікірден арылып, оған басқаша көзқараспен қарайтын уақыт жеткен тәрізді. Өйткені, қазақтар патшалық Ресейдің билігін ешқашан «өз еркімен» мойындаған емес. Тек орыс әкімшілігінің араласуымен болған руаралық жанжалдар қазақтарды әлсіретіп, орыстардың билігіне жүгіндірді. Бұл жөнінде А.И. Макшеев былай дейді: «Орынбор комиссиясы Кириловке мынадай бұйрық

береді. Берілген грамоталарды Орта және Кіші жүздің хандарына, Ұлы жүздің ру билеушілеріне және Қарақалпақтардың ханына тапсырсын. Ресейдің қол астына өту туралы «өз еркімен» ант берсін. Егер де қазақтар қарсы шығатын болса, онда орыс әскерін шығындатпай, бір-біріне айдап салсын» [23]. Орыстардың қол астына кіргісі келмеген қазақтарды патша өкіметі аяусыз жазалап, билігін күшпен ғана мойындатқан. Мысалы, М.В. Лавровтың еңбегінде былай деп көрсетіледі: «Ресей бодандығына өткен көшпелі халық, орыс билігін мойындамай, көп уақытқа дейін бүлік шығарумен болды. Тек орыс өкіметінің бірнеше рет қарулы күш көрсетуінің нәтижесінде олар қол астымызға мәжбүрлікпен өтті» [24].

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Құсайынұлы Қ. Қазақ шаруашылығы отаршылдық дәуірінде.- Алматы: Дөнекер, 2001. 118-б.
2. Киняпин А.С. Блиев М.М. Дегаев В.В. Кавказ и Средняя Азия во внешней политике России.- Москва: МГУ, 1984. С.213.
3. Казахско-русские отношения в XVIII-XIX веках. (1771-1867 гг.). /Сборник документов и материалов. (Сост. Ф.Н. Киреев, В.Я. Басин, Т.Ж. Шоинбаев, К.Ж. Жунибаев, В.С. Мусаева). - Алматы: Наука, 1964. С.203.
4. Завилишин И. Описание Западной Сибири. Т.3. СПб., 1867. С.203.
5. Михайлов М. Область Сибирских киргизов и Семипалатинск. СПб., 1867. С.33.
6. Макшеев А.И. Исторический обзор Туркестана и наступательного движения в него русских. СПб., 1890. С.47.
7. Колониальная политика и национально освободительное движение (Из новой и новейшей истории Балкан, Ближнего и Среднего Востока).- Кишинев: Кишиневский Государственный университет, 1965. С.159.
8. Снесарев А.Е. Индия как главный фактор в Средне-Азиатском вопросе. СПб., 1906. С.12.
9. Алдабек Н. Талқыға түскен Шынжаң.- Алматы: Қазақ университеті, 2003. 148-б.
10. Снесарев А.Е. Аталған еңбек. 12-б.
11. Павлов Н. История Туркестана. Ташкент, 1910. С.235.
12. Рожкова М.К. Экономические связи России со Средней Азией (40-60 годы XIX века).- Москва: изд. АН СССР, 1963. С.104.
13. Хорошкина А.П. Сборник статей Туркестанского края. СПб., 1876. С.235.
14. Колониализм вчера и сегодня. АН СССР институт народов Азии.- Москва: Наука, 1964. С.134.
15. Киняпин А.С. Блиев М.М. Дегаев В.В. Аталған еңбек. 217-б.
16. Қойгелдиев М.Қ. Алаш қозғалысы.- Алматы: Санат, 1995. 25-б.
17. Айқап. /Құрастырушылар Субханбердина Ү, Дәуітов С.- Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1995. 255-б.
18. Бөкейханов Ә. Таңдамалы (Избранное). /Гл. ред. Р.Нургалиев.-Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1995. 198-б.
19. Бекмағанбетов С. Қазақстан тарихының кейбір мәселелері.- Жезқазған: Жезқазған университеті, 1999. 45-б.
20. Сегізбаев О. Исследователь, мыслитель. - Алматы: Казахстан, 1974. -84-б.
21. Бейсембиев К. Из истории общественной мысли Казахстана второй половины XIX века.- Алматы: изд. АН КазССР, 1957. С.63.
22. Қазақстан тарихы. Очерктер.- Алматы: Дәуір, 1994. 188-б.
23. Макшеев А.И. Аталған еңбек. 103-б.
24. Лавров М.В. Туркестан: география и история края. Москва, 1914. С.60.

Араб жаулауы тарихының «ақ таңдақтары»

Назира НҰРТАЗИНА,
әл-Фараби атын. ҚазҰУ-дың доценті, тарих
ғылымдарының кандидаты

Ислам дінінің тарих сахынасына шығу заңдылығын тілге тиек етсек, ол ерте ортағасыр дәуіріндегі араб жұрты мен күллі адамзаттың қоғамдық даму тұрғысынан пісіп жетілген және терең рухани-әлеуметтік алғышарттарға негізделген құбылыс болғанын айту керек. Ислам орасан зор жасампаздық және мәдениеттудырушы қуат көзі болып келді. Орыс ғалымы А. Зубовтың айтуынша «арабтар Мұхаммедтің өсиет-дұғаларына құлақ қоя отырып, бар-жоғы оншақты жылдың ішінде олардың әкелері мен аталарының ойына да келмеген кемелденген мәдениет пен империя жасап шықты» [1]. Артта қалған көшпелі (бедәуи) және жартылай отырықшы тайпалар аз уақытта жауынгерлер мен ғалымдар, философтар мен ақындар шыққан таңдаулы ұлтқа айналғаны расында да ойландырады. Өмірге жаңа келген өркениеттің материалдық және рухани жетістіктері күллі әлемді табындырды. Жабайы халықтарды былай қойғанда, христиандардың өздері исламның әсерінен, араб ғылымының ырқынан, мұсылмандық өмір салтының арбауынан шыға алмады. Орта ғасырлық Еуропада Әбу Әли ибн Синаның еңбектері басылып, таралуы жағынан тек қасиетті Библияны ғана алдына салып отырды. «Дөрекі де қарабайыр латындар арабтардың «әдемі өміріне» іштей қызығып мұсылмандарға қорқыныш пен тамсанумен қарады» [2]. Ислам халықтардың адамгершілік және мәдени жағынан жетілуіне мүмкіндік жасады; адам туралы, оның жердегі мақсат-мүддесі туралы түсінікті жоғарылатты, өзіне тән әмбебаптығымен (универсализм, әлемилік) күллі адам баласының бірігуінің негізін қалады. Өзінің алдындағы діндердің тәжірбиелерін жинақтай келіп ислам ұлттық және жалпыадамзаттық, дүниеуи және ғарыштық, материалдық және рухани құндылықтарды қарсы қоймай, керісінше, үйлестіре білді.

Еш діннің тарихы исламның тарихындай ғылымда бұрмалауларға көп ұшыраған жоқ. Бұл заңдылық араб жаулауына қатысты да жиі көрініс берді. Батыс еуропалық, әсіресе орыс зерттеушілерінің еңбектерінде арабтар дүниеқор, ессіз дінге беріліп сол «жабайы» діндерін әкеліп күшпен таңушы жаулаушылар ретінде суреттелді. Олардың қиратқан нәрселерінің көлемі үнемі асыра көрсетілетін (Алайда, бір қуанарлық нәрсе: барлық батыс ғалымдары бұл көзқарасты қуаттай бермеді). Біздегі идеологтар Қазақстанға қатысты «араб жаулауы» деген орынсыз сөз тіркесін біле тұра (арабтар Мауреннахрдан ары жерлерге экспансия жүргізбегенін) оқулықтарға енгізіп, ғылыми әдебиетте кеңінен қолдануын құптады.

Араб жаулауы тарихи заңдылықтарға сәйкес пайда болған құбылыс екенін түсіну қажет. Көне дәуірдің (яғни антикалық) соңына қарай Иран, Соғды және басқа аймақтардың өркениеттері өздерінің құлдырау кезеңіне келген еді. Қираған ескі

өркениеттің үйіндісінің үстіне жаңа этикалық сипаттағы өркениет пен империяның (халифат) құрылуы заңды болатын. Ерте замандарда империялар халықтардың мәдени араласуына, саяси тұрақтылық пен өсіп-өркендеуге қызмет еткен. Ал жауласушы елдерді біріктіруші (Парсы елі мен Византияны, 15 ортаазиялық княздіктерін) ислам империясы дүние жүзі халықтарының ынтымақтастығы мен өзара байланысын, мәдениеті мен сауда-саттығын, экономикасының қарқынды дамуын қамтамасыз етті [3]. Исламға дейінгі Хорезмнің исламдануының тарихи заңдылығын мойындай отырып Л. Гумилев осы елді «кәрілікке бой алдырып, шаршаған» деген бейнелі сөз тіркесімен сипаттаған.

Тарихи оқиғалардың терең мәні тарих тылсымының «арғы жағы», яғни метатарихта жатса керек. Жалпы, кеңес тарихнамасы соғыстарға баға беруде әрдайым өз әдіснамасының қанағаттанарлықсыз екенін байқатып алатын. Ертедегі аксүйектер мен жиһангерлердің, патшалардың істеріне терең ойланып, баға беруге сол кезде үстемдік еткен барлық нәрсеге таптық тұрғыдан келу әдіснамасы кесірін тигізді. Шынайы ғылыми-философиялық талдау нұсқауға сәйкес «жат жерлік басқыншыларға қарсы күрестегі КСРО халықтары тағдырының тарихи бірлігін» насихаттаумен алмастырылды. Моральды алдыға тартудың тұрпайы түрі ғаламдық масштабтағы оқиғаларға кейде орынсыз қолданылды. Мәселен, араб жаулауын айтқанда оның мәдени және моральдық тұрғыда ақыр соңында неге әкелгенін, яғни кейінгі өркениеттік салдарын көрсету әлдеқайда маңызды болар еді. Сонымен қатар, соғыс пен жаулап алу қашан да қирату мен шығынсыз болған емес екенін де еске салған жөн. Тарих мазмұнында қиратушылық пен жасампаздық қатар жүреді. (Жаңаны жасау үшін ескіні қирату керек). Арабтар, түркілер, моңғолдар әлем тарихында көп ретте ескірген мәдениеттерді қиратушылар ретінде көрінгені тарихи шындық.

Арабтардың Шығыста керемет жетістіктерге жетуін, сонымен қатар жалпы ортағасырлық дәуірдің адамдарының жүріс-тұрысын түсіну үшін тек дәстүрлі қоғамдарға тән бір аса маңызды сипатты анықтап алған жөн. Ол сол замандарда діни сананың айрықша үстемдік етуі. Ежелгі адамдар маңдайға жазылған тағдырға, Құдайға, дінге барынша сеніп келді. Қоғамның басым көпшілігі ырым-жоралғылар мен көрген түстеріне үлкен мән беріп, әрдайым сол тылсым түсініктердің ықпалында өмір сүрді. Ақыл-оймен тануға мүмкін емес (трансценденттік, илаһи) нәрсенің бәрі бірінші орында тұрды да, ақылмен тануға болатын материалдық нәрселер екінші қатарда тұрды. Тарихшы әрдайым қай дәуірді зерттемесін сол замандағы бұқара халық пен жеке адамның санасын, олардың ділдік («ментальный») ерекшелігін есепке алуы тиіс [4]. Олай болмаған жағдайда ежелгі оқиғалардың мәні, адамдардың істеген істері мен мақсаты-мүдделері дұрыс ашылмай қалады.

Мәселен, ежелгі адамға (premodern, яғни «қазіргі заманнан бұрынғы сана иесі») оған көп жағдайда тән емес мемлекеттік патриотизм мен этникалық сана сияқты (шын мәнінде ол үшін күңгірт түсініктер мен құндылықтарды) жапсыра беруге болмайды. Бір қызығы, сонау ерте дәуірде көп жағдайда діни (конфессионалды), сол сияқты тектік (сословиелік) қатынастар этникалық көрсеткіштерден әлдеқайда маңызды болып жатты. Мәселен, мұсылмандық Шығыстағы рухани аксүйектер (элита) белгілі бір мемлекетке немесе бір ғана ұлтқа таңылып қалмай, керісінше «транссаяси және трансэтникалық» болды деп жазады ұлтшылдық феноменін терең зерттеген атақты батыс ғалымы Э. Геллнер [5].

Тіпті кей жағдайларда ежелгі заманғы ұрыстарда ешқандай терең мән де болмаған. Ғұндар мен көне түркілер әскери жорықтарға күш-қайратын жұмсап тән ләззатын алу үшін, психологиялық сенімдерін бекіте түсу үшін, өздерінің табиғи еріктерімен аттанатын. Араб ғалымы әл-Жаһиз түркілер олжа тапқанды жақсы көргендіктен соғысқа аттанады деп жазды. Әрине, орта ғасырлық сананың кейінгі, «есейген» сатысында моральдық-этикалық құндылықтар үлкен маңызға ие бола бастайтыны рас (мысалы, Құдай жолындағы, отан үшін соғыс, т.б.). Жалпы алғанда, дәстүрлі қоғам адамының этникалық сезімін одан көп жағдайда жоғарырақ тұрған діни және сословиелік ұстанымдар ығыстырып отырды. Ертедегі аксүйектер үшін Құдай, ар-ұят, атақ-даңқ, ерлік деген әмбебап ұғымдарға қарағанда нәсіл ерекшелігінің мәні төмен болды.

Осы тұрғысынан алғанда тарихи жазбаларға үңілсек, арабтар өздерінің батылдықтарымен, ақкөңілділіктерімен, әділдіктерімен т.б. адамгершілік-психологиялық ерекшеліктерімен сол дәуірдегі көптеген өзге этностардан жоғары тұрды; әрі сол қасиеттерімен өзгелерді өздеріне тарта білді. Құранмен шабыттанған арабтар бірден бір белсенді, жанкешті халыққа айналғаны шындық. Карл Ясперс пассионарлы халықтарды «ұлы рухани қайта жаңғыруды бастарынан өткізген халықтар», «жаңа дүниеге жол ашқан халықтар» деп атаған. Ал Л.Гумилевтің пікірі бойынша оларға «атаққұмарлық, жанын аямайтын отаншылдық, ынталылық, уағыз жүргізу қабылеті, өз болмысын қорғай білушілік, шығармашылық, әлемді қайта құруға ұмтылушылық» қасиеттері тән болды [6].

Батыс исламтанушы Фон-Грюнебаумның айтуынша мұсылман-арабқа «өзіне аксүйектілік сенім, тіпті мақтаншақтық, өзінің шығу тегі мен дәстүрлі жауынгерлік айыбына негізделген өзгелерден қай жағынан болса да артық екендігін сезіну және ұлттық салт пен ерекшеліктерді көрсете білу» этнопсихологиялық сипаттары тән болғаны; «атадан мұраға қалған осындай ерекшеліктер мұсылман жаулап алушысының айрықша сипатын жасақтайды» деп жазады ғалым [7]. Шынымен, Мұхаммед пайғамбар ұлттық сананың келеңсіз көріністерімен күресе жүріп (рушылдық, нәсілшілдік), бірақ жалпыарабтық ынтымақтастықты қалыптастырды, Исмаил ұрпақтарын өздеріне өзі сенуге, күллі арабтардың тарихи тағдырларының ортақ екендігіне және сол тарихи тағдырларының әлемдік маңызы бар екендігіне сендіре білді. Сонымен бірге, «арабтар құлдық мінезден аулақ, жасықтықтың не екенін білмей өмір сүрген. Ауыр тауқымет көрмеген, жаугершілікке ұшырамаған олар қорқудың не екенін білмейтұғын» [8].

Әбден жауыр болған кеңестік «жат жерлік басқыншыларға қарсы күрес» деген ұғым тұрғысынан Орталық Азиядағы белгілі оқиғалар барысында араб, иран және түркі сарбаздарының бірігуі, достасу фактілері түсініксіз жайт болып қала бермек. Мәселен, бұхарлықтар мен хорезмдіктердің Құтайба ибн Мүслімге (араб қолбасшысы) Самарканды қоршап алуға көмектескені белгілі. Ал содан соң бұхаралықтар, хорезмдіктер мен самарқандықтар арабтарға қосылып Фергана мен Шашты жаулауға бірге аттанады. Бұл ортаазиялықтардың өз арасындағы алауыздықты ғана көрсетіп қоймай, Құтайба бастаған арабтардың жергілікті аксүйектерді ерекше рухани қасиеттерімен тарта білгендігін білдіреді. Бұхараның патшасы Тахшада араб әскербасының ерлігіне өте риза болғандықтан өзінің туған ұлының атын Құтайба қойған (айта кету керек, бұрынғы қазақтардың арасында да «Құтайба» есімі кездескен. Мысалы, Абай Құнанбайұлының немересі -Мағауяның ұлы - осы есімге ие болған).

Санкт-Петербург шығыстанушыларының өздері «ортаазиялық феодалдардың мұндай қадамдарға бару қорыққандықтан емес, керісінше, өздерінің ерікті ар-ождандарына байланысты еді, өйткені ерлік, қаһармандық туралы ортаазиялық бектер мен араб аксүйектердің ой-пікірлері бір жерден шығып жататын» деп түсінік берген; сондай ақ, «олардың арасында достық байланыстар жиі көрініс беретін», «қазір айтып жүргендей арабтар ортаазиялық феодалдар үшін ата жау болған емес» [9] (алайда ресми кеңестік тарихнама мұндай бірлі жарым ақиқат тұжырымдарды қолдаған емес).

Арабтар мен жергілікті тұрғындардың өкілдері арасындағы достық пен ынтымақтастық туралы деректер молынан ұшырасқанымен оларды ресми оқулықтарда, көпшілікке арналған басылымдарда жарияламады. Мұхаммед Наршахидің сөзіне қарағанда халифат уәкілі Абдолла Кушайридың ұлы Асад «барынша ақкөңіл, ержүрек адам болған. Ол текті әулеттерге сый-құрмет көрсетіп, арабтардан да, жергілікті адамдар арасынан да тектілерді көтермелеп, әрдайым қамқорлық көрсетіп отырды» [10]. Ол кісінің қамқорлығы мен қолдауын Орта Азиядағы атақты Саманилер әулетінің негізін қалаушы, VIII ғасырда ислам дінін қабылдаған Саман көрген. Араб батыры әрі ақыны, араб емес ұлттардың құқықтарын кеңейтуді көздеген «мұржия» діни-саяси қозғалысының белсендісі Сәбит Құтнаны жергілікті халық әділдігі үшін құрметтегені соншалық, бір біріне «Сәбиттің өмірімен» деп ант беретін болған. Оны «шәкірттері» қоршап жүреді екен, ол кезде тегі араб емес оққағарларды солай атаса керек.

Жалпы, мұсылмандар Таяу Шығыстың көптеген елдерін «тез және бейбіт түрде» жаулап алды, жергілікті тұрғындар «басқыншыларға достық ықыластарын білдіре қоймаса да, дұшпандықтарын да таныта қойған жоқ» [11]. Ал византиялықтардың езгісінде болған халықтар (сириялықтар мен копттар) арабтарды тіпті өздерін азат етушілер ретінде қарсы алды [12]. Бірінші халифаларға тән дін бостандығы, әділдік, демократизм арабтардың салтанатты шеруінің шарықтау шегіне жетуін көп жағынан қамтамасыз етті. Құран бойынша «дінге зорлық жоқ». Сондықтан арабтардың жаулап алушылығына ұшыраған аймақтарда діни билік емес, халифаттың саяси билігі ғана орнағанын баса айтқан жөн (әрине, бұл аймақтарда жаңа діннің таралуына қолайлы жағдай туғызғаны да рас). Басқа діндегілердің ислам дініне жаппай өте бастауы алғашында оншалықты қолдау таба қойған жоқ, себебі мұсылмандар өзгелерге қарағанда біршама экономикалық артықшылықтарға ие болатын. Ал тіпті исламданған халықтардың өзіне келсек, олар арасында «арабанған» емес, діннің жергілікті формаларының қалыптасуына жағдай туылды [13].

Христиандық, иудаизм, зороастризм діндері «зимми», яғни «қамқорлыққа алынған діндер» тобына жатқызылды. Ортағасырлық Еуропадағы инквизицияның отқа өртеуі мен еретиктердің (күпір келтірушілер) қудалануына қарағанда Араб халифатында қай дінге болса да еркіндік берілгені аса прогрессивтік құбылыс екенін А. Мец, В. Бартольд жазып көрсеткен. Көптеген халықтар арабтардың келуін жақсылықтың нышаны ретінде қабылдады. Бүгінгі заман тұрғысынан бізге ұнаса да, ұнамаса да, біз мынадай тарихи шындықты мойындауымыз керек: тіпті кей жерлерде жергілікті тұрғындар өздерінің пұтқа табынатын рақымсыз билеушілерін кууға көмектесіп, олардың орнын адамдық қасиеті жоғары арабтардың басуын қалады, себебі «мұсылмандардың саясаты о бастан-ақ төзімділік пен бостандық принциптеріне негізделген болатын» [14].

Орта Азияда Хорезм аймағы Соғды еліне қарағанда (Бұхара, Самарқанд) арабтар билігін өз еріктерімен қабылдағанын атап айту орынды. Бұл мемлекетте саяси жағдай өте шиеленіскен қалыпта еді. Рақымсыз да жауыз кіші інісі заңды тақ мұрагері саналатын ағасынан билікті озбырлықпен тартып алған. Оның рухани болмысы туралы мынадай әңгімелер айтылатын: қарамағындағылардың әлдебіреуінде жақсы ат, бағалы зат немесе сұлу әйел бар екендігін естісе оны сол заматта өзіне шақырып алып дереу өзіне сыйлауды талап ететін, егер қарсылық жасағандар болса сол сәтте-ақ зынданға салатын, оған ешкім де қарсы келе алмайтын [15]. Заңды хорезмшах арабтарға (Мерв түбінде тұрған) құпия түрде өзінің елін азат етуді сұрап хат жазып кісі аттандырып, қалалардың қақпаларының кілттерін қоса беріп жібереді. Құтайба ибн Мүслим ешқандай қиындықсыз-ақ Хорезмге басып кіреді де заңды патшаның билігін қалпына келтіріп, онымен бейбіт келісім шарт жасасады. Жауыз інісі мен оның жақтастарын заңды тақ мұрагерінің қолына береді, кейін ағасы оның басын алады.

Бейбітшілік пен тәртіп орнатып арабтар үлкен сый-сияпатпен кейін қайтады. Бұл жасалынған шара хорезмдіктердің бейбіт жолмен ислам дініне жаппай өтуіне жол ашты. Этнограф Г.П. Снесарев Әмударияның төменгі ағысының тұрғындары арасында тараған діни аңыздарға талдау жасай келе мынадай қорытындыға келген: арабтар мен хорезмдіктердің арасында о бастан-ақ өзгеше, өзара қарама-қарсылықсыз, ынтымақтастық қатынастар орнаған. Кеңес ғалымы «Хорезмге жасаған арабтар экспансиясының сипаты мен олардың ол өңірдегі халықпен қарым-қатынасын Бирунидің дерегі негізінде ғана біржақты қарастыруға болмайды», – дегенді емеурінмен ғана танытып өтеді [16]. Бұл жерде арабтардың көне хорезмдік жазба ескерткіштер мен оны ұстанушыларды құртып жіберген-мыс деген көпшілікке мәлім тезис жөнінде айтылып отыр. Ал шындығында Әбурайхан Бируни бары-жоғы Хорезм тұрғындарынан естіген тарихи негізі әлсіз аңыз нұсқасын (қауесет) ғана мысалға келтірген. Осы пікірге атақты академик В.В. Бартольдтың өзі де сенімсіздік білдірген [17].

Мұсылман жаулап алушылары Таяу Шығысты былай қойғанда арабтарға барынша қарсылық көрсеткен Соғды мен Бұхараның өзінде де жаппай әрі саналы түрде (әдейі) мәдени құндылықтарды қиратпаған және аса қаталдық көрсетпеген. Мұсылман қауымы арасында пұтқатабынушы деп саналатын буддалықтарға да төзімділік көсеткен. Арабтар жаулап алғаннан кейін екі жүз жыл өтсе де мұсылман діні үстемдік құрған Бұхарада жылына үш рет қажет еткендерге табынатын пұттар жасалып ашық сатылатыны таңғаларлық жайт [18]. Фон Грюнебаумның сөзімен айтсақ, «жеңілген халықтардың рухани және материалдық жетістіктерін менсінбеу, төмен санау оларда (арабтарда) кең тараған түсініктердегіден әлдеқайда аз көрініс берді» [19]. Қоғамдық санада үстем еткен діни ілімнің көрінісін мынадан да байқауға болады: арабтардың салтанатты шеруінің өзі Құранның хақтығын, осы ілімнің дұрыстығын дәлелдейді деп түсінген көптеген аймақтардың халқы жаңа жаулаушыларға қарсы күреске шығудан бас тартып жатты. Құтайбаның Соғдыда пұттарды өртегені бақсылардың сәуегейліктеріне қарамастан арабтарға еш зиян тигізбегендігіне қарап да халықтың көпшілік бөлігінің өз еріктерімен исламды қабылдаған жағдайлар болған.

Араб жаулауы баяғыдан келе жатқан соғыста адам саны емес, ерік жігер, иман, рух жеңеді деген қағиданы дәлелдеп берді. Мысалы, Ирандағы соғыста екі

жақтағы адам санының арасалмағы мүлдем сәйкес келмейтін еді. Отыз мың араб сарбаздарына қарсы жүз жиырма мың парсы әскері шықты. «Жақсы қаруланған, үстеріне атыс ұялары орнатылған үлкен соғыс пілдерін қосымша күш ретінде пайдаланатын Иранның жаттыққан атты әскері арабтардың шаң тозаңға оранып, күнге күйген, жыртық-жыртық, кір-кожалақ, аяқтарына жалаң сүйретпе ілген, қылыштарының қыны да шүберек, өгіз терісінен жасалған қалқан ұстаған жалба-жұлба түйелі арабтарға менсінбей қарап тұрды» [20]. Бірақ мұсылмандар оларды бір нәрсе арқылы, ең бастысы оларға ерік-жігер мен күш-қайрат берген иман арқылы ғана жеңе алды. Оларды Құран аяттары рухтандырды («Шағын ғана қол (әскер) Алланың қалауымен қаптаған қалың әскерлерді жеңіп кетіп отырды» т.б.).

Иранның шын мәнінде исламдануы иран әулеттері билік жүргізген кездерде ғана жүзеге асты (Ислам Иранда IX ғасырларда ғана көпшілік ұстанатын дінге айналды). Мұның өзі арабтардың мәжуси (зороастризм) дініне рақымшылықпен қарағанының дәлелі. Зороастризм, буддизм, христиандық т.б. діндер халифат орнаған аймақта исламмен ашық бәсекелестікке шыдай алмай өздіктерінен жойылып кетті. Керек десеңіз сол заманда үлкен дәрежелі христиандық, иудейлік дін қызметкерлерінің өздері исламды өз еріктерімен қабылдап жатты.

Мұхаммед пайғамбар адамдарды өз дініне тарта жүріп, адамзат қауымдастығының жаңа түрін қалыптастырды: адамдар рухани туыстық принципі жағынан бірігетін болды. Ислам «үммет» (бір діндегілердің қауымдастығы) ұғымында көрініс беретін мүлде жаңа әлеуметтік байланыстар түрі жөніндегі түсінікті әкелді. «Пұтшылдықтағы қан арқылы туысатын түсінікке ол (ислам - Н.Н.) идеологиялық түсінікті қарсы қойды» [21]. Монотеизмнен бастау алатын адамзаттың бірлігі туралы идея – Құранның ең басты идеяларының бірі болып саналады. Ислам ұлтшылдықты айыптайды, ол «әләмийя» (жалпылықты, әлемділікті) қолдайды. Ұлттық сезім, мәдени ерекшелік, отанды сүю деген ұғымдарды теріске шығармай (қазақтың «отан» дегенінің өзі арабтың «уатан» сөзінен шыққаны көп нәрсені аңғартады), бірақ руханият басшылығын орнатады. Ұлттық пен жалпыадамзаттықтың өзара үйлесімділігі мұсылманның «тән отаны» (туған жері, халқы) және «жан отаны» (рухани, исламдық отан, мұсылман бауырлары) бар деген қағидадан шығады.

Фон-Грюнебаум исламдануды айнала қозғалып жүрген үлкен магниттің тартылыс өрісінен шыға алмай қоса айналып жүрген үлкен және кіші бөлшектерге ұқсатады. Магнит – (субстанция, рух) ол ислам діни ілімі болса, айнала соған еріп жүрген бөлшектер сол ілімнің жоғары моральдық негіздеріне сәйкестендіріліп қайта жасақталған жергілікті мәдени дәстүрлер болып табылады. Мұнан да басқа исламның көркемдік сипатын ашуға арналған сөз кестелері баршылық: мысалы, кейбір ғалымдар айтқандай, ислам әр алуан ғажайып киімдер киіп, әр түрлі тілдерде сөйлеп, сан алуан мәдениеттер аясында дамыды. Ислам адамзатқа беймәлім жаңа бір әдеп пен мораль қалыптастырмайды. Ислам этикаға қатысты барлық адамдарда болған сыпайы да жақсы әдептерді жинақтаған және олардың ешқайсысын да артық деп шығарып тастамаған» [22]. Бірақ солай дей тұрғанмен де, жаңа Қасиетті Жазбаның негізінде адамгершілік кодекс жаңарып, толықтырылып, қасиетті дәлелдер берілді.

Ирандықтар, түркілер, үндістер, африкалықтар, т.б. мұсылмандықты қабылдағанымен өздерінің ұлттық болмысын, мәдени «менін» сақтап қалды. Исламның интегративті қызметі өзінің көпқырлылығымен, икемділігімен ғажайып нәрсе болып табылады. Бұған ирандықтардың өз тілдерін, ұлттық және мемлекеттік дәстүрлерін жоғалтпай сақтап, ислам мәдениеті жүйесіне енгізген мысалы дәлел бола алады. Кеңестік тарих оқулықтарында Орта Азия халықтарының ислам мен арабтарға қарсылығы қолдан жасалған жалаң деректерге негізделді. Қарақшылықпен айналысып, өзін құдай деп жариялаған алаяқ Мұқаннаның іс-әрекеттері отаншылдық пен ерліктің үлгісі ретінде дәріптеліп келді. Ал кең атарған «шуубийа» ағымына келсек (иран ұлтшылдығы), ол тіпті де арабтарға, әсіресе исламға қарсы бағыт болған емес. «Шуубийа» сепаратистік ирандық ислам жасауға емес, тек күллі араб-мұсылман өркениеті шеңберінде өзіне сай орын алуға ұмтылды» [23].

Ислам дәуірі Иран дүниесін алға басушылыққа, өсіп-өркендеуге әкелді. Иран мен Соғдыда ірі гүлденген қалалар дүниеге келді [24]. Исламға дейінгі иран тектес халықтарда дамыған ғылым да, әдебиет те, тарихнама да болған емес. Сасанилік дәуірді ешқашан да мұсылмандық дәуірдегі жаңа парсы поэзиясы қалыптасқан рухани өрлеумен салыстыруға келмейді. Өткенге, Сасанилік дәуірді дәріптеуге бағытталған парсы мәдениетінің мақтанышы саналатын ғаламат әдеби ескерткіш «Шах-наманың» өзін ортағасырда ирандық мұсылман Әбілкасым Фирдоуси жазған болатын. Исламға дейінгі дәуір соғдылардың, түркілердің, парсылардың, хорезмдіктердің арасынан әл-Фараби, Бируни, Ибн-Сина сияқты әлемге аты мәшһүр бір де бір тұлғаны туғыза алған жоқ. «Өркениеттің жетістік көрсеткішін әлемге жарық пен жақсылық сыйлаған қанша адамды дүниеге әкелгенімен өлшеуге болады» [25].

Арабтардың қуатты империясы мен ғажайып өркениеті мәдениеттер синтезі негізінде дамыды. Мәселен, шығыстанушылардың пікірлеріне қарағанда «аббасилік өркениет» құрамында иран дәстүрі үлкен орын алған өте күрделі құбылыс болған. Қазіргі Иран ғалымдары халифаттағы математиканы, медицинаны, астрономияны, философияны, теологияны, поэзияны дамытуға парсылардың орасан зор үлес қосқанын мақтанышпен атайды. «Жаңа парсы ренессансы» деп кейде бұл байырғы ел тарихындағы исламның алғашқы ғасырларын атайды. Оның маңыздылығы сол «парсылар исламның көп ұлттық сипат алуына үлкен үлес қосты» [26]. Арабтар мен парсылардың халықтар ретінде өз ара бірін-бірі қабылдауының оңтайлы болды. Жаңа империяда парсы шенеуніктері үлкен рөл атқарды, олар басқару жүйесіне сасанидтер мемлекеттілігінің элементтерін белсенді түрде енгізуге кірісті. Сол тұстағы сопылар мен діни қызметкерлердің, ақындардың көпшілігі парсылар болғандығы да шындық.

«Қызмет ету аясы» шектелгенге дейін парсы тілі араб тілімен бәсекелесіп келді. Иран мен Орта Азияда араб тілі дін және ғылым тілі (Еуропадағы латын тілі сияқты) ретінде қолданылды, ал парсы тілі тарихнама мен поэзияда көбірек пайдаланылды. Ертеректегі бірқатар зерттеушілердің пікірі бойынша, парсы тілі мен арийлік элементтердің исламның дамуына кері әсер еткенін көрсеткендеріне қарамастан (бірте-бірте әйелдердің құқықтарын шектеу, деспотизмді күшейту, жауынгерлік рухты әлсірету, шарапты пайдалану т.б.), этникалық парсылардың исламның өркендеуіне, әсіресе сопылыққа, музыкаға,

поэзияға үлкен үлес қосқандарын мойындамауға болмайды. «Исламның ішкі жене сондай-ақ сыртқы тарихындағы иран элементінің ролі өте жоғары. Оның әсері күллі мұсылман халықтарының көп ғасырлық тарихының өне бойынан әрдайым байқалып келеді» [27]. Ал кейіннен исламданған Иран мен Мауреннахр халықтары арқылы ислам мәдениеті Қазақстан түркілері арасына да тарай бастады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

- 1.Зубов А.Б. История религий. Кн.1. М, 1990. С. 270.
- 2.Монтгомери У. Влияние ислама на средневековую Европу. М. 1976. С. 50.
- 3.An Introduction to the history of the spread of Islam by Abul-Fazi Ezzati. Ghom. 1994. P.410.
- 4.Шкуратов В.А. Историческая психология на перекрестках человекознания // Одиссей: Человек в истории. М., 1991. С. 105.
- 5.Геллнер, Эрнест. Нации и национализм (пер. с англ.) М, 1991. С.167.
- 6.Гумилев Л.Н. Древняя Русь и Великая степь. М, 1989. С. 300.
- 7.Фон-Грюнебаум Г.Э. Основные черты арабо-мусульманской культуры. М, 1981 С.41.
- 8.Бұлұтай, Мұртаза. Ата баба діні? Түркілер неге мұсылман болды? Алматы, 2000. 210 б.
- 9.Беленицкий А.М. и др. Средневековый город Средней Азии. Л., 1973. С.148, 144
- 10.Наршахи М. История Бухары. Пер. с перс. Ташкент, 1897. С.77.
- 11.Массэ, Анри. Ислам. Очерки истории. (пер с франц) М., 1982. С.53.
- 12.Мец, Адам. Мусульманский ренессанс. (Пер. с нем.) М., 1996. С. 44.
- 13.Муминов А.К. Ислам в Центральной Азии: особенности в кочевой среде // Урбанизация и номадизм в Центральной Азии: история и проблемы. Материалы международной конференции. Алматы, 2004. С. 108.
- 14.An Introduction to the History of the spread of Islam. P. 7-8.
- 15.История Ат-Табари (избранные отрывки) / пер. с араб. Ташкент, 1987. С.134)
- 16.Снесарев Г.П. Хорезмские легенды как источник по истории религиозных культов Средней Азии. М., 1983 С.76.
- 17.Бартольд В.В. Туркестан в эпоху монгольского нашествия // Соч. Т.1. М., 1963 С.45.
- 18.Бартольд В.В. Иранский буддизм и его отношение к исламу. // Соч. Т.7. М., 1971 С.471.
- 19.Фон-Грюнебаум Г.Э. Основные черты арабо-мусульманской культуры. С. 34)
- 20.Петрушевский И.П. Ислам в Иране в VIII- X вв. Л., 1966.С.31,32.
- 21.Грязневич П.А. Формирование арабской народности раннего средневековья.// Ислам: Религия, общество, государство. М., 1984. С.135
- 22.Абу аля аль-Маудуди. Образ жизни в исламе.М.,1993. С.22
- 23.Фон-Грюнебаум Г.Э. Основные черты арабо-мусульманской культуры. С. 72
- 24.Бартольд В.В. Статья к первому номеру журнала «Мир ислама» //Азия и Африка сегодня. 1992. №6. С.54.
- 25.Тойнби А.Дж. Цивилизация перед судом истории. М, 2000. С.100.
- 26.The New Persian Renaissance in Western Iran by Richard N. Frye. // Arabic and Islamic studies in Honor of Hamilton A.R. Jibb. Cambridge. 1965. P. 231
- 27.Персидская литературная традиция в первые века ислама. К.А. Иностранцева. //Зап.Импер. Акад. Наук. Т.VIII. Ч.13.СПб. 1909. С.1.

Мұрағат ісі: қалыптасуы, дамуы, өркендеуі

Аққали АХМЕТ,

Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің доценті, тарих ғылымдарының кандидаты

Мұрағаттардағы құнды тарихи құжаттарды саралап және зерделеп, зерттеу арқылы тарихи процесті түсіну-бүгінгі таңдағы өзекті мәселе. Қазақстан мұрағатының даму, өркендеу тарихы күрделі кезеңдерді бастан көшірді. Оның қалыптасу тарихын бұрынғы КСРО мұрағатының даму тарихынан бөле қарауға болмайды.

Мұрағат ісі – ғылым, мәдениет және басқару аппаратының ажырамас бөлігі. Сондықтан да мұрағат ісінің даму және қалыптасу тарихын кеңестік ғалымдар А.В. Чернов, В.В. Максаков, В.И. Вяликов, В.В. Сорокин, В.Н. Самошенко 5 хронологиялық кезеңге бөледі [1]. Аталған ғалымдардың еңбектері сол кезеңдегі одақтас республикалардағы мұрағаттардың құрылуы және мұрағат істерінің қалыптасу тарихын қысқаша, қасаң баяндалуымен ерекшеленеді.

Кеңес ғалымдары мұрағат ісінің қалыптасу тарихын зерттеу жұмыстарын Қазан төңкерісінен кейін, іле шала қолға алғанымен ерекшеленеді. Мұрағат ісінің қалыптасу және даму тарихы арнайы ғылыми сала ретінде тарих ғылымынан кенжелеп қалды. Оған дәлел өткен ғасырдың 60 жылдардың аяғына дейін кеңестік кезеңде мұрағат тарихы туралы жазылған еңбек 1940 жылы баспадан шыққан А.В.Черновтың еңбегі болды. Тек қана 1960 жылдардың аяғында аталған мәселеге тікелей байланысты В.В. Максаковтың монографиясы және В.И. Вяликов, Г.А. Дремина, В.В. Сорокин және В.Е. Корнеевтің оқулықтары жарық көрді. Аталған авторлар өз еңбектерінде Кеңестер Одағының мемлекеттік орталық мұрағатының тарихына кеңінен тоқталды.

Мұрағатшы ғалымдардың алдында зерттеуін күткен өзекті мәселелердің бірі мұрағат тарихының даму дәуірінің хронологиялық кезеңін нақтылау күн тәртібінде көтерілді. Бұл тарихшы ғалымдардың арасында қызу пікірталас тудырды. Мысалы, академик М.В. Нечкина тарих ғылымы туралы өз пікірін былай білдірген: «Принадлежит к советской культуре, то есть имея отношение к надстроечному явлению советского общества, периодизация это... должна быть соотнесена с развитием базисных явлений истории советского периода. Условиями развития науки являются объективные данные развитие социального строя в его движении и коммунизму. Но было бы ошибкой механически воспроизводить в истории науки в общую периодизацию истории советской страны, говорить, положим, об исторической науке во время тридцатых годов Советской власти, или в годы иностранной военной интервенции и гражданской войны, или в период завершения реконструкции народного хозяйства. Критерии для выделения фактов, знаменующих переход от одного периода к другому, должен быть почеркнуты в собственном развитии науки, внутренние принадлежать ему.

Принцип периодизации должен, очевидно, обладать известной разосторонностью, отражать главные стороны исторической науки» [2, 80–81].

Келтірілген пікір кеңестік тарих ғылымының методологиялық тұрғысынан келгенімен, бұл методологиялық аспекті мұрағат істерінің қалыптасу кезеңдерін хронологиялық кезеңдерге бөлуге игі ықпалын тигізді.

Сонымен, Кеңестік жүйеде қалыптасқан мұрағат істерінің тарихының 5 кезеңіне тоқталсақ [3, 27–29].

Бірінші кезең: 1917 жылдың қазанынан – 1929 жылдың маусым айының аралығы.

Екінші кезең: 1929 жылдың шілдесі – 1941 жылдың маусымы.

Үшінші кезең: 1941–1945 жылдар.

Төртінші кезең: 1945–1956 жылдар.

Бесінші кезең: 1950 жылдың екінші жартысы – 1980 жылдар.

Енді көрсетілген кезеңдерге жеке-жеке тоқталып, талдап сараласақ:

Бірінші кезең, 1 маусым 1918 жылы Халық Комиссарлар Кеңесінің төрағасы В.И. Ленин қол қойған «Мұрағат істерін қайта құру және орталықтандыру» туралы тарихи Декретке қол қоюынан бастау алады [4, 37–39 п.п.].

Кеңестік зерттеушілер бірінші кезеңнің бастауын В.И. Ленин қол қойған құжат арқылы нақтылайды. Мұрағат ісінің дамуына бұл үкіметтік шешім игі ықпалын тигізгенін жоққа шығаруға болмас. Дегенмен де, мұрағат және мұрағат ісі 1917 жылдың қазаны мен 1918 жылдың маусым аралығында өз жұмысын тоқтатқан жоқ болатын-ды.

1929 жылдың сәуір айында КСРО орталық мұрағат басқармасы, ал маусымда Бірыңғай партия мұрағаты құрылды. Нәтижесінде екі дербес жүйе, яғни КСРО мемлекеттік мұрағат қоры мен СОКП мұрағат қоры қалыптасып, кеңестік мұрағат құрылысының негізгі кезеңінің бастауы болды.

Екінші кезеңнің басты даму бағыты-бүкіл ел саяси, әлеуметтік-экономикалық бағытын «сталиндік» даму үлгісінің казармалық социализм саясатын, социалистік құрылысты өркендету жолында елде мұрағат мекемелерінің жүйесі қалыптасып болды.

Мұрағат істерінің даму тарихының, үшінші кезеңі – ең күрделі де, қиын кезең болып табылады. 1941 жылы 22 маусым күні басталған алапат соғыстың алғашқы күндерінен бастап мемлекеттік мұрағат мекемелерінің алдында зор міндеттер мен жауапкершіліктер тұрды. Мемлекеттік мұрағаттардағы қорларда ғасырлар бойы жинақталып сақталған миллиондаған тарихи құнды құжаттарды жойылудан сақтап қалу мақсатында 1941 жылдың 24 маусымында КСРО Халық Комиссарлар Кеңесі мен БКП-(б) Орталық комитетінің шешімімен эвакуациялық кеңес құрылды.

Ал, 27 маусымда Үкімет «Адамдар мен құнды мүліктерді тасымалдау тәртібі» туралы қаулы қабылдады. Осы қаулының нәтижесінде Қазақстан және елдің Шығыс аудандарына мемлекеттік мұрағат қорларындағы 14 млн. астам құнды істер жедел түрде көшіріле бастады. Мұрағат қорларындағы құжаттарды эвакуациялау мәселесіне жан-жақты зор саяси мән берген Кеңес үкіметінің басшылығы майданнан алыс жатқан аудандарға көшіре отырып, алдарына бірнеше міндеттер қойды.

Кеңес Одағы мемлекеттік мұрағат мекемелері мен қорларын құру жылдарында өте қиын жолды бастан кешірді, көптеген мұрағаттар бірінші дүниежүзілік

соғыста, азамат соғысы жылдарында өртеліп, тоналып, жойылып кеткені белгілі. Сондықтан да біріншіден, мұрағаттарды сақтау ел тарихын сақтау болатындағын жете түсінді. Екінші дүниежүзілік соғыстың басында-ақ фашистер басып алған Франция, Бельгия, Польша мемлекеттерінің мұрағаттарын Германияға тасып алу мақсатын қойса, Кеңестер Одағы мұрағаттарының «шаңын қағу» туралы бұйрықтар шығарды. Фашистер қолға түскен мұрағаттардағы қорларды түгел тасып алуға немесе түбегейлі жойып жіберу жолдарын қарастырды. Оның мысалы, неміс әуе күштерінің бомбалауының нәтижесінде Сталинград, Воронеж, Чернигов облыстарының мемлекеттік мұрағаттары түгелге жуық жойылса, Беларусь ССР, Украина ССР-ның мемлекеттік мұрағаттарының бір бөлігі құртылды.

Екіншіден, осындай қатыгездік шаралардан зардап шеккен мұрағат қорларын алыс тылға көшіру арқылы аман сақтап мүмкіндігін қарастырғаны айқын. Сұрапыл соғыс жылдарының алғашқы айларында Қазақстанға Ресейдің Новгород, Ленинград, Воронеж, Сталинград, Тула облыстарының, Краснодар өлкесінің, Украина, Қалмақ, Беларусь, Молдава, Шешен-Ингуш республикаларының мемлекеттік мұрағаттары көшіріліп, баға жетпес байлығы-тарихи құжаттар сақталған мұрағат қорларын көздің қарашығындай сақтап, бүгінгі ұрпаққа жеткізуге зор үлес қосты [5021–47 п.п.]. Мұрағат істерінің тарихындағы үшінші кезең қысқа уақытты қамтығанмен, бұл кезеңнің басты ерекшелігі мұрағаттардағы ұлттық тарихи деректерді сақтап қалуында.

Төртінші кезең тұтас онжылдықты қамтиды және екі бағытын атап өтсек.

Бірінші бағыты – соғыс кедергі келтірген 30–40 жылдары негізі қаланған мұрағат істерінде басты басшылыққа алатын, нормативтік актілері іс жүзінде жүзеге асырылды. Екінші бағыты мұрағат мекемелеріндегі соғыс зардаптарын жою және мұрағаттардың атқаратын қызметін ғылыми-әдістемелік негізде құру болып табылды.

Бесінші кезеңнің бастауында, СОКП-ның XX съезінің тарихи шешімдері елдің саяси жүйесіне ерекше әсер етті, соның ішінде тарих ғылымы мен мұрағат істерінде де елеулі ықпал етті.

50-шы жылдардың екінші жартысында мұрағат істерін жетілдіру мақсатында 1958 жылдың 13 тамызында КСРО Министрлер Кеңесі КСРО мемлекеттік мұрағат қорлары туралы жаңа Ереже қабылдады.

1960 жылдары мұрағат істері ерекше қарқынмен дамыды. Мұрағаттардың қоғамдағы ролі күшейді және ғылыми-зерттеу жұмыстарының басты ошағына айналды.

1966 жылдың ақпанында «Советские архивы» журналының алғашқы саны жарық көрді. Алматы, Ереван, Киев, Кишинев, Тбилиси, Фрунзе (Бишкек), қалаларында одақтас республикалардың орталық мемлекет мұрағаттарының және Ақтөбе, Павлодар, Гурьев (Атырау), Көкшетау, Кемерово, Сухуми, Кутаиси т.б қалаларда облыстық мемлекеттік мұрағат ғимараттары бой көтерді [7, 51].

1966 жылдың 2 наурыз күні КСРО Үкіметінің шешімімен Бүкілодақтық іс жүргізу және мұрағат ісі ғылыми-зерттеу институты (ВНИИДАД) құрылды.

Институт 1966–1970 жылдар аралығында 324 ғылыми тақырыпты зерттеп, дайындады.

Кеңес Одағында 557 мемлекеттік мұрағат, 11 КСРО орталық мемлекеттік мұрағаты, 45 одақтас республикалардың орталық мемлекет мұрағаты, 20 автономиялық республикалардың орталық мемлекеттік мұрағаты, 112 облыстық,

6 өлкелік, 18 автономиялық облыстардың және ұлттық округтердің мемлекеттік мұрағаты қоғамға жан-жақты қызмет етті.

1971 жылғы 1 қаңтардағы КСРО-ның мемлекеттік мұрағаттары қорында:

- мемлекеттік мұрағаттарда 150 млн. бірлік іс;
- қалалық, аудандық мұрағаттарда 24 млн. астам бірлік іс;
- ведомстволық мұрағаттарда 43 млн. бірлік іс;
- ғылыми-техникалық мұрағаттарда 160 млн. бірлік іс және кітапхана, мұражайларда 4 млн. бірлік іс сақталды.

Осы жылдары 45 жаңа мұрағат ғимараттары бой көтерді.

Мұрағаттарда сақталған істерге қоғамдық байқаулар кеңінен жүргізілді.

Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан, Түркіменстан, Грузия, Молдавияда республикалық, қоғамдық байқаулардың нәтижесі баспасөзде жарияланды [8, 4-7].

1980 жылы 4 сәуірде КСРО Министрлер Кеңесі «КСРО мемлекеттік мұрағат қорлары туралы ереже және КСРО министрлігі жанындағы Бас мұрағат басқармасы туралы» қаулы қабылдады [9, 1 б.]. Аталған қаулыда мемлекет мұрағат қорларындағы тарихи құжаттарды қатаң сақтауға және қорғауға ерекше көңіл бөлінді.

КСРО-ның мемлекеттік мұрағат қорының құжаттарын саяси, халық шаруашылық, ғылыми және әлеуметтік-мәдени мақсаттарда, сондай-ақ азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету үшін пайдаланды. Өкінішке орай, 40 мемлекеттік мұрағатта тарихи құжаттардың сақтандыру көшірмесі жүргізілмеді. Бұндай өткір мәселелер РСФСР, Қазақстан, Өзбекстан мемлекеттік мұрағаттарында байқалды. Оның басты себебі өндірістік-материалдық базаның жасақталмауынан орын алды.

Сонымен, Кеңес Одағында біртұтас мұрағат жүйесінің қалыптасу және дамып, өркендеу кезеңдерінің өзіндік ерекшеліктерінің балғандығын байқаймыз.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Чернов А.В. «История и организация архивного дела в СССР» Москва: Научно-издательский отдел ГАЦ НКВД СССР, 1940, 207 с; Максиков В.В. «История и организация архивного дела в СССР» (1917-1945), Москва, 1969, 430 с.; Вяликов В.И. «Архивное строительство в СССР» (1946-1967 гг.), Москва, 1972, 109 с.; Самошенко В.Н. «Архивное дело в период построения социализма в СССР». 1917-1937, Москва, 1982, 76 с.
2. Нечкина М.В. «О периодизации истории советской исторической науки» История СССР, №1, 105 с.
3. Архивы СССР. История и современность: Межвузовской сборник научных трудов. М, МГ ИАИ, 1989, 163 с.
4. Советские архивы 1987. № 4, 112 с.
5. Қазақстан Республикасы Орталық Мемлекеттік Мұрағаты (ҚРОММ) 554- қ., 1- т., 670 - іс.
6. Белов Г.А. Доклад основные проблемы развития архивного дела в СССР (в место автореферата), Москва, 1962, 35 с.
7. Советские архивы 1968, № 3, 126 с.
8. Советские архивы 1971, № 3. 120 с.
9. СССР-дің мемлекеттік архив қоры туралы Ереже. Алматы, 1980, 20 б

XX ғасырдың 20-30-шы жылдары Оңтүстік Қазақстандағы кәмпескелеу науқаны кезіндегі қуғын-сүргін

Сейдахан БАҚТОРАЗОВ,
Жамбыл облыстық мемлекеттік мұрағатының
аға ғылыми қызметкері

Кеңес үкіметінің барлық өмір сүру кезеңіндегі өзіне тән ерекшеліктерінің бірі ретінде мемлекеттің үнемі (Ресей империясы өмір сүруінің соңғы жылдарынан – КСРО-ның саяси және экономикалық негіздерінің іс жүзінде жойылуына дейін) қауырт (экстремалды) жағдайда болғандығын айтуға болады. Кеңес үкіметі бірінші дүние жүзілік соғыс өтіп жатқан кезеңде орнады, бұл кезде Ресей әскери уақыттағы өз экономикасының шатқаяқтануы себепті майданда іс жүзінде жеңіліп тынған еді. Брест келісімін жасау жағдайды жеңілдеткен жоқ, керісінше оны одан әрі ушықтырды, бұдан кейінгі азамат соғысы мен оның салдарлары, ауыр және қорғаныс өндірісіне иек артып тездетілген индустриализация, соңғысына жаратылған қаржының табыс ретіндегі қайтарымын кемінде жиырма не болмаса одан да көп жылдар күту қажеттілігі. Сыртқы саяси қатынастарда барлық жағдай келесі соғыстың болатындығын көрсетуі себепті, ішкі саяси жағдай қыруар адамнан тұратын армия ұстау қажеттілігін, ол үшін әскери қару-жарақты жетілдіріп және қайта жарақтандырып, осыған сәйкес халық арасында үгіт-насихат жүргізу керек болатын.

Осындай жағдайларға байланысты социалистік қоғам құру бағыты үнемі жүзеге аса бермеді, мұның өзі қалыптасқан жағдайды ескере келе, әлеуметтік таптар мен топтарға залал келтірмей жүзеге асуы мүмкін емес те еді. Тиісінше, негізделген құқықтық база да құрылып үлгермеді, қалыптасқан жағдайда көрнекті жұмыс атқара алатын кадрларды дайындауға да уақыт жетіспеді. И.В. Сталиннің белгілі – «революцияны ақ қолғапта жасамайды» деген анықтамасы бойынша және Н. Макиавелли айтты делінген – «мақсат кез-келген қолданысты ақтайды» анықтамасын Кеңес үкіметі мен БК(б)П өз саяси арсеналына енгізіп, қазіргі кезеңдегі «жалпы халықтық құндылық», «құқықтық мемлекет» туралы түсініктермен қиыспайтын, гуманизм принциптеріне кереғар әдістерге жүгінді, жағдай сонымен бірге бүгінгі күннің көзқарасымен түсінуге қиын, саясаттың жалғыз күшті құралы ретінде күш қолдануды, бастамшылықты, соғысты таңдаумен ушықтырылды.

Оңтүстік Қазақстан өңірінің әлеуметтік-экономикалық жағдайы да, зерттеліп отырған кезеңде, оның бірінші дүниежүзілік және азамат соғысы майдандарынан қашықтығына қарамастан, өте ауыр болды.

«Әскери коммунизм» деген атпен белгілі экономикалық саясат Түркістан өлкесінде елдің орталық аудандарынан бөлек жағдайда жүзеге асырылды. 1918 жылдың 15 тамызындағы азық-түлік комиссариатының бұйрығына сәйкес «Республика ОАК және ХХК бекіткен, шұғыл өткізілген азық-түлік мәселесіне байланысты съезінің қаулыларына қосымша, Өлкенің сауда жасау еркіндігіне тағы да айтарлықтай тиым салынды. Нанмен сауда жасауға тек міндетті түрде, кедейлердің пайдасына әрбір десятина жерден 4-10 пұт астық өткізген квитанциясы бар, өндірушілер ғана жіберілді. Нан өнімдері тек жергілікті азық-түлік ұйымдарының рұқсатымен ғана сатылатын болды, оны сататындардың тізімі де осы ұйымдарда бекітілді. Оның орындалуын бақылау «ақсақалдар мен милицияға» тапсырылды. Әр «нан жеушінің» бір жылдағы 10 пұт нормасы есепке алынып, осыдан бір айлық қажеттілігі өткерілді. Сонымен қатар, «жаппай нан сатып алу мен тауар айналым мәселесі тек қана Өлкелік азық-түлік директориясы агенттерінің құзырында болып, солар ғана өндірушілерге жергілікті жерлердегі жағдайға байланысты, бағаны белгілеп берді [1]. Бұл қаулылардың әлеуметтік әділеттілігін ескере отырып, дегенмен, оның құқықтық мазмұнда болмағандығын айтуымыз қажет, әйтсе де мұның өзі бағаның өсуін, жәлдептікті уақытша жойып, халықтың біраз бөлігін аштықтан құтқарып қалды.

Азық-түлік салғыртының барлық қимылдары, әскери коммунизм саясаты ауқымындағы маңызды міндет ретінде қарастырылды «9-шы Кеңес және 5-ші Түрік Республикасының партия съездері қаулыларына кереғар, жергілікті атқару комитеттері мен партия ұйымдары азық-түлік органдарында лайықсыз жағдайлар жасап жатқандағы туралы мәліметтер тусуде... Салғырттың кулактардың күшті ықпалымен өтіп жатқандығы туралы мәліметтер бар...

Азық-түлік мәселесі қазіргі кезде Түркесубликасының өмірлік маңызы бар мәселесі және осыған ерекше назар аудару қажет [2]. Көрсетілген құжат ТКП ұйымдарына, армия мен темір жолдың саяси бөлімшелеріне арналып, оған Түркістан КП ОК хатшысы Н. Рахымбаевтың қолы қойылған, ол кейіннен Түркістан ОАК-ның 1920 жылдың 9-шы қарашасындағы қаулысымен толықтырылып, онда Сырдария обкомына партиялық және кеңестік белсенділерді азық-түлік органдары қызметіне мобилизациялау ұйғарылады [3].

Бұл арада жаңа экономикалық саясаттың енгізілуіне аз қалғандығына қарамай, азық-түлік салғыртын жүргізудегі күштеу шараларының екпінінің қаттылығына мән беруге болады.

Кеңес үкіметінің белсенділері мен функционерлеріне жергілікті жерлерде күшті іс-шаралар жүргізу ұсынылды. Осылай Ақмешіт уқалаткомының президиумына аштықтың салдарымен күресу жөніндегі уездік комитеттің (уком-последгогод) төрағасынан түскен талап-тапсырыста (требование) «Аштардың салығын» жинаушы өкілге жағдай жасаудан бас тартқаны және басқа болыстық атқару комитеттеріне сабақ болу үшін» Жүлек болыстық атқару комитетінің төрағасы Сүлейменовты әкімшілік негізде жазалап «5–7 күнге күзетпен қамауға алып және сөгіс жариялау» туралы айтылған [4].

Осындай шаралар қатардағы жұмысшыларға да қолданылды, мәселен 16 үймек жоңышқа жетіспегендігі үшін оны тасушы С. Өтемов мемлекет мүлкін ұрлады делініп «Перовск қаласындағы қамау үйге күзетпен қамалынды» [5].

Соттан тыс экономикалық репрессияларды жүргізудегі ең бір ірі акциялар өңірдегі ірі байлар шаруашылығы мен жартылай-феодалдарды кәмпескелеу мен жер аудару туралы қаулыны жүзеге асыруы болды. Сол кезде Сырдария губерниясы құрамынан бөлініп шыққан Қызылорда округы бойынша кәмпескелеу тиісінше 35 және 5 шаруашылықтарда қарастырылды. Мән берерлік жәйт, Сырдария округіндегі

кәмпескеленетін 80 шаруашылық республиканың басқа округтерімен салыстырғанда өте ірі топты құрады, ал Қызылорда округін қосқанда тиісінше 115 және 14 шаруашылық болып, республиканың 12 округіне бөлінген шаруашылықтардың жалпы санының 18,4 % құрады. Кәмпескелеуді барынша қысқа мерзімде өткізу және шаруа қожалықтары тарапынан болатын қарсы әрекеттерді болғызбау мақсатында, тізімдерді құруды тікелей жергілікті жерлерде өткізу міндеттелді. Қорытынды тізім БК(б)П Өлкелік комитетінде бекітіліп, оған дейін округтік және аудандық комиссиялардың, кедейлер мен батрактардың жалпы жиналысында сайланатын көмектесу комиссиясында (комиссия содействия) талқыланатын. Кәмпескеленген малдарды бөлу «... аты жоқты атпен қамтамасыз етіп, сиыры жоққа сиыр беріп (түйесі жоққа да солай), ал ұсақ малға келсек жеке шаруашылыққа 10 қойдан үлестіру дұрыс (ірі қара мал алмағандарға) деп есептелінді [6]. Кәмпескеленген мүліктердің байдың туысқандары мен достарына берілмеуі атап айтылды, сонымен қатар «Кеңес немесе партия аппаратында жұмыс істейтіндердің мал алуына» жол берілмеді, «партия мүшелеріне», батрактар мен кедейлерге бұл тек жалпы негізде ғана мүмкін болды. Округтік комитеттер партиядағыларға қатысты ешқандай артықшылықтың болмауын қадағалауға тиіс» болды [7].

Қызылорда округі аудандарындағы кәмпескелеуді жүргізу іс жүзінде әу бастан – ақ БК(б)П-ның Қазақстан өлкелік комитеті директиваларымен қарама-қайшылықта болды. «Ауылда жартылай-феодалдық, патриархалдық рулық қатынастарды сақтап отырған ірі байлардың мүлкін кәмпескелеу және жер аудару» комиссиясының отырысында округтің Арал ауданында кәмпескеленетін шаруашылықтардың тізімі дер кезінде құрылмағандығы атап өтілді. Комиссия «аудандағы кәмпескелеу жұмысы барысындағы қиын жағдайларға – мекендердің бір-бірінен алыстығын, байлар тұратын жерлердің жақын емес екендігін байдың мүлкін бөлуді заң тұрғысында рәсімдеудің жоқтығын, бұл мәселенің шиеленісіп кеткендігін» айта келе, ары қарай: бай шаруашылықтарын бөлу мәселесінде нақты шешімнің жоқтығы байдың туысқандарының малдарын дұрыс кәмпескемелеуге апарып отыр» делінген [8].

Сонымен қатар «...өкілдер беріп отырған мәліметтер мен байлардың қолдарында бар малдарының арасында үлкен айырмашылықтың бар екендігі де анықталды. Мұның өзі малдардың санын есептеу кезеңінде байдың көптеген туысқандарының бір шаруашылыққа бірігуінің нәтижесінде болған еді... Тіпті кәмпескелеу жүрген аудандарда тұрмайтын адамдардың да аталған тізімге еніп кету жағдайлары болды, байдың туысқандарының кейбірі кәмпескеленбей олардың малдары өздеріне қайтарылып берілді [9].

Ары қарай құжатта «Байлардың кәмпескеленген малдары мынадай жолмен бөлініп берілді: байлардың өзіне ірі қара малға шаққанда 16 бастан, 4 артелдерге, ірі қара малға шаққанда 181 бас, оның ішінде 450 қой мен 150 ешкі, ал қалғандары ірі малдар, яғни түйелер, жылқылар және сиыр малдары ... осының бәрі артелдерге теңдей үлестіріліп берілді. Кәмпескеленген малдың қалған бөлігі 105 батрак пен кедейлерге ... әрқайсысына ірі қара малға шаққанда 5 немесе 6 бастан бөліп берілді. Бұл жерде кәмпескеленген малдардың ауылдан 100-деген және тіпті 1000-даған шаршы қашықтықта болуына қарамай тездетіп есепке алынуы осы мәселедегі шалағайлықты көрсетіп тұрғандай.

БК(б)П-ның Қызылорда округтік комитеті секретариятының құпия мәжілісінде кәмпескелеу кампаниясын жүргізу барысында жіберілген жетімсіздіктер мен қателіктер тұрғысында «...ірі байларды дер кезінде жер аудармау, кәмпескеленген малдарды бөлу кезіндегі жайбасарлық, сонымен қатар қарастырылып отырған Қармақшы ауданында «кәмпескеленген ірі байлардың белсенділік танытуына ешқандай кедергінің болмауы, олардың приговорларға кедей шаруаларды қосып

жіберуін (яғни оларды кәмпескеленетін шаруашылықтар тізіміне кіргізу) осы нәтижесінде тек бір ауылдан басқасы өтірік болып шықты (приговорларда 6 жасар бала, ауылдан тыс жерлердегі ауру-сырқаулар қатыстырылған, сонымен қатар халықтың психологиясына кері әсерін тигізетін үгіт-насихат жүргізіліп отырған». Осыған орай жазалау шаралары мынадай болды: «Аудандық атқару комитетінің ОАК төрағасы жолдас Қарақожаевқа және басқа да партия мүшелеріне байланысты барлық материалдар және осы және басқа да шалағайлықтарды жіберіп көзге түскендердің ісін партиялық жауапкершілікке тарту үшін Округтік Бақылау Комитетіне өткізу – Облыстық прокуратураға тез арада өтірік құжаттар құрап, елден қол жинауға түрткі болғандар мен бастамашыларға қатысты қылмыстық істі бастау керек. Бұл арада осы мәселелерге қатысты, кәмпескелеу барысындағы прокуратура өкілдеріне аудандық комиссия мен әсер ету комиссияларының арасында тек қосымша дауыс құқы ғана берілгендігін айтуымыз керек. Партиялық жауапкершілікке тартудың оперативтілігі таңқалдырады – осылай аумақтық тексеру комиссиясы байлардың мүлкін кәмпескелеу барысындағы немқұрайлық пен партия бағытын дұрыс жүргізбегендігі үшін «ОАК төрағасы Қарақожаев туралы барлық материалдарды Секретариат мәжілісінен кейін 10 күннің ішінде талап еткен» [10].

Байлардың шаруашылығын кәмпескелеу науқаны барысын барынша бақылауда ұстап отырған Қызылорда аймақтық партия комитеті жергілікті жерлерге өзінің 24 өкілін жіберді. Өңірде түсіндіру жұмысының нашарлығы атап өтіліп, мұның өзі ауылдардың астаң-кестеңін шығарды» – «... базарларға мал толып кетті, еңбекші халық негізінен орташа шаруалар (заңға) кәмпескелеуге ілініп кетеміз бе деп қорықты» Осы орайда мынадай факт қызығушылық туғызады, онда «... арбакептер артелі Жусалы станциясынан Қарсақбайға жүктерін жеткізбей, кәмпескелеуге ұрынып қалудан қорқып ауыл-ауылдарына қашып кеткен [11]. Келтірілген мысалдар, орта шаруалардың азық-түлік салғырты мен ауыр салық кезеңінен аузы күйіп қалғандығын көрсеткендей, сондықтан да олар бұл Декреттің тек белгіленген және тізімі берілген шаруашылықтарды ғана қамтып, барлықтарына жаппай қатысты емес екендігіне сенбеді. Қайсібір жағдайда орташалар кедейлердің жиналыстарында сөз сөйлеп онда: «байлар орташылардың шаруашылығына аз нұқсан келтіріп жатқан жоқ, олар барлық күшті жайылымдар мен егіс алқаптарын тартып алуда және өздерінің аталастары арасындағы ықпалдарын пайдалана отырып, орташаларды жеке мақсаттары жүзеге асуы үшін пайдалануда. Осылай №2 және №4 ауылдардың екі орташасы өз еріктерімен ықпал ету комиссиясына кіріп, кедейлермен бірге түйелерге мініп Қостанай аймағындағы кәмпескелеуге жататын шаруашылықтарға жеткізуге ат салысты [12]. Орташалардың «күтушілігі» мен «үнсіздігі» олардың меншікке деген салмақты саналы көзқарасымен, оны құрау мен жинақтау үшін толықтай бір ұрпақтардың еңбегі қажет екендігін ұғынуымен түсіндірілсе керек. Ал кедейлер мен батрактар болса, өз қарсыластарының әлсіздігін пайдаланып оларды тіптен құртып жіберу үшін осы науқанға білек сыбана кірісті. Басқа да себептер ретінде «орташалардың науқанға (кампанияға) нашар атсалысуына олардың көпшілігінің әлі де жайлаудан көшіп келе алмағандығы, сонымен қатар кампанияның егін жинау мен шөп, пішен дайындау жұмыстарының қызған шағымен дәлме-дәл келуі айтылады» [13]. Әрине, өз шаруашылығымен әлек, жұмыс басты орта шаруаның әр түрлі жиналыстарға қатысуға мүмкіндігі болмайтын еді.

Тиісінше «бос уақыты мол», яғни өз шаруашылығы жоқ кедейлер мен батрактар кәмпескелеу жұмыстарына қызу ат салысты.

Өз кезегінде, шаруашылығы кәмпескелеуге жататын байлар малдарын толық немесе жартылай болса да сақтап қалуды көздеп, бар малдарын жасырудың бір айласы ретінде өз шаруашылықтарын бірнеше бөлікке бөліп, оны туыстарына

таратып берді. (Қарсақбай, Тереңөзек, Қармақшы аудандарында). «Бай Қонтаев Рахметтің 1700 ірі қара және 1190 ұсақ малы бар. Оның баласы малдарының біразын жасырып, Қаракұмға 14 жылқы, 38 түйе және 165 қой айдап бара жатқан жерінен ұсталды» [14].

Қызылорда округі бойынша тәркілеу жұмыстарының қорытындысы БК(б) П-ның округтік ұйымы тарапынан әртүрлі тұрғыда талқыланды. «Жергілікті жерлердегі партия ұйымдары батрактар мен кедейлерді саяси жағынан жұмылдыруды жүзеге асыра алды және оларды өздерінің соңынан ертті...», «мұның өзі олардың жаппай партияға өтуіне... өз еріктерімен көмектесу комиссияларына қатысуына, байларға барынша күшті шабуыл жасауына ұласып отыр, осы арқылы рулық қарым-қатынас әлсірей түсуде» [15]. Тәркіленген малды бөліп берудің «... едәуір экономикалық қайтарымы болды, партияның ауылды орташаландыру ұраны жүзеге асты», мұның өзі кедейлер мен орташаларды жартылай-феодал байларға экономикалық және саяси кіріптарлықтан құтқарды және ауылда өндіргіш күштердің дамуына ықпал етті, осының бәрі өз кезегінде ауылда социалистік қайта құру процесін жүргізуді жеңілдеткен еді» [16].

Әрине, бұл жерде берілген баға мен қорытулардың біржақтылығы және тым көтеріңкілігі көзге ұрып-ақ тұр. Байыбына барып анықтасақ, байлардың малын тәркілеудің шу дегеннен-ақ заңсыздыққа негізделіп, ұрда-жық әдістерге сүйенгені, сонымен қатар жекеменшікті жоюда – оның түп негізіне тереңдемегені білінеді. Соңғысының тамырына балта шабу оны үш негізінен айырған еді: иелік етуден, пайдалану құқынан және жеке билігінен. Сонымен, жекеменшіктің алғашқы функциясы – иелік етуден айыру тіпті де оңай шешілді, байлардың мыңғырған малдары батрактар мен кедейлерге және ауыл шаруашылық өндірісін ұйымдастыру тәжірибесі жоқ колхоздарға – ауыл шаруашылығы артельдеріне бөлініп берілді. Екінші функциясы пайдалану десек, оның көзі табылмай, тартып алынған малдың едәуір бөлігі бірден сойысқа кетті, олардың санын көбейтуді ешкім ойламады да. Осы үшін қажетті қора-қопсы салу, жем-шөп, құрал-сайман дайындау, сөйтіп жекеше немесе ұжымдық шаруашылық жүргізуге машықтануға талпыныстар жасалынбады. Пайдаланудағы тағы бір келенсіздік кедейлер мен артельдердің малдарды жергілікті партия және кеңес органдарының шешімдері негізінде алуына байланысты болды. Сол арқылы соңғылары шаруашылықты жүргізуде заңды белінен басып, өз билгендерін істеді. Осылай малды бөліп бере салысымен, мейлі байлардың болсын, мейлі басқа да әлеуметтік таптардың болсын, ауылшаруашылығы салығы қарыздарын өткеруі үшін, қойларды қырку туралы өкімдер берілді. Күздің соңғы күндерінде атқарылған мұндай іс-шара кедейлердің болсын, артельдердің болсын отарларын, қыстың көзі қырауда қырып салары анық еді» [17]. Жеке билік функциясының тіпті де болмауы – малды сатуға, келісім-шарт арқылы жалға беруге және т.б. әрекеттер жасауға тосқауыл болды. Сондықтан да «ауылды орташаландыру» 1928 жылдың қыркүйегі-қарашасы аралығындағы малды байлардан басқаларға айдап апарумен бітпеді. Мұндай қысқа уақытта әлеуметтік-экономикалық өзгерістер бірден жүзеге аса қоймайтын. Ол үшін жаңа тұрпаттағы меншік иелерінің әлеуметтік-психологиялық тұрғыдағы дайындығы қажет еді, бұл әрине ұзаққа созылатын процесс болатын. Құжатта әрі қарай: Округком, кампания жүргізудегі кемшіліктер ретінде «... байлардың шаруашылықтарын бөлу кезіндегі көзбояушылықтың көп болғандығын, тәркіленуге жататындардың рәсімделінбей, округтен алыс жаққа көшіп кетуін, сонымен қатар байлардың батрактар мен кедейлерді өз жағына тарту үшін жасаған қаскүнемдіктерін», атап көрсетеді. Байлардың бұл әрекеттері қайсібір жағдайда жүзеге асып, батрактар мен кедейлер тәркіленген малдарды алудан бас тартып, бай жағына шықты, осы арқылы оның малын жасыруға сеп-

тігін тигізді». Ары қарай орташалардың заманның андысын андуы (күтушілігі) күстаналанады, Арал, Қазалы, Шиелі аудандарындағы жұмыстың нашарлығы, тіпті «бей-берекеттілігі» атап өтеледі, жұмыстың бар ауыртпалығы ... негізінен Окружком мен аудандық партактивке, жеке ұяшықтар мен жекелеген партия және комсомол мүшелеріне түсіп отырғандығы айтылады. Кампания жүргізудегі кешенді кемшіліктер ретінде ... «мал бөлу барысында оны тым мардымсыз немесе бәріне тең бөліп берілуі (Қарсақпайда), мұның өзі тәркілеу арқылы экономикалық пәрменділікке жетуге кері әсерін тигізген еді; сонымен қатар мал бөлу кезіндегі жемқорлық» [18]. Көрсетілген кемшіліктердің кәмпескелеу барысында болмай қалуы мүмкін емес еді, тіпті олар одан да қомақты болар еді, дегенмен сол кездегі билік тұтқасындағылардың темірдей қатал тәртібі аталған мәселеде шешуші роль атқарған болатын.

Зерттеліп отырған мәселеге байланысты қабылданған резолюцияда, кампания жүргізілу ауқымынан асып түсетіндей қорытындылар жасалды. Осыған сәйкес бірінші пунктінде: «ауылдық, партиялық және комсомолдық бастауыш ұйымдарын, байлардан және байлармен бірігіп өзі азғындаған, өзінің және партияның абыройын түсірген элементтерден тазарту. Партия ұйымын жұмысшылар мен батрактар және кәмпескелеу кезінде көзге түскен кедейлер белсенділерімен күшейту» туралы айтылады. Бұл арада саяси тактиканың маңызды элементінің қолданысқа енгендігі көрініп тұр, яғни «сәйкес келмейтіндерді» құрту, уақытша атып-асусыз, тек жағдайы төмен әлеуметтік топтарға сүйеніп орташаларға «қарсы» андысын анду позициясында болу, оларды жағдайға байланысты не көтермелеу, не қуғын-сүргінге ұшырату. Беріліп отырған Резолюцияның соңында әдеттегідей «Окружком мен ОКК-ге кәмпескелеу кезінде партияның бағытын бұрмалаған коммунистерге тиісті жазасын беру» тапсырылады [19].

Кәмпескелеу науқаны мен ауыл шаруашылығын күштеп ұжымдастыру кезіндегі осындай дүрбелеңнің көп ұзамай, халқымызды қынадай қырған аштық алапатына ұласқаны белгілі.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. ЖОММ. 50 қор. 1 тізбе. 10 іс. 1-2 п.п.
2. ЖОММ. 10 қор. 1 тізбе. 13 іс. 1 п.
3. ЖОММ. 10 қор. 1 тізбе. 13 іс. 3 п.
4. Қызылорда облыстық мемлекеттік мұрағаты (бұдан әрі ҚОММ) 1 қор. 2 тізбе. 184 іс. 48 п.
5. ҚОММ 1 қор. 2 тізбе. 43 іс. 13 п.
6. Қызылорда облысы әкімінің мұрағаты (бұдан әрі ҚОӘМ) 6 қор. 1 тізбе. 13 іс. 40-41 п.п.
7. ҚОММ. 2 қор. 2 тізбе. 1 іс. 173 п.
8. ҚОММ. 2 қор. 2 тізбе. 2 іс. 170 п.
9. ҚОММ. 2 қор. 2 тізбе. 1 іс. 182 п.
10. ҚОӘМ 6 қор, 1 тізбе, 13 іс. 24 п.
11. ҚОӘМ 6 қор, 1 тізбе, 13 іс, 43 п.
12. ҚОӘМ 6 қор, 2 тізбе, 18 іс. 51-52 п.п.
13. ҚОӘМ 6 қор, 2 тізбе, 18 іс. 53 п.
14. ҚОӘМ 6 қор, 2 тізбе, 18 іс, 53-54 п.п.
15. ҚОӘМ 6 қор, 2 тізбе, 18 іс, 55-56 п.п.
16. ҚОӘМ 6 қор, 2 тізбе, 18 іс, 57-58 п.п.
17. ҚОӘМ 6 қор, 2 тізбе, 18 іс, 59-60 п.п.
18. ҚОӘМ 6 қор, 2 тізбе, 18 іс, 61-62 п.п.
19. ҚОӘМ 6 қор, 2 тізбе, 18 іс, 63-64 п.п.

«Бабырнама» жәдігеріндегі руханиат мәселелері

Қарлығаш НҰРМҰХАМЕТОВА,
әл-Фараби атын. ҚазҰУ-дың ізденушісі

Түркі халықтарының тарихи санасы қалыптасуында Орталық Азиядан шыққан қайраткерлер ерекше рөл атқарды. Солардың бірі – Захир ад-дин Бабыр. XVI ғасырда ортағасырлық еуразиялық көшпенділіктің ыдырап, біртұтас империя біріктіріп тұрған түркі-моңғол халықтарының, оның ішінде қазақ халқының жеке саяси даму жолына түскен заманында өмір сүріп осы саяси-әлеуметтік үдеріске тікелей атсалысқан ғұлама ойшыл.

Захир ад-дин Мұхамед Бабыр тарихи, әдеби, философиялық еңбектер жазып қалдырғандықтан, ортағасырлық жазба тарихнаманың үлгілерімен қатар, халықтың ауызекі тарихи біліміне сүйене отырып, әлдемдік тарихнама теориясына өзіндік үлесін қосқандықтан, оны түбі бір түркі халықтарының, оның ішінде қазақ халқының тарих философиясының негізін қалаушылардың бірі деп түсіну қажет.

Еуразиялық ұлы далада қалыптасқан мәдениеттің төл туындыларында этикалық-дидактикалық желілер басым болатындығына тарих куә. Ж. Баласағұн мен М. Қашқаридің, «Кодекс куманикустың», Қ.А. Иасауидің ж.т.б. еңбектерінде жақсылық пен жамандық, күнә мен кінә, қанағат, тәубәге келу сияқты әдептік ұстындар тартымды суреттелген. «Бабырнама» да бұл тұғырдан жеке тұрған жоқ [1]. 3. Бабырдың тарихи-философиялық көзқарасынан Ұлы дала ойшылдарына тән дәстүрлі дүниетанымды, мәдени-тарихи үндестікті атап өтуге болады. Өте көне заманнан басталған бұл рухани сабақтастық ойшылдың шығармашылығынан да, түркі халықтарының ұлттық құндылықтар жүйесінен де айқын аңғарылады. Осыларға қоса, 3. Бабырдың рухани дүниетанымына ислам дінінің тигізген оң ықпалын баса айтып өткен жөн. Мысалы, «Бабырнамадағы» мына жолдар осыны анық көрсетеді: «Дін жолында жанын шүберекке түйіп, шейіт болуға бел байлаған қырандар: «Жасымандар, ұландар! Аяңбандар! Сендердің жолың – ақ жол! деген үнді естіген сайын серпіліп, қайта аттанып, жігерлене түсті. Дәтке қуат деген болар. Алланың рахымы түсіп: «Сендердің ісің – алла тағаланың ақ жолына бағышталған. Жаратқан ием дін жолындағы пендесін қолдайды, дем береді деген үн олардың құлағына шалынып, күдіктері біржола сейілді. Олардың жігерленгені соншалық, жаратқан иемнің үні естілді, оларды періштелері демеп, аспандап, шырылдап ұшып жүрді» [3, 372 б.].

Захир ад-дин Бабыр өз заманындағы мұсылмандық мәдениетін бойына сіңіріп оларды қабылдап, дәстүрлі түркілік ойлау жүйесіндегі негізгі ұғымдар мен категорияларды исламның адамгершілік қағидаларымен шебер ұштастыра білген. Ойшылдың діни-философиялық көзқарастарына исламның ханифиттік мазхабының негізгі ұстанымдарымен қатар, түркілік көшпелі діл де әсерін тигізді. Діннің адамның нәзік жан дүниесіне әсер ететіндей қуаты болатындықтан, дін

саясатына жөнсіз араласуды 3. Бабыр дұрыс санамайды. Дәстүрлі мұсылмандық саналатын Орталық Азиядағы діндар қауымның мүддесін ол түсіністікпен қабылдайды. Ол өз империясында төзімділік саясатын қолдағанымен, ислам қоғамымындағы нағыз «ымырасыздық, яғни, санадағы қарсылық, оған сәйкес туындайтын жеккөрушілік сезімдерін туғызып жатқан бөтен діндердің әрекетіне табандылықпен тосқауыл қояды.

3. Бабырдың дүниетанымында адам мәселесі мен адам өмірінің мәні мәселесі, оның экзистенциалдық, әлеуметтік-этикалық қыры, тарихи тұлға мен құдай арасындағы қатынастар басты мәселе екендігі байқалады. Оның шығармашылығында түркі дүниетанымындағы құт-бақыт, тәубе, қанағатшылдық, киелілік пен кесірлік, адамшылдық және т.б. түсініктер имандылықпен, парасаттылықпен, сүйіспеншілікпен байланыстырылып, адамның рухани болмысы философиялық-теологиялық тұрғыдан пайымдалады. Бабыр «Құдайға қызмет еткенің, бұл халқыңа қызмет еткенің деген ойды пайымдайды. Ол парасаттылықпен ел билеп, әрбір іске сабырлық таныту керектігін тұжырымдайды. Адамның рухани негізі ретінде, жоғары мәдениет пен әдепті қалыптастыруда исламға сүйенуге шақырады. Адам өзінің рухани тұғырын кемелдендіріп, тереңдетіп отыруға тиісті. Егер Еуропада адам болмысының даралық деңгейінен ерекшелікке өту үдерісі еврейлердің иудеизм дінімен тікелей байланысты болса, түркілер үшін бұл үдеріс ислам дінінің енуінен басталады. Үлкенді сыйлау, олардың жолын кесіп өтпеу, тіпті дастархан басында әр адамның өз орнының болуы адам болмысының даралық деңгейіне тән өнегелілік заңдылықтары еді. Адам бойындағы қасиеттер әрқилы болатындықтан өзара қарым-қатынасқа түсу үдерісін даралық деңгейге тән ортаны реттеп отыратын белгілі бір моральдық-этикалық нормалар жиынтығы қажет болды. Бұл жерде ислам дінінің түркі халықтарының өркениетінің дамуына тигізген әсерін байқаймыз [2].

«Бабырнама» мәтінін XV-XVI ғасырлардағы түркілік ұлыстардағы әлеуметтік, саяси, мәдени үрдістер аясында қарастыру жүзеге асырылды. Өз заманының ұлы тұлғасы, ойшылы, тарихшысы Бабырды тудырған түркілік қоғамның әлеуметтік құрылымы мен өзіндік сана формалары ашылды. Ойшылдың көтерген тарихтанымдық мәселелері философия тарихы арқылы этникалық үрдістер аясында зерделенеді. Этникалық сана үрдістерін алғанда тек бір түркілік деректермен шектелу де, әрине дұрыс емес. Алайда бұл этникалық үрдістер қашанда бір бағытты және біркелкі болмады. Олардың арасында бір ортақ ата-текпен шығумен анықталған этникалық бірегейлену шешуші факторлардың біріне айналды. Осылай қалыптасқан бірлестіктерді «халық» деп ату әлі ерте еді. «Бабырнаманың» мазмұны «мүлгіген немесе варварлық қиратушы Шығыс» деген батыстық эгоцентристік ұстынды бекерге шығарады. Өзінің құрамында исламдық, индуистік және түркілік көшпелі өркениеттерді біріктірген Захир ад-дин Бабыр құрған Ұлы моғолдар мемлекеті ренессанстық деңгейге көтеріле алды. 3. Бабыр өз мемлекетінің этникалық шектеуден тыс екендігіне ерекше назар аударады: «Мемлекеттің туы астында қауіп-қатерден арылып пана іздеген жандар, түрік, тәжік, араб, үнді, парсы бола ма, дикан ба, жауынгер ме, әйтеуір адамзаттың баласы біздің үкіметімізге үміт артса, құлшылық етіп тілеуестік білдіріп, ынтымақтық тілесе, ол біздің қамқорлығымызда болады. Жұрт бұл қайырымды заңнан бас тартпай, оның жүктеген міндетін бұлжытпай орындасын. Сонда ғана қамқорлыққа алынады. Бұл заңның жолынан таймай, мінажат етіп,

қайырымды, мәртебелі ғұзырлы ағзамның мөріне сеніммен қарағаны жөн. Сонда ғана жарандардың тілегі, үміті ақталады. Жалпы Бабырдың басқа елдерде құрған этникалық бірлестіктері мәселесін шешу үшін біз оқшау алынған этнос көлемінен, ол енетін үлкен өркениеттің өріс аймағына жылжу керек. Өйткені қазіргі этностардың көпшілігі қоныс аударудың ассимиляциялық процестердің, топтасу мен жіктелудің нәтижесінде қалыптасқан. Бұған мысалдар жеткілікті. Айталық, Иран мен Солтүстік Үндінің халықтары арийлік топтардың оңтүстікке қарай қоныс аударуы негізінде, француздар галл тайпалары мен франктардың араласуы, орыстар ежелгі славян тайпаларының көршілес угро-финн, скандинавтық, түріктік компоненттерді өзіне сіңіруі нәтижесінде қалыптасқан. Соңғы кезде қалыптасқан латинамерикандықтар туралы айтпаса да түсінікті. Қазақтың этникалық территориясы да көп ғасырлық қалыптасу нәтижесінде айқындалды. Аталған тарихи-мәдени процестерсіз Бабыр бастаған бұрынғы түркілік көшпелілердің Ферғанадан Ауғанстан мен Үндістанға қоныс аударуын, басқа этникалық жұртта алып мемлекет құруын түсіндіру әрине қиынға соғады.

«Бабырнама» мәтінінде автор өз халқының және әскерінің төмендегідей саяси құрылымдық ерекшеліктерін атап өтеді:

- тектілік, даңқты ата-бабалар, басқа халықтар арасындағы бедел;
- мұсылмандық құқық пен дәстүрлі ата-бабалар жолын сенімді сақтау;
- басқа халықтар мен олардың заңдарынан, салт-дәстүрлерінен өзінің жоғарылығын сезіну;

- жасасқан шарттарды орындау;
- қабылданған шешімдердің «даналығы», «әділеттілігі» және «құдайылығы» [4, 125 б.].

Бабыр мемлекеттілігі қалыптасуында этникалық бірегейленумен қатар Орталық Азия аумағында жүріп жатқан түрлі саяси, әулеттік үрдістердің үлкен рөл атқарғаны белгілі. Бұл кезеңнің, яғни XIV-XV ғасырлардың тек Орталық Азияның ғана емес, бүкіл Еуразия кеңістігінің тарихы үшін маңызы бар екені даусыз. Бұл дәуір – моңғолдардың түріктеніп біткен кезеңі. Бұл шығармаға қатысты көптеген саяси-философиялық мәселелер тарихи оқиғалардың мәні мен мағынасы, генотиптік және потестарлық құрылымдардың мемлекеттерден айырмашылығы, түркі халықтарының дүниежүзілік тарихи үрдістердегі орны өзіндік шешімін тапқан [4, 106-141]. «Бабырнамадағы» саяси сана үрдістерінде мынадай ұстындар да маңызды болып келеді: еркіндікті сүю, бөтен билікке төзімсіздік («бірде бір халық моғолдарды өздеріне бағындыра алмаған», «алым-салық төлеудің орнына, шайқаста қаза болған дұрыс», бөтен көмекке онша сенбеу, жауапкершілікті тек өзіне қабылдау, сонымен бірге басқа елдердегі қандастарын өзіне тарта білу. Тағы бір бұл жәдігерлікте айтатын жайт, саяси шешімдер қабылдағанда мұсылмандық құқық канондармен қатар Шыңғыс ханның ережелері мен ру-тайпалық әдет құқығы кең қолданысқа ие болған. Захир ад-дин Бабыр мұрасының прагматикалық маңызы да зор.

Захир ад-дин Бабыр бастаған жауынгер түркілер рухани-әлеуметтік тәжірибелер үрдісінде өмір сүру тәсілі мен этноболмыстың өзіндік үлгісін жасап, саяси-потестарлық формадағы дүниетанымдық принциптер мен мәдени архетиптерді қалыптастырды. Олардың рухани жадысы табиғат, кеңістік пен уақыт, моральдық адамгершілік құндылықтар, ел мен жер, намыс пен ар-ождан, тіл мен дін туралы түсініктерімен айықталды. «Бабырнама сияқты туындыларда ел

басқаратын тұлғаға қойылатын талаптар айқындалады. Әлеуметтік болмыстың іргелі принциптері: ел мен ер бірлігі, батырлық пен сабырлық, тарихи жады негізінде ұрпақтарда тектілік сезімді, ел мен жерге сүйіспеншілікті қалыптастыру мәселелері өз шешімін табады. Бабыр ілімі біріншіден, отан қорғаудың, ер атаулыны ар-намысқа шыңдайтын өр мінезге тәрбиелейтін мектеп болып табылады. Тәуелсіз мемлекетіміздің ер азаматтардың бойында отансүйгіштік қасиеттерді егу мен ойында тарихи сананы қалыптастыру барысында 3. Бабырдың қалдырған әлеуметтік-адамгершілік үлгідегі өсиеттері мен рухани мұрасын терең насихаттап, қалың көпшіліктің игілігіне жарату қажет. 3. Бабыр мұрасы жас ұрпақты ізгілікке, жүрек пен жанның тазалығына, білімділікке, имандылыққа, адамгершілікке, парасаттылыққа, әсемдік пен әдептілікке тәрбиелеп, тұлғалық қасиетке шақырады. Бабырдың еңбегінде заман мен тарих, жеке адамның қоғамдағы рөлі, Орталық Азияны мекендеген халықтардың діндері, ділі, дүниетанымы туралы философиялық деңгейдегі көптеген пайымдарды кездестіреміз. Бабырды толғандырған көптеген маңызды әлеуметтік құндылықтар қазір де қоғам назарында. Кейбіреуі осы дәуірде тіпті алдыңғы қатарға шығып отыр. Мысалы, діннің рөлі, адамгершілік ұстанымдар, адам болмысындағы қуатты сезімдер, Отанға, туған елге деген патриоттық сезім, адамдардың басқа адам алдындағы, жалпы адамзат алдындағы жауапкершілігі осы уақыттағы кезек күттірмейтін мәселелер болып отыр. Захир ад-дин Бабыр бастаған жауынгер түркілер рухани-әлеуметтік тәжірибелер үрдісінде өмір сүру тәсілі мен этноболмыстың өзіндік үлгісін жасап, саяси-потестарлық формадағы дүниетанымдық принциптер мен мәдени архетиптерді қалыптастырды. Олардың рухани жадысы табиғат, кеңістік пен уақыт, моральдық адамгершілік құндылықтар, ел мен жер, намыс пен ар-ождан, тіл мен дін туралы түсініктерімен айшықталды. «Бабырнама» сияқты туындыларда ел басқаратын тұлғаға қойылатын талаптар айқындалады. Әлеуметтік болмыстың іргелі принциптері: ел мен ер бірлігі, батырлық пен сабырлық, тарихи жады негізінде ұрпақтарда тектілік сезімді, ел мен жерге сүйіспеншілікті қалыптастыру мәселелері өз шешімін табады.

Қорыта айтқанда, ғасырлар бойы жиналған рухани-жәдігерлерімізді сақтап, үлгілерін қалпына келтіріп қоғам қайраткері З.М. Бабырдың философия тарихында өзіндік орнын еншілеу.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қазақтың тарихи философиясы құрсат. // Ғабитов, Т. Қасабек А. қазақ халқының философиялық мұрасы. 20-т.-Астана: Аударма, 2006. - ө.6-Б.12-29
2. Философия және мәдениеттану: оқу құралы // құрас. Ж. Алтаев, Т. Ғабитов, А. Қасабеков және т.б. - Алматы, Жеті жарғы, 1998.
3. Бабыр Захир ад-дин Мұхамед. Бабырнама. - Алматы: Ататек, 1993. - 448б
4. Ғабитов Т. «Бабырнама» және тарих философиясындағы түркілік үрдістер Қазақтың тарих философиясы. 20-т.-Астана: Аударма, 2006. - 6-т. -12-29 бб.

Түйіндеме

Задачи обеспечения занятости населения в свете Послания Президента РК

Асель Назарбетова – научный сотрудник КИСИ при Президенте РК

В статье рассматриваются задачи, поставленные Главой государства в Послании народу Казахстана «Через кризис к обновлению и развитию», и касающиеся обеспечения сферы занятости граждан страны и некоторых аспектов их реализации.

The Tasks of Ensuring of Employment of Population in the Light of Address of the President of RK

Asel Nazarbetova – Research Fellow of KazISS under the President of RK

The article considers the tasks of the Head of State in his Address to the People of Kazakhstan “Through Crisis to Renovation and Development”, and concerning the sphere of employment of population and some aspects of their realization.

Инициатива Президента РК Н.А. Назарбаева по формированию Союза центральноазиатских государств: перспективы и проблемы интеграции

Мариан Абишева – заместитель директора КИСИ при Президенте РК

В переплетении глобальных и региональных процессов странам ЦА предстоит решать двудеиную задачу – модернизации национальных экономик и укрепления позиций в мировом правопорядке. Чтобы не остаться на обочине мировой системы, центральноазиатские государства должны выбрать правильный путь, и это – путь к кооперации в рамках региональной интеграции.

Статья посвящена проблемам и перспективам интеграции стран Центральной Азии в единый Союз центральноазиатских государств.

Initiative of the President of RK N. Nazarbayev on Formation of Union of Central Asian States: the Perspectives and Issues of Integration

Marian Abisheva – Deputy Director of KazISS under the President of RK

I the intertwining of global and regional processes of Central Asian countries are expected to decide dual task-modernization of national economy and strengthening of position in the world law order. In order to be on the way of world economy, the Central Asian states should choose the correct way, and this way towards cooperation within the regional integration.

The article is devoted to problems and perspectives of integration of Central Asian countries into single Union.

Польша – партнер Казахстана в сфере сотрудничества

Толеутай Сулейменов – директор Института дипломатии Академии государственного управления при Президенте РК, кандидат политических наук, профессор

Польша остается одним из ведущих партнеров Казахстана среди стран Восточной Европы, товарооборот с Казахстаном составляет около 50% от общего объема товарооборота Польши со странами Центральной Азии. Казахстанско-польские отношения опираются на конструктивный политический диалог, торгово-экономическое сотрудничество и культурно-гуманитарные связи.

Poland is the partner of Kazakhstan in the Sphere of Cooperation

Toleutai Suleymenov – Head of Diplomacy Institute of the Academy of Public Administration under the President of RK

Cooperation with Poland is a very important aspect in the foreign policy of Kazakhstan. Poland is one of leading partners of Kazakhstan among countries of Eastern Europe, goods turnover with

Kazakhstan makes about 50 percent from total amount of goods turnover of Poland with the countries of the Central Asia. The Kazakhstani-Polish relations rest on constructive political dialogue, trade and economic cooperation and cultural-humanitarian ties.

Казахстан – ОБСЕ: мандат председательства

Абилазиз Исаев – доцент Института государственного и местного управления г. Алматы, кандидат политических наук

Статья посвящена вопросу мандата председательства Казахстана в ОБСЕ. По мнению автора достойное председательство Казахстана в этой международной организации позитивно повлияет на авторитет республики на мировой арене и будет очередной ступенькой цивилизованного развития страны.

Kazakhstan – OSCE: Mandate of Chairmanship

Abilazyz Issayev – Senior lecturer of Institute of State and Local Administration, Almaty, Candidate in Political Science

The article is devoted to the issue of mandate of Kazakhstan's chairmanship in OSCE. In the author's opinion the worthy chairmanship of Kazakhstan in this Organization will positively influence to authority of the republic on the world arena and will be the next step of civilize development of the country.

Политико-информационные отношения Казахстана и Китая

Гулмира Султанбаева – доцент кафедры средств массовой информации и рекламы КазНУ им. аль-Фараби

В статье рассматривается развитие традиционных и нетрадиционных СМИ Китая в контексте политико-социального развития общества и мирового сообщества. Автор делает сравнительный анализ развития СМИ Казахстана и Китая.

Politico-Information Relations of Kazakhstan and China

Gulmira Sultanbayeva – Senior lecturer of Mass-media Management and Advertising Cathedra of KazNU named after al-Farabi

The article examines the development of traditional and non-traditional mass-media in the context of socio-political development of society and world community. The author makes comparative analysis of Mass-media of Kazakhstan and China development.

Состояние и тенденции развития японско-китайских отношений в XXI в.

Жанар Ашинова – старший преподаватель кафедры японоведения КазНУ им. аль-Фараби

В данной статье рассматриваются динамика, характер и особенности развития японско-китайских отношений в XXI в. Акцент делается на региональном аспекте взаимоотношений.

The Status and Tendency of Development of Japan-China Relations in XXI century

Zhanar Ashinova – Senior Lecturer of Japan studies Department of KazNU named after al-Farabi

The article considers the dynamic, character and properties relating development of Japan-China relations in XXI century. And especially pays attention to regional aspect of mutual relations.

Некоторые теоретические вопросы политического менеджмента

Жумабек Кенжалин – главный директор ТОО «Қазақ газеттері», кандидат политических наук

В статье рассматриваются суть и развитие понятия «политический менеджмент» и его трактовка в мировой политологии. Автор приводит основные направления разработки технологии политического менеджмента и делает вывод, что появление понятия «политический менеджмент» является требованием времени и общества.

Some Theoretical Issues of Political Management

Zhumabek Kenzhalin – Chief Director of "Kazakh Gazetteri" JCS, Candidate in Political Science

The article considers the root and conceptual development of "political management" and its treatment in the world politics. The author examines the primary areas of process design of political management and concludes that the appearance of conception of "political management" is the call of the times and community.

Трансформация роли государства в процессе глобализации

Зулфухар Гаипов – доцент кафедры политологии КазНУ им. аль-Фараби, кандидат политических наук

Исследователи проблем трансформации роли государства в процессе глобализации делятся на три группы, которые различаются между собой на основе своих взглядов, касающихся степени и скорости изменения функций государства.

Transformation of the State role in the Process of Globalization

Zulfukhar Gaipov – Dean of the Faculty of Political Science of KazNU named after al-Farabi, Candidate of Political Science

Researchers of the problems of transformation of the state role in the process of globalization are divided into three groups, which are differed between them on the basis of their views and concerning ranks and speedy of changing of the state function.

«Мозговые центры» как основной фактор политизации интеллектуальной элиты

Дастан Кошербаев – соискатель кафедры теоретической и прикладной политологии КазНПУ им. Абая

Многовековая история человечества свидетельствует, что власть над людьми может проявляться не только в административном давлении или финансовом влиянии. Во все эпохи цивилизованной истории огромную роль в развитии целых народов играли «умные» люди. Соответственно, в общественной жизни многое зависело не только от правителей, чиновников или людей, обладающих богатством, но и от тех, кто был способен генерировать актуальные для своего времени концепции, лозунги, программы. Как правило, это были люди со сравнительно высоким уровнем образования, чаще всего, профессионально занимающиеся умственным трудом.

«Think Tanks» as Main Factor of Policy Intellectual Elite

Dastan Kosherbayev – Candidate of Department of Theoretical and Applied Political Science at Kazakh National Pedagogical University named after Abai

Multivector history of humankind witnesses that power over the people can reveal itself is not only through administrative pressure or financial influence. During the epochs of the civilized history enormous role in development integer folk played "clever" people. Accordingly, in public life a great deal depended not only from rulers, official or rich, but also from one, was capable to generate actual for its time of the concepts, slogans, program. As a rule, this was a people with relatively high education, most of all professional concerning brainwork.

Будущее государства зависит от молодежной политики сегодняшнего дня

Рауан Кемербаев – аналитик Министерства образования и науки РК

Становление Казахстана как конкурентоспособного субъекта мирового сообщества непосредственно связано с уровнем образованности и патриотических чувств молодого поколения.

Статья посвящена одному из аспектов развития государственной социальной сферы, в частности, созданию молодежной политики и реализации программ, направленных на повышение эрудиции и интеллектуального потенциала молодых граждан республики.

The Future of the State Depends on Present Day Young Policy

Rauan Kemberbayev – Analyst at Ministry of Education and Science of RK

The formation of Kazakhstan as competitiveness subjects of the world community directly relating to education level and patriotic feelings of young generation.

The article is devoted to one of aspects of development of state social sphere, in particular creating of young policy and implementation of the programs are aimed at rising erudition and intellectual potential of the youth citizens of the republic.

Основные направления трансформации сферы здравоохранения в качестве субъекта рыночных отношений

Гульшар Доскеева – доцент кафедры «Финансы» университета «Туран», кандидат экономических наук

В данной статье рассматриваются проблемы функционирования учреждений здравоохранения в качестве участников рыночных отношений и возможные пути их решения. По мнению автора, одним из факторов эффективного функционирования медицинских учреждений, как субъектов рыночных отношений, является развитие и повышение свободной конкуренции.

The Primary areas of Transformation of the Sphere of Healthcare as Subjects of Market Relations

Gulashar Doskeyeva – Dean of Finance Department at Turan University, Candidate of Economic Science

The article considers the issues of functioning of healthcare institutions as participants of market relations and possible solution to these issues. In the author's opinion is one of the factors of effective functioning of the medical institutions, as subjects of market relations is development and rising of perfect competitions.

От коммуникации – к информационно-коммуникационному пространству

Санат Сатаев – соискатель КазЭУ им. Т. Рыскулова

Статья посвящена проблемам развития и функционирования информационно-телекоммуникационных систем. В качестве примера автор приводит Интернет, а также организации и компании, которые работают в сфере оказания информационно-коммуникационных услуг.

From Communication – to Information-communication space

Sanat Satayev – Candidate of KazEU named after T. Ryskulov

The article is devoted to the issues of development and functioning of information-communication system. As example the author gives the Internet as well as organizations and companies, which is worked in the sphere of rendering of information-communication services.

Создание позитивного странового бренда – как эффективный метод развития казахстанского туризма

Анар Бейжанова – старший преподаватель кафедры маркетинга и коммерции КазНУ им. аль-Фараби

В статье рассматриваются вопросы создания странового бренда, который позитивно повлияет на развитие туристской отрасли республики, и, в целом, на авторитет Казахстана на международной арене.

Creating of Positive Country Brand – as Effective Method of Development of Kazakhstan Tourism

Anar Beizhanova – Senior Lecturer of Marketing and Management Department of KazNU named after al-Farabi

The article considers the issues of creating of country brand, which will positively influence to development of tourist field of the republic, and to the authority of Kazakhstan on the world arena in a whole.

Политическое положение государства Тимуридов в Мавераннахре в середине XV в.

Берекет Карибаев – доцент КазНУ им. аль-Фараби, кандидат исторических наук

В данной статье автор, рассматривая вопросы, связанные с внутренней и внешней политической историей Мавераннахра в середине XV в., обращает внимание на политическую раздробленность внутри Тимуридов после смерти Шахруха. В свою очередь, обострение взаимоотношений между Мавераннахром и Моголистаном послужило предпосылкой для образования Казахского ханства в западной части Моголистана.

Political Position of Timurid's State in Maverannakhr in the middle of XV century

Bereket Karibayev – Candidate of KazNU named after al-Farabi, Candidate of History

Issues concerning internal and external political history of Maverannakhr in the middle of XV century, pays attention to the political fuctionalism inside of Timurid's after the death of Shakhruh. In turn, escalation of mutual relations between Maverannakhr and Mongolistan was a factor of creation of Kazakh Khanate in the west side of Mongolistan is considered in the article.

Колонизация Казахстана Российской империей и местное население

Дария Кожамжарова – проректор Таразского государственного университета им. М. Дулати, кандидат исторических наук

В данной статье описывается колонизаторская политика Российской империи во второй половине XIX и в начале XX вв. Автор приходит к мнению, что вхождение Казахстана в состав России было результатом спланированной политики и имело характер военной оккупации.

Russian Colonization of Kazakhstan and local population

Daria Kozhamzharova – Pro-rector of Taraz State University named after Dulati

The article describes the colonizer's policy of Russian Empire in the second half of XIX and the beginning of XX centuries. The author concludes that entering of Kazakhstan as part of Russia was the result of planning policy and had the character of military occupation.

«Белые пятна» истории арабского завоевания

Назира Нуртазина – доцент КазНУ им. аль-Фараби, кандидат исторических наук

В данной статье речь идет о завоевании Средней Азии арабами и его влиянии на культуру, быт и мировоззрение проживавших там народов. Автор на примере культурно-исторических фактов доказывает, что арабское завоевание принесло, кроме разрушения (в начале), и позитивное: с приходом ислама получили развитие наука и культура.

“The Blind Spots” of the histories of Arab's occupation

Nazira Nurtazina – Candidate of KazNU named after al-Farabi, Candidate of History

The article examines the occupation of the Central Asian by Arabs and its influence to culture, way of life and outlook peoples living there. The author proves in the example of cultural-history facts, that Arab's occupation except for destruction (in the beginning), but positive: with the advent of Islam was the development of science and culture.

Архивное дело: становление, эволюция и развитие

Аккали Ахмет – доцент Атырауского государственного университета им. Х. Досмухамедова, кандидат исторических наук

В статье рассматриваются проблемы и периоды становления и развития архивного дела в Советском Союзе. Автор с помощью исторических методов выявил хронологические периоды эволюции архивоведения.

Archive Keeping: Formation, Evolution and Development

Akkali Akhmet – Senior Lecturer of Atyrau State University named after H. Dosmuhamedov, Candidate of History

The article considers the problems and periods of formation of archiving in the Soviet Union. The author with helping of historical methods revealed the chronological periods of archivistics evolution.

Репрессии в период конфискации в Южном Казахстане (20–30 годы XX века)

Сейдахан Бакторазов – старший научный сотрудник Жамбылского областного государственного архива

Непродуманная и научно необоснованная кампания по конфискации имущества и коллективизации сельского хозяйства привела к неожиданным последствиям: к голоду, откочевке казахов за границу и массовым протестам против проводимой политики. Статья посвящена методам и результатам конфискации и репрессиям против выступающих.

Reprisals during the confiscation in South Kazakhstan (20-30 years of XX century)

Seidakhan Baktorazov – Senior Research Fellow of Zhambyl Oblast State Archive

Irresponsible and scientifically unreasonable campaign for confiscation of property and collectivization of agriculture has led to unexpected consequences: to hunger, movement of Kazakhs abroad and massive protest against conducted policy. The article is devoted to the methods and the results of confiscation and reprisals against actings.

Вопросы духовных ценностей в наследии «Бабур-нама»

Карлыгаш Нурмухаметова – соискатель КазНУ им. аль-Фараби

В данной статье на основе текстуального анализа сочинения Бабура З.М. «Бабур-нама» показаны особенности самосознания тюркских народов. Подробно рассматриваются духовные ценности тюрков.

The Issues of Spiritual Values in the Babur-nama Heritage

Karlygash Nurmukhametova – Senior Lecturer of KazNU named after al-Farabi

The article on the base of analyses of the “Babur-Nama” by Babur Z.M. shows the peculiarities of self-consciousness of Turkic people. Detailed considers the Turkic spiritual values.

